

821.512.122-31

A 46

K

AP...ETIK  
КОР



Асқар АЛТАЙ

# ТУАЖАТ

821.512.122-31

A 46



Әдебиетімізге өз үнімен, өз тілімен, өз шындығымен екпінді, қарқынды қаламгер келді. Асқардың тілі бай, Алтай топырағындағы құнарлы, шебіндей шүйгін. Қазақ тілінің қаймагы бұзылмаған, жал-құйрығы күзелмеген, бөгде сөзбен былғанбаган ортада ер жеткен жазушы.

Дулат ИСАБЕКОВ  
«Қазақ әдебиеті» газеті, 2008 жыл.

---

**ТУАЖАТ**

*Роман*

---

**Жолаушы**

*Хикаят*

Асқар АЛТАЙ

# ТУАЖАТ

*Роман және хикаят*



Алматы  
2018

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84 Қаз-44

А 46

**Жинақтың жауапты шығарушысы — Айман Ментебаева,  
филология ғылымдарының кандидаты**

**Алтай А.**

**А 46 Туажат. Роман және хикаят. — Алматы, 2018. — 208 бет.**

**ISBN 978-601-7355-56-2**

Жазушының сонғы жылдары жазылған «Туажат» романы мен «Жолаушы» повесінде бүтінгі казактың киян-қылыш кешкен тағдырлары суреттеледі. Өз елінде өгей күн көріп, коғамда туажат күй кешкен Байбура арқылы романда қазіргі казак рухының жаланаш қалған кейіп-кеспірін каламгер қапысыз бейнелейді... Бүтінде жастар арасында туған жер мен елден жатсыну процесстінің жаңаша «туажаттық» философия тудырып отырғанына суреткер ой салады.

Сондай-ак, хикаяттағы Бұқір суретші арқылы да казак арасындағы сатқындық, маргиналдық, коркаулық сиякты бұқір құбылыстың түп-тамырын тап басып бейнелейді... Кешегі отарлаушы-тоталитарлық кезеңнің сұық лебі «Перінің демі» болып үріп, бүтінгі ауыр трагедияларға жол ашып отырғанына оқырман көзін жеткізеді.

Кітап калың оқырманға арналады.

**ӘОЖ 821.512.122**

**КБЖ 84 Қаз-44**

**ISBN 978-601-7355-56-2**

© Алтай А., 2018

© «Арда», 2018



# ТУАЖАТ

Роман



*Если виновен народ, значит виновен я.*

*Книга Бытия*

*Все, что вышло из-под моего пера,  
стало быть, лишь фрагменты одной и  
той же нескончаемой исповеди...*

*Гете*

Көк шымылдық аспан мен ақ кебін жердің арасы кіреуке мұнар. Күнге шағылған қылау қылпып тұр. Қарға катып қалар күн шақылдаپ тұрғалы үшінші тәулік. Алтайдың ат қолтығын сөгер ерен Ертіс бойы қаһарлы. Дүниені еркін қыдырған күн нұры тәқаппар сұлудың қаздыған кірпіктеріндегі қар бетіне қадалулы. Оның да бірақ қантардағы қуаты әлсіз. Тұз төсін құр қыдырулы.

Осы ұлы түзде Байбура үйірден бөлініп қалған құландаидай жалғыз еді. Сол күні сұрапыл сын сәті соғатынын ол сезген жок. Алқарапек аспан түнегін қия саулаған боз сәуле көктен түсер Ғайсадай ғайыптан оралатынын білген емес. Жер жігін жарып шығар Мәдідей состиып, жылан жұткан жандай ұн-тұнсіз қалшиып тұратынын тағы ойламаған.

Көзіне қан толып, көкірегіне кек тұнып, көнілінде шер шайқалған пенде ғой... қайдан білсін, нені сезсін?! Қайта өткен күндер елесін есіне алғысы келмей, иен далада еріксіз аңшылық құрып жүрген. Тау мен дала қанаттасып жатқан кен дүниенің қоныраулаткан қоныр үніне де құлақ аспай, елсізде ішкұса күймен елеусіз тірлік кешкен. Сұрапыл сын сағаты соққанын сол күні сезбеген.

Сол күні де қар басқан байтақ дала, қар жамылған тәқаппар таулар дел-сал еді. Дүние жым-жырт тұғын. Осы ұлы жіңір кеністікті оқыс дүр еткен дауыс селк еткізген. Іле дарылға ұласқан дүріл тылсым әлемді дірілдетіп ала жөнелді. Сол-ақ екен алапат аяздан демін ішіне тартып тұрған жалтаң жон, жапан дүние сиқырлы үнмен хрустальдай сынғырлап сала берді.

Құба дөннен қылан үрған кос бөрі құла түзде құбақандап, сонынан ілескен дарыл дауысты елең құрлы көрмestен жортқан. Алған беті – төңкөрілген астаудай Ақжалдың жазығы. Ал Қалғұты өзенінің бойындағы ойдым-ойдым шикі шиден қекшулан бөрілерді бүйі тигендей түріп шықкан жалқы мотошана болса, жер апшысын қуыра шоқалақтай зырқырап келеді. Қек пен жердің арасын азынаған ашы дауысқа тұндырған қолік сонынан ұлпа қарды борандата түскен. Жер бауырлай жортқан жонды қекжал сонынан сыпыра тиген. Оған қүйлі бөрі де былқ етер емес, жер жадысын таңдамастан тырнақ батырады.

Ку тандыр төсіне алты ай қыс қар тоқтатпас Тесікүя желі кеміріп тастаған тақыр жон тақым жаздыра түседі. Тек осыдан үш күн бұрын түскен қалың қарғана құпсіп, майлы мүйізгек табандарды қыздырғаны болмаса, қатты аяз құпсек қарды бауырына жұқтырмай, жан сауға қуғында көмектесіп-ақ келеді. Қөпсіп түскен қалың ұлпа жер бедерін жіті аңғарған қуғыншыға да қолайлы. Қашқындарға да ынғайлы. Екі жағы да есеппен желеді. Сінірлі бөрі сирак бұлай басса, рәзінке табан үйіріле жөнеді. Ойдан қырга иек артысымен-ақ бөрі қуғын басталған.

Байбура бөрі қуғынмен бұған дейін де қасқырлардың бесеуін алған. Бөрінің де Марқакөлмен ұласар ұлы сілем – Бекенбай тауы мен Сарытаудың салпы етек салмасы – Қарасенгір тауы арасындағы тақыр жондарда бел омыртқасын үзген. Жапонның ойынан, орыстың қолынан шыққан әйгілі мотошана аңшының айызын қандырған. Он жеті жасар жас жігіт желігіп алған.

Бүгін бірақ жын буып, желік қуып шыққан жок...

Нагашысының жар дегенде жалғыз атын жем қылған соң, онсыз да қанына қарайып жүрген жан жалпақ табан жампозына жамбас артқан. Осыдан екі күн бұрын жарға жығып кетсе де, өкпе-бауыр секілді жылы жұмсағынғана талғажу еткен кос бөрі қайтып жоламай койды ғой.

Адамнан айласын асырап сүм көрінген... Байбура да қасарысып, інір мен таң қараңғысында қос ауызды отыз екінші мылтықпен ат сабылтып келген. Аштыққа дәті берік тұз тағылары да мылтық пен оқ-дәрінің ісін сезді ме, жемтік басына жоламай койды. Алыстан орағытып із тастапты. Аңшы тайыншадай арлан мен құлжадай қаншықтың табан мөрін айырған... Терінді тірідей сыпырармын деп тістенген. Мылтықсыз аттануға бел буған. Беліндегі селебені тері қыннан сурып, мандайына басып тұрып «қару қандасын» деп серттескен.

Дүние жыланбауыр жалпак табанмен дөңгелене ауды. Байбура бірак көзі оттай жанып, ақ ұлпа бетінде жосыған тағылардың танын айырып келеді. Баяғы бір заманда Ақжалдың жазығына тары мен бидай егіп, тақтайдай тегістеп тастаған ұланғайыр өнір алашапқын құғынды құтіп, бауырларын жазсын дегендей бұқпа-бұйратсыз созылып жатыр.

Ақжалдың жазығына ілінісімен-ақ бөрілер мен желкайық мотошана арақашыктығы қыскара тұсті. Айалы аң мен өдіской аншы арбасар мезгіл тақап еді. Тісі мен тырнағына сенген табиғат серілері кісі үфлі жасаған темір тажалдың зыр қакқан жүрісіне құлан жортар жазықта шыдап-ақ бақты. Оған бірак Байбура да бой алдырмай, жастық жігер мен құмар желік желпінтіп, жылдамдықты үдете тұсken. Мотошана да қарлы жазықта карғымай құйындарып, сонынан боз боран көтерді.

Күғын қүшейген. Алаөкпе шабыс сүт пісірім уақытқа созылса, да, бөрілер бусана тұсіп, кулық қаншық пен қубас арлан арынын ағытқан. Аңшы да аянбауға бекінді. Қансонарда касқыр алып дәндеген Байбура бұл жолы да қанжығасын қандаймын деп үмтүлды. Ішіне түйген қанды кегі де козып келеді. Ал қос бөрі де ауыздарын қандап, ішектерін майлап үлгеріпті.

Бөрі құғын қар бората бүркәған сайын қос тағы да тұмсық соза катарласып, окта-текте лок еткізе құсып тастап, шабыстарына шабыс қосты. Үнемі бөкен бұлкеқ,

бұлан шабыспен жүрген түздің аны күй талғамайтын, жер тандамайтын жүйріктігіне басқан. Шабыла жортып келе жатып ақ қарды қауып қалып, асқазандарын шая тазалап та алады. Кешікпей зар күйіне келіп, үдей жортқан жортуылға бас қойды. Күні-түні талмай жортатын бөрілер ан атаулының ішінде ең бір сырттаны ғой, мұндай ұлы жүріске жылқы жануар ғана төтеп беретіні белгілі.

Ал Байбураның астында көк темір ғой, сыр бергісі жоқ. Аппак жазық жүзінде сынаптай сырғып агады. Бөрілердің түпкі түйсігін аңшы да андаған. Олар Ақжалдың жайылма жазығын кесіп өтіп, өздері өрбіп-өскен Қызыл Керішке ілігіп, ар жағында Зайсан көлінің қопа камысы ішіне сұнгіп кетпек. Осыны тез бағамдаған Байбура қос көкшуланды бастырмалата түсті. Мотор дауысы ышқына күшейіп, көкшулан жалды арланға жетіп-ақ қалды.

Сол-ақ екен солға қарай жалт берген өккі арлан қыистай жөнелді. Бет-аузына дейін қой терілі жұнді бетперде киіп, көзіне жел өтпес жабық көзілдірік тағып алған аңшы жігіт қызу құғынмен байқамапты, ұлан жазықтың қак төріне орын тепкен ескі диірмен тұсынан бір-ақ шығыпты. Темір-терсегін тот басып, қаукиған тас қабырғалары қалған атам заманғы қырмандық төбесінен жалпылдан жалқы карға көтерілді.

Арлан айласын асырды. Байбураны бұра тартып келіп, арбиған диірмен ішіне қойып кетті. Бармагын шайнап қалған моторлы аңшы бірақ бұрылмады. Ол жалқаулана көтеріліп, жылдамдата канат қакқан қара қарғаның сонынан ілескендей, қарқылдай ұшып бара жатқан батыска қарай бет бұрды. Көрі қарғаның қанатының астында мотомен арындаі арылданап, екпіндей ұмтылған аңшы арланның айласына алдырмай, ақшулан қаншықтың артынан ашулы түсті. Ол да ұзап кетіпті.

Газды баса түсіп, қанжырдай қатқан қаншық белін тезірек үзгісі келді. Бұған бір, бұлкек қакқан қаншыққа бір қарағыштап ұшып келе жатқан көктегі жалғыз

карғаны да естен шығарған. Аралық ат аркан қалғанда кенет баяғы қекшулан арлан бүйірден келіп килікті. Ол жанұшыра аңшы алдын орай жосылты дерсін. Арланның ан да болса арлы әрекетіне аңшы бірак бой алдыра коймады. Қаншықка қарай қасара дөнгеледі.

Әзінің өндіршектей жортқан әрекетінен ештеңе өнбесін сезген арлан актық айқасқа бекінгенін Байбура да сезді. Ол енді шұғыл қымылдамаса, бөріге жем болатынын айқын бір түйсікпен түйсінді. Амалсыз арланға төпелей төніп кеп, мотошананың қанатымен жалт бұрылып, бөрінің бел тұсынан аңдаусызыда жапыра қакты. Ауыр көлік те сілкініп қап, бір жағына қарай қиялай қырындалп барып, Байбураның аяқ тіреген түзеуімен қалпына келді. Әkkі аңшының машиқты қымылты мұлт кетпеді. Аусар арлан созыла керілген күйі қамшы тиген жыландай кирелен ете түсіп, айдалада аунап қала берді.

Ал Байбура алған бетінен қайтпай, аңдаусызыда белі үзілген жолаяқ жембасарына қайырылмады. Қайырылған – кара қарға. Ол омақаса жер құшкан арлан бөрінің үстінен бір айналып, онашалау қонды... Ұлы шабыста ұзына созылған ұлан белі орасан жылдамдықпен тиген ауыр салмақтан оқыс опырылып, капияда жұлыны үзіліп кеткен қекжал сирағын серпуге де шамасы келмеді. Көрі қарға ғана өлі бөріге секен-секен секіре жақындағы.

Байбура жылдамдықты тағы күшетті. Астындағы асаудай ышқынған қөлігі тағы ытырыла жөнелді. Әлгі бір әзірде аударыла жаздал, жылдамдығын жоғалтып, киыс кетіп қалған аңшы ақшулан қаншыққа қарай бір бүйірден төтелей тартты. Енді боз қаншық екеуі де сондарынан қар бүрқағын көтерді.

Тері шалбар, тері тон, киіз байпакты салтама етік, тұлқі тымак, тері колғап пен жүзін ызғар карымастай етіп алқымынан айналдыра шалып, танау тесігі мен көзілдірік қаптаулы жапсырмасы бар тері бетперде киген Байбура тәні қызынып, жаны дызығып келе жатқан-ды.

Ақшулан қаншық жалтанды жалт-жалт беріп, отты жанарлары ұшпа қармен шағылыса жарқ-жүрк етіп,

көпке дейін құрық салым жолатпай койды. Арланға қарағанда әдіской, жылдам аң жүзіктің көзінен өткендей сүйрік те сұлу. Өлімге көз қиярлықтай емес. Оған бірақ қанын ішіне тартып алған аңшы сәп салар емес, қалай да құмарынан шыкпақ. Қан тілеген тоятсыз сезім суынбай, сәт салып қүшіе түсken.

Ақшуланда алқынып, мотоқуғынды азапты сүргіннен барлыққан-ды, бірақ болдырмаған. Мынадай сұмдық шабыспен көп кешікпей сирактары салдырап қаларын сезсе керек. Құтыла алмасын да анға тән таңғажайып түйсікпен білді. Қызыл Керішке дейін қарға адым жер қалса да, алдын албастыдай орап, қыистата қайырып ала берген адамға қылар айласы таусылған. Өзегін от қарыған қаншық енді аңшыны алдай жүріп, күтпеген тұстан қармауды көздеді.

Жалын атқан көздері жарқ-жүрқ етіп, ортқи секіріп, билей ойнак қағып, онға бір, солға бір сұрапыл бұрылыс жасай бастады. Байбура да көлігінің тежегішін басып қап, шірене бұрылып, өзгеше өнерлі, қуатты қаншықты қағып жіберуге бар білерін салды. Қаншық та алдыра қоймады. Құла түзде қақпақыл ойнауға көшті. Әлі де аусар да анғал аңшыға құмбыл қаншық көлігімен шыркебелек айналдыра шенбер де, токішектей сегіздік те жасатты.

Ат арқан жерді айнала алашапқын етіп жүргенде кенет боз бөрі мен аңғалаңшы аяқасты апыр-топыр болды да қалды. Бастарын өлімге тіккен екі бірдей жаужүрек тіріжан иесі акзу қардың бетінде беттескен қүйі белдесті. Айласын асырган ақшулан қаншық Байбураны көлігі үстінен көз ілесспес жылдамдықпен аударып түсірген. Дүрілдеген мотошана өз жайына қаңғып қалды.

Арандай ашып кеп қалған бөрінің аузынан қапелімде қорғана сілтенген Байбураның колғапты сол қолы көмейлете кіріп кетті. Ақшулан қаншық та Байбураның биялайлы жұдырығына қақалып қалды. Аран аузыны жұмылған жұдырық кептеле керген. Бөрінің

ақсиған орсақ азы мен қан толып кеткен көзіне қадалған аңшы да өзінің әл бермес қүшін сезінді. Беліне бос іліп жүретін капрон арқанды он қолымен суырып қап, жалма-жан бөрінің мойнынан орай тартты. Жанталаса иықтасып жатқан қос жыртқыш аяспауға бекіссе керек, бірінің жұдырыққа кептелген көмейі қорылдаса, енді бірінің епсекті колы жінішке арқанмен буындыра түсті.

Мойнынан арқанмен екі орай тартып алған Байбура сол қол жұдырығын ақ көбік аранға нығарлаған қүйі еңсеріп бара жатты. Айлакер тұз тағысы ыспор аңшының ұрымтал амалына қапылыста ұрынып қалып еді. Байбура да бөрінің байқаусызда тұтылып қалғанын тез сезіп, әбжіл кимылдаған. Ес жиғызбаған бетте тіресе түсіп, бөрінің қеудесінен итере сермеген алдыңғы қос сирағын да арқан ұшымен орай тартып үлгерді. Сол бойда бөрінің қеудесіне мініп алды.

Бөрі қеудесіне бөкссесі тиоі мұн екен, Байбураның аруағы көтеріліп кетті. Қаншық қаншырдың көмейіне тері қолғапты жұдырығын көмейлей тіреп, тырп еткізбей қойды. Жалғыз қолмен қайырыла қимылдан, артқы сирағын да арқан ұшымен қазықбау шала тартып тастады. Жуан мойнынан орай қылқындырған арқан ұшын босатып алып, қасқырдың қара тұмсығы үстінен қалмақша қамсаулай тартып, нокталап алуды ойлады.

Шешіліп қалған он қол биялайын алып, ақ көбік аккан бөрінің ырсиган езуі түбінен жүмарлай тыға бастады. Тері биялайды іспелеп енгізген сайын жақты керген жұдырығын да жайлап шығара бастады. Қаншық жағы қарысып қалған ба, жұдырық жылжыса да жиыла қоймады. Патшағарайла сактап жатыр ма деп қауіптенген аңшы биялай мен тері тонының шалғайын аран аузына жүмарлай тықты.

Бөрінің жағы шынымен-ак қарысып қалыпты. Екі көзі шоқтай жайнап, екі езуінен сілекейі шұбырып, аузын керген қүйі жата берді. Сол қолын да босатып

алған Байбура бөрі басын капроннан өрілген жіңішке арқанмен қалмақша нокталап, ал қарысқан жағын жаздырмастан аузын тері биялай мен тонының етегіне толтырған күйі арқанмен ауыздыктай керіп таstadtы.

Шалғайы бөрі аузында тығындалып жатқан тонын шешіп, орнынан көтеріле бойын жазды. Айналасына жабайы андай ұрлана көз жүгіртті. Апыр-топыры шықкан жерді көрді. Тоң жер беті ашылып, ұлпа қар алабажақ тартыпты. Мотошана түр қанқырап. Қасқыр жатыр қынқ етпестен. Қара қарға отыр алыста бозарып жатқан арланның үстінде қарқ-қарқ шақырып.

Айдалада аң қуам деп жүріп ажал құша жаздағанын андады. Байбураның жыны қозды. Кеше ғана Алматы алаңында көк мұз жастанып жатып көз жұмбағанына өкінді... Қасқырдай қамалап алып, қүрекпен төпелеп, келтекпен сойылдап, шалажансар күйде сілікпесін шығарып еді. Сол сәтте мерт болғаны абзал еді. Енді мынауысы не өмір?! Айдалада бас сауғалап, бөрі қуалап жүргені... Үзалы намыс билеп, кек қозып, қанжардай нәпсі санаасын шабактап өтті.

Саптама қонышынан білектей селебені сұрып алды. Қынынан алған бойда бөрінің артқы сирағы байлауын кесіп жіберді де, тірідей соя бастады. Алғаш өткір болат жүзі тигенде сілкініп қалған қасқыр бөріне де шыдайтын шындауыл аң екенін сездіріп, қайтып бұлқына бермеді. Аңшы ет пен терінің арасын жұдырықтай іреп жатқанда да, көздері жалын шашып, бір тамшы жас та үзілмеді. Қара терге малшынған қап-қара танауынан бу бүркырап, ақ кардың бетіне сұық тер ғана тамшылады. Ол да қарға сінбей қатып жатты.

Ашуға бой алдырған Байбураның ызалы жүрегі мен долы қолы дегеніне жетті. Ол қаншық қасқырдың терісін аз ғана уакта сыптырып алды. Бас терісі мен тақыр тірсекті сирағын, қызыл шақа бұтына қысқан құйрығын ғана өзінде калдырды. Булықтан күйі нокталған капрон арқанды кесіп, аяқтарын да босатып жіберді.

Кызыл шақа тәнінің беті жыбыр-жыбыр ете тартып, ал өзі былқ етпестен жатқан бөрі кенет сирактарын серпіп-серпіп қалды. Ол оқыс орнынан тұрды. Сен соққандай сенделіп кетті. Қатты аязда тоназыған қызыл шақа тәнінен көтерілген аппақ бу өзімен бірге бусана ерді. Бөрі шалма лактырым жерге дейін буы бұрқырап, сенделіп барды да, сылқ құлап тұсті.

Тап осы сәтті күткендей-ақ, көкжал қөзін шұқыған жетім қарға үстінен бу көтерілген қаншырға қарай ұшты. Ол ұшып келген бойда қызыл етке қонды, бірақ бір-екі шоқығаннан артпай үркे ұшып, онашалау барып қонды.

Қаншық қасқыр мен көрі қарғаның іс-қимылына үнсіз қадалып, қолындағы селебесін сыйымдап тұрған Байбура таңырқаулы да еді... Жетім қарға бөрі басына саңғыған, дүниені ызғар қарыған, ал аңшы болса кекті ызадан қағынған күнде айнала шаныт тарткан. Шаңыт дүниені дір еткізгендей болып, кенет қаншық бөрінің үстінен көтерілген будан бөлініп, Байбураға қарай ак қардың бетін сәулелі нұрмен шомылдырып, беймәлім боз сағым акты.

Тұз тағысындай тегеуірінді, арыстан жүректі Байбураның қолқа-жүрегі алмас құйып жібергендей сұып сала берді. Каракшылай қалшиып қатты да қалды. Қимылдауға дәрмен жоқ. Тек өткір көздері ғана сәулелі сағым сонынан ілескен.

Ал сағым сәуле болса көз алдында бөрі бастанып, бұған құрық бойы жақын келіп, шенберлей айналды. Бөрі басты сәуле сөтте барыс құйрықтанып ұзара берді. Ол мұны шенберлеп алды. Бел ортасынан ұзара өсіп, шенберлей созылған боз сұлба өз құйрығын тістей, мұны қытай қорғанындай қоршап тастанады.

Байбура бұл сүмдыққа «бір пәлеге ұрындым ба» деп әрі шошына, әрі таңқала қарап қалған еді. Үні де өшкен. Мұндай сиқырлы сұлба сағымдана сәулеленіп тұрғанда шапқан атша дүрсілдеген жүрегінің соғысын ғана естіді.

Иен тұз де құлаққа ұрған танаңдай тып-тыныш. Дүние дел-сал.

Сағымданған бөрі сұлбалы сөулеге телміріп қанша тұрғанын өзі де білмейді. Қолындағы селебе пышақты ұмытқан. Тек кара қарға қарқ етіп ұшып, қызыл шақа тартқан қаншық жемтігіне қайта барып қонғанда ғана селк етіп ес жиғандай болды.

Сонда ғана өзінің шеңберлей қоршаған сағымды сөуле тұтқынында қалып, сиқырлы бөрі сұлба арбап алғанын білді. Қара қарға тағы қарқ етіп, шылбыр үзім жатқан бөрінің көзін шоқи бастағанда ғана сағым сұлба оқыс толқып кетті де, дереу жиырыла жиналды. Әп-сәтте құлаштай бөрі сұлба сағымға айналып, жансыз жатқан жалаңаш тәні үстіне қалықтай жүзіп барғаны... Оны бірақ кәрі қарға елең құрлы көрмеді. Күндіз де, түнде де шырадай жаңып, жер-жаһанды шолатын бөрінің өткір жанарларын қылғыта жұтып, көз ұясының қанын сорып отыр еді.

Төніп барған жұмбак жаратылысты сағым сөуле өлі тәнінің төбесінен тесіле қарап, бірер мәрте айнала жүзіп, кенет Ақжалдың құба жонын кеулей ұша жөнелді. Алған беті Алтай биқтеріне қарай ұзай беріп, шарбыдай жұқа, мұнардай аккіреуке дүниеге сініп кетті. Кіреукеленген кен дүние түк болмағандай тым-тырыс.

Байбура түкке түсінбей өлі тұр. Қара қарға ғана тояттай алмай әуіре. Жапан тұзде жалғыз қапты. Кәрі қарға ғана қарқылдап қояды. Суық сорған сүм өлкеде жалғызыраған адамға қарға да ес екен... Алабұртқан көнілі басылмады. Сарытау жакқа қарады. Құллі Күршім, марқа Марқакөл өнірі мен Зайсан көліне меммұндалап, қысы-жазы қар-мұз төбесін жауып, жұмыртқадай бол жататын ұлы тау көзге шалынбады. Байбураның іші қылп ете түсті. Дереу түстіктегі Бөкенбайға қадалды. Танертең ғана ақ жамылып тұрған тау жоны алашабыр тарта қалыпты. Арқар жонданған тау төсіне жел ілініпті. Кешікпей Ақжал жазығына алқына жетеді.

Жер мен көктің арасында көбік кардан ғарасат майданын ашатын Тесікүя желінің дүлей дауыл бол келе жатқанын біле қойғандай қарға да қарқ-қарқ етті. Жаланаш жатқан жемтік үстінен жетім қарға да қалбандаі көтеріліп, иесіз диірмен жаққа асығыс ұша жөнелді.

Аншы апыл-құпым жиналды. Көкжалды бітеу қүйі мотошананың артына бәктеріп, қаншырдың ақшулан терісін бұктел-бұктел тыға салды. Темір ыдыстағы жанар майды мотокөлігіне толтыра құйды.

Құн де кіші бесіннен құлапты. Ішкі жанқалтасынан алып, ұртына кесек малта тықты. Жерден қар жентектеп аузына салды. Бір сәт құн жылынып кеткендей әсер болды. Іле аязды қуа жеткен салқын жел лебі жүзін сыйпады. Байбура даланы дүр сілкіндіре қөлігін дар еткізгенде, ұлпа қарды қосыста ұшырған жаяу борасын да желіп жеткен еді.

Бауырында Қаратогай ауылы бауырсақтай шашыла орын тепкен Қарасенгір тауы қарауыта көрініп тұрса да, түзде туып-өскен аншы көкейінен әлдеқандай құдік сейілмеді. Ауыл қашық. Ақжалдың төріндегі бағана арлан бой жасырған диірменді паналасам ба деген ұры ой келіп қалды. Ол да бірак қауіпті. Боран апталап соқса, аштық пен суық алып соғар. Нар төүекел. Ауылға қарай жөнелді. Жол-жөнекей тағы көрер.

Көлік жаяу борасынды майдай тіліп, қиғаштай тартты. Жаңа да жүрдек көлік жазықта жемляша сырғып келеді. Қар тоқтамас тақыр жазық жайлыш. Атам заманғы аңыз жон айналасы ат пысқырарлық мезетте актүтек әлемге айналды.

Ат құлағы көрінбес Алтайдың ақ түтегі басталды...

Ақшанқан дуние көк пен жердің арасын тұтастырып, көк темірді де құрсаулай түсken. Жазықта Байбура жаза баспайтынын түсінді. Адаса коймас. Қар тоқтамас жалтан жон дөнгелекті бөгемес, тек Қалғұты өзеніне құлаған кабак астындағы қалың ши тұтқан күртік жолын бөгерін



білді. Көз байланбай Төребейіт тұсындағы шилемеуітті ойпанға жетуді көздеді. Темір құллігіне қамшы басты. Ол да қырдан ойға қарай дөңгелене дүркіреді дейсін. Желғана мотошананың дауысын жұлып әкетіп, естіртпей келеді.

Бет-аузын тұмшалап алған, киімі қалың аңшы ақтүтекті елең құрлы көрген жоқ. Ешкі мүйізіндегі екі аша рөлді тұзу ұстап, көкірек көзімен жер жігін айырып, алғаусыз самғады. Қос көкжалды бір-ак күнде қанжығысына байлаған бауыздар желік те бар, бойды билеген балғын қуат пен беті қайтпаған бұла сезім де бар. Өз-өзіне разы-қош албырт сенім де бар.

Осы бетінен таймаса ұзын ақкан Қалғұты өзенінің жарлы жағалауына бір тірелерін білетін Байбура ток көніл еді. Ал шығыстан батысқа қарай буырқана сокқан Тесікүя желі жүрісті тежей түсіп қояды. Оған бірақ моторлы көлік өзірге төтеп беріп келеді. Арлан бөрі сүйегі мен ажалды пендені қеудесіне қондырып, жұлқына сырғанап келеді. Желге иықтай қырындаған Байбура да бағытынан жаңылар емес.

Қас қарада аңшы жігіт кесе көлденен жатқан Қалғұты өзенінің жарқабағына тұмсығын тірер тоқтады. Қар түскелі жел үріп, күртік бекітіп тастаған өзен бойы мен қау-қау өскен отау ши арасы аяқ алғып жүргісіз бол шықты. Байбура мотошананы тастап кетуге қимай, бір жағынан, жанар-майын киын жағдай туа қалса – от жағармын деп, оталған күйінде карға тығылса да өзі жаяу-жалпылы көмектесіп, ауылға қарай жылжыды. Жүріс өнбеді. Лезде қарандылық қанатын жауып, Тесікүя желі қар-мұзды боранмен ірей түсті.

Жаяулаған аңшыны арлан бөрі мәйіті мен мотошана кешікпей-ак малтықтырып таставады. Таставай қаранды тұн де көкірегіне құдік ұялатып, адасып кетем бе, үсініп өлем бе деген секем салып қояды. Сонда да Байбура күндізгі қасара жортқан қос бөрідей қасарыса жылжиды. Жүзін желге беріп, өзенді бойлай берсе кіндік қаны тамған

Қаратоғай ауылның үстінен шығармын деп келеді. Кару-кайратын жұмсаған сайын өл кетіп, ұлы денесін тер жауып алды. Тоңатын түрі жок. Тек кайраты кеміп барады. Бұлай жанталасқанмен ұзаққа бармасы да шамалаулы. Ауылға жете алмасы хакқа айналды. Аял құрап жер керек. Шіркін, бір ықтасын болса, бел жазып, тізе бүгер!

Байбура қанша жаяулап қиналса да, көк бөріні тастағысы жок. Тұраласа да алып жүрмек. Құр сұлдері қалғанша амалдап көрмек. Құпті қөніліне тілсіз темір демеу. Әйтеуір жалпак табаны қарды ырып, жылан бауыры құртік сызып, бұлқына сырғып келеді. Баяғы бір кара тұндегі менсіз карға да жок, Байбураға карқылымен ес болған. Ол бейшара да диірмен ішінде булығып отырған болар. Өзін өзге бір өзексіз ойлармен алдаусыратқан аңшы шаршап-шалдықканын ұмытқысы келген. Алға қарай адым ашып, кеудеден қаққан желмен алықталы інір ауып, Байбура ілбуге көшті. Тек тоқтап қалмауға бекінді. Аяқ сұytса, ажал аңдитынын аңлады. Өлі бөрі мен мотоны тастап, жалғыз тарта беруге де жас жүрегі дауаламады. Жаяулап жалғыз кетсе, жаһаннамға жұтылып кететіндегі көрінді.

Еріксіз жаны шыққан көкжалмен, жансыз мотомен ерулеп келеді. Кейде өзімшіл пенде, кейде тәқаппар табиғат үстемдік құрған итжyғыс дүние ғой... Екі жағы да есе жіберер емес. Қай-қайсысы да кемел.

Екі аша рөлге сүйеніп, көз аштырmas дүлей боран ішін мото көзімен тілгілеп, кара тұнектен қайтсем қайтпан деп серттесіп келе жатқан Байбура әлде неге тіреліп қалды. Биялайын шешіп, сау қолымен сипалап көріп еді, шикі кірпіштен соғылған қабырға болып сезілді. Қаратоғайға жеткен екем, шет жақтағы үйлердің бірінің кора-копсасы деп ойлады. Бұл бірак кора-копса боп шықпады, бейіт екен.

Бейіт – атам заманнан тұрган Төребейіт екенін Байбура бірден түсінді. Ықтай-ықтай қыыс кетіпті...

Ши арасында, аулақта жалғыз қарайып, дөнгелене орын тепкен айсыз, төбесінде такиядай ғана тесігі бар, күмбезденіп салынған моланы Байбура бала кезінен білетін. Оқыралаған бұзау, сиыр жазда ішке қарай ашылатын есігін сұзіп, көленке іздел ішіне кіріп кететін. Соларды өзі де талай айдан шыққан. Құрғақ, айдалада курап, құлазып тұратын ескі, жетім бейіт болатын.

Мотошана жарығын бүркемелеп тастаған боранды түнек түтеп түр еді. Жарықпен айналып келіп, аузындағы Алтайдың қызыл қарағайдан қыпсалған есігін сыйырлата ашты. Көлікті бұрып әкеп, жарығын ішке себездетті. Мола іші бозамық тартты. Құрқылтайдың ұясындай жып-жылы, тып-тыныш екен. Жылқының күзеу қылын қосып отырып илең, шала күйдірілген кірпіштен өрілген қалың қабырғадан ұлыған боранның дауысы да булығып, орынсыз бебеуlep естілмейді.

Байбура көлігінің жарығымен оны-мұны заттарын ішке енгізді. Арлан бөрі сүйегін серейіп қатқан күйінде бейіт іргесінде қалдырыды. Қалжырап келсе де төр жакта жаткан ескі тақтайларды қонышындағы қарулы пышағымен жаңқалап, шыралап айырып, темір шәугіммен мосы көтерді. Қар суы тез-ақ еріп, әп-сәтте су кайнады. Су ішіне сұыған етті салып, бір қайнатып алып, сорпасымен соқты-ай бір! Мұздай мандайы жіпсіп, бөрінің сұық танауындай мұрын ұшы тершіп шыға келді.

Қаранғыда құйыннатқан қарлы тұтекпен талмай алысып, мотошана жарығымен жаяулап, жандалбасалап Төребейітке тұтқыл жеткен аншы ыстық сорпа ішісімен, жол бойы тері астындағы тер-тер тәні балбырап, ішкі жан сарайы да балдай еріп бара жатты. Ишке ене тері жапқан бетпердесін шешіп тастағаннан жүзін алау қыздырып, көзі ілініп кетті. Арқасын киіз үйдің қанатындағы дөнгеленте салынған мола қабырғасына тіреген қүйі кор ете түсті. Көзі ілінісімен керіле түсіп, шалкалай жатты. Құні бойғы куғынды сүргін мен ырғынды жүріс бозбала

аңшынын бұла қуатын сарқып еді. Ол да енді қорылға көшкен. Таң белгісі білінуге тоқым кебу ғана уақыт қалған. Жамбасы құрғақ топыраққа тиісімен тал бойы босаңып сала берген.

Аңшы жігіт қанша уақыт алансыз үйіктағанын білмейді, кенет бетін желпіген өлдекандай канат лебінен оянып кетті. Жұзін желпіген де торғында жұмсақ, сәби деміндей майда леп. Қамасқан кірпіштерін аша алмай, түйсікпен ғана сезіп жатыр.

Қарқ еткен қарға дауысы кенет құлак түбінен естілді. Сонда ғана Байбура шегір көздерін ашып алды. Кеудесінде каздиып қара қарға отыр да, бейіт ішін боз сөуле кеуlep кетіпті. Кенет тіксініп қалған аңшыдан сақ қарға жалп етіп ұша жөнелді. Ол мұның көз алдында зират күмбезін шенберлей көтеріліп, төбедегі тақиядай тесіктен шығып кетті.

Байбура өні екенін, түсі екенін түсінбеді. Аң-таң қүйі тіктеліп отырды. Тыста тұн түнегі айқара басып, алақаншық боран бебеулей түссе де, Төребейіт іші бозан түске үйып, бар ман анық көзге шалынып түрганына аңшы айран-асыр. От баяғыда сөніп қалыпты. Бойы да қара терден дегдіп, бұла қуатын жиып алыпты.

Аркасын қабырғаға тіреген қүйі басын шалқайта көзін жұмды. Жарғақ құлағынан баяғы бір боранның ұлы сарыны шықпай қойды. Ұйқы қашып кетіпті. Шалқайған қүйі жанарын ашты. Сол бір сәт Төребейіт күмбезі төбесіндегі тақиядай тесіктен аппак нұр ішке қарай саулай құйылды. Әлгі бір боз нұр Байбура кірпік қағып үлгермestен қарсы алдында ак сәулеге шомылған бөрі сұлбасына енді.

Бұл ұлылық қана орын тебетін ғарыш көгінен көк-тей өтіп, боз боран билік құрған байтак жер төсінде иненің жасуында жарықтан саулай түсіп, тәнірі иесі құдіретімен аң киесі – Ана-Бері сұлбасы бол оралған ғажайып құбылыс еді... Бөрі болмысты Бозие еді.

Аңшы бозбаланың үні үрейден өшіп қалды...

Ақ сөулеге бөккен боз бөрі құйрығы сөлендеп, оты өшкен ошак басында олай-былай жүзіп, бұған кесе қолденендей керіле тұрды. Бауыр тұсындағы емшектері салақтап, өзі терісін тірідей сыпырған қашық қасқыр – Ана-Бөрі екенін андатты... Мұндай қияметте ғана кездесер жұмбақ құбылысты өні түгілі тұсінде де елестете алмайтын Байбураның тілі байланып қалды.

Аңшы алдында Бозиесі – Ана-Бөрі сұлбасы ак сағымдана алшайып тұрды...

Төребейіт ішін боз тұманға бөктіріп, көк төрінен боз сөулеге малынып тұскен Ана-Бөрі алшиған қүйі аңшыны барлайды. Тек шоқтай жанған көздері ғана сол қалпы. Жалын атқан көк-жасыл жанары Байбураның қой көздеріне қандауырдай қадалып қалған. Нұры таймаған жанары бозбаланың өнменінен өтіп, өзіне арбай ұйытып тастаған. Есін аудыра, сезімін суынта елтіткен.

Байбураның бойында да үрей басылып, үркініш сейілді. Тұсініксіз бір таңдану басым! Санасыз қүйде орнынан көтерілді. Аппақ сөулеге оранған Ана-Бөрі де бауырындағы ак мамалары салпылдай сыртқа бетtedі. Бозбала өз еркінен тыс күй билеп, сонынан ерді. Бойына Бозиесіне деген кәміл сенім үялаған.

Тыста түлей танның бозғыл рені еніпті. Боз боран абынып-құбініп тұр. Бет қаратар емес. Ана-Бөрі құйрығы бұлғандап, ауылға қарай бет түзеді. Боз шидің басы жығыла майысып, Байбураның алдын орады. Оған бірак бозбала аңшы бой берген жок, оталулы мотошанасын сүйемелдей итеріп, бөрінің артынан еріксіз ілесе берді.

Алай-дүлей ақ кебін ораған тамүқ дүниеде Ана-Бөрі аңшының алдына тұсті. Бозан бөрі бұландаған келеді. Байбура бөріден бөлініп қалмауга тырысты. Енді адаса қоймасын да аңшылық түйсікпен сезді.

Ал бұла дүние булығып, буырқанған дауыл ұйытқып тұр...

Көк төрінен көк тәнірісінің көктей тұскен боз сөулесі – бөрі болмыс Бозие құрық салым жерде бұландаған барады.

## Бірінші тарау

### I

Таулардай мұнарлы, селеудей толқымалы дүние құсқанатты жаңына қонақтар тұргы бұйыртпапты. Көзсіз тұманды шарқ үрған шағаладай шыркырай ұшыпты. Тұғаннан тәнірі тұтқынына тұтылған пенде ғой, тамұққа түссе де талайынан... Озбырлық пен зұлымдық, ізгілік пен қайырымдылық атаулы қара басынан қара бұлттай көшіп-ақ келеді.

Көрге енгенше бауырдай күрең дүниені кешіп-ақ келеді...

Әуе лайнерінің биік трапы тепсөнінде тұрып, қамшыдай осып өткен осындай бір ойға бой алдырды. Қек мұнар көмкерген Алатау мен қек түтін тұмшалаған Алматы тынысын тарылта қарсы алды. Сонда да ыс ауаны қомағайлана жұтты. От боп жанған өлермен он жетісінде көз жасын құмыға жұтып, Алқабегіммен коштаса да алмай кетіп еді сұлу да сылқым, сырлы да тылсым қаладан... Бәрі де көз алдында, бәрі де көкейінде.

Сол жылғы мамырлаған маусымның мұнсыз жазында – иә, иә, мұнсыз жаз еді-ау, – болашақ жарым деп сүйген, сүйген жүрек отына қүйген Алқабегіммен де кіндік қаны тамған ауылы Қаратоғайынан қол ұстасып аттанып, Алматы әуежайында бірге түсіп еді-ау траптан... Үшак трапынан ак желең Алатау құздары ақыық Алтайың шындарында жүректі шымырлата шақырып еді. Оған да не заман?! Өтті де кетті.

Бүгінде киял жетпес көрінген қырыққа да келіпті...

Әуежайдан таксиге отырған Байбұра тіке «Қазақстан» қонақ үйіне тартты. Тәменгі қабатта орын қалмапты. Жиырма төртінші қабат бұйырды. Ұнсіз ғана келісті. «Мурад Мамедоғлы» деген әзіrbайжандық құжатына бір, бұған бір қараған сүйкімді казақ қызы Байбураның ұнсіз келіскеніне танырқап, «Басқа қонақ үйлерде тәменгі орындар бар, баrasыз ба?» деп орысша сұрады. «Жоқ, рақмет!» деген жауапты естісімен, ол да тілсіз қағаз толтыруға кірісті.

Кол жүгін төсек касына қоя салып, балконға шыкты. Алатау төрінен құйылған ак сөule көз қарыктырады. Мұнар басқан тау бауыры тұнжырап тұр. Көктөбе биігіне дейін көтерілген каракөк ыс бауырлап жатыр. Тұтінге тұншықкан кала құмыға түсіпті. Көк шынымен сыртын қаптаған керік мойын ғимараттар қаланың тұс-тұсынан андағайлайды. Баяғы көкпенбек орман бүркегендей көрінетін жасыл желеқ те сиреп кетіпті. Көзге қораш көрінеді. Көнілге кіrbіn үялатады.

Жан дүниесі жетімсіреген Байбура алып Алатауға қарап қарбыта дем алды. Табан астында жатқан жайдак кала да, кала толған құла көлік пен құба халық та өзгеріпті. Өзгермеген өзі... Анау айқұлақ Алатау бастары мен көк төрін кезген күн өзгерменті. Өз-өзін демей сілкініп, қаланың қапырығына қарамастан қол-аяғын кергілең, шығыс жекпе-жегіне тән өскери кимылдар жасады. Тершіп тұрган тәні маусымның қызыумен бүршак-бүршак ашы суға малишынды. Бойын қыздырып алған сон балкон есігін жауып, кондиционер қосты.

Ол үстірт кана жуынып-шайынып алысымен тыска шыкты. Салқыннатқышты салқын бөлмеден шыққандікі ме, жейдешен пысынап кетті. Бұтактарын бүйідей тарбита жайған қарағаштың көленкесінде тұрып терең тыныс алды. Жан-жағына сабырмен көз салды.

Алматы асфальты жас сәбидін еңбегіндегі былқылдан, қорғасындаій балқып жатыр. Көше толы сыналасқан көлік. Сандалыскан нөпір жұрт. Сапырылыскан тіршілік. Қарбалас қала. Мұның студенттік шағындағы алансыз, баяғы баяу ақкан өмір жоқ. Асығыс әлем бір. Жиyrма жылдан астам уақытта көп нәрсе өзгеріпті. Алдымен арбиған биік үйлер көзге ұрады. Жарнама толы көше қапталы шетелдік әріпті сөздер мен жаланаш-жалпылы суретті қабырғаларға толып кетіпті.

Көп жылдардан сон оралған Байбураға мұның бөрі өрескел ғана көрінген жоқ, күттү бір жат елдін қаласына тап болғандай құйге түсірді. Әрі тандана, әрі үрке тіксінді.

Осы сәт ол үшак үстінде қақсай бастаған ұры тісінің ауырғанын да ұмытып кеткен. Әзіrbайжан астанасы Бакуден таң қаранғысында мінген Байбура үшакта ораза ашып отырып, оқыс тісі қақсап еді. Талай жыл туған елінен жыракта тарпан тірлік кешсе де, қаскырдай қынқ етпеген жан тұғын, табаны туған ел топырағына тиместен сүйегі сырқырай жөнелгеніне өзі де танырқаған. Бойын да бір белгісіз босаң сезім билеген.

Абай данғылын бойлай батыска қарай жүрді. Оң жағында бес қабат үйлердің асты дүкендер мен кафелерге айналыпты. Сондай үйдің бірінің бұрышынан ашылған «Дантист» деген жарнамалы тіс кабинетіне кеп кірді. Медбике қызы құлімсірәй қарсы алды.

Төр бөлмедегі қос креслоның бірі бос екен. Мұны соган жайғастырды. Қасындағы тіс креслосында отырган әйел адамды емдеп жаткан ақ халатты дәрігер бұған көніл аударған жоқ. Иле бүйірдегі көрші бөлмеден басына аппак биік бас киім, кіршіксіз халат киген дәрігер көрінді. Ол бұған жақындей бере қалт тоқтап, қара мұрты жыбырлап, көзімен тесіп өтердей қадалды да қалды.

Сол сәт Байбура да оны жазбай таныды. Ол да шырамытып тұрса керек, бірақ атыздай жанарын тез аударып әкетті. Таң қалғанын да, үрке қадалғанын да жасырғысы келгендей үнсіз қасына келді. Қолына әлдебір сүйір құралын алып, мұның аузына үнілді. Бұл да ләм демеді. Үнсіздікке шыдамады білем, қасындағы медбике:

— Кай тісіңіз ауырады? — деді ақырын ғана.

Бұл сұқ саусағымен солқылданап тұрған сол жағындағы ұры тісін көрсетті. Дәрігер сонда ғана аузына зер сала қарады. Қызға иек қақты.

Медбике әлдекандай дәріден жақ етіне ине салды. Әлден уакта жағы мұздап, икемге келмей, қу ағаштай жансыздынып қалды. Дәрігер жігіт жарты сағаттай ұры тісін сүйек мұжігендей айналдырды. Медбике де құрак үшып бакты. Бәрі бітті-ау дегенде, дәрігер екеуі бір-біріне бейтаниссыз қарасып, сыртқа беттеді.

Есік алдына шығып темекі тұтатты. Байбура шылым шекпейтіндіктен ұсынған талын алғып, саусақ арасынан өткізе шыркөбелек айналдырып тұрды. Неде болса ақырын күтті.

— Пломбыны ертең саламын. Бұгінше гипстеп тастадым, — деді дәрігер.

— Рақмет!

— Қайда тұқтадын? Тұқ өзгермепсін, Бура!

Сонша неге таң қалдын? Өзгермесем... Болат... — ығылып қалды.

Болат шылым тұқылын тағы бір құшырлана сорып, босағада тұрған қоқыс салар түбекке тастанды.

— Сен аруақ болғалы қашан? — деді Болат, бірдене айта ма деп Байбураға қарады, бірақ ол өзіне тандана көз салып тұр екен. — Құдайға рас, сені өз қолымызбен қойғанбыз. Ауылдағы зиратта — әкеннің жанында жатырысын...

— Әкем қайтыс болып па еді?! — Байбураның дауысы бұзылып шықты.

— Естімен пе ен? А, иә!.. Қайдан естисін? Сені... түү!.. Сен деп темір табытты жерлеген соң көп тұрмады ғой. Бірер айда ана дүниеге бет бүрдыш ғой... Сенің тірі екенинді білген жоқ қой. Ешкім де білмейді...

— Білмей-ак қоқысын, — деді Байбура тамағына өксік тығызып.

Болат тағы да шылым тұтатты.

— Иә! — Байбура өз-өзіне күбірледі.

— Бура, саған көніл айтатын емес, — деді Болат. — Тұс боп қалды. Қарынға ел қондырайық. Сол жерде әңгімелесерміз. Жыл құсындай жоқ болып кетіп едін, соншама уақыттан соң оралдың ғой, әйтекеүір! Бас аман. Ол да үлкен олжа бұл заманда.

Байбура үндеғен жоқ. Жан дүниесі алай-дулей.

Болат халатын тастанап шығысымен, екеуі де онашалау бір кафеге қарай беттеді. Адам аз екен. Бұрышқа ба-рып отырды. Болат дастарқан мәзіріне жылы-жұмсақ алдырды.

Ас дәмді екен, карбыта асасты. Заһар сүннан та-  
тыспады. Болат көлігін сылтауратты, ал Байбура жо-  
ламағалы қай заман?! Соны сезгендей Болат:

— Кешке жақсылап демаламыз, — деді. — Айтпақшы,  
сен қайда токтадың? Алматыға қашан келдін?

Байбура:

— Бұғін ұшып келдім. «Қазақстанға» токтадым, —  
деп, елеусіз етіп айтуға тырысты.

— Конак үйді қайтесін? Үйге жүр. Үш бөлмелі үй  
бос. Орталықта. Мен ажырасып кеткелі де жылдан асты.  
Әйел мен бала бөлек тұрады. Жата-жастанып өңгімені  
соғамыз өлі... Сен елден кеткелі небір жайлар болды ғой.

— Оны байқадым, Алматы да өзгеріп кетіпті.

— Е-е, Алматыны қойши, адамдарды айтсаныш!  
Қорқауға айналды... Ақша... ақша... ақша... Қайда бара  
жатырмыз? Түбі қайырлы болсын! Дағдарыс ақшалай  
емес, адами дағдарыс па деп корқам. Қорқау емес пенде  
қалмай барады ғой.

— Ауғандықтар акыр заманның бір белгісі дейді  
ондайды.

— Дәл өзі, Бура! Ақыр заман басталып кетті ме  
деймін. Ақыр заманды ақшамен өлшеу керек шығар...  
Қойши, сол сайқал қағазды! Өзің туралы айтшы! Обед  
уақыты да таусылып барады. Осы уакқа дейін Ауғанда  
жүрдін бе?

— Иә, — дей салды Байбура.

— Мүмкін емес! — деп Болат та кесіп таstadtы. — Өзің  
білесін ғой бірақ. Ешкім де сенбейді? Тәліпке де, дін  
жолындағы мұридке де ұксамайсын... Сен, десантник  
едін ғой.

— Болат, ескі жараны тырнап қайтесін? Әйтеуір,  
оралдық қой.

— Жарайды, ренжіме! Бура, екеуміз қанды көйлек дос  
едік қой. Ештене сұрамай-ак кояйын десем де, пендеуи  
әуестігім қозып... Құдай шүкір, қырыққа да келіппіз. Осы  
аз ғана ғұмырда біздін құрдастар не көрмеді десенші?!

Декабрь көтерілісі... декабристер... Ауған соғысы, Совет Одағының құлауы, Тәуелсіз Қазақстан, жабайы сауда... одан ойдан-қырдан құйылған мол ақша... Елдін есі ауысқанша үй салуы, анау Алатаудың басына дейін баса-көктеген бейшаралар... Эйфория дүние!

— Ал, өзің ше? — деп қалды Байбура.

— Мен де солардың бірімін... «Декабрист» болам да, ен секілді Аған аскан жоқпын. Мәскеу түбіндегі әйгілі

армиров танк дивизиясында служить еттім. Алматыға

мысымен бір үлкен шенеуніктің үкілеп отырған қызын үйлендім. Соның арқасында осы тіс кабинетін аштым... Бірақ бақытты бола алмадым. «Шортан көлге, шаян шөлге» дегендей, өз жөнімізді таптық. Бар-жоғы осы, Бура! Киқулап жүріп қырыққа да келіппіз. Бітірген түгіміз жок... Бос өткен өмір.

— Жоқ, бауырым! — деді Байбура. — Сен бос өткізбепсің. Нағыз бос өткен өмір менікі... Эй, койшы! Енді өкінгенмен қайта оны сүре алмайсың. Кетейік!

Екеуі де Болаттың «Дантист» тіс кабинетіне шейін жаяулап, үн-түнсіз жайбаракат келді. Болат кешкі жеті шамасында қонақ үйдің алдынан күтіп алатын боп келісті.

Күн қапырық. Тұс ауа тіпті тыныс алдырмай тастады. Байбура салқын ауа тұнған бөлмесіне келіп, ұзынынан құлаған қайындаі сұлап түсті. Бір сәт көзін жұмды.

— Кеш, әке!.. — деді өзіне-өзі күбірлеп.

## II

Көзі ілініп кетісімен, жаны да жай тапты. Туған жерден жыракта, жат жүрттың жұлын-тұтасында жиырма жылдан астам жүргенде осылайша бір балбырап үйқыға кетпепті. Үнемі мұздай қару жастанып, құс үйқылы құн кешіп, бір құн бел шешіп отырмапты. Он сегізінде жez оқты, болат оқпанды жанына балаған балаң бозбала қырма сақал қырығына шейін қол үзбепті. Орыс пен американ, ағылшын мен неміс қаруы да үздіртпеді...

Бес қаруды бес саусағындаі менгерген жан иесі жанын жалдап, тәнін тұлдан күн кешкен.

Ку басын қорғасын окқа байладап жүрсе де, жат жүртта қалдырмасқа ант ішкен. Сол жолда небір сұмдық-сойканға барды. Жауының қызыл қанын ішті, жансерік жанның қамау терін сыптыры. Жат жүрттық бол өткен өмірі өзегін өртеп, туған елге деген сағынышы шемен-шерге айналып, бір күн, бір мүйнет те құдерін үздірген жок. Ішінен тынған сайын қас бөрідей қасарып, жат жүрттың жұлдызын қеулеген қарабас құрттай қайқайып, ұлы мұхиттың мұнарлы тереніне түнеген ақбауыр акуладай өз болмысын билеп бақты. Араны ашылған қандыбалак сарбазға айналды.

Қандыбалак қыран тектес болмаса, барыс баспалар қияда басын шұбар шері мұжір еді. Бөрі болмыстығының арқасында талай шері мен періге шеп салды. Өзін алдыртпай, өзгенін өзекті қолқа-жүрегін суырды. Қаны мұздап, жүрегі суынды. Жауының ішінде жай оғындаи ойран салды. Бөрлігін көрсетіп бақты. Тұнде жұлдыздай акты, күндіз сағымдай сусыды.

Ал бүгін сәбидей балбырап жатыр. Ұйқыдағы уыз болмысы күнәдан пәк, қаннен қаперсіз. Қауіп-катерсіз жерге жеткенін терең түйсікпен сезінген қатығез жаны қамсыз. Ұлы бір тыныстауға көшкен сынайлы. Қиялаған күн де ауып барады. Салқын бөлме тәнін талмаусырратты.

Тыныштық толқымалы жанына бір мезгіл байсал берсе де, Байбура бесін ауа оянып кетті. Аппақ шынылы астауға су толтырып, асықпай жуынды. Абыр-сабырлы жолаушылар ағылып жатқа лифтімен сынаптай сырғып төменге түскенде, есік алдында күтіп түрған Болатты көрді.

Ол әдетінше шылымын сыйдықтата сорады.

– Сенің «сотка» ұстамайтының қызық екен? – деді Болат. – Бірақ бүгінде онсыз өмір жок... Бұрын қалай жүргенбіз?

– Маған керегі шамалы. Кіммен сөйлесем? «Живой труп»...

Енді Болат та тосылып қалды да, «Кеттік!» десті.

Орталықтағы жасанып тұрған үш бөлмелі салқын пәтерде інірқараңғылығы туғаншының нәрсизбай, теледидар көрісті. Әлем-жәлем жалау тербеліп, «Қаражорға» биі буын-буында бұралып, үзілте өн салынып жатқан Астана қаласының бейне көріністері жергілікті арналарды жаулап алыпты... Әлемді алып кеткен қаржы дағдарысы мен Ирак, Сирия, Түркия, Ауғанстан, Пәкістан, Кавказдағы террорлық жарылыстар туралы жаңалықтардан жалығып та кетті. Анау деп, мынау деп отырғанда Болат салқын суға шомылып та үлгерді.

Алматы түні алаулап тұр екен. Құндізгі қапырық тандыр табындағы қайта қоймапты. Жейдешен шыққан екеу елеусіздеу келіп, жеңіл қөлікке жайғасты. Алдын ала келісіп койғандай, Байбура да қайда барамыз демеді. Болат та тұнгі қөлік құлігі саябырсымайтын ұзын көшелердің біріне түсіп, жоғары қарай жылдам өрледі.

Самаладай жарқырап, жарқ-жүрк еткен қала түні қөнілге желік кіргізеді. Қебелекше ұшыртып, үршықша үйіріп айдаған жас қыз бен жігіттер музыка дауысын барынша бақыртып қойып, жарыса шапқан киіктей жүйткіді. Қала толы үлкенді-кішілі шетелдік қөлік, қандай тұрлі, қай марқілі екені айырып алғысыз. Болат та жапондық құлігімен жол ортасындағы ақ жолақты таспа бойымен тіліп келеді.

Жазғы Алматының маусымы мамырлап, казандай қайнаған тұнгі тынысы басталған. Бұлар көтерілген Ала-таудың Найзакара шыңынан аузын ашатын кең шаттың ішіне орын тепкен котедждердің де тұнгі көрінісі ерекше көз тартады. Сай ішін, тау қабырғасын тербеген Үлкен Алматы өзенінің гүрілі жайлап естіледі.

Болатпен жатаған шырша, арша қоршай егілген қос қабат үйге енгенде, Байбура хан сарайына кіріп кеткендей қүйге тұсті. Өзін ынғайсыз сезініп, «Қап! Текке келдім-ау!.. Қайда баратынымызды сұрауым керек еді?» деген секем ой билеп өтті.

Болат болса, алтын айдарлы сырма қакпадан жадырай күліп алған сұлу бикешті белінен орай бүріп, үй ішін еркін аралай жөнелді. Ат шаптырым холда состиып тұрып қалған Байбураны көп бөлменің бірінен шыға келген тағы бір бәденді жас әйел қолтығынан демей берді.

— Қош келдіңіз!..

Аппак қардай бура саны жарқ-жүрк еткен қыска халатты сұлу әйелден сасып қалған Байбура қапелімде ештеме дей алмады. Еріккіз ерді.

— Шешініңіз! Жайғасып отыра беріңіз, — деп, жас әйел өте бір сыпайы үнмен тіл қатып, кең бөлмеден шығып кетті.

Жатын бөлме екен. Қашағасының жалпақ басына тұтастыра айна орнатқан қостөсек пен айналы қызыл шифонер, бұрышты ала әйел затына арналған айналы комод пен екі кішкентай арқасыз орындық, күлгін тұс үялатқан қабырғадағы қос бра шам, төбеде сөнулі үш көзді люстра, терезе тұс қаракөк пердемен тұтылып, жоғары жағы сарғыш пүлішпен көмкеріліпті.

Бұл әйкелдей ербиіп тұрғанын сезіп, комод жа-нындағы кішкентай, аласа орындыққа отыра беріп еді, сықырлап қоя берді. Сынып кетер деп атып тұрды. Амал-сыз төсек шетіне тізе бұкті. Күрен жаймалы төсек пен қалың серіппелі матрацы мықты екен, сықырлаған да, күтірлеген де жоқ. Мұны былқ етпестен көтерді.

«Осы мен не істеп отырмын? Неге келдім?» деген жауапсыз ойға орала бергенінде, есік ашылып, күрен халатты жас әйел көрінді. Қолында шаршы табак. Төрт-бұрыш табақ толы ас, жеміс-жидек, құмыра толы шырын мен демделген шәйнек.

— Түу, не ғып отырсыз? Әй, еркектер-ай, еркектер! Эйелдерсіз қалай өмір сүресіндер, сендер? — деп сыл-қылдай күліп, комод үстіне шаршы табақты қойды.

Бұған әдемі бота көзін төңкере қарап, таңырқап қалды.

— Сізге не болды? Қысылманыз! — деді дауысын құбылтып. — Болат досымыз айтқан, бағана телефонмен... «жабайылау» деп... Бура, сіз еш саспаныз! Маған сіз секілді әйел затын аз көрген азаматтар үнайды. Олар таза болады: рухани да, тәни де... Әлде мен сізге үнамай қалдым ба?

Өп-өтірік аузын бұртитты.

Байбура:

- Жо-жоқ! — деп, үні үзіле шықты. — Әдемісіз...
- Рас па?! — деп қалды әйелдік мақтан мен елігүе түсіп.
- Әдемісіз! — Байбура бұл жолы батыл айтты.
- Онда мені құшактаңыз!

Байбура тағы састы.

— Сізді «батыр» деп еді. Батырлығыныз қайда? — деп келіп, жас әйел: — Батыл болыңыз! — деп мойнына өзі асылды.

Жас әйелдің ыстық демі жүзі мен мойнын шарпып, сүйір саусактары түймелерін тінте берді. Түкті біткен жаланаш қеудесін жалап-жұктап келіп, шалбарының түймесін ағытып, белбеуін босатып жіберді. Жұқа жаздық шалбар аяғының басына оралғанда, Байбура әйелді қапсыра көтеріп алып, төсек үстіне екеуі қабат құлады.

Олар ұзақ уақыт аймаласып, ұзақ уақыт құмар тарқатысты. Ұзақ уақыт әйел тәнін сағынып қалған Байбура сезіміне ие бола алмай, нәпсіге сыр беріп алды. Жас әйелге Болат ынтықтырып айткандай, Байбура «жабайылық» та танытып қалды... Әйелге бірақ ол қылық ессіз үнады.

Сол қолы әйелдің мақтадай жұмсақ мықынын сипап отырып, төсек үстінде ас ішуге көшті. Талықсып та, бұлықсып та жатқан жан:

— Күшті... куатты екенсіз! — деп қалды.

Байбура бірақ үндемеді.

— Бура, сіз жиі келіп тұрынызшы! — деп өтіне сұрап еді, әйел дауысы бұған жалынғандай бол естілді. — Болат айтқан: сізде әйел жоқ деп...

Жас әйел тағы жауап күтті. Бұл әлдекалай қылмыс жасап, енді өшкереленіп қалатында үнсіз жатты.

Асты қарбытып-карбытып асағаннан ба, өлде жас әйелдің мазасыз сауалынан ба тығылып қалды. Орнынан тұрып кетті. Киінді. Барып жуынып-шайынып алды.

Жас әйел орнынан тұрғысы келмеді. Өң-түсі қуарынқы. Бұған ашық-шашық жатқан күйі көзін алмады.

— Сау болыңыз! — деді Бура.

— Сау болыңыз! — деді әйел де. — Қызық, жо-о, жұмбак адам екенсіз! Нағыз «еринтим»<sup>1</sup> — ерек... Жаль! Жигало боп жүргендер садаға кетсін! Сіз нағыздың өзісіз. Тіпті, менің атымды да сұрамадыныз.

— Оның керегі қанша? — Байбура дауысы жарқышақтан шыкты.

— Ақшаны Болатқа береміз, — деп әйел ренжіп қалғанын білдіріп алды.

Байбура бұрылып кетті...

Тыска шыққанда Алатаудың барқыт тұні басып тұр екен. Өзен шуылы анық естілді. Найзакара шыны жақтан салқын самал еседі.

Байбура шірене тыныс алды. Көк жүзіне көзі түсіп кетті. Қала жақ бетте — терістік аспан төрінде Жетіқарақшы ерекше сөule шашып, шөміш басы көзге айқын шалынды. Ай Алатау тұстігіне тығылып қалыпты.

Әлгі сұлу әйелдің соңғы сөзінен тұк те түсінбегенін ойлады. Ақшасы несі, «еринтим» десі не екенін білмей дал болды... «Жигало» дегені кім? Болатты күтті. Ол да шұбалған ішектей шықпай-ақ қойды. Тәні тоңазыды.

Болатпен серіктес әйел де бірге шықты. Екеуі сүйіп коштасты. Бұлар көліктерімен шығып кеткенде, электр моторы күшімен айқұлақ алтынды қакпа да сырғи жабылды.

Былай шыға бере:

<sup>1</sup> Ерингим — ерек-интим — интим ерек — бай әйелдерге барып тұратын еркектерді атағаны.

— Бура, неге асықтың? Қонатын шығармыз деп ойлап ем... Әлде ұнамай қалды ма? Ол әйел супер еді ғой, — деді Болат.

— Жоқ, Болат. Бәрі де жақсы... — деп бұл жуып-шайғандай болды.

— Әйел жоқ. Жезөкшелерге баратын емес — қауіпті... Ал бұлар — бай әйелдер. Өз жағдайларын өздері жасаған. Тәуелсіз... Қүйеулері де жоқ. Тіпті олар бар болса да, бізге бәрібір емес пе?! Қүйлеп жүрген олар. Жалынышты емеспіз. Олар — жалынышты.

— Сонда қалай? Жалынышты... «еринтим» дей ме?

Болат бір сәт бұған бұрыла қарады.

— Сен шынымен Ауғанстаннан келген жоқпышың? Бәрі таң саған. Әлде, әдейі істеп келемісің? Мен саған сенбеймін! Түк көрмедім, түк білмеймін дегеніне түкір-генім бар. Қазір шекара да, шетел де жоқ. Бәрі мидай араласып кеткен. Жұрт дүниені шарлап, жауған бұршақтай шашылып жұр.

Байбураны ашу қыса бастаса да өз-өзін үстады.

— Сен-сенбе, соғыстан келгенім шындық. Мен казір де өзімді соғыста жүргендей сезініп отырмын. Өмір дегенін соғыс... Қайтем?!

— Бура, сен мені коркытайын дедін... Соғысың не өзінің?! Сенің кешегі «дүшмандарын» бүгін Алматыда сауда жасап жұр. Бірі көкбазарда алхор сатса, бірі бараҳолкада тері тон саудалайды. Ал қайсы бір пысығы ескі көліктерді шекара асырса, үкіметпен жен үшінан жалғасқан офицерлері бидай мен бензинді Иран арқылы Атырау мен Актаудан аттандырып жатыр...

Бұл жайды Шешенстанда соғыста жүріп естіген, бірақ аса сене де коймар еді Байбура. Ал Бакуде өзірбайжандар көзін жеткізсе де, Алматыда Болат колмен қойғандай етіп айтады деп мұлде күтпеген.

Бір сәт екеуі де ұнсіз қалды.

— Жә, Бура! Сен ренжіме! Өмір өзгеріп кетті ғой. Қызыл империя құлап еді, батысымыз шығыс боп шық-

ты. Ақыр заман кезінде «күн батыстан шығады» деуші еді... Сол ғана қалды. Әйтпесе, әлгі үріп ауызға салғандай жас қатындарға не жетті?! Байға тигісі, бала тапқысы жок. Ереккөрек болса, ақша төлеп, өздері үйлеріне шақырып алады. О заманда, бұз заман – біз алғаш Алматыға аяқ басқанда мұндай сүмдикты көрмек түгілі, естімеген едік қой. Кешегі 86-ның қырғынында дүние осылай опаланц-топалан болады десе, кім сенетін? Колында өлер еді. Енді міне, есіміз ауып қалды. Демократия – демогогия... Қайта үрке қарап, үрейленіп отырған мына сен бақыттысың, бауырым! Сенің қайдан келіп, қайдан түрганынды білмеймін, бірақ ішім сезеді, сен менен әлдекайда тазасың... Жаның лас емес.

– Білмеймін, Болат! Менің табаным туған елімнің топырағына тигені бүтін – таңертеңнен бері ғана... Маған көп нәрсе түсініксіз өлі. Соғыста бәрі де айқын болатын: жауың – жау, бауырласың – бауырлас. Ол да адам, сен де адам. Айыратын оқ. Ажал еді... Ал мұнда мұнар басқан.

– Бура, бауырым, еш уайымдама! Әлі-ак бәрін бес саусақтай билетін боласың. Сыртта сырттандай сырттап жүріп, тосансып қалғансың ғой, – деп, Болат өзінің артық кеткенін сезіп, сөз соңын қалжынға сүйеді. – Ертең-ак «еринтим-афганец» деп атың Алматыда ду етеп қалады. Біз сенің қолына су да құя алмай қаламыз. Ал әлгіндеңі фармацевт-магнат әйелдер аяғында жыландай иіріліп жатады. Сол кезде мендей пенденді ұмытып кетпе! Бұл Алматы ғой: «Алматы сайқал қала қан сасыған, Қонақ үйі шетінен а... сасыған, Алматы жатыр бүгін шалқасынан...» Ха-ха!..

Болат өтірік болса да арсыздана қырылдай күлді.

Тұнделетіп жүйткіген көлік қаланың орталығына да кеп қалған. Алматының тынымсыз тұнгі тіршілігі қыза түскен.

### III

— Ертен ауылға билет алайын.

Орталық кең бөлменің жібек кілем төгілген паркет едені үстіне төсек салып жатқан Болат та бірден қостады.

— Алайық! Мен де ауыл жаққа бармағалы екі жыл болды. Бірақ біздің үй Қаратоғай емес, казір Құршімге көшіп алған... Жұмыстан да шаршап жүрмін. Бір сарынды. Жұрттың сасық аузын күзетіп... — деп Болат налып та алды. — Қайта «еринтим» болғалы көнілге қызық кірді. Денсаулық барда ойнап-кулу керек қой. Оларда да, менде де обязательство жоқ.

— Жаупкершіліктен жүрдаймыз де... — деп қалғанын Байбура өзі де білмей қалды.

— Қайдағы жаупкершілік? Қазір кімде жаупкершілік бар? Әркім өз ойлағанын істеп жатқан жоқ па?! Жоғарыдағылардан бастап... «Балық басынан шіриді» дейді орыстар. Жаупкершілік болса, сен естіп жүремісін? Не өлінің, не тірінің санатында жоқсың... Сөйтіп отырып, біздің мемлекет қызық, тірілердің санағын шығарамыз деп әүіре. Алдымен өлілерді түгендереп ал. Тірілер қашпайды. Он алты миллион болса да, он жеті миллион болса да... Тірілер тіршілігін істейді, — деп Болат таусыла сөйледі. — Қой! Дем алайық! Тұн ортасы ауып кетіпті.

— Таңға үш-ақ сағат қалды, — деді Байбура да шешініп жатып.

— Давай! Жайлыш жат, уайымсыз үйікта.

Үй іші қоныр салқын, тастай қаранғы болса да, Байбураның көзі ілінбей қойды. Жұқа құрап көрпе төсеген катты төсектің үстінде дөңбекшіді-ай келіп... Қос қабат пласттерезе мен қою қоныр түсті қалың перде тұтқан кең бөлме құлаққа үрган танадай тыныштыққа үйыған. Байбурадан бірақ үйқы қашты.

Жат жер, жат елде жүргеніндегідей құс үйқысы да келмедин. Үйық қаранғылық пен түйік тыныштық құшағында өткен-кеткен өмір елесі орала берді. Болат

сыныптасы болса, баяғыда-ақ бал үйқының баурауына енген шығар. Енетін де жөні бар-ау, есебі түгел, уайымы аз, қайғысы жок.

Ал бұған не сорым!? Жөргегі құрғамай жатып анасын жүтқан. Сөйтіп, тумай жатып туғанына жат болған... Келе-келе өзінің де қу жаны жатсынған «туажат» пенде ғой. Сәби кезінде сезімін сұынтып, санасына жасырын таңбаланған сол жұмбак атау өсе келе тағдырын да белгілеп беріпті. Өмірінің қу соқпағы жат жұрт жеріне жетелеп, қу сүйекті құрғеге түсіріпті. Тайғақ тағдыры жатты жақын тұттырыпты.

Ал бұғін де өз елім, өз жерім деп өзеуrep оралғанында, жаны жатсынып, тәні тіксініп қалмады ма тағы да... Өзгерген адам, қылыш қофам қарсы алмады ма мұны?! Бұл да мынау маң дүниені қабылдай алмай өуіре... Қандай кайраны бар? Мынау қара тұнек бөлмедей мұнар мен мұң басқан көnlі жадау тарта береді де... Анау сайқал сұлулардай сиқырлы дүние көnlін ауласа да, құдігін сейілтпейді ғой. Сейілмейді... Сергітпейді... Тіксінген тәнге, жатсынған жанға не дауа?! Бейопа дүние де.

Еркегі нәpsікұмар, әйелі ашнақұмар қофам келіпті. Қан кешіп, қару жастанып құні өткен бұған бұл дүние жат екен. Одан жаты жақын болып шыққандай жанына... Мазасыз жанына... мұнлы жанына... Не дауа? Бейдауа дүние де.

Сол бір сексен алтының<sup>1</sup> сергелдені бұл үшін құллі ғұмырын сынаққа салған сұрапылға ұласыпты. Қырықтан асқанша қан қасапқа салыпты. Жат арасында ат-атаусыз, із-түzsіz жок боп, жер құшып қалмау үшін бұл барын салмады ма?! Туған топыракқа жетсем деген жетім тілек нәpsісін тыйды. Санасын самаладай жарық қылды. Бөрідей сыр бермей, жарасын жалап жазып, Ауғанның аптағында, Қап тауының қойнауында жалынусыз жортты.

<sup>1</sup> Сексен алты – Алматыда болған 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі.

Талай мәрте сын сағаты соқкан сөтте көктен түсken Fайсадай сап ете қалатын бөрі болмысты боз сәуле – Бөрі-Ана ажал аузынан қағып қалды. Бөрі киесі – мұның иесі екен... Төребейіт төрінде жолығысып, тілсіз түсініскеннен бері Бөрі-Анадай Бозиесі иенде қалдырыған жері жоқ. Жол таппай түрған сөтінде көкмұнар арасынан боз сәуле болып бұландалап, алдына түсіп алшандай басатын. Бұл артынан көzsіз еруші еді... Өзіне ергендерді де ертуші еді.

Құз-қиялы тас сокпақ пен жапан даланың сұйық сүрлеуі – Байбұра тағдырының жұмбак жолы болып шықты. Сол жолды Бөрі-Анасымен бірге бөрідей боп басып өтті... Оқ пен оттын арасында суғарылды. Оқ пен оттан жарапандай отамалы күйге енді. Отамалы сарбазға айналды.

Отамалы сарбаз отқа да, оққа да өзі айналды. Соғыс деген сайқалдың бар сүмдышын сезінген сайын, таным сүзгісімен түйсінген сайын өзі де бір жанкешті сүмдыш болды. Ең қымбат – өмір... болса, сол өмірінің өзі соғыссыз құні батпайтын, таны атпайтын мұжиза хал кешті.

Қаранғы бөлмеде таңға торып жатқан жан иесі осы бір сәт өзіне керемет ақырат ашты. Ашты да жаны шошынды. «Соғыс та сайқал катын» деген ой өзгеше өн берді. Анау сайқал сұлулар да санаға сәуле түсіріп өткендей ой көгіне оралып өтті. «Соғыс атаулы – сайқалдық, – деді тістеніп. – Соғыста жүрген сарбаз да ындыны кепкен сайқалдың қан құрышын қандыруши... Қан шенгелдеп, қанқасап жасап жүріп, сайқалға интимдік қызмет етуші – қанішер интим... Ернитимдерден айырмашылығы жоқ».

Байбұра орнынан тұрып кетті.

Қаранғыда қармалап жүріп залдың есігін ашты. Жып-жылтыр лакталған қоныр-қызылт емен есік ашылысымен, ас үй жақтан таңғы жарық түсті. Шүмектен мидан өтер Алатау суын ағызды. Шөлдеп калыпты. Шып толы керсен кесе суды сіміре жұтты.

«Uh!..» – демін терен алды.

## IV

Дүк-дүк... дүк-дүк... дүк-дүк...

Ресейлік «Бішкек–Новосібір» поезы жын ұрғандай ұшыртып келеді. Екі кісілік купеде жатқан екеу де үйқыда. Бірінші Алматы вокзалинан отыра салысымен салқындақтышынан салқын ұрған купеде Байбура бір сөт мызықып алғысы келген. Откен тұнгі үйқы тағы бар.

Жетісу жерінің сары жонына шыға Болат оянып кетті. Шөлдеп жатыр еken. Жолға алған су жылымшылай бастанапты. Еріксіз орнынан тұрды. Купеден шықты.

Сатыр етіп жабылған есік даусынан сергек үйықтайдын Байбура да басын жұлып алды. Жүргі поез дөңгелегі үнімен жарыса оянды. Дүк-дүк!.. дүк-дүк!..

Пердені түріп, тыска көз жіберді. Жып-жылмагай жазық пен алыстан дөңкіген дөңестер шалынды. Жаздың басы болса да, көкпенбек боп жататын түстік өнір жұтан тартыпты.

Болат шыны мен шәйнек көтеріп келді. Екеуде ыстық шайға бас қойды. Тер бүрк ете қалды.

— Ой, жан-ай! Сен оралғалы бір жасап қалдым ғой, — деп Болат орамалмен желпінді.

Байбура неге дегендей антарыла қарады.

— Дүниеде жалғыздық киын еken, — деп Болат пәлсапасын соқты. — Калада адамдар арасында жүрсен де, жалғызысырайды екенсін... Әйелден құтылғанша асық болып ем, кейін ұлым екеуін сағынатынды шығардым. Әр адамның орны бөлек еken.

— Қадірі де бөлек, — деп қалды Байбура.

— Иә, қадірі де бөлек еken! Қадіріне жетпедім бе деп қорқам, кейде... — Болат тосылды.

— Қамықпа, Болат! Әлі де кеш емес, жарын мен балана оралу қиын емес кой...

— Оралар ем, оған намыс жібермейді! Әйелім де не істеп, не қойып жүргенін қайдам? Біраз уақыт өтті ғой... Әйеуір, ұлыма екі-үш айда бір барам.

— Е-е, ер жігіттің басында кездесетін құбылыс қой, — деп жұбатқан болды Байбура.

— «Ер жігіттің басына не келіп, не кетпейді?» демеуші ме еді ауылда... Соның бірі де, — деп Болат келіскең сыңай білдірді де, жұлып алғандай оқыс сұрақ қойды. — Сен неге оны ізdemедін?

Байбура түк түсінбеді, бірақ көнілінде жүретін қауіпті сұрақ ойына оралып өтті. Іші сезіп тұрса да:

— Кімді? — деді қатқылдау, жақтырмағаны білінді.

— Кімді болушы еді — Алқабегімді?!

Байбура бір уақ үнсіз қалды. Болат та тесіліп отыр. Күпе ішін тыныштық биледі. Тек поез дөңгелегінің дүрсілі естіледі.

...Дүк-дүк... дүк-дүк... дүк-дүк..

Болат дөңгелек пен болат рельстердің дүңкілімен қоса екеуі де өз жүректерінің дүрсілін естіді.

...Дүрс-дүрс... дүрс-дүрс... дүрс-дүрс...

— Іздедім... Таба алмадым ғой, — деп, Байбура акталғандай кейіп танытты.

— Білмеймін, Бура, сол кезден бері менің жүрегімде бір мұз моншағы қалды... Сені алғаш көргенде сұрағым келген, бірақ аядым. Өзімді де жайсыз сезіндім. Әкенде естірткендей күй кештім емес пе?! Қазбаламадым... Ол Алқабегім екеуінің арандағы жағдай ғой. Өзін білесін де... Дегенмен, ауылдағы жұрт сені «сатып кетті» деп жүр... Аланға тастап кетіпті, Алқа қолға түсіп қалыпты. Сондықтан сорлады... Содан сottалды...» деп шығарып алған.

Байбура басы салбырап отырды да қалды. Болаттың ары қарай бір сөзін айырса, бір сөзін айыра алған жоқ.

Тек:

— Қалайша? Олай емес қой! — дей берді. Кенет қыранша оқыс сілкініп, Болатты алқымынан ала түсті. — Сен! Бәрін шығарып жүрген сенсін... Өлтірем!

— О-ой-бай! Ө-ө-өл-тірдің... — дегенде ғана Байбура-ның ашу кернеген санасты сауығып сала берді.

Ол тар төсекте иленіп жатқан Болатты бос қапша тастай салды. Өз орнына отырды.

Болат:

— Жындымысың ей! Қылғынып қалдым ғой. Сен сияқты қан төгіп жүрген адам емеспін... Қолың қышқаш кой, — деп қырылдай сөйлемеді. — Бір қайырым сөзге келмегенің не? Мен сенің адад екенінді білем ғой... Ел ғой өсектеп жүрген.

Дауысынан діріл мен тұлкі бұлан сезім білінді.

Байбура өз-өзін сабырға шақырып отырды. Іштей өзін жазғырған ой да толқындаид соғып өтті. Әкесінің қайтыс болып кеткеніне кешеден бері кінәлі сезініп, сыр бермеуге тырысып, тіпті ойламауға бел буып, қамыға қыстығып жүрсе де, Алқабегім туралы әнгіменің тап өзіне кеп тірелетінін білмеген.

— Кешір, Бура! — деді Болат. — Ел не демейді? «Өзі жоктың — көзі жок» деп шығарып алғандары ғой. Ал сен аман-есен оралады деп ойлаған да емес, мүрден жатыр жотада...

— Алқа не дейді? — Байбураның бұлыққан тілі икемге зорға келді, қанша қан кешіп жүрсе де, бұлай қорланбаған еді.

— Ештене демепті... сотта да...

— Қазір ше?

— Қазір үйінде. Ол көтеріліп кеткен. Ауру, — деді Болат жайбаракат. — Тұрмаден бір бала туып келді... Ұл бала. Ол бірақ сау.

Байбура бұлығып, буынып отырса да:

— Болат, — деді жағын қышырлата. — Сенікі де жөн. Менің әқталуға хақым жок. Қаншама жылдар өтіп кетті... Жат жерде жүріп жанталастым. Арыма дақ түсірмеуге тырыстым. Амал қанша!? Алқабегімді қорғай алмадым. Бас сауғалап кетіппін...

— Бура, сенің жазығың жок! — деп, Болат та өткенге оралғанына өкінгендей күй танытты. — Мен куәгермін ғой. Аланда айырылып қалдық кой... Жұрт борандада

ыққан кой секілді боп кетті емес пе?! Бірін-бірін таптап... Бұршақша жауған сокқы бір жақтан, жанбырша жауған су бір жақтан. Қырып салды ғой. Қыздар да қалқан боламыз деп қасарысып алды емес пе?! Ақыры, алдымен соларға сойыл тиді. Құтқармак болған біздер қан қақсадық. Өкінгеннен пайда жоқ, енді! Тағдырдың ғазуы шығар.

- Бәрімісте жастық кінелі! – деп қалды Байбура Тәжірибелінің жоқтығы... Қазір болса ғой, көрсетер қалай қарсыласуды...
  - Кой! Кой енді, Бура!
  - Бүгін заң басқа, заман басқа... Құдайға шүкір!
- Төгілген қан, алған соққы атаусыз кетпеді ғой.

– Жоға деймін, Алқаны жатақханасына үш қайтара іздел бардым. Соңғы жолы барғанымда кібшниктерден қашып, үшінші қабаттағы балконнан секіріп, әрен құтылдым. Қыздары білмейміз деп бедіреіп алды. Біз аланға шыққан жоқпыз. Алқаны білмейміз, ауылына кеткен шығар деп, бастарын алып қашты емес пе?! Ал мені деканымыз құтқарып жіберді. Керемет кісі еді. Қазір қайда екен? Өзің білесің. «Ауылына тап қазір қайт. Аланда ол болған жоқ. Ауылына кеткен деймін. Тек Алматыда немесе жолда қолға түсіп қалма!» деді. Өздерің бар, қала сыртына шығып, Өскеменге кетіп бара жатқан жүк машинасына отырғызып жібердіңдер. Сол бір орыс шопыр жігітпен «далынебойщик» бол кете бардым. Ол да бір азамат екен, постарда «үйықтап жатыр» деп, жасырып-ақ бақты. Жанғызтөбеге дейін жеткізіп таstadtы. Ары қарай ел іші ғой, зулап ауылдан бір-ақ шықтым. Алқа бірақ ауылда болмай шықты... Бармағымды тістедім! Деканды да сыйап салдым... Одан не пайда бірақ?! Бар долылыкты даланың бөрісінен алдым... Тәуір-ақ ауладым. Сөйтіп жүріп, Бөрі-Анаға жолыктым... Жә!

Байбура сөзін кілт үзді. Өзінің қызынып кеткенін кеш үкты. Құлак қойып отырған Болат елен ете қалды.

- Иө, сөйтіп жүріп не болды?
- Әскерге шакырды... Алғашқы болып аттанып кеттім. Ар жағы белгілі: Өзбекстан—Шыршық—Ауғанстан—Кабул... Кавказ...
- Байбураның әлденені бүгіп қалғанын Болат сезді.
- Бөріні баяғы екеуміз аулағандай тірі соймадың ба?
- Сойым... Сонымыз қателік болыпты!
- Несі қателік? – деп, Болат әңгіме аркауын тар-қатқысы келді.
- Қателік! Күнә! – деді Байбура тұра қарап.
- Ой, қойшы! Даланың аны емес пе?! Өзі қаншық қасқыр еді ғой... Сенің қақпаныңнан күтыла алмады ғой. Ауыл әлі күнге аныз қылып айтады екеумізді, бөрінің терісін тірідей сыпырған деп... Тоғызыншы класты ғана бітірсек те, батыл едік қой... Қазір корқақпын.
- Болды, Болат! «Бөріні тірідей сою» деген жа-уыздықты да қаршадай болып шығарған сенсін, Болат. Оның ақыры мені Ана-Бөріге жолықтырды... Есіме түсірмеші! Жапшы аузынды!
- Неге? Тағы не боп қалды?
- Түк болған жок... бірак Бөрі-Ана туралы қайтып айтпашы! Ол – киелі ан... Бозие... Менің жаным ауырады!
- Жарайды! Жаның ауырса – қойдым!
- Олар бір сәт үнсіз қалды. Суып қалған шайдан сораптады. Салқыннатқышты күпе іші жанға жайлы. Қапырықсыз. Болат ыстық шай демдең алып келейін деп орнынан көтеріле берді.
- Болат, сен ренжіме! Қасқыр туралы әңгіме қозғамайык.
- Онда түрған не бар? Терісін тірідей сыпырған өзің емеспісін... Мен тек көмекшілік рөл ғана атқарғам. Қаншық қасқырдың...
- Айтпа! Болдыңді! – деп Байбура шартетіп, орнынан атып тұрды. – Онымен Төребейітте жолығыстым... Ол менің анамдай болып кеткен... Білемісің сен?! – Қалшылдан кетті.

Жасқанып қалған Болат сылқ етіп отыра кетті.

– Болды! Болды, Байбура! Қасқыр туралы қозғасам, аузыма қара қан толсын! – деп қарғана берді.

Байбура да бойын кернеген ашуын зорға басып, купе есігін жұлки сырғыта ашып, шыға жөнелді.

– Қайдан ғана еріп едім? Қан кешкен кантужный ғой ынау. Көк бөріні анам дейді... Накұрыс! – деп Болат үнкілдей берді. – Странно!

Дұк-дұк... дұк-дұк... дұк-дұк...

Герезе көзінде дүние дөнгелене ауып барады.

...Лұрс-дұрс... дұрс-дұрс... дұрс-дұрс...

Көкірек қуысында ет жүрек мазасыз қағады.

– Странно!

Болат жүрегі атқалақтай бір сөзін тағы қайталады.

## V

Байбура теріс қарап жатып ұйықтап кетті.

Қоныр салқын купе құні бойы жаныққан жанына жай таптырды. Бой-бойы балбырап, ой-санасы ұйып жатты. Сабыр сарыққан сана бір мезгіл тұс тұманына тұтылды.

Тұсі тұс емес, Кавказда өзі бастан кешкен өні еді...

Швед қызы Мария-Агата Сванның Қаспий теңізінің сүйндай көкпенбек, қою қоныр кірпіктерімен жан-жағы көлеңкеленіп, ерекше бір жылышық пен тартымдылық ұялатқан сәулелі жанары Байбураның жүргегін дір еткізді. Қарасүр өні қуқыл тартты. Қонырқай тұсті мол шашы да иығын жауып, тоқ балтыр, бүйрек бөксе, құмырсқа бел қыздың сұлу мұсіні қысыр жыландай арбады. Ақсары өні ат жақты, пісте мұрынды, етженді ерінді келбет те келісті-ак. Дауысы да ашық. Қимыл-қозғалысы да жас адамға тән женіл. Киім-киісі де жинақы, өскери.

Арпалыс өмір мен тайталас қоғам есін алған Байбура үшін бұл қыз періштедей бол көрінді. Аузын ашып, тілі байланып, қозғасам, аузыма қара қан толсын! – деп қарғана берді.

бірак сөгіс жок кой. Ұргашы атаулыны ұмытқан, ұрыссоғысты ғана ойлаған жансебілге не жорық?! Шыбын жанды да тәрк еткен.

Алтайдын Марқакөліндегі тұнық жаңар жүрегін бір көргеннен қарып түсіп, жаулап алды. Ашық көк көздің аясы өрі мұнлы, өрі сәулелі екен. Жиектеген кою коныры кірпікпен астасқан жұмбақ көленкө өз ііріміне тартып ала жөнелген. Бір мезет аңырып та қалған. Жаны да, тәні де жат қызы да Байбура өнінің құбылысын қалт жібермей, байқап үлгерді. Екеуі де енді еркін көз салысқан.

Мария-Агатаға да бұлшық етті, бірақ сымдай тартылған Байбура ұнап қалды білем, жұмсақ жымысын белгі берді. Бұл да өні бір демде қуқыл тартып, кенет қан жүгіре қызырып, тесіле қалған шегір көздерін аудырып әкетті. Тастан қатып қалған кекті жүрегі де бір сәт бұлқынып, кеуде тұсы шым ете түсті.

Кеудемсоқ таулықтардың арасында дін аман жүрген шетелдік швед қызына Байбура өрі күдіктене, өрі таныркай қарағаны да рас. Талай қансоқта қырғынды таулықтармен бірге бастан кешкен Байбура басы кеппілдікке тігілмеген мына сұлуға таңданбасқа шарасы да жоқ еді... Шешен сардарлары баяғыда-ақ мұндаған, бәлкім, жүзмындаған американ көк қағазына сатып үлгеретін. Мария-Агата – өте қымбат тауар тұғын-ды.

Өзінің жанкешті жорықтарымен Ресейді шулатқан, әлемдік ақпарат сурлеуінде «террорист» деп дүниені дулатқан Масхадов пен Басаев өздері шейіт кетсе де, өситет қалдырып кетіпті. Тұбі Ресейдей орыс империясы шешендерді таптап тастарын білгендіктен де, өздеріне адал қызмет еткен осы бір швед қызының бір тал шашының тұспеуін талап етіп, азаттық күресі акыр тапқан күні еліне аман-есен аттандыруды тапсырыпты.

«Қызыл крест – Қызыл жарты ай» қоғамымен қиян-кескі күндерде Кавказ жеріне дәрігер ретінде көмеккекелген Мария-Агата Сван адам баласы қолымен қоздап

жатқан сүмдикты көріп тұрып, өз еліне қайтып кете алмапты. Жүрек қалауы жіберменті. Пенде деген жұмбак жаратылыс қой, жаны не қаласа – тәні тұтқын.

Тағдырға дауа жоқ, Байбураға шешеннің ұлтшыл ұлдары Мария-Агатаны Дағыстан арқылы Әзіrbайжанға жеткізіп, Швеция елшілігіне тапсыруды аманат етті. Тұртүсі таулыққа ұқсамайтын Байбураны тегін таңдамаса керек, «астрахан қазағы», «бакулік әзіrbайжан» деген екі бірдей паспорты бар, ол аздай, Ауганстан–Шешенстан соғысы мен сүмдіғын бастан өткерген, от пен судың өткелінен өлмеген жырынды, жанкешті ғой. Аты мен заты тұманды адам. Қарусыз-ак қарулыны қан құстывып кететін ажал-пенде. Күдіксіз пенде – көленкелі адам: санда да, санатта да жок. Сұраусыз жан.

Бәс еріксіз Байбураға тігілген-ді...

Мезіл көктем еді. Дүние жасарып, жаңғырып жатқан. Ұлты әзіrbайжан Мұхаммедпен бірге аттанған Байбура мен Мария-Агата шешендердің таулы аймағынан Дағыстан шекарасына бесін ауа іліккен. Ресейлік шекара әскері сондарынан түскен. Асуға алып шығар сокпақ торуылдаулы. Бұлар басқа ұрғандай дағдарып қалды. Қия бетті қөлбegen киян сокпақ қол бұлғап тұрғанмен, аман өту мүмкін емес. Әзіrbайжандық Мұхаммед: «Біттік! – деп қалды. – Бізді сатыпты...» Сонда Мария-Агата: «Бур, – деді Байбураға бұрыла қарап: – Маған қолға түсуге болмайды. Федералдар «европалықтар террористерге көмектесіп отыр, мына фрау Мария – солардың бірі – террорист-дәрігер» деп, бүкіл әлемге жар салады. Мені анау араб Хаттабпен катар кояды олар... Тірідей берілгенше, жастығымды ала жатуға дайынмын!» – деп бекінді сөзін жалғады.

Байбура жаны енді шындал қысылды. Артта – шекарашибалар, алда – торуышылар. Жалғыз өзі болса, жансауғалап, жым-жылас жоғалып кетер еді. Жердің жігін айрып, таудың тарғыл тасына сініп, бұта-қарағанын көленкесімен үйип, көзге түспей-ақ төрге озар еді.

Жалғыз жүріп, жанын жалдаған жолбарыс текті тарланғой. Ал қасындағы қосүрей пендeler қанжығадан тартып тұрғаны-ай!..

Күн қақтаған қоныркай жүзін тер жауып кетті. Жаны алқымын ала қысылды. Өзі үшін емес, өзгелер үшін жанықты.

Байбура үшін сын сағаты соқты...

Осы бір сәт күн көзі тұтылғандай болып, бар ман қаракөленқеленіп сала берді. Ізінше дүниені көк тұман жапты.

Түкке түсінбеген Мария-Агата мен Мұхаммед жанжактарына аландап: «Не боп барады? Мынау не? Орыстың жана қаруы ма? Лазер қаруы емес пе?!» деп, шыршыр қакты. Байбура ғана көкмұнар дүние акырын үнсіз күтті.

Бұған таныс боз сөule көк төрінен көк тұман тұтқан жерге – тап қарсы алдарына саулай құйылды. Лезде әлгі сөule бозан бөрі сұлбасына айналды. Құйрығы салбыраған боз бөрі бұларға басын бұра қарады. Шоқтай қызыл көздері жарқ етіп, үрейленіп тұрған Мария-Агата мен Мұхаммедтің мысын басты. Байбура ғана селт еткен жок. Ажал аузынан алып қалар Ана-Бөрі оралған еді.

Бозиесі бұландаі алға тұсті. Көк тұман тұтқан дүниені көк төрінен түскен боз сөule жарып барады. Сонынан сорлы пендeler еріп барады.

Ана-Бөрінің сонынан Байбура нық қадаммен алға озды...

Қанша мезгіл өтті? Қанша жол жүрді? Ол жағы бұларға жұмбақ еді. Әлден бір уақытта көк тұман мен бөрі сұлба да сейіліп сала берді.

Аландаулы үшеу асудан асып үлгеріпті. Күн жарқырап тұр. Көктем күшіне енген. Төніректе құстар сайдайды. Жәндіктер шырылдайды. Қап таусы көкіректейді. Көкмұнар әлемде уақыт сынаптай сырғып, ет пісірім уақыт өтіп кетіпті...

Қайіп сейілген. Жер кеніген. Жүріс өнген.

Ана-Бөрі ақжол ашыпты. Дағыстанда кедергіге ұшыраған жок. Екі-ақ күннің ішінде Бакуден бір-ақ шықты. Үшеуі ел көзіне елеусіз көрінетін қонақ үйге кеп жайғасты.

Мұхаммед шала шайынып, Швеция елшілігіне кетті.

Байбура шойын астаяға ыстық су ағызып, рахатқа бір бөлене жатты. Қару қажаған тәні темірдей, қолдары гүрзідей азамат бойы балбырап, көзін жұмып, шалкалаған күйі қамсыз қалғыған.

Қалғыған кейіп танытып жатса да, әдейі ашық қалдырылған есік тұтқасы ақырын ғана бұралған сәтте астая ернеуіне койған тапаншасын қағып алғып, есік жаққа кезене қалды. Мария-Агата екен.

Ол үнсіз кірді де, өзіне ғана жарасымды жұмсақ жымыспен иек қақты. Мона Лизаның жымысындей еді... Жүргегіне шок түсірген сол бір көк гауһар жана-рымен тұнжырай, тіпті анасындей елжірей қарады.

Ыстық суда балбырап жатқан Байбураның тұла бойы шымырлап кетті. «Oh, сайтан!..» деген дерексіз ой соғып өтті. Бұл өз-өзіне келем дегенше, Мария-Агата кеудесін адырнадай керген қос анарды бастыра оранған қып-қызыл орамалды үстінен сырғытып кеп жіберді.

Кудың қауырсынындей аппак дene жарқ етті. Толық та тік тұрған қаз омырау, қу мойын, кіршіксіз һем тығыршықтай тән нәпсіні тұртіп, Байбура сезімін қытықтап ала жөнелді. Қанша сабыр сақтап, байыз берем десе де, ағзаны алған нәпсінің ояну сезімі шыбын жанын тызақ қақтырып бара жатты.

Құстай қалқыған Мария-Агата ыстық су мен бұла сезімге малтығып жатқан Байбуralы тар астаяға кеп тоғылды. Шолпыған су, алқынған дем, басқа шапқан қызыл қан, бойды қуалаған ышқын жан – бәрі жүйе-жүйкені қуалай келіп, бірі қырықтың, бірі отыздың ішіндегі екі тәнді балдай ерітіп әкетті.

Екеуі сүт пісірім уақыт тортасын айырған майдай шамырқанды... Толықсыған тән мен бұлықсыған жан да бірауық байыз тапты.

– Кешір! – деді Мария-Агата сұлы шашын сілки кептіріп жатып.

– Не үшін? – Байбура қалың түкті орамалмен сүртінген қалпы қайырыла бұрылды.

– Сені ритмінен бұзғаным үшін!

– ... – Байбура жауап қатпады.

Мария-Агата сөзін сабактады.

– Сен нағыз сарбазсың! Тәніңмен де, жаныңмен де...

Сен соғыс үшін туғансын. Тұла бойың тұнған күрес... Жалдамалы Рим сарбаздары да сендей бола алмайды, қанша баптаса да. Соған соғыссыз күн жоқ. Соғысудан басқа мақсат та жоқ. Соғысу... соғыса беру. Өлсөң де соғыста өлу... Иә, соғыста өлүін керек. Қаның қан тілеп түр. Нағыз войн! Нағыз бөрі! Мыңжылдық сарбазсың...

Байбура бұл жолы да үндеген жоқ. Не дейді? Мария-Агата шындықты айтып түр. Қызыл асықтан қан кешіп келе жатқаны рас. Бала кезінен бөлтірік аулаймын деп қолын қанға малды. Бозбала күнінен бөріге оқ атып, опат қылды. Қызыл қанын ағызып, тірідей сойып тамашалады. Құллі ауыл шошына аңыз қылды...

Ал сүйгені Алқабегім койнына тығыла тұрып: «Бура! Енді қайтып бөріге жоламашы. Жоламаймын деп ант берші!.. Қасқырдың қарғысы қатты ғой. Оған қайтып қатыгездік танытпаши!» деп жалынған. Сол сәтте бұл арсыз: «Алқа, жаным менің! Бөріге қайтып кол көтермейін, бірак... сен... сен бүтінгі тұн барынды сыйлашы! Ант етейін, Болат досым ғой бөріні тірідей терісін сыптырткан... қайтып қасқырға жуымайын!» деп үздігіп еді-ау. «Екеуіміздің болашак ақжол тағдырымыз үшін... болашақ бақыттымыз үшін бөріге қол көтермеші, Бурам! Болат бір арамза... Жоламашы! Ант етші! Мен сендікпін! Асықпаши! Аптықпаши! Әлі үлгересің ғой... Кезі келеді», – деген сүйіктісі.

Маусымның мұнсыз таңын Қарасенгір тауының басында екеуі айқара құшақпен қарсы алған. Бұл бөріге кол көтермеске ант-су ішкен.

Ал Алтайдың алашабыр төбесі – Сарытау мен Мұзтау, Құзғынды мен Жайдак биіктегіне қарай үшпа бұлттар үркіп бара жатты. Бір шок үкідей үзік-үзік аунаған, тау шындарына шудадай оралуға асыға маңған ала бұлт астындағы екеуі бақытты еді. Бір-біріне зор сүйіспеншілік, қуатты құмарлықпен көз тастасқан.

– Үшпа бұлттар-ау, мен де сен сияқты бақытты болам! Сендер шынға асығасындар, мен Бурاما асығам. Сендер тауға ораласындар, мен Бурاما оралам. Мен де бақытты... жо... жоқ... біз де бақытты боламыз! Армысындар, арман, бұлттар! Ай-хай-ха-ай!

Алқабегімнің тау жаңғырықтырған айқайына бұл да косылыш еді-ау!? Көк қаулаған маусымның жасаң ісінен мастана тұрып, он жетісінде сүйген қызының ләззатына тояттай алмай тұрып, Қарасенгір басынан үшатын ата қырандай қомданып еді.

Тәнірім-ау, бұлар бірақ алысқан қол, анттасқан серт өдіре қалды. Үшпа бұлттай үшпа сезім күй кешіп, үшпа бұлттай үшпа тағдыр күн кешіп, үшпа бұлттай маңып кетіпті. Бірін-бірі көре алмай, біріне-бірі жете алмай қалыпты.

Бұл, міне, Алтайдағы Алқабегімінен жырақта...

– Бур, – деген осы сәт Мария-Агата, – неге үндемей қалдың?

– Үндегенде не деймін?

– Бірдене айтсаншы!

– Айтатын не бар? Өзін айт, мен тындаїын.

– Солай ма?! – Мария өрі таңыркай, өрі қулана жымиды. – Айтсам, – мен сенің Алтайында болғам. Белуха бауырында... рериховшылармен<sup>1</sup> бірге. Ресейліктер ертіп барған... Атқа салатын ерге үқсайды ғой ол тау.

– Мұзтау, – деп қалды Байбура.

– Қалай? Қалай?

---

<sup>1</sup> Рериховшылар – суретші, мәдениеттанушы Николай Рерих жолын пір тұтқандар.

– Қазактар «Мұзтау» дейді. Мұздан қаланған шың дейді.

– Өте дәл айтқан, – деп Мария-Агата да костады, жалаңаш төнін ақ сейсеппен қымтана түсіп. – Құдайдың көзі түскен жер. Сүмдық ұлылық бар ол өнірде... Алтай – жер бетіндегі адам тілмен айтып жеткізе алмайтын сұлулық пен ұлылық мекені... Oh, эврика!

Мария-Агата шәулідей шаңқ етіп, дауысы аңы шықты.

Байбура да танданып қалды.

– Эврика! Мен таптым, Бур! – Мария-Агатаның көгілдір көздері жаңып кетті. – Былай істейік. Саған енді Шешенстанға жол жабық. Ресей мен Ауганстан, Пәкістанға да... Мұнда тағы қала алмайсын. Қалсан – тыныштық жоқ. Бұл – Кавказ. Бұзық Кавказ... Корrido Кавказ... Орыстармен мәнгі сүзіп келеді... Ал саған керегі қанша? Сенің жолың «террор» емес. Сен, таза воинсын.

– Мен террорист емеспін! – деп Байбура да кесіп тастады.

– Иә, сен терроршы емессін, бірақ сені «террорист» деп шығарады. Қалай акталмақсын? Құресскермін демекпісін. Оған кім сенеді? Әділеттілік жоқ жерде әділет үшін құрестім десен, сені шығыстың Хожанасреддині дейді... Қан төгілген жерде қылмыс пен қасіret кана бар. Ал сенің қолың қанды... Оны жуғанмен кетпейді.

Мария-Агата мұның тайғақ тағдырын мойнына қайта қиып салып тұр.

– Мария, бәрі pac! Мен бірақ оны өзгерте алмаймын. Бұл – тағдыр. Тәнірім осылай шешкен.

– Жоқ! – деді Мария-Агата. – Тағдырыңа тели берме.. Тәніріні де араластырма! Тәнірің – әділетті сенің... Әділетсіз – адам. Сенсің әділетсіз.

Байбура былқ етпеуші еді, бірақ мына сөз шымбайына батып кетті. Жағы жыбырлады.

– Иә, мен.... мен кінәлі!

– Бәріне кінәлі – өзіміз... Сені Алтайдан, мені Стокгольмнен айдап келген тағдыр да, тәнірі де емес – қоғам мен адам... Бәрінен бұрын, «әділет айдап өкелді» деп алдаусыратып, өзімізді-өзіміз алдап, тентіреп жүрген екеуміз.

– Совет империясы, – деді Байбура, – империя құлаған соң осындай иесіз күйде қалдық.

– Иә, бүкіл дүние есінен ауысып қалғандай... Элемдік... жок, қоғамдық баланс бұзылды. Ирагың анау, Кавказың мынау... Ираның мен Кореяң ол. Орысың бүлінүлі, Балканың бөлінүлі... Арабтарың арандаулы... Мұхиттағы аралдардай бөлек-салақ бөлініп қалған өзбек, қырғыз, казағың бар. Қытай түр алты басты аждаһадай жұтынып, жұмырына жұқ қонар емес...

Мария-Агата бір сәт тосылды. Байбура да швед қызының мұншама терең танымына таң қалды.

– Жарайды, Бур, дүниені түгендей алмаспаз. Дүние – кең, адам – тар. Сондықтан ешқайды сыймайды... сыйыспайды. Сен де сыймайсың. Сыйғызбайды... Туған жерінде де тор құрулы. Туғанына да сыймайсын. Жатсын!

– Туған жерім мені баяғыда ұмытқан. Әкем мен Алқағана ұмытпаған шығар... Дауысы тарғылдана шықты.

– Қарайлайтын ешкімің жок екенін сезем, – деді Мария-Агата да. – Саган арылу керек. Иә, арылу керек... Мына қанды қырғынды, анау сұық тапаншаны ұмытуың керек. Бәрін де таста! Менімен жүр.

– Қайда?

– Қызық адамсың!.. Мен шақырып отырмын ғой, Швецияға... Сен ерсен, Түркия арқылы алып өтем... Елшілік көмектеседі. Турист десе де паспорт жасайды. Мұхаммед білмесін бірақ... Түріктер шведтермен, немістермен, жалпы европалықтармен дос қой... Гитлер мен Сталин соғысы кезінен бері.

Байбура ойланып қалды. Кенет:

– Жок, – деді. – Туған жеріме... еліме оралуым керек, Мария. Алтайға оралсам – арылам... Бәрінен арылам!

Мария-Агата да бір сәт үнсіз қалды. Ерекшора киімдерін тастап, әйел затына тән қара шілтерлі, ак кофталы, сұрғылт көйлек кигенде бәденді бойы мүсінденіп, сұлу өні нұрланып коя берді. Байбура да жейдешен, қара шалбар, қара туфлимен катып шыға келді.

– Тұсіндім, Бур, – деп Мария үстіне француз әтірін себінді. – Сен еркексін... Ерек атаулы қазір аз. Әсіресе, Еуропада... Гейлер. Солар – билер. Олар билікте де көп... Сен, кешір мені!

Байбура ештеге айтпады.

– Бур, менің Швециям сенің Алтайына ұқсайды. Суық. Қарлы, – деп әнгіме арнасын сезімталдықпен бұрып, Мария-Агата Байбураның мойнына асылды. – Отаныңа орал, бірақ сақ бол! Олар сені тұсінбейді... Сен Иса-құдай сияқты «тіріліп» келіп тұрсың ғой. Ал олар оны кешірмейді. Сен жат жерде жок бол кетуің керек едін... Енді аяқ астынан пайда боласың. Шок! Саған ешкім де сенбейді. Сенен қорқады олар.

– Мария, сен біздің халықты білмейсін. Олар сенеді. Бәрін де өз аузыммен айтып берем. Қазір Совет Одағы емес қой, бәрі де өзгерген шығар... Бостан ел ғой.

– Бур, формация, форма өзгергенмен, билік өзгермейді. Олар саған құдікпен қарайды. Қауіп күтеді... Сондықтан да сақ бол! Сен де сау-саламат адам емессін, – деп Мария-Агата Байбураның құлағының астынан иіскей сүйді, сыйырлай сөйледі. – Тауым менің! Шілде айында бір ай бойы Белухаға барам. Сонда кел. Құтем, жаным! Құтем, тауым! Мен дем алам... Рахман бұлақта... Хан Алтайда құтем!

– Қалайша? Алтайға келесің бе? – деп, Байбура да қалай Мария-Агатаны тік көтеріп алғанын сезбей қалды.

– Иә! Иә! – деп қулақ түбінен ыстық демімен өртей сыйырлады жас әйел. – Мен сені сүйем, Бур! Сүйем!

– Мен де... мен де... – дей бергенін Байбура да сезбей қалды.

– Жаным, Бур, Белуха біздің некемізді қысын... Сен мендіксің, Бур! Раҳман бұлағында күтем!

Екеуі де бір-бірін аймаласа өбісті. Жұз шарпыған отты дем мен шоқтай қарыған қызыл тіл тұншықтыра тыбысты.

Осы бір от сезім оралған сәтте Байбура оқыс оянып кетті... Тілі таңдайына жабыса тұтқырланып, ерні кеберсіп қалыпты. Шөлдеп жатыр екен. Ұйқысы шайдай ашылды. Қасында Мария-Агата емес, купенің салқыннынан бүйідей бүктісіп, теріс қарап Болат жатыр.

Ресейлік поез ғана дүрс-дүрс соғып, заулап келеді. Қарауытқан дала болат донғалақ астында гұрс-гұрс жанышылып, сыр бермestен солқылдап жатыр.

Тұтқыр тілін шайнай жұтынды. Қомейі кеуіп қалыпты. Үстел үстіндегі сұыған шайдан ішті. Сарайы ашылып сала берді.

Мария-Агата Сванмен азғана ұшырасқан өмірі санасында сусып өткенін ойлады. Алтайға – Раҳман бұлағына тезірек жетсем деген бұлтың ой дүміп өтті. Терезеден тыскә үнілді.

Ал тыста поездың кос қапталын ала қарандырылғаннатын жауып келе жатты. Ол да поезбен жарысып келеді. Батыс бетте батып бара жатқан күннің шала піскен апорт тұсті арайы сейіліп, көкжиектің кос етегі кусырыла түскен.

Поез беттеген алыс шығыс өнірде туган көмескі жұлдызды көк күмбезі де қыран құйрығындаидүргейлей басып барады. Батып кеткен күнмен бардұние қарауытып, кара жердің енсесін көтертпес күрен зіл ене берген.

Імұрасыз ымырт үйірулі.

## Екінші тарау

### I

Шегіртке айғырының тісі шықкан шілде. Тау алқабын, дала алабын аппақ күн шыжғырып тұр.

Таң бозында «Жанғызтөбе» бекетінен тұскен Байбұра мен Болат шетелдік жеңіл қөлікті жалдап, Құршімнің поромына тұске тарта жетіп, бесін болмай аудан орталығына іліксе де, бүгін тұн қонып қалуға бекінді. «Калькутта<sup>1</sup> қашпас» деп құлді Болат: «Алқаның да ансары үзілмес...» деп түйреп қойды. Байбұра бірақ сөз шығындағысы келмей, іштен тынды. Өзінің кімге, қайда, неге асырып келе жатқанын да түсінбей, Болатқа отты жанарын ғана қадады. «Қойдым, ағасы, қойдым!» деп, ол да өп-өтірік монтанси қалды.

Болаттың осы бір жымыскы кейіпі құтты бір шиебөрі қылығынан аумай кетті. Байбұра қарадай жиіркенді. Сөмкесін иығына асынған бойы теріс айналды. Консам деген ойдан тез айныды. Болат та қал деп қыстамады. Ол да Байбұраға ту сыртынан тістене көзін тігіп, өз жөнімен кете берді.

Құршімнен Каратогайға қарай баратын қөлік автобекет басынан онай кездесті. Таксист жас жігіт екен, тағы да жолаушы алғысы келіп еді, Байбұра алдырмады. Төрт адамдық жол пұлын бір-ак төледі.

Жолда жолаушыдан қөлік жүргізуші сыр тартқысы келіп еді:

— Қайтесің, жігітім, жолға кара! — деп тиып тастаған.

Баяғы бір Совет заманында тәселген сұп-сұр асфальты шешектей ұшып, ойдым-ойдым ойылған жолда бірде баяулап, бірде заулап сырғыған жеңіл қөлік Әудиенің биігіне де көтерілген. Сонда барып Байбұра:

— Бауырым, тоқташы, аяқ сұтып алайық, — деді.

Тандырдың табындағы бет шарпыған шілде күні биікте

<sup>1</sup> Калькутта – Каратогай ауылын жергілікті ел Қалғұты дейді.

бәсек тартыпты. Сарытау мен Құзғынды шыны жағынан керімсал еседі. Байбура кеуде кере дем алды.

Құлағына шілделік шегіртке шырылы келді. Моторы өшкен машина үнінен соң, төнірек құлакқа үрған танадай тыныштыққа тұнған еді. «Е-еһ, шегіртке де бақытты-ау, өз жерінен аумаған...» деген ой толқыны оқыс оралып етті. Көзінен жас ыршып кетті.

Жұзін жалт бұрды. Көз алдында Әудиенін күн жеген қара таулары мен жылғаларындағы сары-жалқын баялыштары билеп, олар да жылап қоя бергендей болды.

Байбура жылдам ес жиып:

— Кеттік! — деді катқыл дауыспен қою қара мұрты жыбыр етіп.

Шопыр жігіт те ренжіп қалды ма, әлде сұық тұсті жолаушыдан секем алды ма, үн-тұнсіз рөліне жабысты. Немістің «Ауди» маркалы қөлігі лыптып жөнелді. Әйнегі төмен тұсірілген есік терезесінен тау самалы қөлік ішін қеуlep, екеуінің бетін желпіп, шашын қобыратты.

Әудие асуы бұрылышынан бұлан етіп шыға келгенде Байбураның алдынан балалық шағы бұлдырап өте шыккан керім дүние көсіліп қарсы алды. Қөілдір мұнар көмкерген Бөкенбай, Бүйрек пен Қарасенгір, Әудие тауларының арасын ала өгіз сауырланған адырлы белегір мен Ақжал жазығы шілде күнінің астында анқасы кеуіп, ақ сағымға шомылып жатты. Баяғы бір заманда ақ күмістей бұрандап ағатын Қалғұты өзені де көрінбейді. Қазір Ертіске де жете алмай, құмға сініп жатқандай жым-жылас.

Бозбала күнінде бөрі қуған осы бір боз дала боздап қарсы алғандай күйге тұсті Байбура. Боз сағым буған бозан түзде қарашибығы қыдырып, әлде нені іздеді... Сағым көтерген кең жапан қөлен-қөлен қакты, бірақ көзіне ештеңе шалынбады. Қарақұрықтанған тау жоталарығана көкмұнар ішінен андағайлады.

Әлден уакта ғана талмаусыраған жанарына іздеғені шалынды. Құбаканданған күмбез кешікпей-ақ анық

көрінді. Ақжемдене шалынған биік күмбез – бұл өнірге таныс «Төребейіт» еді.

– Көрдім-ау, сені де! – деп қалды.

Шопыр жігіт бұған таңдана қарады.

Адақан өмірінің ақ түтегінде пана болған Төребейіт қой. Оған қалай бұрылмай кетеді? Атама, ақымак! Өзін іштей жазғырып та қойды.

– Бауырым, – деді, – Төребейіттің тұсына тоқташи.

«Күршім–Марқакөл» тас жолы тап іргесінен өтетін Төребейіт ақшулан ши арасында, Қаратоғай ауылынан батысқа қарай ат шаптырым ойпанда тәбе көрсетіп тұр. Так бейіттің өкпе тұсына келгенде асфальт жол да онтүстікке кілт бұрылып, Боранға қарай тіке тарткан.

– Сен жүре бер, – деді Байбура.

– Неге?

Байбура антарыла бұрылды. Шопыр жігіттің жүзінен таңданысты аңғарып: «Ауыл жақын ғой, жаяу барайын. Туған жер ғой, сағындым!» деді.

Шопыр жігіт бір нәрсе дей беріп еді:

– Жолың болсын, жігітім! – деді. – Қол-аяғым бүтін, өзім де жетем.

Таксист иығын бір қиқаң еткізді де, көлігін кері бұра тартып отырды.

Тұздін қара желі мен күздің қара жанбыры қанша мұжісі де, сонау он тоғызынышы ғасырда дөнгелендіре салынған ескі бейіт әлі мызғымай тұр екен. Биенің сүті мен жылқының қылын қосып илеген, шала күйдірілген кірпіш сыны кетсе де, сыр берменті. Шынғыс хан тұқымы – Әбілпейіс тәре ұрпактары көтерген Төребейіт күмбезі әлі құлай қоймаған. Қызыл қарағайдан киып салынған қос бөрене босағасы мен жалпақ есігі де ішке қарай сықырлай ашылған.

– Ассалаумағалейкүм!

Байбура ішке оң аяғымен аттап, амандаса кірді. Төбедегі тоқымдай тесігінен күмбезге алакөленке жарық түсіп тұр. Топырағы құрғақ. Шандак қалпы. Төр жакта

байланған қамыс маты жатыр. Біреулер әдейі әкеп, тәсеп тастаған сияқты.

Бұл маты үстіне тізе бұкті. Күмбез іші коныр салқын. Шыжыған шілде ыстығы өте қоймапты. Киіз үйше дөңгеленте көтеріп, қабырғасын жарты құлаштай қалындықта қыл кірпішпен қалаған мола – мола емес, тапат аптап пен азынаған боранда жанды атаулыға пана.

Он жетісінде бұған да пана болды ғой. Пана ғана емес, үлей ақ боран өмірінің актүтегінде адастырмай ып жүретін Бозиесі – Ана-Бөрісін көк төрінен шақыргағы да осы тере мола. Боз боран дүниеде бозбала Байбураны Ана-Бөріге тәнірідей табыстал жіберген де осы Төребейіт.

Жеті қат көк төріндегі бөрі сұлбалы періштелер мекен еткен ұлы әлемнен көк жасын боп жерге түсіп, Төребейіт ішінде жол таба алмай жаткан Байбураны жетектеп әкеткен бурыл Ана-Бөрісі емес пе?! Сонда кім қол ұшын созып еді? Ешкім де... Жалған жамалында Төребейітten Бозиесімен аттанған Байбура тамүқ дүниеде тосылып қалмапты, туған жер төріндегі Төребейітіне аман-есен қайта оралыпты. Ана-Бөрісі тағдырының талай тар кезеңінде ғайыптан тап болып, өмірінің сын сафаты сокқан сәтінде көктен түскен Ғайсадай адал серік болып, талай мәрте ажал бұғалығынан айырып алды ғой. Қылша мойнынан шылбырлап, өлім өрті қаулаған, зұлымдық жаулаған тозак ошақтарының ортасынан, залымдық жайланаған пенделер қылқөпірінің үстінен алып өтті ғой.

Жамбасына мамық төсектей жайлы тиген қамыс маты үстінде жатып, басын жол сөмкесінә жастаған Байбура көзін күмбездің тақиядай боп көрінген тар тесігіне қадаған. Ақ сүттенген аспан да ыстықтан әуірлеп, жанарына тиянақ болмады.

Киелі Бозиесі жайлы, текті Төребейіті туралы әрі-сәрі ойланып жатып, салқын-сабат молада көзі ілініп кетті. Ала таңнан аптығып, тоқтаусыз жүрген жайсыз жүрістен тұла бойы босап, манғаз үйкүға кеткенін өзі

де сезбей қалды. Жол соғып тастаған тәні талмаусырап, жаны рақат тауып жатты.

## II

Ол Төребейіт ішінде түяқ серіппей ұзак үйкітады...

Көптен бері тұнғыш рет алансыз жатты. Тағы да ғайыптан түс көрді. Түсінде жеті қат көк төрінен сәуле боп жеткен Ана-Бөрісі оралып, мұның тұманытқан санасын сейілте түсіп, өткен өмір өлкесіне ертіп әкетті. Елпендей ерген Байбура буалдыр бір өлемге енді. Сол-ақ екен соқыр санасы да саралана берді.

Ұлпа дем үрген сәби шағы екен. Басына үкі үпелегі тағылған бесік ішінде жатыр. Құбакан киіз үйдің іші. Құбыла жақ ірге түрулі. Түрулі іргеден самал желпіп өтеді. Жартылай ашық қалдырылған бесік жабуы желп етіп, мұның жүзін жібектей леп сипап кетеді. Сол сәт сәби құлкісі қытықтап, ақша беті нұрлана қалады.

Іргеден сокқан самалмен көк шегіртке шырылы естілді. Шегіртке шырылымен қосылған самал өуені мұны бесік жырындай әлдилей жөнелді. Табиғи өуен әлді тұла бойын шымырлатып әкетті.

Әуенге елтіп жатқанында шегірткенің семіз айғыры кереге көзінен ыршып өтіп, мұның маңдайына кеп конды. Шошынып қалған сәби Байбура көзін жұмған күйі шыр ете түсті.

Жылан шағып алғандай шар ете түскен сәби да-уысынан үрейленген анасы да тыстан аптыға енді. Ал шегіртке айғыры болса, бір-ақ ырғып кереге басына конып еді. Анасы айланып-толғанып кеп үстіне түскен. Қолма-кол қол басындай ақ мамасын аузына тосқан. Байбура да анасының ақ бұлағына бас қойып, екі езуі көпіршіп қоя берген.

Осы бір ана мен бала аса бір шаттыкты, аса бір махаббатты сезімді бастан кешіп еді-ау!.. Анасының тұла бойы шымыр-шымыр сезімге толып, алпыс екі тамыры иіген. Ал Байбураның бұла қуаты ак сүтпен әлдене

түсіп, бой-бойы бұлкілдей, аш өзегі нәрлене, ерекше бір ләzzатты күйге бөленген.

Аналық махаббат пен балалық бейкүнәліктің шуа-ғына шомылған киіз үйдің жартылай ашылған ша-нырағынан күн нұры да саулай құйылып жатқан. Кенет қарандырылған түсі берді. Анасы баласы аузынан тоқ омырауын оқыс жұлып алғып, орнынан үрейлене тұрды. Байбұра да анасының оқыс қимылданан шошып қалса да, сүтке тойған қозыдай көзі жәудіреп, үнсіз қалды. Ал анасы аяқ астынан қаракөлеңке үйыған түзге үмтүлды.

Көкте күн тұтылыпты. Төніректі кіреукелеген ымырт қарандырылғы тұтыпты. Іле батыс беттен қап-қара құйын көтеріліпті.

Құба түздің қара құйыны өп-сөтте құла түсті құбыжыққа айналып шыға келді. Ұршықша шыркөбелек айналған аласат жел жолындағы кездескен қарайған-құрайған атаулыны түп-тамырымен көтеріп алғып, үйіріп көкке самғатқан. Жылан иректенген жұлыны қап-қара, ал сол қара жұлынды айнала қозғалған аумағы ала-құла алапат шенбер жасап, шенберек атып, аждаға көмейіндегі ыскырынып келіп қалған.

Аждаға құйын дірменнің тасындағы зырылдап, гүрілдеп кеп, Қалғұты өзені бойында жападан жалғыз тігулі тұрған киіз үйге соктықты. Құйынның қақ орта-сында қалған киіз үй күл-көмеш ошағымен, мұлік-мұка-малымен қаңбақша дөнгелене көтеріліп жөнелді. Киіз үймен бірге Байбұра да бесігімен жынды қөбелекше шыр айналып ұшып, көкке көтерілді.

Көтерілмей қалған – қара қазан... Ол да төнкеріліп түсіп, тасбақадай теңкип жатыр.

Ал аузы-мұрнынан жел үрген Байбұра тұншыға да берді. Жанарап бір жалт еткенде өзінен де жоғарыда көйлегінің етегі желбіреп, анасы да айнала ұшып барады екен. Анасы мұның көз алдында жел ағынымен биіктеген сайын биіктеп, лезде қара-қек құйын шатырына сініп кетті. Сонда ғана сәби Байбұра өзінің алапат айналымды

жел иірімінде жападан жалғыз қалғанын алғаш рет сезінген... Сезінген де жанарын тас жұмып алған. Дүниенің астын ұстіне келтірген дүлей құйын болса, бар күшімен ышқына гуілдеп, сәби тас бол таңылған бесікті төбесіне көтеріп алып, Алтай тауының Тесікүя атты ұры сайына қарай алып жөнелді. Бұл бір мың жылда қайталанатын құбыжық құйын еді.

Ұшар басы көк тіреген көк теректі, ақ қайынды, жыныс шілікті Тесікүяның ну орманына жеткенде құбыжық құйынның да бақсыдай жыны басылып, қалын орман нуынан жарып өте алмай, саябыр тауып, солықтап барып тыншыған.

Шаңырағы шашылып, керегесі қүйреп далада қалған, қазан-ошағы жайрап, тұңілік-туырлығы тұтіліп түзде жоғалған киіз үй мен көкке ұшып кеткен анасығана Тесікүяға жете алмаған. Зәулім теректің басындағы бұтаққа кеп ілініп қалған бесік қана. Бесік қана ішіндегі Байбурадай сәбіімен есен-аман, бүлінусіз бүтін жеткен. Ол да бірак бір ку бұтаққа ілініп, желмен шайқалып, зорға тұр. Кәрі бұтақ бірак сыр берер түрі байқалмайды. Жарты құлаш бесікті жел шайқаса да желімдей жабысып, шынашағына іліп алған дәү перідей былқ етпейді.

Кешікпей ақшам келген. Көк күмбезінде жұлдыздар жамырап, шалқалай туған аймен бірге ана сүтінің ақ нілі сінгендей Құс жолы бозарған. Аспанға ұшып кеткен анасының ақ сүтіне тойып алған Байбура болса, ку бұтақ тербеген бесігінде қаннен каперсіз балбырап жата берген.

Қара жер мен көк аспанның арасында ілінулі қалған сәби жүрегі орныкты еді. Бесігінің жабуы – жұлдызыды көк аспан, тербетер ана колы – көк теректің ір бұтағы. Мандай тұсынан самсал, жымың қаққан жұлдыздарға қарап жатып үйиқтап та кеткен. Маусымның май тоңғысыз тұні мен тұмса табиғат ананың үні тербетіп, манғаз маужыраған.

Тесікүяны құлдай сокқан таңғы самал суылынан ғана ерте оянды. Манаіына барлай қараған.

Көзіне көк ніл аспан алдымен шалынды. Кең аспанда канатын керген қара барқын қыран да айнала қалықтап жүр. Төмен жақтан өлдененің қыңылаған үні құлағына келді.

Байбура әлдекандай терен бір түйсікпен тіксінді. Мұның жерге түссе ажалын асыратын шиебөрілер шәуілі екенін андады. Ол бар үміті көктे бол, көкке кірпік қақпай телміріп қадалды. Сәбидің сұғын кадағанын сұңғылалықпен сезінген Алтайдың ақиық қыраны дереу төмен қарай сорғалады.

Ақ иық келген қара барқын шәулі – ана қыран Ақшәулі тұңайліктең қанатын жайып, көрші ақ қайыңын ақ білектей бұтағына кеп қонды. Ол шанқ-шанқ етті. Ана қыранның ашы шаңқылын Тесікұяның жын иелеген жынысы – Шуылдақ тоғайын жынмен бірге мекен ететін көп шуылдақ шиебөрі елең құрлы көрмеді.

Байбура ақиық ана қыранды арқаланып, азынай жылап қоя берді. Сәбидің сыңғыраған дауысын іліп әкеткен жел ағаш-ағаштың басынан асырып, ұры сайдың нуына таратып әкетті. Жас сәбидің жем сұраған үнін аналық құс түйсігімен таныған қыран ұша жөнелді.

Ал осы шақта Шуылдақ тоғайының шуылдақ шиебөрісі дауысын тіп-тік құлағы шалған қос бөрі – белді арлан мен боз қаншық тұра тартқан. Олар сынаптай сусып жеткен бойда бозекпе шиебөрі атаулы құйрықтарын бұтына қысып, бет-бетіне безіп кетті.

Бұл кезде ақиық ана қыран – Ақшәулі болса, қыр қоянын тырнағымен бүре көтеріл кеп қонғанда, төменде түз серілері – қос бөрі бастарын алдынғы сирақтарының үстіне тастап, солықтарын басып жатты. Байбура да жылауын тыйған.

Шәулі қыран семіз қоянның оймақтай көздерін ойып алдып, қанын сорғалатқан күйі сәбидің аузына тықпалады. Кешеден бері нәр сыйбаған Байбура да қоянның қызыл қанын қылқылдата ішіп, жұмсақ жанарын жұтып қойды. Майлы жанаға бірақ жүрегі кілк етпеді. Ақшәулі де аналық сезіммен шанқ-шанқ етті.

Сәби мен өзінен қалған жемді қыран төмендегі бөрілерге тастай салды. Олардың арандары ашылып тұр екен, коянның қалақтай бас сүйегіне дейін күтірлете жүткіп койды.

Жөргегі құп-құрғақ боп бесікке бөленіп, жарғақ теріден тігілген түбекке тышқақтаған Байбура осылайша үш күн, үш түнді басынан өткерді. Үш күн бойы қарға-құзғыннан көkte қыран, үш түн шиебөрі-қарабауырдан жерде бөрі күзетті. Үш күн бойы ана қыран Ақшөулі сәбиді аш қалдырыған жок. Үш күнде Байбура да түздік тағы сәби боп шыға келді. Үш күн бойы Шуылдақ тоғайы шиебөрі шуылына толды. Үш күн бойы ақ бесік аспанда тербелді.

Тек төртінші тәулікте, буаз бесін ауа іштей зар илеп, запар шеккен, қүйіктен қап-қара боп кетсе де, үмітін үзбеген әкесі сәбиін тапқан.

— О, ботам! Ботам! Бармысың?.. Анаң қайда, құлышынм! — деп, ат үстінен ышқына жоктаған. — Өлімісін, ұлым-ау, тірімісін?! Анаң қайда абзалым? Шынымен аспан жүтты ма?!

Адам баласының ашы үні мен аттың осқырына пыскырғанын естіп, көзі көріп тұрса да, тәнірінің қалауымен қос көкжал бір сәт кірпік ілмей, күзет орнынан жылыстамады. Көздері жалын ата ырылдады. Қос көкжадың гүрлінен сескенген жылқы жануар қос аяktай тік шапшип, ілгері тұяқ баспай койды.

Сонда ғана тайыншадай тау бөрілерін байқаған әкесі:

— Кет, түз серісі, кет! Сендер серісіндер... менің жылбысқамды қайтесіндер?! Кет, серілер, кет! — деп жалына айқайлады.

Төрттағандап тұрған тағылар адам баласының жан қиналышын қапысыз танып, жалдарын жыға жуасып, ақсиган азулы езулерін жиысып, жылыстай берді. Олар бірақ біржолата ұзап кетпей, ақ балақ қайың арасына барып, құлақтары мен көздерін тігісе жатты.

Селт етпеген шәулі қыран ғана. Ол ұшар биіктегі терек бұтағында конактап, төменде жанұшыра айқай-

лаған адам мен бөрілердің қимылын көктен бағып отыр. Бесікте жаткан Байбураға да ұядағы балапаныңдай қарап қояды. Ақ иығын қомдап, мойын жүнін үрпітіп, айбат та шегеді. Үш күн бойы бауыр басып қалған сәбиді ана қыран Ақшәулі де кимайтын сияқты.

— Ұлым-ау, өлімісің, тірімісің? Анаңды... жо-жоқ!.. Анаңды сен емес... тек сен емес!.. Анаңды кара құйын жұтты-ау! Oh, Тәнірім, ұлымды алма! Мені ал!.. Мені!.. Оның еш жазығы жок, әлі... Жазықсыз жылбысқа гой!

Әкесінің ат ұстінен – қара жерге табаны жерге тимей тұрып жалбарынған таныс дауысына шыдай алмаган Байбура бакырып жылап жіберген. Сәбидің шырылдаған дауысын көктен естіген әкесі жерде отырып зарланған үнін сап тыйды.

Бір мезгіл антарылып қалған қайғылы пенде оқыстан: «О-о, Тәнірім, мың да бір мінәжат саған!.. Мендей пенденің тілегін қабыл еттің, мінәжат! Мінәжат!.. Сенің даңқың мәңгілік арта берсін! – деп екі алақанын көкке жайды: – Әумин! Әумин! Әумин! Тұл Тәнірім, өумин!» Дауысы бәсекенсі беріп, ердің касын күша енкілдеп жіберді.

Осы бір сәт кара барқын, ақ иық қыран Ақшәулі ұясындағы балапанын жылан шағып алғандай дүр көтеріліп, кереге қанаттары еңкейіп кеткен күн көзін жауып, бесіктің арқалығына ұшып қеліп қонды. Байбура да үш күннен бері анасындаі қөріп қалған қыранды жатырқамай қарсы алып, жылағанын қоя койды.

Жерден көкке жөутендеғен әкесі ана қыран Ақшәулі қылығына аң-таң болып қараған...

Ал Ақшәулі болса қанаты жалпылдай, көмейі жұтының, сәби аузына қоясын құсып бере бастады. Мұндайды күтпеген әкесі:

— Кет, көк серісі, кет! Тиме, ұлыма, тиме! Шоқи көрме жүзін! Шоқи көрме көзін! Кет деймін, көк серісі, кет! Аспан мен жердің аң-құсы жетпей ме саған?! Кет! Жолама жүзіне! Тонама жүзін! – деген дауысы ашы шықты.

Адамның аңы дауысынан шошынды ма, қыран қиялай ұшып көрші терек бұтағына қонды. Әке енді жанталаса қымылға көшті.

Астындағы атының жамбасын сипап, жерге сүйретіліп жатқан ұзын құрықтың биіктегі бесікке жетпесін сезді. Дереу өзен бойындағы шілік талға қарай жүрді. Ат үстінен тандап жүріп бозталдан жуан сырый қесіп алды. Бесік ілінулі бәйтеректің қасына келіп, ер үстінде отырып, басы екі аша сырый құрыққа жалғады. Атбелін суытпастан жеткен жолаушы қу бұтакқа арқалығынан асылып қалған бесікке ептілікпен қол созды.

Шәулі қыран да ертоқымда отырып, құрыққа сырый жалғап, қол ұзарткан адамға селт еткен жоқ. Үнсіз ғана өткір жанарымен шолған. Қайың арасынан көз тіккен көк бөрілер де танауларын жиыра бақылаған.

Әкесі ат үстінен түспей бесікті арқалығынан сырый ашасына іліп алды. Көзі бақырайып, бет-аузы қыран құсығы мен аң қаны дағы қатып, алапестеніп жатқан Байбураны өліп-өшіп сүйе берді. Көз сорасы сорғалап аға берді.

Күн де кешкіріп, ұясына батайын деді. Тесікүя орманына қаракөленкे канат жайған еді. Шиебөрісімен шулы, шәңгіш тоғайымен нұлы Тесікүядан інір қараңғылығымен сыйылып кетуге асықты.

Әкесі қанша асықканмен інір ілінді. Шәңгіш пен шырмауық оралып өскен жыныс Шуылдақ тоғайы ішінде мандытпады. Көкте жұлдыз шырадай жанып, ашық аспан қаракөк тұнғиық тартты. Тұн тыныштығын бұзып, байғыз бауыздар лақтай шақырады. Үкі үркіп, үрейлене үпілдейді. Әке көнілі алан. Тек бесіктен жұлдызды жұмбак аспанға жанарын тіккен Байбурағана сабырлы. Аттың аяны тербеткен сәби үйықтап та кеткен.

Қалың қау мен мол тоғайдың арасын кенет жел тербеп, жүректі суырған суыл естілді. Әр жерден жылт-жылт от көзі шалынып, астындағы күлігі құлағын қайшылап, кен-

кенсірігін желдете осқырынып-пысқырынып, жүргісі келмей тайсақтай берді.

Байбура да оянып кеткен...

Тап жандарынан желмен бірге жанай сұылдан, әлдене өтті... Жылқы жануар жалт-жалт бере үркектеп, әкесінің тақымы мен білегінің қарулылығынан ғана бұлар ат үстінен сыптырылып қалмаған.

Әлден бір кезде ат шаптырым алаңқайға тап болды. Масаты кілемдей көк жасанын ортасында от лаулай жанып, манайында өңкей қыз-келіншек сылқ-сылқ құлісіп, былқ-былқ билесіп, ұлан асыр топтың төбесінен түсті.

Қызылала-сарала ұзын көйлек киген сұлу қыздар жанары жалт-жұлт етіп, салт атты қаумалап, шылбырдан келіп алысты. Әкесі де аң-тан қалысты. Салалы саусақты, қынамен бояғандай қызылала имек тырнакты қыз-келіншек қауымы шу-шу құлісіп, ұзын етектері орала билесіп, бұларды жалыны көкке шашыған от орамына қарай шаужайдан ала жетектей жөнелісті.

Байбураның сәби жүрегі әлденені сезіп, қарадай шыр ете түсті. Сонда ғана әкесі шошынғандай селт етті. Бейшара жануар – асыл текті жылқы малы емес пе, басын кекжите тартқыладап, шылбыр мен жүгеннен жабысқан жez тырнақ қолдарға бой бермей, бұла қайрат танытып келеді екен.

Осы бір сәт албастылар арбауынан ес жиган әкесі қолындағы бүлдіргелі сарала қамшыға дем берген. Жанжағынан қаумалаған шашты албастыны онды-солды тартып-тартып жіберді. Ит басындаі салактаған ашық емшектерін жайылған шаштары шала-пұла жауып, жанұшыра жан-жаққа жалт берсе де, қайта айнала кеп қаумалап алысады.

Байбура шошына жылап, әкесі ақыра қамшылап, жылқы жануар кісіней үркіп, қаншама уақыт арпалысты. Оған бірақ от айнала қуат алып, дүркін-дүркін кезектесе коршаган сайтан-сапалақ атаулы жынды қобелектей

шырайналдырып, тыныштық бермеді. Әкесі мен ат шаршаса да, олар былқ етер түрі байқалмайды.

Шырылдаған сәби дауысы, шынғырлай кісінеген жылқы үні, арыстандай азamat ақырысы – сынғырсынғыр, сылдыр-сылдыр күй күйлеген, мың бұрала би билеген, жүрек сұыра сылқ-сылқ күлген сұлу сайтандар жынойнағына көміліп қала берген. Қызыл інірден басталған жанталас түн ортасын аудырған.

Ақтер-көктөр болған әкесі қалжырайын деген. Өз қуат-күшін бағамдаған ол айлалы ақылға көшті. Аттың шаужайынан айрылмай жүрген аппақ сұлу, көк көзді, қою сары шашты сайтанды ұстап алуға бел буды. Ішіндегі көріктісі де, көсемі де осы сұлу екенін соңғы сәтте аңдаған.

Әкесі жылқы жануарға оқыстап қамшы басты. Бауырлата тиген бес қайтара дырау соққыдан аты ытырылып-ақ кетті. Сол ытырылған беті лаулай жанған от үстінен қарғи секірді. Мұндайды күтпей қалған сұлу, сырдан сайтан да бір-ақ ырғып, ат жалына шалжия кеп конды.

Қамшы сілтеген карулы оң қол шашты сайтанды қобыраған шашынан шап берді. Ол: «Ойбай! Ойбай!» деп баж ете қалды.

– Ойбайлама, албасты! – деп ақырды әкесі.

Дереу оң білегіне алтындаі жалтылдаған мол шашты орап-орап алғанда, бар күші шашындағы сайтанның сапалағы бойындағы қуатынан айрылып, бейшара болды да қалды.

– Ойбай! Ойбай! Құлың болайын, шашымды жібер! – деп жалынды сайтан.

Оның ойбайын естіген өзгесі отты тастай беріп, жан-жаққа ойбайлай қашты. Бірінің ойбайынан бірі шошынған олар әп-сәтте зым-зия болды. Тек сайтанның оты ғана сөнбеді.

– Құлың болайын, адам, мені сен жібер! Енді қайтіп жолынды кеспейін... Құлың боп өтейін!

– Жоқ! Азғын! Сенің суайттығында шек жоқ...  
Талайды такырға отырғызғансын.

– Рас! Рас! Бәрі де шындық... Бірақ мен сенің қазір  
колоңдамын ғой. Адам баласының қолына түсіп көрмеп  
ем... Саған тұнғыш рет. Сен менен өткен айлалы, менен  
өткен ақылды екенсін...

– Жәдігөйленбе! Сенің мазағың мәлім... Одан да кө-  
рер күнінді ойла!

– Ойбай, атама! Күнді көрмей-ақ қояйын... Мен  
кара тұннің қонағымын ғой. Көрсете көрме, құлың бол  
өтейін!

– Тағы ескі өніңе бастың ба?

– Жо-о-о-ок... Анау жатқан үрпағыңың үрпағына  
жоламайын! Одан тараар жеті үрпағыңың маңайына  
жуымайын! Қырық шақырым қашық жүрейін! Ант  
ішейін!

– Болды, шаптықпа! Тілінді суырып алайын...

– Ойбай! Ойбай! Атама! Ойбай-ай, қайдан ғана  
сендей адамның сырттанына жолығып ем?!

– Тарт тілінді! Қемейінмен суырып алайын!

– Ойбай-ай, ойбай! Көрсетпегің көп пе еді, құдай! –  
деп сайтан солқылдап қоя берді.

– Құдайшылын... Сен құдайды ұмыткалы қашан,  
азғырынды малғұн?! Тілінді тыям, қар!

– Ойбай-ай!..

– Ойбайлама!

– Қойдым! Қойдым! Тілімнің астындағы алтын  
тілләмді берейін!

– Алтынмен азғырмақпсыын, жәдігөй!

– Жо-жоқ! Сені ак жолынан тайдырайын деген  
ойым жоқ... Kіріптар сорлымын мен!

– Енді ше?

– Алтын тілләм сенің қолында түрғанда, мен сенің  
ғана емес, үрпактарынның да маңынан жүре алмаймын.  
Хақ жолынан адастыра алмаймын.

– Әкел онда тілләнді!

– Құлың болайын, адам! Міне, алтын тіллөм...

Сайтанның сапалағы от сөулесіне шағылыстыра алтын тіллөсін тіл астынан суырып алғанда, әкесінің де бесік асынған сол білегі суман ете көтеріліп, алтын тіллөні шап берді. Сап-сары дөңгелек алтынды айналдыра қарап, бетіндегі шашты бейне салынған бедерін де танып, отты атымен айнала жүрді.

– Өшір отынды! – деп зекіді сайтанға.

– Қазір, – деп, сайтан аузын толтыра үріп-үріп жіберіп еді, от үстінен жел үрмей, қарасу төгіліп-төгіліп кетті. Сайтанның тұн тыныштығын ала лаулаған оты лезде сөніп қалды.

– Құлың боп өтейін! Жер жалмаған, жер баспаған жеті ұрпағының құлы боп өтейін! Маңына жуымайын, ізін баспайын! – деді жалынды сайтан қар. – Жібер енді!

Қара тұнде қалың нудан ан соқпаққа күдіксіз түскен әкесі болса, «Бар! Жоғал, малғұн! Қайтіп көзіме шалынба! Ah!..» деп акыра зекіп, он білегіне оралған сайтанның сары-ала шашынан сілкіп қалды.

– Ойбай! – Сайтан сапалағының дауысы аңы шықты.

Қара жерге сылқ еткен малғұн сокпа шетіндегі қаракөленкелі нұға қорғасындей батып кетті...

Құллі ауыл күдер үзсе де, әкесі үмітін үзбелті. Алып қара құйынның ізімен індете іздеген әкесі жөргектегі Ұлын тапса да, жарын таба алмапты бірак... Жарын жалған дүние – жалмауыз өлем ылым-жылым жұтты, қайтейін!

Анасы аспанға үшкан бойы үшті-қүйлі жоғалыпты. Қара құйын көтеріп кетіпті.

Көкке көтерілген аяулы шешесі – Анаисі сол кеткеннен мол кетті...

Байбура анасыз өсті. Аналық сезімге ансар құймен балалық шағы да өтіпті. Ана-Бөрі ғана ансарын басып, анасын жоқтатпапты.

Қазір де касында шоқиып отыр – бөрі сұлбалы Бозиесі...

Байбура жанарын ашып алды. Бөрі сұлба да төрт тағандай тұрды. Ол есікті тұмсығымен ашып, Төре-бейітten шыға берді. Байбура да еріксіз бір күш итергендей ере жөнелді.

Тыста тұн көрпесін жамылыпты. Төреңейітten тұн жамылып шықкан Ана-Бөрі Қаратоғай ауылына қарай бозаландаپ тартып барады. Құйрығы шұбалан. Сырғак тағдырының ақ тұтегінде адасқан адамды ауылына аманесен жеткізген Бозиесі алға түсіпті.

Мақпал тұн мұнлы.

### III

Сарытау иінінен сарғыш күн енді ғана көтерілген.

Жатаған келген тастақ жотаны бауырлай жапқан аруақтар қабірі молайып кетіпті. Тыныштық тербеген мола ішін бозторғайдың шырылы әлдилейді. Аруақтар ауылын жазғы самал ғана жоқтайды.

Құба таңмен таласа тұрып, ауылдан ат шаптырым аулақтағы бейітке бет түзеген екеу қазір жүрелеп отыр. Құбылаға қараған жұздері бетіне бетеге өскен құба төмпешік пен қасында қанылтырын күн жеп, жанбыр шайып, тот басып кеткен үшкіл, басында жұлдызы бар темір белгілі төмпешікке үніліп кеткен. Екеуі де үнсіз. Өлгендерді еске алып отыргандай ойлы, жабырқау.

Медет нағашысының не ойлап отырғанын бір құдай білсін, ал Байбура бетегелі бүйрат төмпешіктеге тесілген күйі: «Менің орнымда кім жатыр? Қандай пенде? Кешегі күндеңі өзі секілді бір жас боздақ па? Әлде ауғандық моджахедтің бірі ме?! Бәлкім, Ауғанстан жерінің бір уыс құмды топырағы мен жалпақ-жалпақ тарғыл тасы салынған, адам тәнінсіз мырыш табыт жатқан шығар?!!..» – деген ойлар торып алды.

Ал әкесінің басында белгі де жоқ. Атаусыз қалыпты. Мұның басына әскерилер койған темір жұлдызыды үшкіл бағанға «Байбура Майданов» деп мұның аты-жөні

жазылыпты. Нагашысын ертіп алған Байбура әкесінің және өлдіге санап қойғызған «өзіндей» жат мүрденің басына құран оқытқызды. Жетпістен асып кеткен нағашысы мақамын ұзактан созып, дұғасын алыстан қайырып, алаканын мол жайып, жүзін сыйпады. Селдір сақалын тарамдал қойып, жер таяна орнынан тұрды.

— Әкен, сенің «жат» сүйегің келісімен ұзакқа шыдамады. Бетін теріс бұрып, ағайын-туғанмен де араласпай, құдайдан өлім тілеп жатып алды. Айналасы алты айда жамбасы жерге тиді. Басын да қарайта алмадық, — деп өзін кінәлай сөйледі. — Қол қысқа, қайтейін!

Байбура ләм демеді. Не дейді? Жалғыз ұлдың түрі — өзі... Тағдыр айдаған тұрымтайдай тентіреп-тентіреп келіп тұр. Көз алдында сыр бүккен қос төмпешік.

— ...Көп қапаланба! Артында ізі қалды... өзің барсын. Аллаға аманат еткен азаматысын. Шүкір! Оралдың, — деп сөзін бөліп-бөліп, ойын оймақтай ете жиып сөйледі. — Басын өзің қарайтқаның да жөн. Колындан бір уыс топырак бүйірмаса да, тамын қалқайтасын. Сауабы өзінде... Жүрелік.

Күн арқан бойы көтерілгенше шырылдайтын бозторғай тау етегін боздаған үнімен тербел алған. Нагашысы да үнсіз келеді. Ауыл жақтан үрген ит дауысы естіледі.

Сондарындағы қалың зират ішінде әкесі екеуінің томпиған жалаңаш қабірлері қалып барады... Екеуінің жанар жиегі де дымданбады.

Қырда қызғалдақ ұшып кетсе де, тау бөктерінде әлі де әр жерден шашылған шоқтай ұшырасып қалады. Сонау бозбала шағында Алқабегімге арнап қыр қызғалдағын тан бозынан теріп, есігінің алдына қойып кетуші еді.

— Нагашы, — деді үнсіз келе жатқан Байбура, — сіз үйге бара берініз. Мен Қарасенгірді бөктерлеп қайтайдын.

— Көп айланба, бауырым! Мұлғиза апаңның шайы да өзір.

— Тезірек қайтам.

— Е-е, тау жақдаймісің, казір көз нашар. О, жарықтық, Қарасенгір де жантаюлы ғой... Е-е-ең!

Байбура бурыл тартқан Қарасенгір бектеріне бет түзеді. Бурыл бектерден бір шок көкала тау гүлін теріп алды. Әрине, ат тұяғындай ауыр басын көтере алмай, шұлғып тұратын Алтай модағайы емес. Модағай иісіндей ііс те жоқ. Аплақ мойын Алқабегім де жоқ қасында... Еліктей ерке, сүйріктей сұлу еді, кол ұстасып жүруші еді. Алтайдан Алматыға да қол ұстасып аттанып еді. Eh, жазған дүние, онда да жаз еді-аяу!..

Казанаттың қабырғасындағы Қарасенгір куә—екеуінің нәзік сезіміне, бұла қылығына, құмарлы махаббатына... Мәңгілік мызғымастай болып, Тесікүяның кара желі мүжігеннен кара жартастары ырсия айбаттанып, таудың сере қары қойны-конышын нығарлап, көктем келе жықтыл-жықтыл жылғасын суарып, қарауытып тұратын тау жалы екі ғашықтың бойына қайрат бітіріп, қуат құятын. Қаратоғай ауылы жатыр ит тартқан алба-жұлба терідей селдіреп... Бір кезде арнасынан асып жататын Қалғұты өзені де жоқ, суалып қалыпты.

Әкесі туралы ойламауға тырысты. Алматыда Болаттың аузынан естігеннен бері біраз уақыт өтті ғой, басына құран оқытқаннан кейін көнілі де қамырыңқы күйден арылып, сүйій бастапты... Ар жағында әлде бір өксік кептеліп тұр, бірақ ағыл-тегіл актарыла алар емес. Салқын бір сезім тұсайды.

Күлазыған көнілін жабырқау мұн мен жалғыздық биледі. Алқабегімдегі ару құшқан қара таудың түйемойнақ жартасында отырып, алғашкы һем сонғы да сүйгеніне жолығу керек деп шешті. Торыққан жаны тарқағандай күйге еніп, тас ұстінен секіріп тұсті.

Тас ұстіне қойған бір шок гүлді алып, ауылға қарай тартты. Тап жолындағы белегірге салынған Алқабегім үйіне жақындалады. Ак шатырлы, бес бөлмелі кірпіш үйдің тау жаққа қараған терезе тұсынан өтіп бара жатып қалт тоқтады.

Көз... Өзіне өте таныс көз кіреш-кіреш торлап тастаған темір шабақты ашық терезеден тесіліпті де қалыпты. Мұны тас балбалдай мелшиткен де осы көз. Тәнірім-ау, мынау Алқабегім жанары ғой!.. Алқабегім... көзі ғана қалыпты. Қарақаттай көзі ғана... Ол да үсік шалғандай көмескі. Баяғы ақыттай жалтылдаған, гаунардай жарқылдаған жанараС жок. Отсыз. Сөулесіз. Үмітсіз. Жанарының жиегін әжім торлап, карашығын мұңбасқан.

Байбура ан-таң күйде үрейлене, құдіктене, барлай қарады. Тез ойлайтын өзіне тән күймен ой ағыны сынаптай ағып өтіп, ағып өтіп кетті. Сол... соның өзі... Қалай ғана өзгеріп кеткен?! Көрі кемпір ғой. Шашы да күмістей. Қалайша? Не болған? Жағы қудай. Жаны... жаны нудай... жұмбақ еді ғой. Нәзік еді. Қатал еді, қайратты еді Алқабегім... Қайран, Алқабегім!

— Жоғал! Албасты! — Әйелге тән — адамға тән ашы дауыс құлағын кесіп өтті. — Сайтан!.. Жолама! Жоғал, малғұн!

Алқабегімнің сүмдық сұры мен ауыр сөздері Байбураның қара тас боп катқан жүрегіне инедей қадалды. Жанарына оқыс жас толды. Алқабегім терезесін тас жапты. Ишінен қалың қек пердесін де сыйырып, мұлде қара тұнек бөлме ішінде қалды.

Байбура тас балбалдай қалшиыптыр. Құтпеген кездесу есенгіретіп тастаған. Баяғы он алты-он жеті жастарында қекіректері өрекпіген қуанышқа толы, жүректері саумалдаған маҳаббатқа толы күйде жолығысатын сәттері әлі күнге сағымдай оралып, санасын сағыныштай билеп алатын еді... Қаншама жылдар өтсе де сол бір сөулелі, саумалды сезім күйі Байбураның қекірегінде қоламтадай қоздап жататын. Сөнбей-ак қойған. Тап казір сол қасиетті сезім мұздай суынып, бойын белгісіз бір ызғар қарып өтті.

Үйдің бұрышынан шыға келген әлде бір әйел бұны шырамыта алмай тұрып қалды. Байбура бірақ Алқабегімнің анасын жазбай таныды.

– Қарағым, сен кімсін? Алқаның дауысы шығып кетті, – деп бұған жақындағы. – Бұл ауылдың адамына үқсамайсын...

– Кешіріңіз! Амансыз ба? – деп Байбура абдырап қалды. – Танымадыңыз ба? Иә! – Қолындағы тұз гүлін ұсына берді. – Алқаға берініз!

Бұрыла берген Байбураға әлі де күдік-күмәнмен ой сап тұрған ана:

– Қарағым, қызымды танитын ба едін? – дегенде, бұл бір сәт тоқтап қалды да, «иә!» деуге шамасы келмей, жылдам басып, қаша жөнелгендей адымдай тұсті.

Күн көтерілместен үй маңын торыған бөгде жанды көнілі құсалы ана бөгей алмады. Сонынан сұраулы жүзбен қала берді. Балуан тұлғалы Байбура да тез ұзап кетті.

Шілде күні отқа ұстаған қазандай қызып, шілделіктे шегірткелер шырылы қүшейді.

#### IV

Аспан ашық. Тұн тымық. Күндіз шығыстағы Тесікүя жақтан соққан анызғақ та қоныр кеште сап тыйылған. Көк күмбезі шүпірлеген балапандай жұлдызға толы. Олар да жымың-жымың, қылмың-қылмың.

Кора төбесіндегі қыстан қалған сарыбалак шөп маясының үстінде шалқасынан жатқан Байбура жанары жұлдыздарға қадалыпты. Олардың жылтылдақ сәулесіне ой жіберіп, көнілі бұзылған күйде елегізді. Тыныштық тербеген мынау әлем ғана момақан. Алакүйін өмірі бір мезгіл тыным тапқанына өзі де қайран!.. Сену киын.

Анау ағып бара жатқан жұлдыз секілді мұның тағдыры. Темірқазықтай тапжылмай, бір орында ғұмыр кешетін жан бар ма еken, сірә?! Әлде, Ақбозат пен Көкбозаттай қар суымен қашып, туған жерден жыракта адасумен күн кешіп жүр ме?! Бәлкім, Жетіқарақшыдай жеті бұрыштан кірпік какпай қадалып, жембасар жортуылда карақшыдай жол тори ма?! Мүмкін, ұябасар

жерүйығына үрпак қалдыру үшін Құс Жолымен талмай үшқан Үркөр жұлдызындай ғана шағын топ шығар, әлемді айнала қанат қақкан... Кім білсін?!

Бұл да солардың бірі болар...

Бүгін бірақ дамылдап жатыр. Қу шөмелे үсті жамбасына жайлы. Көнілі ғана алабұртқан. Оған тыныштық жоқ. Мәңгілік қозғалыста қалықтаған жұлдыздардай жұмбак күде шарқ ұрады. Ұрын жүрген жігіттей ұрыншашқ. Шу асаудай бастықпай-ақ қойды.

Жұлдыздарға көз жіберіп жатып, Алқабегімді ойға алмауға тырысса да, құндіз көрген мұнлы, құнгірт көз оқтын-оқтын орала берді. Байбура үйге келісімен шай ішіп отырып, Медет нағашысы мен Мұлғиза апасынан бәріне де қанықты.

Алқабегім түрмеден көтеріліп келіпті. Алматы маңындағы Жауғашты түрмесінде жүріп босанып, туыт кезіндегі қызыл шудан құтырып кетіпті. Аса сезімтал, сүмдық сұнғыла жан Желтоқсан салған жан жарасына шыдай алмапты. Түрмеде де құн көрсетпесе керек, қорлап бағыпты. Ақыры азапты тағдыр асқақ аруды ауру қылыпты.

Түрмеден тапқан сәбиі аман. Ол қазір Алматыда студент екен. Жиырмадан асқан азамат. Оны бірақ Алқабегім иттің етінен жек көреді дейді. «Ішімнен шыққан шұбар жылан», «Шата» деп, талай рет өлтіріп тастай жаздапты. Алқабегімнің анасы мен әкесі парасатты адамдар гой, әйтеуір солардың тәрбиесімен шата сәби өз ұлы бол өсіпті. Ақылды, көрікті жігіт қайырымды міnez-құлығымен ауылды таң қалдырып кетеді екен.

Ауру анасына да қамқоршы көрінеді. Жақында жазғы демалысына келіп те қалады дейді. Ұлы келгенде ауру анасы бір жасайды екен. Алқабегімді ертіп Қарасенгірді аралатады, Қалғұты өзені иіріміне апарып шомылдырады. Қысы-жазы темір торлы терезе мен темір есікті тар бөлмеде құлыпталып, түзге отырса да ер адамның қарулы қолымен шынжырлаулы шығатын

анасы жалғыз ұлы өсे келе оны үйіп тындастын күйге түсіпті... Ол да бір Алланың нығметі шығар.

Торғын тұн құшағында ойға шомып, баданадай Темірқазыққа жанарын салып жатып, кірпігі баяу айқаса берді. Байбура үйиқтап кетті. Үйкүңа дендер енген кезде жұлдызды күмбезден көктей еткен боз сәуле сабыр тапқан санасына сәулелене құйылды.

Байбура бөрі болмысты боз сәулеге тағы ерді...

Боз сәуле ілездे Алматының как төріндегі Брежнев аланына<sup>1</sup> алып келді. Тұн. Желтоқсан айы. Алапат ұскірік. Аланда Алатаудан ескен ызырық. Табан асты тайғақ. Теніз толқынындағы толқыған жұрт. Сермелген қарулы кол, серпілген қеуделі көкірек. Жұлынған қара шаш, жарқ-жұрқ еткен жанар.

Көз ілеспес шапшандықпен құр қол қойғыласып, қаша ұрыс сала тепкілесіп бұл жұр. Өзіндей өндір жастар өндіршектей үмтыйып, соққыға жығылған қызықырқынды құтқарып алмақ боп өуіре. Мұздай қаруланған советтік қара киімді, қара каска мен резінке келтек, темір күректі арнаулы әскері шырқ үйіріп, карусыз қалың нөпірді бықтырт тигендей бөлшектеп тастаған.

Әйел затын аяр, аялар деп алдыға салып, өздері бойжеткен арулардың ту сырты – тасасында кіжінген бозбала жігіттер онбай адасқандарын кеш түсінді. Енді міне, аяусыз жендет қолынан айырып алмақ боп, бөлтірігін алдырыған арландай арпалысып бағуда... Байбура да сайтан соғардай зор жылдамдықпен қимылдан, жендеттеп тартып алған келтекпен қарсы келгенге қан құстрып жұр еді.

Қаракұрым нөпірдің арасынан күндіз Алқабегімді қанша іздесе де, кездестіре алмаған. «Аланға келмесе екен!» деп іштей тілеген. Алқабегім оқитын дәрігерлік оку орнының жігіттері болмаса, қыздары көзге шалынбаған.

---

<sup>1</sup> Брежnev аланы – казіргі Республика аланы.

Қарусыз казақ жігіттері қарулы жендеттердің теге-үірініне шыдап бакқан. Жансауғалап қашпай, жанды шүберекке түйіп, жас жолбарыстай қайрат көрсетті. Қыздардың да қаншамасын қанды қол қырғыннан ажыратып алышты. Күш тең болмаса да, аруақ шақырған рух аласат майдан ашқан. Байбұра да аш бурадай шабысып, көк бөрідей тістесті. Бірде бейбақ жұрт бел алса, бірде бейбастақ жендет жағы жал көрсетісken.

Зұлым қарулы советтік әскерилер қолма-қол айқаста жеңіске жете алмасын сезіп, залым ойлы сүмдүк іске бет бүрдү. Жартасты жарға ұрылған теңіз толқынындай толқи сіресіп, арасынан қыл өтпестей қолтықтаса күш алыш, жеңдет әскерилерге ішінен жығылып жатқан жандарын да бермей, кара түнмен қарауыта тұнеріп тұрған тобырға минамёттен оқ жаудырғандай, өрт сөндіргіш көліктерден мұздай суды лақылдата шашты.

Мұндай зұлымдықты күтпеген адам толқыны сыналай сетінеп, көк мұзға тайып жығылып, малмандаи малшынып, лек-легімен бас сауғалай берді. Осыны күтіп тұрған қалың әскерилер де лақылдай тәгілген, мұз бол шашырай қатып жатқан су бұрқағын тасалап, шиебөрідей лап қойды. Нағыз қанды майдан енді басталды.

Алапат аяз... сұрапыл ұрыс... сарылдаған сұық су... арылдаған көліктің гүрлі... ыңырысған үн – бәрі қосылып, тұн жамылған Алматы төрі – Брежнев алаңы тамүқ казанына айналған. Бәрі де мидай араласып, қидай қидаласып кеткен. Біреуді біреу біліп болмайды.

Ту сырты, ку жауырынан тиген сокқыдан мұрттай ұшып, дем алалмай жатқан жігіттер мен тар қылта, көк желкеден тиген сокқыдан бүгіле жығылып, жер тізерлеп қалған қыздар жыртқыш аң сияқты жеңдеттердің жеміне айналды. Қызыл қан құлак-шеке мен жұка жақ-кенсіріктен саулап, көктайғақ алан бетін жуды. Жығылғандарды дырита сабап, тістене тепкілеп, ит-құс сүйреген жемтіктей жәүкемдеп, дайын тұрған жабық көліктерге тогытып жатты. Бас сауғалап қашқандар

бірін-бірі тықсырып, құлап қалғандарды таптап, аттап өтіп, алаң айналасындағы көше бойымен үріккен қойдай қашты.

Бір топ нөпір лекпен бірге ығысқан Байбура да аланды таstadtы. Топыrlай ығысқан топпен Мұқан Төлебаев көшесінен біr-ақ шықты. Өзіндегі бес-алты жігітпен бірге шыршалар көмкерген сұлу да тар көше бойымен бас сауғалай құлдады. Қасындағы жігіттер мұны, бұл оларды танымайды. Қапыла жүгіре басып келе жатқанда үрген ит дауысы естілді. Бой жасырып үлгермесе көшекөшенні үйретілген неміс овчаркасымен тіміскілей сұзіп жүрген арнаулы патрульдерге тұтылатынын білді.

Бәрі біr-біrіне сұраулы жүзben қарасқан. Байбураның ойына қоңыр күзде Алқабегімді ертіп, жазушы Мұхтар Әуезов пен Сәбит Мұқановтың мұражайларын аралағаны, сонда көше бойындағы үйлердің жертөле есіктерінің ашық жатқанын көргені сап етіп есіне түсті. «Кеттік!» деді жаңындағыларға. Сол бетте әлдебір бес қабат кірпіш үйдің сыртқы дәліз есігін ашып, ішке енді. Дәліз ішінде күнгірттеу жарық жаңып тұр. Мұнда тыптыныш. Тіпті аланда болып жатқан қантөгістен хабарсыз секілді.

Жоғары қарай көтерілетін бетон баспалдақ астындағы жертөле есігіне көз жүгіртті. Көк сырмен сырланған есік жабық көрінді. Байбура жақын барған. Құлыпсыз. Жайғана жауып қойылыпты. Бәрі мысықтабандай басып жертөлеге түсті. Қаранғы. Құлімсі iіc шықады, бірақ жүз шарпыған жылы леп бар. Жылу құбырының табы.

Бәрі де үнсіз. Тың тыңдайды...

Жігіттердің біrі сірінке жақты. Темекі алып тұтатты. Байбура қарсы болып еді, қырғын төбелес пен корлық-корлаудан қанына қарайып шықкан жігіт овчаркадай арс ете қалды. Басқалар үн демеді.

Темекісін құшырлана тартқан ызалы жігіт:

– Әттен! Әттен-ай! – деді өксі күніреніп, іштері қан жылап тұрса да өзгелер тіс жармады. – Бұл күнді

ұмытпандар!.. Қарусыз қан майданның құрбандарын ұмытпандар, жігіттер! – Тісін қышырлата сөйледі әлгі: – Не үшін? Кім үшін? Жазығымыз не? Өртеніп барам, бауырлар! Өртеніп барам... Қарусыз... қап! «Орыспен дос болсан, балтаң белінде болсын» деген. Қап!

Кенет сыртқы есік шиқылдай ашылып, сарт етіп жабылғаны естілді. Бәрі де сілтідей тынған. Екі адамның орысша сөйлеп кіргені естілді. Олар оқыс тоқтай қалды. Әйел адамның «Темекі іісі шығады. Кім тартып жүр?» дегені, артынша «Құдай-ау, подвал жақтан...» деген әйелдің, іле-шала ер адамның: – Болды! Көршілердің бірі шығар, – деп гүр еткен дауысы естілді. – Дала сұық. Өзін білесін, коркынышты да... жасөспірімдер болу керек».

Олардың жоғары қабатка көтеріле бере дауыстары да өшті.

– Кету керек, – деді Байбура. – Әлгілер сезіп қалды...

– Қайда барамыз? Колға түсеміз ғой, – деп біреу шарасызық танытты.

– Дұрыс айтасын, – деп шылым шеккен жігіттің дауысы естілді.

– Бәріне сен кінәлісін! Танауынды құрт жеп бара ма? – деді біреу оны қаранғыда жазғыра.

– Жок! – деді тағы біреу. – Осында таң атқанша күту керек. Әйтпесе ұсталамыз.

– Бок басында өлеміз! – деді тағы біреу тыныш тұрмай.

– Былшылдама! – деді шылым шеккен дауыс. – Сен өлсен де, мен өлмеймін. Жастығымды ала жатам. Су жүрек! Әскерде талай сойқанды көргем. Мұрнынан тізіп тұрып каптеркада талай сабағам... оларды! – Дауысы ызалы да ызбарлы.

– Жарайды, жігіттер! – деді Байбура. – Не де болса күтейік! Ырылдастандар!.. Шылым-ак кінәлі болсын!

Бұлар ауыздарын жылып алғанша сыртқы есік сарт-сұрт ашылып, арсылдаған ит дауысы мен дұрсілдеген нәлілі керзі етік сықыры естіліп қалды.

– Бәрі бітті! – деді біреу. – Тұтін иісі телефон шалғызыған ғой...

– Оперативно! – деп қалды шылым тартқан дауыс. – Как фашисты... гестаповцы!

– Жігіттер, қарсыласпандар! Текке соққы жемейік. Жол-жөнекей көрерміз, – деп үлгерді Байбұра.

Бір топ желтоқсаншылар композитор Төлебаев қөшесінің бойында осылайша торға тұтылды. Аш берідей жаланған жендеттер бұлар қарсыласпаса да резінке келтекпен салып-салып өтісті. Бірінің белінен, бірінің жауырынынан, бірінің басынан, бірінің тірсегінен сокқы тиген. Сонда да сүйекке қарысып, бәрі де шыдап бағысты.

Тыста да карулы топ құтулі екен. Олар да орысша-казакша боктыққа көміп, жан-жактарынан коршай жүріп отырып, Калинин<sup>1</sup> қөшесінде құтіп тұрған брезент жабулы әскери машинаға әкеп тоғытты. Енгезердей бес-алты жендет те артқы есік аузын ала мініп алысты.

Адамға лық толы көлік ытырыла жөнелді. Бірінің басы жарылып, бірінің колы сынған, бірінің бүйрегі ұрылып, бірінің жағы шықкан желтоқсаншылар күпкіде малтықкан қойдай үсті-үстіне құласып, ыңырана ауырсынып жатысты. Олар жаны мен тәні қабат ауырғаннан желтоқсанның алапат аязын да ұмытып кеткен сыңайлыш.

Құйындаиды ызғытқан әскери көлік бұларды каланың ішінде екі-үш жерге жеткізді. Бірак уақытша тұтқындау орындары мен түрме атаулы лық толы болып шығып, қабылдай қоймады. Амалсыздан аулакқа карай тартты.

Үрей мен үркініштен толқулы кала тып-тыныш еді. Қош-қош бос. Бейсаут жан жоқ. Құтырған қасқырдай безілдеп жүрген – жендеттер мінген арнаулы көліктер мен ит жетектеген арнайы жасақтар ғана. Кала берді қызыл қалпақты милиция қызметкерлері ұшырасады.

Біреуді біреу біле алмайтын қаранғы брезент корап үстінде Байбұра әлде бір қимылға бекінді. Оң жағындағы

---

<sup>1</sup> Калинин қөшесі – казіргі Қабанбай батыр қөшесі.

сығылысқан жігітке «қашайық» деп күбірледі. Анау «жоқ» деп ортқып тұсті. Сол жағындағыға айтып еді, «мұмкін емес» деді. Сол сәт желке тұсында тізерлеген: «Өңшең қотанға тышар... Давай, баста!» деп дүр ете қалды. Байбура бұл дауыстың кімдікі екенін бірден андады. Жертөледе шылым шеккен ғой. Осы ғаріп халге де сол шылым үшін тұтылды ғой... Енді қашуға да бірге бел байлаулы.

– Ей, сволочи! Прекратить разговоры! – деген жендет солдаттардың бірінің үні естілді.

– Пошел ты! – деп қалды шылым шеккіштің дауысы.

Байбура да серт сәтінің тап қазір туғанын түсінді. Ол отырған орнынан тұрар-тұрмастан карсы алдында – жамbastap жатқан екі адамның ар жағында қарауытып отырған қарауылға сілеусінше атылды. Қоліктің артқы корабы ернеуіне құйрығын басып, қолындағы десанттық автоматын шірене ұстаған қарауылға ұшқан окша атылған Байбура жендет жауынгермен айқасқан күйі қөлік үстінен аударылып тұсті. Ал бекітілген брезент жаппа жалп-жалп көтеріліп, қөлік ұзай берді.

Арқасымен онбай тұсken қарауыл дем ала алмай жатып қалды. Брезент желпілдеген машина ұзай тұсіп тоқтады. О жақтан тырт-тырт атылған автоматтың ашы үні де естіліп қалды, бірақ бұған емес, әйтеуір!.. Бұл қеудесіне міне құлаған қарауылдың басынан аса домалап, ет кызуымен тәні ауырғанын да елемей, жол жиегіндегі қалыңға қара мысықша қойып кетті.

Сол бетінде жол шетіндегі қалыңның арасын бойлай жүгірді. Құдай қолдағанда сонынан қуғын шықпады. Мұның қу басын қуалап қайтеміз деді ме, түн жамылған жендеттер жайына кетті. Олардың қарасы өшісімен өз-өзіне келген Байбура Қаскелен бағытындағы жоғарғы Жандосов күре жолы үстінде тұрғанын білді. Сонда ғана тұла бойы соққыдан солқылдал, сыздап тұрғанын бірақ анғарды. Бойын да тұнгі сұық қармай бастағанын сезді. Дереу калаға қарай бұрылды.

Көк аспан қап-қара көгіс тартыпты. Тек жұлдыздар ғана арсыздықпен жымындаиды. Жол бойындағы қарағаш пен бұта-қараған қалынына бой жасырып, жаяу-жалпылай тартты. Соққы тиген басы солқылдап әкетіп барады. Аш қарыны да арқасына жабысып, жүргегі сазып тұр.

Маңдай алдында шығыс жақтан жарқырай туған Шолпан ғана шақырады. Жалғыз жарық жұлдыз да қарандылықпен қоса қара жамылған қасіретті Алматы үстіне іліне қалыпты. Байбура қалың арасынан қалаға қарай жанары жасаурап, жағын шықырлата тісін қайрады. Тағы да қаракөк аспанға басын шалқайта бұрып, Темірқазықты іздеді.

Терістікке көз жүгірте беріп, оянып кетті... Жаңа ғана санасында таңбаланған сонау сексен алтыншы жылғы карусыз қанға бөккен Желтоқсан көтерілісі ғайып болды.

Темірқазық табжылмапты. Шолпан туыпты. Таң да таяу. Бұл ғана балалық шағы, бозбала күні еткен ауылдында – мая үстінде жатыр. Ару сүйген Алматыда емес, салқын самал өпкен Қаратогайда екен.

Тыныш түн. Қора-қопсыны мекендереген қара шегірткенің шырылы әлдилейді әлемді. Балауыздай балбыраған рахат бір күй манайды билеп тұр.

Байбура да бір мезет жаны жай тауып, бір сәт тәні рахатқа бөленді. Ой-санасы ғана ойнамалы. Ойпыл-ойпыл ой көз іліндірер емес. Жанарын тарс жұмып, ку шөп үстінде аунап-кунап жатты да қойды.

## V

Тан қарандысында талықсып кеткен Байбураны күн сөулесі биік Сарытау басынан сыналай сығалағанда, гүр еткен көлік үні оятып жіберді. Құс үйқылы оның шырағы оттай жанды. Талықсып үйкетағаннан түйғындаиды тыңайып қалыпты.

— Ассалаумағалейкүм, Медет аға! — деген Болат сыйыптың дауысын бірден таныды.

Алаң көнілі қуанып та қалды: «Ит те болса, бірге өскен дос қой. Қимай іздел келген ғой...»

— ...Бура үйде ме? — дегенше, ере келген өзге адамдар да мұның Медет нағашысымен амандастып жатты. «Шамасы, бірге оқыған кластастарын ертіп келген болды» деп ойлаған Байбұра да:

— Мен мұндамын, — деп, қора үстіндегі мая тәбесінен қарақшыдай қалқия түрегелді.

Сонда ғана байқады. Болатпен ере келген төртеудің бірі қоқырайған қызыл қалпақ киген полицей екен де, қалған ірі екі жігіт арнаулы өскери алабажақ киімді, ал ана біреуісі қарапайым, бәлкім, шофер болса керек. Алабажақ киімді өскери жігіттер арқаларына темір дүмі жиналмалы, шолақ келген десанттық Калашников автоматын асыныпты.

Байбұра бәрін де айтпай түсінді...

— Бураш, жерге тұс! — деді Болат жұмсақтау үнмен. — Мына кіслер сенімен сөйлесуге келді.

Сол сәтте нағашысы Медет:

— Ол не әңгіме? — деп шыр ете қалды. — Кеше ғана келді ғой... Не жазып қойып еді?!

— Ақсақал, сіз араласпаңыз! — деп полиция киімді, капитан шенді жігіт ағасы тыып тасталды. — Майданов, шулатпай жерге тұс!

— Әй, қарағым-ау, құлқын сәріден шулатып жүрген сен емеспісін, — деп нағашысы тағы килігіп еді, Байбұра: «Нағашы, абыржымаңыз! Таныс жігіттер ғой, қалжындал түрған... Мен қазір,» — деп шөп үстінен сырғи жөнелді.

— Қайдан білейін, жау қуып келе жатқандай ентігіп түрған сон, — деп Медет құнқілдей берді.

Байбұра қора тәбесінен басқышсыз-ақ секіріп түс-кенде, енгезердей екеу екі қолынан шап беріп, білеziк буынынан бұраган күйі қолын артына қайырып, ал полиция киімді капитан өбжіл қымылмен қайырылған

қолға көзір салып үлгерді. Тап мұндан оспадар әрекетті құтпесе де, Байбура ешбір қарсылық көрсетпеді.

Тағы да нағашысы:

– Өй, бұларың не? – деп қалды.

Осы кезде үйден шықкан бәйбішесі:

– Караптарым-ау, не істеп жатырсындар?! – деп аңтарыла шыр ете түсті. – Жер түбінен жеткен жетім азамат қой... Тірі келгеніне қуанбайсындар ма? Бір үйдін тұтіні өшті деп жүр едік... Кәне, босатындар! Бураш, қалқам!

Адуынды Мұлғиза женешесі адымдай ұмтылғанда, Байбураның:

– Апа! Апа-а! – деген дауысы қаттығырақ шығып кетті. – Әуіре болмаңыз, мен кетуім керек... Бұлардікі жөн. Сау болыныздар! Ауыл білмей-ақ қойсын, нағашы!

– Әй, қарағым-ай, не жазып ең?! Болды, бәйбіше, болды! Шулатпа елді, дүрліктірме! – дей берді. – Болат кластас досы ғой, бір қайраны болар.

Болат:

– Медет аға, – деді жұмсақ үнмен жәдігейлене: – Құршімге барады; ертен-ақ аудан орталығынан кайтып келеді. Әскери учетка тұру керек... Уақыты өтіп барады.

– Мейлі, мейлі... азаматтың басын сақтандар! Жалғыз тұяқ қой.

– Мен ауылда қалам, аға, Байбураны күтем, – деді Болат.

Іші-сырты көнелеу алабажак «Уазик» женіл көлігінің артына – екі әскери алабажақ киімдінің ортасына жайғаскан Байбура үнсіз келеді. Ескі көрінгенмен орыстың қолынан, немістің ойынан шықкан дүнкіген көлік ауыл ішінің шанын шұбалтып, түйе шегірткенің қарғымалы жүрісіне басты. Ораза ашпастан аттанған төртеудің іші-бауырларын солқылдатып-ақ барады. Таң бозында бозторғай үнімен марғаулана тұратын Каратоғай ауылы дүрілдей гүрілдеп, дүркірей зырылдалап өткен темір көлік дауысынан оянып жатты.

«Уазик» Қарасенгір бауырындағы қыр жолына түсісімен жорғадай тайпалып, көзді ашып-жұмғанша Марқакөл – Құршім тасжолына құйынданып шыға келді. Бір бүйірде Төребейіт күмбезі манқыып қала берді.

Сонда ғана Байбура:

– Жігіттер, – деді катқылдау, – тоқтаңдар! Тұзге шығып алайык.

Ләм-мим жақ ашпай келе жатқандар бір-біріне қарасты. Естімегендей ұн демеді. Шофер жігіт қана не істейін дегендей полицейге жалтақ-жалтақ етті. Көлік болса, жылдамдығы жүзді көрсетіп ағып келеді. Тесікұяның қысы-жазы тас ұшырып соғатын қара жeli мұжіп тастаған он бүйірдегі қара таулар да мөлиіп қалыпты.

Капитан шенді полиция жігіттің жүйесі шыдамады, білем:

– Тоқта! – деді санқ етіп, дауысы жарықшақтанда шықты.

Дауысынан Байбураға деген қыры да сезіліп қалды. Көлік лықсып барып қантарылған сәтте:

– Байбура! – деді тағы да дауысын көтере: – Тау алыс, жер жазық. Қуып өуіре болмаймыз. Жауырынына оқты қадай салам.

Байбура бірдеме дегісі келді де, сөзді қор қылғысы келмеді. Қарасенгір биігі мен Әудие қыраттары етегінен созылған боз жусан мен ақ селеулі Ақжал даласы астаудай төңкеріліп, бетін ақ торғын шәлінін бүркыраған түгіндей бозан мұнар бүркепті. Байбураның жүргегі лоблып кетті. Жанарына жас іркілді.

Шофер жігіт көлігін дүр еткізіп оталдырғаннан кейін бәрі де жылдам мініп, жүріп кетті. Іле зде бір ырғакты жүріске түсті. Қыр бауырлаған қүре түзу тілген таспадай созылған.

Өлік шығарғандай үнсіздікті әлден уақта полиция капитаны бұзды.

– Болат досына рахмет айт! КНБ-шниктердің қолына

түсken жоксын, мен кез болдым, — деп токтап, бұдан жауап күтті.

— Бәрібіr емес пе?! — деді бұл немқұрайлылау.

— Қателесесін. Олар сені баяғыда-ак «террорист» деп жариялад қойған. Ал мен үшін сен жай қылмыскерсін.

— Иә, қандай?

— Өзіннің орнына өзгенің сүйегін салғызып, өскери борышынан қашқан дезертирсін... Зиратта жатқан сүйек пе, кірпіш пе? Оны да анықтау керек.

— Оған кай заман? Қурап қалды ғой... Сен бірақ не білесін? Ауған саған алыс қой. Ауғандықтар<sup>1</sup> акталғалы қашан? — деді Байбура байыппен.

— Ақтап жүрген орыстар... Ресей ғой. Ал біз актаған емеспіз. Сен қылмыскерсін, бауырым, ол үшін жауап бересін. Ақталсан — сексен алтыншы жылғы «декабрист» дегеннен ғана акталғансын. Оның да күмәнді тұстары көп... Тәуелсіздік келіп, сонымен жазаға тартылмай тұрсын, — деп капитан зілденіп қойды.

Байбура ойланған кепте үнсіз қалды. Біr сәт тыныштық орнап, көліктің гүлі ғана естілді. Таң атпастан келе жатқандықтан ба, жол үсті бос.

Бұлар Әудие биігіне ілігіпті. Құрғак анғар іші ақ сағымға тұныпты. Шілде күні бұғін де бұл өнірде ыстық боларын сездіріп тұр.

— Үндемей қалдың ғой, — деді капитан.

— Не деймін? Ақталайын ба? Мен өз борышымды артығымен өтегем.

— Қайдам?! Алқабегімді аланға тастап кеткен сендей опасыздан не күтуге болады? Болат рас айтады: «Сатқынның жазасы — өлім» деп. Әттен, зан бар, әйтпесе сені буындырып өлтірер ем??!

— Жап аузынды! Жарамды тырнама, — деп бұл қалш-қалш етті. — Мен емес, сендер... сендер саттын-

---

<sup>1</sup> Ауғандықтар — бұл жерде Ауғанстанда соғысқан, тұтқында болған совет өскерлері деген мағынада.

дар. Сендей кызыл қалпакты қазактар... сендер зорладындар! Сендер!.. – Дауысы ысылдай шықты. – Қанға бөктіргенсіндер. Әлі тайрандал, мейрамдал жүрсіндер. Опасыздар! Қан уыстап келгенсіндер, қанға бөгіп өтесіндер... О, сорлы! Сорлылар! Ол ешқашан ұмытылмайды! Сендер ұмытқанмен, мен ұмытпаймын! Мен... мен бармын! Мен сол үшін оралдым.

– Ха-ха-ха!.. – Капитанның арсыз құлкісі аярлана естілді. – О дүниеден келдім де кежір... ха-ха-ха! О дүниене кетесің енді ештеме де білмей... ха-ха-ха! Зауал!

Байбура бір сәт булығып қалды.

Бұл ашуға алдыра бастағанда-ақ қос білегінен мыти ұстаған әлеуетті әскери барлаушылардың бірі шыдамады, білем:

– Қыскартыныз, капитан! – деп айқай салды.

Көліктін бірқалыпты ызыны естілді. Қарсы келе жатқан жүк көлігі қастарынан гу етіп өте шықты.

– Жігіттер, сендер кімсіндер? – деп қалды Байбура.

– Тұтқынмен сойлесуге қакыларың жок, – деп шар ете қалды капитан.

– Ей, капитан! – деді әскериidің бірі. – Біз саған анау шоферың емеспіз. Әкірендеме! Біз де офицерміз.

– Енді... былай... өздерің ғой, – деп мінгірледі капитан.

– Байбура! – деді әлгі әскери дауысы нық шығып:

– Біз Құршімдегі әскери бөлімнің барлау бөлімшесінің офицерлеріміз. Сенің кім екенінде шаруамыз жок. Бастықтарымыз «қауілті террористі тұтқындал, облыс орталығына дейін аман-есен жеткізесіндер» деген. Бұйрық солай... Мына полиция капитанына сол үшін еріп жүрміз.

– Болды! Жетет! – деген капитан дауысы бәсен шықты: – Әскери, то есть гражданский құпияны ашпандар! Бұл – қылмыскер. Сендердің міндетің – көмектесу.

– Жақсы, әңгімені осымен доғарайық! – деді барлаушы офицер де.

Көлік ішін жел гуледі. Байбураның қайратты қара шаштарын ұйпа-тұйпа етті. Ол басын шалқайта отырып, көзін жұмды. Тұтқынның қимылынан секем алған барлаушының бірі қайырулы қолындағы көзірді тексерсе, бірі білегінен білектесе қолтықтап қойды. Оған бірақ Байбура мән бермеді.

«Күршімде калдырмай, Өскеменге бір-ақ апаратын болды. Күршімдік полицейлерге «жерлестері» деп сен-беген болды ғой. Мына бір капитан да күршімдік емес шығар... Облыстан болды-ау?! Мария-Агата әулие екен. Еліңе жеткен бойда «терроршы» деп тұтқындаласын деп еді ғой. Россия мен Қазақстанның ымы-жымы бір дегені рас. Ех, Мария-Агата!» деп швед қызы жайында ойға оралды.

Жүрісі қатты болса да, қара жолға тегеуірінді көлік Күршімге тоқтамады. Ертісті құлдай, тау етегін бауырлай зырлаған беті танғы сағат тоғыздағы паромға үлгерді. Алып ақ кемеге соңғы бол ілікті.

Паром үстінде жұрт қарасы мол екен. Капитан мен шофер көліктен түсті де, ұшеуі артқы орындықта қала берді. Жағадан ырғала қозғалып кеткен ақ кеме көк жайсан су үстінде баяу толқып қояды. Теніздей шалқыған алып Ертістің дымқыл лебі жүздерін жалап, қоныр салқын ауа бой сергітеді.

– Ех, Ертіс, сенде не арман бар?!

Байбураның аузынан шыққан сөзге өскери жас жігіттер таңданып қалса да үндемеді. Іле Байбура үшін капитанмен сөз қағысып қалғаны қасындағыға иек қағып, сыртқа шыға берді. Ол есікті шала-пұла жауып, көліктердің арасымен сыналап, халық қөтеріліп кеткен екінші қабатқа беттеді.

«Бұдан ұрымтал сөт кездепес...» Найзағайдай ой Байбурага оқыс оралды. Қасындағы да енді қайда баар деген оймен арқасын кенге салып, жайбаракат отыр. Туған жерде тұрмаде шірігенше, суға кеткен абзal. Сырттан өлімтігін көрсетпес...

Оқыс ой шалт қымылға жол берді. Шокпардай шойын бас алансыз отырған өскери барлаушиның жүзіне ғұрзідей тиді. Жас барлаушиның басы оқыс кекжең етті. Ол есін жиям дегенше, Байбураның басы мандайы мен шекелігін ала сарт та сұрт сүйкеп өтті. Қаруға айналған қаһарлы бас машықты әдіспен қапысыз сілтенді. Басы зенген өскери жас жігіт талып кетіп, қымылсыз қалды. Қусырылған қос танаудынан күрен қан тыз ете тұсті.

Киялай шірене берген Байбура әлгінде шала жабылған есікті аямай тепті. Сол бойда сарт етіп ашылған есіктен атыла шықты. Иін тірестіре тізілген қоліктер арасымен жүгіріп, кеме жақтауына қарай ұмтылды.

Осы бір сәт жоғары палубадағылар шу ете қалысты.

- Ана қарандар! Кісенді адам...
- Қолы қайырулы ғой...
- Ибай-ау, қайтпек? Қайда барам дейді?
- Суга кетіп өлмек те...
- Қой, жаман айтпа!

Жұрт ауыздарын жиып алғанша, Байбура да әлде бір женіл машинаның капотына шығып ұлгеріп, темір жақтауға жақын тұрған джип «Лен-крузер» қолігінің капотына қарғыды. Тапаншаның шанқ еткен дауысы да шығып қалды. Оқ қашқынға тимей, джиптің маңдай әйнегін шатыната тесіп өтті.

- Ойбай, өлтірді!
- Атып жатыр...
- Қаш, ойбай!
- Оқ тиеді, қашайық!
- Тоқта! Атам! Өлесін! – деген дауыстар дүрлігісе шықты.

Тапанша дауысы тағы естілді. Бұл жолы оқ Байбура басынан асып барып, суға шыж етіп сұнгіп кетті. Оқлен бірге Байбура да бір-ак қарғыды. Ол да үйірілген тұнғиыққа сұксыр үйрекше сұнгіді.

Байбура кеменің алдынғы жағына таман жерден қарғыған екен, үйіріле түсіп тіреле толқыған ағын алыш

ақ кеменің астына бірак тықты. Бесікше тербелген сүйір пором да сұлікше сырғыды. Шілденің салқын-сабат суы қызынған тәнін демде басып, қапылыста қарғыған қашқын сұрақша иile беріп, аяғын кеудесіне жинап, көзірлі қолын құйрығынан асыра алдына шығарып алды.

Сөйткеніше, Ертіс ағыны айдаған ол ақ кеменің ық жағына да шығып қалыпты. Дереу су бетіне көтерілді. Кеменің иірім үйірілген ық бүйіріне іліге бере тағы да тапанша оғы астында қалды. «А, құдай!..» деп қайта сұнгугіне мәжбүр болды. Құдай сактап, автомат пен тапаншаның сұқсырдай сұнгіген ақжолақ оқтары дарымады.

Оқ жете алмас теренге батайын деп, бекіреше тұнғиыққа тартты. Көзірлеулі қос қолын соза түсіп, аяқтарын балықтың құйрығынша, құллі денесін жыланша иілте қимылданап, киялай жүзді. Жүзген сайын су асты ағысы теренге тартып, ақ кемеден де алыстап бара жатты.

Ақырғы дем де таусылайын деді...

Ағын ағызған Байбура қаракөк тұнғиыққа шым батқанын түсінді. Түсінді де тағдыр демінің су астында таусыларын біліп, ажалға мойынсұнды. Сын сағатының соққанын сезінгені сол еді, кенет қаракөк су асты сиякөк түске боялып, лезде көкмұнар тартты. Мұның да ауыр тартқан тәні женілдеп, еркін икемге келе бастады.

Тап осыны күткендей бозамық бір сәуле көгілдір су әлемін тіліп, мұның көз алдында көлбендей жүзген боз бөріге айналды. Кесе көлденендеген Ана-Бөрі емшектері тербеліп, құйрығы соландалып, сонынан ерте жүзді. Байбура бурыл тартқан Бозиесі сонынан ере жүзді. Өзіне етene таныс көкмұнар әлемге енді...

Шілденің шанқан күнінде суға шоршып түсіп тұтылған шегірткеше, асау Ертісте аласұрғын адасқақ ұлын айлалы Ана-Бөрі тағы да ажалдан құтқарып қалды. Ит көйлекпен туған Байбура тұра келген ажалды бұл жолы да адастырып, тұнғиықта тұтылтып, кара үздіріп кетті.

## Үшінші тарау

### I

Ерке Ертістің ел қонардай ені – ерен, ұзына шеті – жар-жартасты жоталармен шегендеулі берен. Түсі – көк totияйын, шымырлаған жүзі – сабырлы. Мәйіт жасырап сұсты су.

Ана-Бөрідей жұмбак Бозиесі қөгілдір өлемде қанатсыз жүздіріп, өзі келген Алтай жақ жағалауына аман-есен алып шыққан Байбура ұлы суға қарап тұрып жүзі жасқа шыланды. Ақ кеме ұзап кетіпті. Шегір көздеріне бармақтай бол шалынып, алып өзеннің бел ортасынан асыпты.

Қамыс аралас көк құрақ арасынан жолбарысша баспаладан Байбура тап төбесінен шаңқылдаған шағалаларға қарады. Аппақ шағалалар шанқылы мен жарлауытты бүйірлей соққан толқын шуылды бұ дүниенің соншама беймаза екенін ұқтырғандай, соншама сұлу да қасіретті екенін сездіргендей еді. Көк жасаң құрақ түбін құйрығымен соғып Ертістің шортаны мен табаны ойнайды. Шортан мен судактан қашқан майда шабактар таязға жүзіп, су бетінде шоршиды.

Сөүірдің аяғы, мамырдың басында Алтай еріп, киядан көшкін түсіп, сайдан атқы жүріп, алақандай ауылы Қаратоғайда Қалғұты мен Сарыөзек өзені арнасына сыймай тасуышы еді. Алабұға аулаймын деп жар жағалап, қармақ қаптырып жүретін балалық шағы есіне оралды. Ой, шіркін, балалық-ай!.. Сен енді сағымсың. Сағынасың – сарыласың. Сол туған ауылына үш күн де қонақтай алмады ғой, тым құрыса шағаладай... Ей, дүние-ай! Бұл да бір шарқ үрған шағала екен.

Ақ кеме толқын бетінде толқи жүзген қөгілжім сағыммен бұлдырап, алыстап барады. Кеме беттеген Самар жақ жағалаудағы құм төбелер мен қыраттар да ақ сағымға жұтылып, билеп тұр. Тұнгі шық кеүіп, жартас ойдымындағы қақ ұшып, шілденің аптабы алқымнан алған. Ертіс бойы мен тау өзендері жағасы, қалын

қарағай арасы мен шың-шоқы бастары ғана самалдап, салқындан тұр.

Судан шыққаннан ба қолы салдырап, тәні босаңсып қалыпты. Паромға көз тіккен Байбура белбеуін ағытып, тап айылбас түбіндегі қалың теріден тебен инедей бізді суырып алды. Әлгі бір біз темірді білезікті бунактаған көзірдің астынғы жағынан сұғып, шабактай итермелеп, әп-сәтте ашып алды. Қолы босасымен темір батқан білезік буынын уқалап-уқалап қойды. Көзірді аяқ астына тастай салды. Көк құрак арасында тізеден су кешіп тұрып спорттық қымыл-әрекеттер жасады.

Теніздей тербелген үш жарым шақырымдық енді Ертісті бір сағаттан артық уақытта кесіп өтетін ақ кеме арғы жағалаудан бері қозғалды-ау деген кезде ғана Байбура жасырынған қамыс арасынан бой қөрсетті. Паром тоқтатын айлактан бұл алты-жеті жұз метрдей қыыс, тәмен жақтан жүзіп шығыпты. Өзін тұтқындаған болғандардың мұны суга кетіп өлдіге жоритынына да сенімі кәміл.

Осы ойға бекіген ол жаға жарлауытына жылдам көтеріліп, Құршім–Зырян бағытындағы ескі күре жолға бетtedі. Ертістің Бұқтырмамен түйісер мүйісіне қарай бойлай созылған тасжол бойы бос еді. Тау бауырлаған жолды бұзаубас кесерткедей тез кесіп өтіп, көк бұйра бұта-қарағанның арасына жым-жылас сіңіп кетті.

Малмандай су болған киімдерін, ұлтарақ астында жасырылған су-су долларларын шөп үстіне жайып тастанап, қалың бұта-қараған арасынан тыр жалаңаш күйде ақ кеме мен айлакты бақылады. Арғы жағалаудан түске таяу оралған поромнан түрлі қөліктер мен адамдар жапатармағай төгіле түсіп, бергі жағалауда күтіп тұрғандар кезек-кезегімен мінісіп, сүт пісірім уақытта алып ақ кеме қайта қозғалып, айлак бос қалды. Паромнан түскендер де Құршімге қарай тартып отырысты.

Тек өлде біреу үш аяқты «Урал» мотоциклімен Байбура жасырынып отырган жақтағы жолға тұсті. Ол

көптен бері караусыз қалғаннан шұрқ-тесік бол тозып кеткен қарғымалы жолмен шоқалақтап, мұның тұсынан өте шыкты. Қек бүйра бұта арасында бой жасырған Байбура да бөденеше бұғып қалды. Мотоциклші ат шаптырым жерде көрініп тұрған жол үстіндегі Славянка ауылына барып кірді.

Ал ақ кеме арғы жағалауға кетті. Айлақ бос. Мұны іздегендей ешкім де қара көрсетпеді. Қайдан көрсетсін, Құршім поромы – қанды пором ғой... Қыста мұз үстінен өтем деп, талай көлік мұз астына адамымен кетсе, жазда жас балалар палуба жақтауындағы дөнгелек тесіктерден құлап, құрдымға жұтылған. Бұл да сол бейбактардың бірі. Жұрт куә.

Байбураның қөнілі біржолата орныкты. Енді алансыз аттануға да болады, бірақ қайда? Құлақ естімес, көз көрмес жакқа... Онда не бітірмек? Қолынан түк келмейді. Келетіні – кісі өлтіру – соғыс... Қолына бірақ қайта қару алмасқа Кавказ жерінде – Әзіrbайжан елінде ант ішкен. Енді не іstemек? Мария-Агата Сванның айтқаны айдай келді. Сол жолы-ақ сорлы басы анасындаі жалынған Мария сұлудың сонынан ілесіп кету керек еді... Енді, міне, елім-жерім деп келіп, қолым-белім деп есенгіреп отыр. Тамағы құрғап, тілі байланып, шөл қысты. Орнынан жылдам тұрып, тез киінді.

Бесін ауып барады...

Байбура Славянка ауылына қарай жолға шыкты. Ойына Мария-Агата тағы оралды. Оның алпақ жүзі мен риясyz құлкісі есіне түсे берді. Бәлкім, Мұзтауға келген шығар. Құдай-ау, шілденің ортасына қарай Раҳман бұлағында күтем деп еді ғой... Шынымен күтіп жүр ме екен?! Мүмкін емес... мүмкін! Иә, о да мүмкін! Әйел сүйіп қалса, сөз байласса – өтірік айтпас, уәдесінде тұрап... Тұрады. Сонау Швециядан басын бәйгеге тігіп, Кавказдағы жат жұрт үшін жанын аямаған әйел сарбаз ғой. Алтайға – Мұзтау мен Раҳманға оралуға тиіс. Ол мұны ұмытпак емес. Ұмытпайды да. Иә! Иә! Мария-Агата Алтайда... Екеуі жолығыспауы мүмкін емес! Тәнірі

тілегін берсе, бұларды тағдыр сокпағында тоғыстырыры хақ. Тіпті жолығыспаса, Рахман арасанына бара көрер, ары қарай Алтай асып, Мұзтау басып, Тайга аралап тынығар... Бұл тыныс алар уақыт жетті ғой.

Осы бір ойға бекіген Байбура ауылды қақ жарған касқа жолдың бойындағы алғашқы ағаш үйге бұрылды. Еңселі келген шатырлы үйдің көк қақпасын қақты. Ар жағынан ит абалап қоя берді. Ізінше итке орысша басу айтқан дауыс естіліп, қақпаны кеп ашты.

Еңгезердей кержақ шалы екен. Байбураның сәлемін алмастан түр-түрпатына жабайы мәлінше көз жүгіртіп, не керегін сұрады.

— Су, — деді Байбура.

Шал ішке үн-түңсіз кіріп кетті де, бұл сыртта қала берді. Кешікпей шал сыры ұшып кеткен ескі темір шөмішпен толтырып су алып шықты. Байбура мұздай бұлақ суын басына бір-ак төңкеріп, «ух» деп демін терең алды.

— Ешё, — деді кержақ шал жактырмagan жүзбен.

— Нет, спасибо! — деді Байбура ризалықпен; ауылда «Урал» мотоциклі кімде барын сұрап еді, кержақ шал білмеймін деп басын кекжөн еткізіп, есігін тарс жапты.

Байбура бұрылып жүре бергені сол еді, ит үрген жақтан салдыр ете түсіп, жерде домалай жөнелген темір шөміштің дауысы естілді. Өзі ішкен ыдыс екенін түсінді. Касқа маңдайынан қамшымен тартып қалғандай калт токтады. «Бродячий басурман!..» деген кержақ шалдың кемсіту үнін де құлағы шалды. «Ит те ішпес итаяқ болды-ау» деген ойдан басына кан шапшыды, бірак тістерін қышырлатқан күйі шыдап бақты. Бір шөміш су үшін шу шығару — өзін қолма-қол өшкөрелеу... Еріксіз ұзай берді.

Көк терек көмкерген көшеде бейсаут жан да көрінбейді. Торғайдың балалапындағы тыным таппайтын балалар ғана көленкеде асық атып жатыр. Байбура орыс-казағы аралас балалардан кеп білді: шетелдік машина көп екен, ал жалғыз ескі мотоцикл Ойрат деген калмак жігітте болып шықты.

Балалардың бірі Ойраттың үйіне ертіп әкеп таставды. Жұпнылау келген, шатырлы дөнбек үйдің маңы коршалмапты. Үбірысған қора-қопсаның қасында бағана жол үстінде көрген «Урал» мотоциклі қантарыла қалыпты. Жолым болады екен деп ойлады.

Жалаңаш кеуделі Ойратпен аман-саулықтан соң Байбура қолқасын айтты.

— ...Тегін емес қой, үш жұз доллар, — деп қосып койды.

Ойрат ойланып қалды.

— Жан бағып отырған «жалмауызым» ғой, — деді Ойрат. — Өскеменге де осымен катынаймын. Жанармай аз кетеді. Ет тасуға қолайлы, любой иномаркадан артық. Алтайдың жолын білесің ғой... Тау жолы жаныған қылыштай қара тас, бірақ наличко да керек.

— Бауырым, — деді Байбура: — санап тұрып төрт жұз берейін. Маған қи, қысылып тұрмын. Люлкасы керегі жоқ.

— Неге?

— Мен жолсызben — тау-таспен жүрем. Алысқа... тез жетуім керек.

— Иә! Онда керегі де жоқ. — Ойраттың жүзінен бірақ танданысы білініп тұрды. — Геологпесін?

— Жоқ, туристпін.

— Қай жақтан?

— Атыраудан, — дей салды Байбура.

— Елін кім сонда?

— Адай. Атым — Аманғали. Ойрат, бауырым, қайтарда осы жолмен қайтам. Қайтсем де тастап кетуге тырысам. Бұзылып қалса, ел іші ғой, қай жерде қалғанын айтам... Болмаса, біреу-міреуден сөлем жеткіз деп, аманаттап кетем... Мотонды қи. «Ер мойнында қыл арқан шірімейді» деген. Ақырғы аялдар жерім — Рахман бұлағы... Сонда демалсам деймін.

— Арасан ғой, ауасы — шипа, сұы — бал... Шіркін, демалғанға не жетсін! Біз бокташақтан шыға алмаймыз...

«Уазик» алам ба деп ақша жинап жүр едім, жарайды, алсан – ал, – деп Ойрат тершіген қолын ұсынды; екеуі алақан қысысты. – Биыл күн ысып түр, – деп қойды тағы да: – Мұзтау жақ бірақ салқын ғой...

Ойрат мотоциклдің темір корабын ажыратқанша, Байбураға әйелі шай жасап жіберді. Екі бірдей үйелменді-сүйелменді ұлдармен Байбура түн асқан етті қамырымен қарбытып салды. Алтайдың жабайы сусарымсағын косып, қолдан пісрілген орыстық бөлке нанды да қомағайлана жеп, кілегей мен айраннан сіміріп алды. Аш қарынына ел қонды.

Неміс ой елегінен өтіп, орыстың олактау қолынан тау мен таска төзімді етіп жасалынған ауыр «Урал» мотоциклімен қозғалып кеткенде, Байбура алты ай бос жіберген күр атқа мінгендей қүйге енді. Тау-тас пен ой-шұнқырды елеместен Үлкен Нарынға қарай зырлап берді. Катон-Қарағайды бетке алған салт басты, сабау қамшылы Байбура күн батқанша жер апшысын қуырып, жолды өндіріп тастағысы келді.

Күршім мен Катон-Қарағай ауданын қақ бөліп жатқан ұлы жал – алты ай жаз қар-мұзы алатаидай шұбартып жататын Құзғынды-Жайдактың Ертіске еміне құлаған бұғы танау мүйісін кемерлей жүрді. Ат кекілін тарайтын жазғы самал мандайынан сипайды. Тау бауырлаған мотоцикл кедір-бұдыр қыр жолында ор қояндай орғып-орғып қояды. Тыныштықта мұлгіген орманды тау арасын көліктің дырылдаған үні дір еткізеді. Жанғырығып жартастар калады.

Жолаушының көніліне жел бітті. Бойын арда сезім биледі.

## II

...Ол екеуі де жарық дүниеге келгенде бақытты еді. Бақытсыз болғандары кейінірек. Көк аспандай кіршікіз еді. Кірлегендері кейінірек.

Осындаі бір бойлауық ой Байбураға оралып өтті. Катон-Қарағайдың зәйежиінде<sup>1</sup> жатып, ескі темір кереует серіппесін сыйырлатып қойып, Алқабегімді есіне алды. Армандары көп еді. Албырт сезімдері асau еді. Ақымақ еді. Арманшыл еді.

Сол күні... сол күні соңғы қоңырау соғылды.

Мектептің жиын өткізетін залында ұстаздарына дастарқан жайылды. Астан қайысқан дастарқан ұстінде кеседей бастьары майысқан Алтайдың алқызыл модағайлары – шұғынық гүлдері оттай лапылдал, жүректі билеп, сезімді тербеп тұрган-ды. Сол бір тау гүлдеріндегі шешек жарған сыныптас қыздар да ерекше нұрлы еді-ау!.. Аққұба, караторы өндері бал-бұл жанып, жүректері алып-ұшып бара жатқан. Тұн ортасына дейін ата-ана, ұстаздармен кезек-кезек ән салысып, кезек-кезек би билескен-ди.

Тұн ортасы ауа ұлкендер үйге тарқасып, бұлар Қарасенгір тауына қарай тартқан. Айдың алакөбен жарығында қарағай-шыршасыз, қараған-бұталы, қарашұбар жартасты алып қабырға қарауыта мұнарланып қарсы алған. Жетпістен астам өрімдей қыз-жігіт бірін-бірі жетекте, бірін-бірі сүйемелден тау басына – құлама кияға өрлеген. Сол бір жаз сол бір жандар бір ауылдан бірге аттанып кетсе де, ұлы өмір өткелегінде бірін-бірі сүйемелдей алмапты. Тіпті, қазір қайсысының қай киырда, қай кияда жүргенінен де бейхабар... Опасыз өмір, талайсыз тағдыр-ай!

Мамырдың мамырлаған тұні еді. Жылқының арса-арса қабырғасындай кия таудың көбен жоны семіз-дің сауырындай жайылып сала берген. Ары қарай Мажыраның жазаны – белен-белен белегірі бұлаңытып, қойнау-қойнау қолаты қарауытып жатқан. Топ-топқа бөлінген бұлар әр жерден алау жағып, қыздар жағы сыңғыр-сыңғыр күлісіп, жігіттер жағы қарқ-карқ жар-

<sup>1</sup> Зәйежи – заезжий дом.

қылдасып, от айнала билесіп еді. Жамбасқа құлаған Жетіқарақшы астында макпал түнді әнмен тербереген. Қыз бен жігіт жұптасып, бір-біріне сыр актарысып, жыр жарыстырып мәз-мәйрам болысқан.

Бұл да Алқабегімді ай нұрымен бірге аймалап, әлде бір ұры ойпанда – қан қызыл модағай гүлінің арасында жатқан. Алқабегімді алқымдап жатып айтып еді.

– Мен сені қызғанамын, Алқам! Мынау түннен қызғанам... мынау гүлден қызғанам... Анау айдан қызғанам... анау сайдан қызғанам – бәрі-бәрінен қызғанам!

– Қойшы, Бурам! Қызғаншақ болма! Мен сендікпін... Сен мендіксің... Тек қызғанбашы! Мен сені шексіз сүйемін!

– Онда неге жылайсын? Жылама, Алқам!

– Бақыттан жылап жатырмын, Бураш, бақыттан...

– Ой, ақымағым менің! Алданышым менің! Алқам менің!

– Әне-әне, жігіт атаулының жыры, – деп Алқабегім ай нұры астында аунай бұлқынып, аппақ саны сазандай жарқ етіп еді. – Мен саған алданышпын... Иә, иә! Аз құнгі алданышпын. Ермекпін... Айдалада шашылып қалар алқамын...

Екпеттеген күйі екі иығы солқылдап, жылап жатып еді-ау мұның су жана костюмінің үстінде – тапталған шұғынық гүлінің жұпар иісі анқыған түнгі ауаға түншығып... Бұл не дерін білмей абдыраған. Алқабегімнің мойыл қара шаштарын саусағымен үн-түнсіз салалай берген. Сондай бір сүмдық сиқырлы балдай тәтті, мұздай салқын сөтті бастан кешкен.

Алқабегімнің айтқаны келді ғой ақыры. Ол бұған бозбала шағындағы аз құнгі алданышы болыпты. Тағдыр атты қатал әмірші екеуін екі айырыпты. Болжалсыз әмірге екеуі де ерттеулі аттай жегіліп, бірі егіліп, бірі бүгіліп күн кешіпті. Ех, арман-ай!

Алматыға арман арқалап келіп, Байбураның көкірегіне шер байланып, Алқабегімнің жүрегіне қайғы

айналып, туған топырактарына томырылып қайтыпты. Тағдырға не дауа?! Тәңірінің ісі емес бірақ, адамның әрекеті кінелі... бұған. Желтоқсан жендегі бірін бар-сакелмес атанған Ауғанстан соғысына айдаса, бірін Алматы іргесіндегі Жаугашты өйелдер түрмесіне тоғытыпты. Амал қанша, арман азапқа, тағдыр тозакка айналса?!

Ортасы ойылып кеткен серіппелі төсекте екі бүктеліп жатып, түннің бір уағында Байбураның қөзі ілініп кетті. Ілеңде кор ете түсті. Таң алакеуімінен сам жамырағанша – Күршімнің Қаратогай ауылынан Катон-Қарағай аудан орталығына жеткенше жанталасқан жанкешті тән бір сәт байсал билеп, шүберекке түйілген қу жан да байыз тапты.

Тау жолы соғып, Ертіс суы сорып тастаған Байбура өлі үйқыға шым батты. Жаны жай тапқан, тәні толас тапқан әлден бір уақытта санасты да серги берді. Сергу санаға жазғы қаракөк аспанды қөктей өткен сол бір боз сәүле – Ана-Бөрі сұлбасы келіп қонақтады.

Сол-ақ екен Байбура тап өніндегідей көрінетін өзге бір ұлы әлем – тұс әлеміне еніп кетті... Ана-Бөрі болып келген қасиетті Бозиесі құдіреттің күшімен жұмбақ құбылыс жалт еткен дүниеге ертіп кетті.

Түсіне Алқабегім кірді. Ақиқатында, Алқабегім басынан кешкен қиямет-қайым өмірдің өткеніне Байбура тұс арқылы өзі оралып, санасында сәулелене көрініс тауып еді...

Алқабегімнің өні қудай екен. Көгілдір бөлме ішіндегі операция үстелі үстінде жатыр. Бас жағынан жарық лампалы шарайна төніп тұр. **Жанары жұмық.** Тұмсығы томпиған аппак демалтқыш аппаратпен тұмыйлдырықтаулы. Екі жағынан қатарласа тұрған ақ халатты дәрігерлер қызу құмылдауда.

Олардың ақ қолғап киген колдары қып-қызыл қан. Кенет кіндікке дейін жарылған жатыр ішінен сәбиді сұрып алды. Дүниеге жатыр жарған жармақ келді... Жармақты тәмен жакта тұрған біреуісіне бере салды.

Ол сәбиді бір қолынан көтеріп тұрып сілкіп қалды да, құйрығынан тартып-тартып жіберді. Үсті шырыш пен қан-қан жармақ сол сөт жан кіргендей шыр ете түсті.

Жармақ сәбидің жан шырылын күтіп жатқандай, Алқабегім оқыс көзін ашып алды да, кайта жұма қойды. Оны бірак жанталаса тігіп жатқан дәрігерлер байкамай да қалды. Іле Алқабегімнен әлдебір сағым сиякты сөулелі сұлба бөлініп, төбеге қарай көтеріле үшты.

Бұл сұлба – Алқабегім рухы еді...

Алқабегім рухы төбеге дейін көлбей көтеріліп, өзінің жазықсыз тәніне жармасып жатқан дәрігерлерге төніп қалды. Ұлы рухы жан мен тәнге как жарылып, төбеден танырқай тәнген Алқабегім үнсіз мұнаяды. Тәні – кергіде, жаны – көкте.

Сөйткенше дәрігерлер жанталасты да қалды.

- Жүрегі тоқтап қалды...
- Тез! Тез! Тыныс алдырындар! Тыныс... искуственний...
- Электрошок... электрошок! – деп айқайлады бірі.
- Тігіп біттің бе?
- Біттім! Біттім! – деді екіншісі.
- Тыныс беріндер, тыныс!.. – деп ысылдай айқайлады тағы бірі.

Олар ак халаты желпілдей, ак қолғапты қолдары ербендей қанша қимылдағанмен, Алқабегім тәні жансыз жатыр еді.

- Бітті! Жүрек тоқтады...
- Кеш қалдық... Бұ қалай болды?!
- Жүрегі де біркалыпты жұмыс істеп тұрған...
- Нархоз да мөлшермен берілген еді, – десті бөрі де.
- Сәби аман қалды... Оған да шүкір!
- Иә! Анасын жұткан жалмауыз... Шата ғой!
- Шешесі тапқысы келменті...
- Желтоқсан жендеттері зорлапты...
- Іштен шықкан шұбар жылан ғой, шешесі қанша рет түсірем деп өрекет жасапты... Түспепті.

– Карнына қанжардай пышак та салыпты, бейшара!  
Аман қалыпты.

– Ақыры осы... Өзі құрбан болды.

– Моркке жіберіндер. Шақыр өлгі қортыкты!

Қортық та есік сыртынан суман етіп жетіп келді.

– Орақбай, әкет мынаны!

Қортық Орақбай Алқабегім жатқан жансыз тәнді арбасы үстіне аудара салып, әкете жөнелді. Тастанды тағдыр кешіп, балалар үйінде теріс-қағыс тәрбие көрген, өмірге өкпелі Орақбай ғой. Отызды орталаса да отау құра алмай жүрген қортық-шартық жігіт сүйек лактырғанға ұмтылған көрі көндендей жылман қакты. Алқабегімнің сұлу тәніне сұқтана көз сап, езуінен жұмбақ қана жымып койды... Оның сонынан қауырсындағ ұшып Алқабегім рухы да үнсіз ілесті.

Қортық, мәйіт, рух – үшеуі де төмендегі салқын жертөлеге лифтімен тұсті. Мұнда мәйіттер ақ матага оралған күйде су төгілген цемент еден бетінде шашылып жатыр екен.

Салқын жертөледен сұық бір леп еседі. Орақбай бірақ сескенетін емес. Қамыт аяқтары корбандап, қортық жауырыны құдістене көтеріліп, Алқабегім тәнін бұрышқа таман арбасымен сүйреп барды. Оған мынау мұздай катып жатқан сүйектер мен көнілге үрей ұялатар салқын мәйітхана мұлде әсер етпейтін секілді. Дағдылы жұмысы ғой.

Әлі сұнынып үлгермеген Алқабегімнің жып-жылы тәнін арбадан аударып тастауға ерінгендей, Орақбай қортық бір мезгіл дағдарып тұрды. Жан-жағына мысықша үрлана қарап-қарап алды. Ешкімнің жоғына көзі жеткендей болды ма, кенет өзінің иығынан келіп тұрған арба үстіне секіріп мінді. Сол бойда шалбарының ауын ағыта бастады.

Бір сүмдикты түйсінген Алқабегім рухы оқыс сілкінді. Ол әлі де ауын ағыта алмай әлектеніп, арба үстінде, мәйіт тізесінде шоқиып отырған Орақбай жүзін

шапалағымен тартып өтті. Қортық бетін өлдекандай жылы леп жанап өтті. Ол да аңырып қалды да, орысша шешеден бір боқтап жіберіп, ауының түймесін үзіп жіберді. Енді рух та шыдай алмады білем, әлі сұнып үлгірмеген тәніне Алқабегім қалай еніп кеткенін өзі де сезбей қалды. Сол сөтте тұла бойы тіксіне шымырлап, жаны ышқына қиналып, төмен жағында томардай шоқиған қортықты шірене тепті.

Ет пен сүйектен біткен бұла тәнде ыстық қан жүгіріп, бұлшық ет ширығып, сана да саралана берді. Алқабегім оқыстан басын көтеріп отырды. Ал Орақбай қортық болса, оқыс жан кіріп, тұтқылдан тірілген мәйіттен зәре-иманы ұшып, шығар есікке қарай шошына еңбектеп бара жатты.

Жан-жағына жалтандай қараған, сана-сезімін үрей билеген, жарылған жатыры қиналта ауырған Алқабегім:

— А-ай!.. — деп айқайлап жіберді. — Малғұн!.. Малғұн!

Сол бір сәт Байбура да шошына оянды...

Таң атып кетіпті. Бұл аш күзендей бүктеліп жатыр еken. Орнынан оқ жыланша атыла тұрды. Тұсінен шошынған жаны ышқына қиналды.

— Астафиралла! Ой, Аллай-ай, не жаздым?!

Әлгіндеғі ауру Алқабегім де жым-жылас.

### III

Катон-Карағайдан тез аттанып кетті. «Танғы ас – тәніріден» деп түйді, ел іші... Тек темір сәйгүлігіне жанар майды толтырып алды. «Рахман бұлағы» шипажайына дейін жетуге тиіс.

Шілденің шанқан күні. Алтайдың ақ бас биіктерін сайтан көбелекше шыр айналып жүретін үшпа бұлттар да жоқ. Өрел мен Берелге қарай созылған асфальт жол да бұзыла қоймапты. Баяғы бала кезінде әкесі Құзғынды мен Жайдак асырып, Шыңғыстайдың үстінен Иректің жолы арқылы атпен тұсіргені есінде... Әлде бір алыс нағашыларының шанырағынан бәсіре мініп қайтып еді-ау!

Енді Мария-Агата Сван үшін Рахман бұлағына бас бұрып келеді. Ол бар ма, жок па – белгісіз. Басқа бірақ амалы да жок. Көңіліне тиянак, тағдырына араша – сол Мария-Агата болардай соқыр сезім билеп, сырғақ сенім ұялап алған.

Кара шашын жел қайырып, екі дөңгелекті мотомен ұштырта түседі. Алматыдан шыққалы жол үстінде. Құдай-ау, құллі тынымсыз ғұмыры сандалған сапар сауырында өтіпті-ау! Алтай – Алматы – Ауғанстан – Кавказ – Алтай... Канаты күнге шарпылған, шенгелі қанға шыланған қырандай еліне, кіндігі кесілген жеріне де оралыпты. Тұзак түскен тағдыры, тозақ кешкен өмірі кімге мәлім?! Кімге дәру?! Ешкімге... тек өзіне... Сол сияқты Алқабегімнің де ашы тағдыр-талайы тек өзіне... Тәнірінің қалауымен мұның түсіне кіргендей қөнбіс рухы қалай жынданбасын?! Қалай қамықпасын?! Пенде атаулы бір-біріне жау бола алады, бірақ ку жанына пана бола алмайды еken. Өмірі ойрандалған, санасты сансыраған қайран сұлу! Ару Алқабегім! Қайтейін! Обалың кімге?!

Байбураның көзінен парлаған жасты жел іліп әкетіп жатты...

Ал Ертіске құяр тар сағадан Мұстаудай мұзартқа дейін созылып жатқан ұлы Бұқтырма аңғары Байбурамен бірге аңырап түр еді. Жолаушының он жағын ала барыс құйрықтанған созылып жатқан Құзғынды-Жайдак жонының Ирек атты ұзына біткен бүйра бойы – алқам-салқам алып қабырғаларының құз-қиялы, сай-салалы, ұры жылғалы беткейінде сынсыған арша-шыршалы, қарағай-қайынды, қаракат-ұшқатты қалың орманы да күніреніп кеткендей. Сол жағын ала арсы-күрсі алқына аққан Бұқтырма өзені де тауды іреп, тасты жарып сарылдай, ғүрілдей үн қатады. Атпен жүрсөң неше күншілік ұлы аңғардың астаудай ұзына бойы Байбураның боздаған жан-дүниесіне қосыла жылағандай әсер етеді. Көкпенбек көгалдар «ойбауырымдап» тербелгендей,

көкке шаншылған қарағайлар ырғала жоқтағандай тау арасы мотоцикл дауысымен сыңси жаңғырығады.

Алтайдын бүлт бүккән кірсіз аспаны мен тұмса күйін сақтаған кіршікіз табиғаты осынау бір шілде күні саумал самалымен кең дүниені желпіл тұр. Кей тұста тау бауырлап, кей тұста тау жазығын жебелеп, кей тұста орман ішін сұнғы көбелеп, кей тұста ағаш көпірлі өзендер үстін кесіп, көлігінің шабакты дөңгелегі шырайнала ағызып келеді. Бір бұрылыстан қозысын ерткен үш елік тандары жарқылдап, балапан шырша бөріктене өскен мүйіске еніп кетті. Енді бір тұста жол қолмен қашап тұрғызғандай жақпар-жақпар жартасты, етегін ақ қайын мен бозтал қомкерген, биігін жай тұскен қу қарағай мен самырысын бектерген оқшаша шоқыға кеп тіреліп, айналып өтті.

Көздін жауын алып, аузынды анқита аштыратын Катон-Қарағайдың сұлу табиғаты хас арудың тал мүсін, кербез кескінін елестетіп өтеді. Шыңғыстай ауылы тұсынан арша-шырша таласа өскен құлама қияға карай мүйізін кесіп тастаған әлде бір кер бұғы керіле шапты. Байбураның да қөнілі көтеріліп сала берді.

Өрел ауылына жете асфальт та таусылды. Ары қарай тастақ жол. Өрелден өте, Бұқтырманы бойлай өрлеген Байбура өзен жиегіне мінбелей, орман ішін тінткілей шаңырақ көтерген қос киіз үйге тап болды. Жолдан шұғыл бұрылды.

Тұс боп қалған. Байбура дарылдаған көлігін қантарды. Мұны Бұқтырма сұнының шуылы мен ала төбеттің әупілі қарсы алды.

Қымыз ашытып отырған алпысты алқымдап қалған егделеу ерлі-зайыпты екен. Байлағандары бес бие. Өрелдіктер көрінеді. Бос отырғанша ауылдағы бала-шаға мен немерелерге сусын болсын деп үстапты.

Байбура өзін Өскеменнен «Рахман бұлағы» шипажайына демалуға келе жатқан адам ретінде көрсетті. Найманнның түйе бауырсағы – найман бауырсактан

карбыта асап, бал татыған бесті қымыздан шоң шынымен сыйзыктата сімірді. Сарайы ашылып, қарағай арасына көленкелетіп тігілген салқын-сабат киіз үде мандайынан тер бұрк ете тұсті. Картоп пен тау сарымсағы араластырыла қуырылған қойдың қуырдағын да сылқитып алды. Таң атқалы оразасын ашпаған азамат атжамандай жалманадады. Үй иелері де құдайы қонаққа құрап ұшты.

Қымыздан бойы қызып, балбырай бастағандай болды. Ұлкендерге рахметін жаудырып, сыртқа шықты. Іргедегі жарқабақты солқылдата соғып жатқан Бұқтырмаға беттеді. Қеудесін беліне шейін жалаңаштап тастап, балтырды тізеден түріп, жалаңақ тұрып жуына бастады.

Басын Мұзтаудан алатын Ақбұлқақ өзенінің тастай сүймен корлана афатын Бұқтырма қымызға қызған тәнін мұз басқандай басты. Сергіп сала берді. Қымызшылармен қысқа қоштасты.

Рахман бұлағына қарай ұлы шатқал терендеп, жол киялай қабырғалап биіктеп, қақпа тасты бұрмалар көбейіп, атам заманғы қарағай, самырсын орманы итініп, Байбура асықпай жүрді. Рахман мен Каракөлге айырылатын жол айрықта бұл солға бұрылып кетті.

Сол бетінде Ақбұлқақ өзенінің жүз метрдей биіктікten тастан тасқа секіріп, қойтастардың арасында бұлтың-бұлтың етіп, бойжеткен сұлудай бұлғак-бұлғак қағып, құлай ағатын әйгілі сарқырамасы басынан бір-ак шықты. Қарағай мен шырша көмкерген кия бетте құлай аққан судың таңғажайып сұлулығына таң қала тұрып шөлін басты.

Балапан шырша мен балғын тал, ак қайың мен көк терек, биік шөп тұнған төнірек сарқыраманың ак көбік шашқан аткөпір сүйнен сарқ-сүрқ қайнаған дауысына ұйып, самалмен тербеледі. Сарқырама маңы дым бүркеді. Ескен самал да дымкыл.

Сарқырама басында салқындап алған Байбура ұдере қозғалды. Белуардан жайқалған көк тотыяйындай қалың шөп тау жолының кемерін тұтып, мотоцикл дөңгелегіне

оралады. Қаракөлге қарай жақындаған сайын төніректі түбіттей тұтқан шыршалы орман молая тұсті.

Бесін ауған мезгіл. Орман селдіреген белен үстіне шыға келгенінде, Байбураның жүрегі шым ете қалды. Көз алдында адам айтса нанғысыз әсем сурет қаламмен сзызып қойғандай жарқ ете тұсті. Қөлігін қалт тоқтатты.

Көкпенбек айдынды көл. Аумағы аламан бәйге шаптырым. Тұп-тұнық көл айдынына көленкесі шомылып Мұзтаудың тәқаппар шындары шайқалыссыз қөлбейді. Бұған жақын етегінде екі бұлан көл кешіп, бір-бірін желкеден қасынып тұр. Жиектей созылған беленін бауырын жалдай жатқан қара жол тепсенге орын тепкен орманшылардың үйіне барып тұйықталыпты. Ал көлдің арғы бетіндегі қысырдың жонында бесік сауырлы, орманды таудан асып, аттың ері тектес қос қасы құміс жапқандай шокылана көтерілген атақты Мұзтау шыны асқақтайды. Оның ұлы сұлбасы көл бетін әрлеп, көз тұнар сұлулыққа суғарып, айдынға аққудай шомылады.

Осынау көніл аулап, көз арбайтын сұлулық Байбураны да қакқан қазықтай қадап, қадалтып тастады. Ауғанстанның Гималай мен Гиндукуш, Кавказдың Эльбрус секілді әсем таулы жерлерін көрсе де, Катонның Қаракөлі мен Мұзтауы, Құршімнің Марқақөлі мен Құзғындысы сияқты мінсіз сұлулықты Байбура кездестірген емес. Қоңыр салқын самал жүзін сипап өткенде ғана ес жигандай күйге енген ол қөлігін оталдырыды. Егерълердің ақ самырсыннан қып салған дөңбек үйіне тез-ақ жетті.

Жай уақытта адамдар толып жүретін орманшылар үйінде бір-ақ адам болып шықты. Қалған егерълер шетелдік туристерді: көбісі – орысы, фині, шведі, французы бар рерихшылар<sup>1</sup> екен, Мұзтауға косар атқа мінгестіріп-ұшқастырып алып кетіпті.

---

<sup>1</sup> Рерихшылар – белгілі суретші, мәденияттанушы Николай Рерих жолын қуушылар.

Атұсті таныстықтан соң:

– Жаксы келдің, Бектүр, – деді елуді еңсеріп кеткен егеръ Әбділда Дөлденұлы Байбураға. – Әйтпесе бүгін анау мол сорпаға жалғыз түсетін болдым-ау деп отыр едім.

– Ол қандай сорпа? – деп қалды Бектүр-Байбура.

– Ә, сен білмеуші ме ең? Бұғы мүйізінің сорпасы ғой. Кеше Жуан Жиембек пен Сапылдақ Саниязбек мүйіз алып келген. Жас мүйіз. Июньде кесілген.

– Бұрын естіген едім, бірақ... – деп Байбура тоқтап қалды.

– Иә, Бектүр, саған бұйырып тұр екен. Моншаны да жақсылап жағып ек. Аяқ астынан әлгі бір рерихшылар деген перілер келе қалмасы бар ма... Долларды көрсеткен соң, екі қолдарын алдарына салып бос отырған егерълер де жанып түсті.

– Сорпаға да қарамады ма?

– Кайдан қарасын, бұғының қаны – пантакринді ішіп алған соң, егерълер де перілер боп шыға келді... Рерихшылардың арасында қыз-қырқын мол екен. Пантакрин оларды да құтыртып жіберді. Тұс ауып бара жатса да тұла бойлары қызып, ұлы тәндері қозып алған екі жағы да атқа қонды ғой.

– Олар Мұзтауға бүгін жете ала ма? – Байбура еріксіз сұрады.

– Жете алмайды, бірақ желігіп алған жұртқа дауа жоқ. Шілде ғой. Тау қойнауы жылы. Біздің егерълер жас жігіттер ғой. Бөктергілерінде жылы киім жетерлік. Ана періштеміз деген перілердің да палаткалары бар. Тоңазып жатса, қойынласа кетуден тайынбастай көрінді... Пантакринді де өкіртіп сатып алды ғой. Әй, бір отыз шөлмектей бар.

Әбділда мен Байбура әнгімелесе жүріп етектегі дөңбектен салынған моншаға кірді.

– Есікті ашып таста да, шешіне бер. Мен моторды қосып келейін. Жарық керек, – деді егеръ. – Әлгі

Саниязбектің ақылды иті – Белка-Санияз да ес еді...  
Бүгін кеш жалғыз өзім жарықсыз-ақ отырам ғой деп  
едім. Бектүр, бауырым, қайта сен келіп...

Тау арасына кеш ерте түседі. Күн тау тасасына  
тығылған. Алакөленке монша іші ыстық екен. Жарық та  
жанды.

Байбура қайың жапырақты сымыртқымен соғынып  
жатқанда, Әbdілда да сөйлей енді.

– Көп соғынба! Давлениен қотеріліп кетпесін. Жай  
шайынсан болды. Сорпаға түсеміз ғой, – деді. – Сенің  
жолдан адасып келгенін де дұрыс болды, мүйіздін қан  
сорпасы тәнінді жібітетін болды.

– Ага, мен жолайрықтан солға емес, онға кетуім  
керек қой, – деп Байбура қайыра сұрады.

– Иә, Бектүр онға кетіп, сол жолдан бұра тартпауын  
керек, – деп Әbdілда ауыз бөлмеге шыға берді. – Карап  
көлге бір шомылып алайық. Денеміз салқындасын.

– Жолдан адасканыма өкініш жок, – деді Байбура. –  
Аса бір асығыс та емеспін. Каракөлдей ғажап көлді, көл-  
ге құлаған Мұстаудай сылқымның сұлу суретін көрдім.  
Ақбұлқақтың экстремалдар қайықпен құлайтын сұмдық  
сарқырамасын қызықтадым. Ол аздай, бұғы мүйізінің  
сорпасына шомылайын деп тұрмын.

– Бектүр, бауырым! Бұл Алтай ғой. Оның жұмбағы  
да, жұмағы да барышылық. Тек байқай біл. Көз керек.  
Өкінішке қарай Мұстаудай арудың көлге түскен сұлу  
сұлбасы ғана біздікі...

– Қалайща?

– Соған ғана малданып қалдық қой. Оны Ресей алып  
қойған. Қазір орыс қызығын көріп отыр. Қиыр шеттегі  
Мұстау тұрмақ, Алматының іргесіндегі Хантәніріде  
қытайға қарап кетілті дегенді егерълер айтып жүр...  
Бізден қырғыз күшті боп тұр дейді, олар Хантәнірінің  
өздеріне қараған бетін қытайға қиғызбапты...

– Сонда біздегі ұлы шындар жоқ дейсіз бе?

– Солай болып тұр. Елінің шекарасына шолғыншы  
қарауыл, есігіне сес болған қос босага – егіз қозыдай

шын енді жок. Егіз біткен найза-ұшар тәуелсіздікпен бірге тұманға жұтылды. Шындар ұлы болғанмен, ұлт ұлы бола алмай түр. Қазір ұлылардың орнын ұлықтар басқан, ер ұлдардың орнын ұрылар басқан. Ұры заман – ұлы заман атанған бір улы заман ғой... Ел етекке қарай еңкілдей көшкен, жер жетімсіреп жұтап қалған бір уақ. Біреу Сырдан, біреу қырдан ауып жатыр. Қайда баарын құдай білсін?!

Екеуі сұығы мидан өтетін көл сұына бір-бір шомылып шықты. Қоңыр кеште Мұзтау жақтан соққан желемікке жондарын тосып, тістері тістеріне тимей сақылдады. Иектері икемге келмей дірілдеп, сөйлеуге мұршалары келмеди.

Асығыс моншаға кірді. Байбура егеръдің еріксіз артынан ерген. Олар ауыз бөлмеден енетін тағы бір есікті ашты. Кендеу бөлме екен. Ішінде төрт бірдей кісі бойы ұзын, кәдімгі шомылатын темір астau түр. Ортан белдеріне дейін каракүрең сұйықтыққа толып түр.

Әбділда келген бойда шетіндегі астauға шым батты.

– Ух! Ой, жаным-ай! – деген дауысы да шығып кетті.

Состиып тұрған бұған:

– Тұс! Не қарап тұрсың? – деді асыға сөйлеп: – Қазір жаның жай табады... Ой, жан-ай! Қу жан-ай! Шіркін, корғасын сорпа!

Байбура да қасындағы астauға қойып кетті. Қан жылым қоймалжың сұйық тоназыған тәніне майдай жакты. Дененің дірілі, тістің сақылы сап тыйылды. Бой-бойы шымырлап ала жөнелді.

– Қалай? Денен жана туған сәбидің ұлпа тәніндей балбырайды әлі, – деді Әбділда. – Бұған патшалар не үшін түседі дейсін, күш-қуат жинау үшін... Денсаулықтың дәрісі. Табиғи шипа.

– Ой, ракмет, аға! Өмірімде құтпеген нәрсем еді...

– Ракметті маған емес, Алтайдың актандак бұғысына айт! Тәнірінің өзі текті етіп жаратқан жануар ғой...

– Аға, тәнімді мың сан ине шабақтап жатқандай, – деп қалды Байбура.

— Ол жақсы. Бойынды өбден сұық кармап қалған ғой... Тек үйиқтама! Жүргегін ауырмай ма? Қан қысымың қалай еді?

— Ойдағыдай, аға, қорықпаңыз, — деп Байбура да балбырай түсті.

Қара тырнағынан қара шашына шейін шанши жыбырлап, қарақұсынан сүбе құймышағына шейін ысый шымырлап әкетті. Екеуі де тасбақаша бастарын қылтитып, қан сорпа ішінде көздерін тер жауып жатты.

Сүт пісірім уақыт өте орындарынан тұрысты.

— Енді пантакрин де, шай да ішуге болады, — деді егеръ Әбділда Дөлденұлы.

Олар тұн жамыла дөңбек үйге қарай келе жатты. Көл бетін тербеген ызғарлы леп киімшеш жауырындарынан оқша қадалады.

Ай өлі көтеріле қоймаған. Төнірек құрым киіз тұтқандай қараңғылық құшағына батқан. Айнала орман да қалғулы. Дүниені өлі тыныштық билегендей. Осы бір өлі әлемге тігілген сансыз шырақтай жүлдыштар ғана жамырай жылтылдайды. Қараңғылық көгінде олар да мәйіттей сірі жерге жақындей түсіпті.

Мұзтаудың ақшанқан басы да карауыта қалыпты.

#### IV

Қарағайдан қызып салынған төрт бөлмелі үйдің іші құлаққа ұрған танадай. Салқын. Қараңғы.

Байбура мен Әбділда ас-су ішіскен соң қисая кетіскен. Пантакринді шай қасықпен екі-екіден тартып алысқан. Мүйіздің сорпасына түсіп, мүйіз қаны аралас қүрәң сүйіктік ішкеннен бе, Байбураның бойы қыза түсіп, жамылған көрпесін серпіл таставады.

— Жамылмай-ак қой, сорпадан соң ашы терің басылып қалды ғой, — деді Әбділда.

— Бойым қызып... ішімде бір жалын бар секілді, — деп Байбура шалқалай аунап түсті.

– Пантакрин әсері, – деді егеръ, – қаның таза екен, бірден бауырына барған ғой. Сен ертең кетпексін, ө?

– Иә, Рахманға жетуім керек. Құткен адам бар, – деді Байбура елеусіздеу қып.

– Десе де, сорпаға, болмағанда, үш күн түсін керек еді... Бұған жеті күн немесе он үш күн шарттап түседі. Сонда әсері ерекше құшті. Сүйегін жібіп, етің елжіреп, жана туған сәбидей боласын, – деп егеръ де қырындай жатты. – Эйел адам болды ғой... – деп қойды.

Байбура «жоқ» дей алмады. «Солай» деді жай ғана.

– Онда жөн. Асығыссын, содан сездім. Жалпы, ерекк әйел мен ажалға асығады, – деп қойды.

– О не дегенініз?! – деп Байбура тіксініп қалды; талай тажал мен ажал жұзбе-жұз жолыққанда дір етпеген жүргегі тұңғыш рет сыр бергендей болды.

Әбділда да әбес сөйлеп қалғанын сезді білем, үнсіз қалды. Іле:

– ...Пантакрин ішкен соң құр аттай желесін, – деді жуып-шайған боп: – Бұл өзі еркекті үйірге түсер атпал бұғыдай, әйелді сынарына сүйкенер бұла маралдай қүйге ендіреді. Не бір салбөксе үрғашы мен сары кездік ерекк аз құнде-ак зар қүйіне келеді... Сондықтан ғой алтайлықтар кесіп жатқан маусымдық мүйіздің атқылаған қанын шімірікпей жұтатыны. Бізді білмейтін жұрт «қан ішкен казактар» деп таныркасады.

– Сұмдық екен, аға! Жүрек лоблар...

– Бу көтерілген ыстық қанға аздал арақ қосады ғой... Бір-ак тартасын. Жылқының үлпершек майын шикідей жұтқандай, май ішкендей боласын, – деп Әбділда тамсанып қойды. – Жә, жігітім, үйықталық!

Байбура бірақ әлден бір уаққа дейін үйықтай алмады. Қаранғыда тәні қызып, аунақшып жатты. Қасындағы егеръ дүниені басына көтере қорылға басқан. Ара-арасында мұрны шуылдан, Алтайдың тиін түстес ұлпа түкті тараққұйрық тышқанынша ыскырып-ыскырып қояды.

Байбураны да байсал бір күй биледі. Көзі жұмылсымен бой-бойы қорғасындаі балқып, шымыршымыр еткен шымшыма да сап тыйылды. Өлі үйқыга дендеген мезгілде өткен өмірі түстей орала берді.

Жұлдыз шырақтары жанған қараңғылық көгінен жұлдыздай ағып түсken Бозиесі – Ана-Бөрі түс бол шайқалған өмірінің тағы бір талқы кезеңіне тап қылды. Эйгілі Ауғанстан таулары арасында ұшып келеді екен... Верталет ішінде екен. Әлемге белгілі «МИ-24» тікүшағы. ДШБ-ның<sup>1</sup> жиырма бір десантшысы темір қалбырға нығыздалған шарасыз шабактар секілді.

Гиндукуш тауларының айыр өркешті, жалаңаш жақпар жартасты сілемдері. Тікүшақ оқыс селк етті. Сол-ақ екен шайқалактап калып, кенет қиялай құлдилай берді. Сөйткенше ұшқыштар отырған кабина лау етіп отқа оранды да, бүйірлей ұшқан тікүшақ іші көк тұтінге толып кетті.

– Без паники, десантники! – Командир дауысы оқыс шықты.

Талай ұрыста шындалған жауынгерлер қабырғаға құлай жабысып қалса да, үрей шақырыспай тілін тістеді. Тұмсығы отқа оранып, қүйрық жағынан қара тұтін будақтаған әскери машина қиғаштаған күйі бүйірлей барып құлады.

Бүйірін сыза жерге соғылғандаған десантшылар дауысы шығып кетті. Үйме-жүйме болды да қалды. Байбура артқы жақта ремен тұтқадан ұстап тұрған, бұл да бірақ әлдебіреудің үстіне онбай құлады. Естерін жияр-жимастан есікті теуіп, өншең жас сарбаз сыртқа ұмтылды.

Десантшылар тікүшақ багы жарылғанша сүйрелеп жүріп бірін-бірі шығарысып алысты. Ұшқыштар өртеніп кетті де, бұлар жан-жақтарын жанталаса барлады. Бір

<sup>1</sup> ДШБ – десантно-штурмовой батальон – десанттық шабуыл батальоны.

жағы – дөнгелене біткен жартасты құлама құз, карсы беттері мен қапталы көкшір тасты қыратты биік тауға барып тіреліпті. Дұшмандар<sup>1</sup> сол биіктен тікүшаққа оқатса керек.

Командирлері капитан Беркутов Булат дереу қожыр тастарға бекінуге бұйырды.

– Сержант Майданов, сол қапталды жап! – деп бұйырды қысқа ғана.

Беркутов Ауғанстанда төртінші жыл соғысып жүрген тәжірибелі офицер еді. Ұлты – орысқа сіңген татар. Лакап есімі де «Булат-татар». Байбура екеуі сонғы бір жарым жылда жұптарын жазған емес. Бұлардың ротасын жұрт «элита-эдельвейс» дейтін, өйткені тау басында жүргізілетін ұрыстарға алдымен аттандырылатын. Сан мәрте сын болған жорыктарда дұшмандарды сан соктырып, абыраймен, аз шығынмен оралған.

Бұл жолы барлауға жіберілген болатын. Өкінішке қарай діттеген жерлеріне жете алмай, ұшқыштардың адасуынан айдалада апатқа ұшыраған.

Байбура сегіз сарбазды алып сол жақ қапталға – құлама қия құз шетіне дейін орналастырып келгенде, командирі де он сарбазды қақ мандайдан қакпа тастар арасына жасырып үлгеріпті.

– Бура, – деді өзімсіне капитан Булат-татар, – жігіттердің бірі бір қол, бір аяғын сындырып алыпты. Жансызданғыш ине салып, таңып тасталым. Әйтеуір он қолы аман, автомат ұстай алады.

– Рациямен хабар бердіңіз бе?

– Ең киыны да сол болып тұр. Жана жанталасып жүргенде рация вертолет ішінде қалып қойыпты.

– Қол-аяғы мертіккен радиост пе еді, – деп Байбура дөп басты.

– Солай болып тұр. Жауынгерлер оны жанып жатқан

---

<sup>1</sup> Дұшман – дұшпан – ауган моджахедтері.

қарғыс атқырдан зорға шығарып алғанда, рация қала берген.

– Мылқау қалдық деніз...

– Бәрінен бұрын біздің құлаған кординатамызды ешкім де білмейді... Командование енді бір сағаттан кейін ғана іздей бастайды. Оның үстіне біз маршруттан қыыс кетіп құлағанбыз.

– Түсінікті, капитан! – деді Байбура. – Сағат екі жарым, кешке дейін шыдасақ, тұн жамылып жылыстап кетерміз.

– Жылыстатса... Көмек те келіп қалар. Мүмкін самолетпен де іздер. Олар тез табады, – деп Булат-татар үміттеніп койды, бірақ дауысынан сенімсіздік сезіліп тұрды.

– Солдаттарға айту керек шығар, – деді Байбура.

Булат-татар бір сәт ойланып қалды.

– Айтсақ – айтайық... Тек байқа!

– Эрине... Білсін! – деді Байбура нық сөйлеп.

– Өне, «қонақтар» да көрінді, – деді Булат-татар. – Кеттік. Оқты үнемде!

Дұшмандар тау төсінен бұлар бекінген қыртыс-қыртыс жартасты мойнаққа қарай түсе бастапты. Жиыны – он шакты-ақ. Олар тау киясынан төмендеп, етекте іркіліп қалды. Әлде біреулерді күтетін сынайлы.

Сағат жарым өткенде биік таудың үйрек тұмсығын айнала жүзге жуық жаяу адам қарасы көрінді. Байбурапар бірден түсінді. Тікүшакты ойда жокта олжалы еткен топқа әлде қайда жорыққа кетіп бара жатқан дұшман жасағы бұрылғаны белгілі болды. Мұздай қаруланған, көбісі қап-қара, сүр шапан киінген.

Екі жактың құші тең емесін бәрі білді, бірақ қан ішісінен қас дұшпандар аямасқа бекісті. Топ-топқа болініп, толқын-толқын боп, кезек-кезегімен тоспа-қақпа тас паналап ұмтылған жау жағы десантшылардың тосқауылынан беті жи қайтты. Ұрымтал жерге жолбарыстай бекінген Булат-татар мен Байбура жігіттері

дұшманға бел алдырмады, бірақ бұларға да дұшпаны бел жаздырмады. Бес реткі шабуылда жеті жігіт мерт болып, бірнешеуі жарапанды.

Күн де кешкіріп қалған еді...

Табиғи орқаш-орқаш жартас арасында жарты ай сияқты бекінген аз ғана шуравилерді<sup>1</sup> бес рет ұмтылып, қаншама шығындалған моджохедтер амал жок басқа әдіске көшуге үйғарды білем, минометпен атқылай бастады. Ізінше сұрапыл шабуылға шықты. Танк ататын, тікүшақ ататын снаряд атқыш қарулармен де атқылап, бар-жоғы он шакты десантшыларды бас көтертпей жоюға тырысты.

Қолына қару іле алатын жарапылар тістене қимылдан, саусағы қымылдаған қансырағандар сүйекке қарыса автомат кораптарын окқа толтырып, сау қалған бес десантшыға дем берді. Жарылған граната мен жан алқымнан алысқан жекпе-жек қас қарайғанша созылды. Сонда да десантшылар соңғы демі біткенше, қасық қаны қалғанша айқасып бақты. Өліспей беріспеуге бел буды.

Колма-қол ұрыста қанжар салысуға дейін барысқан бес жауынгерден ымырт жабылғанда Николай Устюзов пен Булат-татар, Байбұра ғана тірі қалды. Капитан Булат Беркутов екі аяктан, Николай қол қарынан жарапы. Аман-сау Байбұра ғана. Тұн жамылған үшеуі он сегіз десантшының өлі екендеріне көз жеткізген соң, Байбұра бекінген сол жақ қаптал тұстағы құз жартастан тік түсуге бел байлады.

Ай тумаған. Дұшмандар ай сөүлесін күтуде...

Байбұра жорыққа шығарда беліне орай байлап алатын парашюттің жуандығы саусақтай ғана бес метрлік жіп-жіңішке жібек жібін шешті. Мұны осы командирі Булат-татар үйреткен. Капитан Булат та белінен бес метрлік жібек арқанды босатты. Ай туғанша үшеуі де құтылып кетпек болп, ширак қымылдады.

---

<sup>1</sup> Шурави – Совет әскерлерін ауғандықтар осылай атаған.

Көк төріндегі көп жұлдыздың әлсіз сөулесі тау ішіндегі қою қаранғылықты серіппесе де, мұнарлы дүние карауыта түсіп, жақпар тастың арасы жік-жігімен көзге шалынады. Тау төсінде өскен Байбура мен орман ішінде еркін жүрген Николайға құз етегі қазанның түп күйесіндей қаранғылыққа тұныл жатса да, қасқыр азу жартасты жықпыл арасын барыс көзденген қараптары жазбай таниды.

Бұлар жібек арқанды бір-біріне жалғады. Алдымен қолтығы астын ала қеудесіне арқан байлаған Николай тәменге түсе бастады. Ол жалама жартас қуысымен барысша баспалап, берц бәтінкесін тас бедеріне тіреп, саусактарымен тас қуыстарын сипалай іздел, бетін салқын тасқа басып жылжығанда, Байбура табанын тасқа тірей отырып, жінішке арқанды саумалай жіберді. Кейде солқ етіп жіпке асылып қап, кейде өз бетімен жартасқа жыланша жабысып тәмендеген Николай да епті екен.

Арқан ұшына тақағанда Байбура арқанды ырғай-ырғай қағып, «тоқта» деген белгі берді. Николай да жібек арқаның ұзындығын мөлшерлеп бара жатса керек, сәл жылжып токтағандай болды да, арқанды шешіп, жоғарыға тарт дегендей толқып-толқып белгі жіберді. Сонда ғана Байбураның құдікті қөнілі орнына тұсті.

Енді ол командиры Булат-татарды қеудесінен арқанға мықтап байлап, қаранғылық сүлеленген тәменге қарай саумалап жібере бастады. Жарасы жанына батса да тістене түсіп, қолы сау капитан да құздан құлдырай берді. Алпинистер мен тасқа өрмелөуешілер сиякты әбжіл қимылдаған үшеу кезектесе алмасып, жетпіс метрлік жалама құздан аман-есен етекке тұсті.

Бұлардың бағына қарай терен шатқал табанында бір құлақтай ғана тау суы сылдырап жатыр екен. Апыл-құпым қанып ішісіп, атыс кезінде босап қалған құтыларын суға толтырып алышп, командирлерін кезек-кезек арқалай жүріп кетті. Олар бір шақырымдай ұзағанда ай да тау тасасынан көтерілді. Кешікпей-ақ бұлар сусардай сусып

кеткен құзар басынан айқай-шу, тіпті дар етіп атылған автомат үні де жаңғырыға шықты.

— Шайтан!.. Шайтан!.. — деген ашы дауыс анық естілді.

Тұн жамылған үшеу бірақ үндемеді. Духтар<sup>1</sup> десантшылардың аш бөрідей аласұрып, әп-сәтте жымжылас жоғалып кеткеніне қаны қарайып, «шурави-шайтан» астына алып, сыбап жатқанын түсінді.

Аққабақ ай жаланаш тау арасын көкмұнар түспен сүлелендіріп тұр. Терен шатқалды өрлеген үшеуі әлде бір ұры жылғаға бұрылды. Командирін көтерген Байбура алқына түсті. Тынысы да тарылып, жүрегі де атқақтай соқты.

Осы бір сәт оқыс оянып кетті...

Жүргі дүрс-дүрс соғып жатыр екен. Тер басқан. Алқынулы. Бөлмеде ай нұры сүлелене қалыпты. Ауган тұні емес, Алтай тұні қонактапты... Тау арасында себездеген мұнарлы, мұнлы нұр дөңбек қабырғада уыздай дірілдейді.

Таң жақын екенін андады. Ұйқы қашып кетті.

## V

Қақпа тасты, қия бетті қапталдай көтерілген тау жолы екі дөңгелекті мотоциклге де ауыр тиетіндей селкілдейді. Қыран қарағайлары қанатын жайған, сұңғак самырсындары шайырын ағызған жыныс орманды төніректе Байбура еркін тыныстады. Етекте жылан иректеп жатқан ақ күмістей Ақбұлқак өзені де көз үшіна өрең шалынады.

Теріскей беттен алып анғарға көз тіккен Байбура көнілі алабұртып қояды. Құлама құз шаттың қарсы күңгей бетіндегі ормансыз ойпаңында он шақты марал

<sup>1</sup> Духтар – совет жауынгерлері дүшман-моджахедтерді кемсіте қойған атаулары.

мен бұғы жайылып жүр. Олар да көк жасаң жүзінде түймедей-түймедей бол көрінеді. Жайбаракат жусап жатқандай. Ал Бұқтырма жақтан тенгедей-тенгедей ала бұлт шығыпты. Ала бұлт та алып көк төрінде бір-бірінен үріккен тайдай қадау-қадау маңыпты. Алған беті – Ақтау-Мұстау.

Зайсан көлі мен Ертіс өзені жағынан екпіндей көтеріліп, Қаратоғай ауылынбаса Құршімнің Сарытауына қарай жөнкіле қөшетін үшпа бұлттар ойына оралды. Қектемде көк жүзінде тырнадай тізбектеле ағатын сол бір үшпа бұлттарға қарап, Қарасенгір етегінде қол ұстасып, арман қызып жүретін Алқабегім екеуі бақытты еді-ау!.. Бақытты еді-ау бозбала шағы!.. Бақытты еді-ау бойжеткен бағы!.. Ару Алқабегім! Бәрі де бүгін тұс се-кілді. Иә, тұс еken тағдыр деген. Бұл күнде сансыраған санасында тұс болып түнеген тайғакты тағдыр кешіпті бұл.

Жүргі қозғалып кеткендей болды. Алқымына өксік тірелді. Катал тағдыр көшінде қатыгезденіп кеткен жүргегі жібігендей қүйге енді. Алтайдың Ақтауы<sup>1</sup> мен Сарытауы басына сәлдедей бол оралатын үшпа бұлттар көнілін ойпыл-тойпыл еткен Байбура мотоциклі жылдам оталдырып, өлгіндегі анғал сезімді ұмытқысы келгендей жөнеле берді.

Басын Ақтау-Мұстаудан алатын Ақбұлқақ пен Қатын<sup>2</sup> өзендері, Сарытаудан басталатын Құршім мен Марқакөлден шығатын Қалжыр өзендері ұлы Ертіске емініп құятыны сиякты, қайда жүрсе де айналып соғатын Алқабегім туралы ойлардан арыла алған емес. Құзгі сары жапырактай болып жабысқан сағыныш окта-текте сокпа

<sup>1</sup> Ақтау – Мұстаудың көне түркілік атауы. Құршім ауданында Ақтау атауына ұқсас Сарытау да басын мұз басқан биік. Алтайдың Ақтауы мен Сарытауы – егіз биіктер, егіз ұғымдар; бабаларымыз біліп койған.

<sup>2</sup> Қатын – Катун өзені.

дерттей соғып өтетініне қайран! Қайран бола тұра да күйінүлі... Күйіне тұра сүйінүлі. Басқа кімі бар мынау жарық жалғанда ойлайтын?! Алқабегімі ғана. Оған деген әйтеуір бір түсініксіз жетім сезім жат жерде де медеу болғаны рас.

Байбура қиялап келіп жан-жағын түктей калың орманды тау қоршаған Раҳман бұлағы үстінен түсті. Қызыл қарағайдан салмалап салған қысқа көпірден өтіп, онға қарай бұрылды. Сол жағында — орман жамылған шағын ауыл, он жағында — теріскей етекті ала қоныс тепкен «Раҳман бұлағы» шипажайы үйлері. Қазандай төңкерілген шұнқыр табанында түп-тұнық көл жатыр. Шипажай да қарағай мен самырсын көлеңкесіне жасырынған. Аумағы ат шаптырым көлдің дөнгеленген шығыс жақ шеті тау тұмсығын айналып, мүйістеніп кетіпти.

Күн де түске таяу еді. Шипажайда жұрт та аз екен. Жер шалғай. Демалатындар аяғы жете бермес жер ғой.

Бұл бекер күдіктеніпті. Мария-Агата Сван көл жағасынан жолықты. Екеуі сағыныса көрісті. Әсіреле, Мария-Агата. Ол тіпті солқылдан жылап та алды.

— Саған сеніп едім, Бур, құдай анасы Мария-ана атымен айтайын! О, Иисус, көз жасымды көрдің сен! — деп Байбураның мойнына асылып, қеудесіне жүзін басты. — Тер сасисын, азаматым менін!

Швед қызы Еуропаға тән қылықпен сезімін жасырмады. Манайда сұқтана қараған көздерден Байбура қысылды, бірақ Мария-Агатаны қеудесінен итере алмады. Тек қана:

— Болды! Болды! Келдім ғой, міне, — дей берді.

Қоңыр салқын көл жағасында екеуі де еркін бір тыныстыды. Мүйістен айналып ескен салқын самал бұқ қысқан қазан шұнқыр қолаттың ішін әлсін-әлсін серпілтіп қояды.

Піскен шиедей толық ерін, ақ борықтай шанқан жүз, құмістей сүйық шаш, қанаттай қылған жінішке

қас, тоқ балтырлы сұнғақ мұсін Мария-Агата көкпенбек сұлулыққа малынған түмса табиғат ортасында тіпті ажарланып кетіпті. Байбура да құшағын толтырып қысып-қысып қойды.

Мария-Агата салалы саусақ ұшымен кірпік астына танғы шықтай іркілген көз жасын іліп тастап, Байбураны жетектей жөнелді. Ағаш тақтайдан салынған соқпакты сықырлата түсіп, қаз омырауын көтере қаздандай басқан. Айналадан сұқтанған ала көздер аясында көкірегін ерекше бір мақтаныш кернеп, сұлу мұсінің ырғалта билеп, жүргегі де он алтысында алып-ұшқан жас арудай атқалақтап келеді.

Джинси киінген жігітін жетектеген Мария-Агата асханаға қарай тартты. Көлге жақын етіп жанадан салынған екі қабатты, көк шатырлы шипажайға бетtedі. Дағышылармен де өзі келісіп, Байбураға да ас алдырыды. Ас үстінде Мария-Агата мұнда қашан, қалай келгенін әңгімелеп берді.

Ол Осло арқылы із тастап, бөгде есімді құжатпен бірден Астанаға, одан Өскеменге транзит билетпен ұшыпты. Белухаға туристік сапарнама визасын аштырған еken. Өскеменнен тікұшакпен Белуха-Ақтауға ұшып, ол жерден берелдік егерълер атпен жеткізіп тастапты. Марияның салт атпен көнігі мініскерше жүргеніне дән риза болысынты. Орысша судай екеніне, тіпті қазакша да тіл сындыратынына, қалжынға ұсталығына мәз болысынты. Олар бір сарықарын биеге мінгізіп койса: «Мен өзім де байталмын... Анау айғырынды мінейін. Алтай сәурігінің өуселесін борбайма басып сынайын!» – деп, егерълерді қыран-топан етіп, Саниязбек деген бір жігіттің тақымында ытырылып тұрған жас айғырды мініп алыпты.

Ал алтайлық бұл қазақтар Мария-Агатаның әкесі Швецияда ат спортына арнайы жылқы ұстап, баптайтын фермер екенін қайдан білсін?! Сәби кезінен не бір сәйгүліктердің жалына жармасып, кермеден құландай

секірткенін көрсе, естерінен танар. Тегінде тарпандық, канында қайсарлық өрілген Мария-Агатамен бұл міне, Алтай төрінде қымыз ішіп отыр. Салқын қымыз сарайын ашты. Мария-Агата да түшіна жұтты.

Олар самал тербegen көл жағасына келгенде, байлаулы қайықтар қарсы алды. Тұстенушілер қайыққа кешірек отырады, көбінесе түскі астан сон үйиқтап алғанды жөн санайды. Бұлар бірақ көл бетіне шыққанды қолай көрді білем, ағаш тақтайлы айлақтан ұзай берді. Мария-Агата бір қалыптен ескеқ есіп, Байбура қарама-қарсы басында отыр.

– Тұнық-ай! – деп қойды Байбура.

– Тұбі жоқ бірақ, – деді Мария-Агата. – Откенде ортасына барып, үлкен арбағаш жіпке тас байлап, теренге жіберіп көргенбіз. Жергілікті жүрттың айтып жүргені рас болып шықты. Бір арбағаш жіпті жұтып қойды. Жанартаудың аузы болған деседі... Рас-аяу, мынау минералды ыстық судың қар мен мұз құрсанған тау басынан шығуы тегін емес.

– Бірінші рет естіп отырмын, – деп Байбура танырқап қалды.

– Бур, бұл менің ғана ойым емес, осы жердегі елдің де ойы, – деді Мария-Агата. – Алтайға қалай жеттін? Қашан келдің?

Байбура айтсам ба, айтпасам да деп екі ойлы болды. Сонда да:

– Әзіrbайжанда біраз айландым, – деді. – Жалған құжат жасауға тұра келді.

– Мұнда – туған жерінде қайттін? Сол құжатпен жүрмісін?

– Не десем екен?! – Байбура күмілжіп қалды. – Маған құжаттың керегі қанша? Оралдым ғой... Туған то-пырағыма табаным тиіп тұр. Одан өзге не керек? Разы-мын бәріне!

Мария-Агата да Байбураның Әзіrbайжан жерінде айтқан кесімді сөзін есіне алып, әлі де сол сөзінен қасарыса қайтпағанын түсінді.

— Сен өзіңе серт беріп пе ен? — деді Байбураға. — Сендер — мұсылмандар: «Адамның басы — Алланың добы» деуші еді ғой. Туған жеріңе жеттің... көрдің... Сені күтіп түрған ешкім жоқ екеніне көзің де жеткен шығар. Енді жаңаша өмір сұр. Менімен жүр. Азияның қантөгіс жерлерін армансыз кештің ғой, Еуропаның бейбіт халқын да көр... Жасың болса қырықта, бұл өмірде не көрдің?! Өлім ғана... Өлім сепкен өнір ғана... Мынау жарық дүниеге өлім егу үшін емес, өмір сұру үшін келген шығарсың... Алланың алдында серт бермеген шығарсың!

Мария-Агатаның жанына батып кетсе білем, арыла, ашына сөйледі. Байбура көл ортасында жайымен тербелген қайық үстінен түбі көрінбей, қаракөк тұнба боп жатқан теренге телміріп қалыпты. Ол қыздың сөзіне мән де бермей, өз ойымен отырғандай көрініп кетті.

— Бур, саған не болған? Маған қараши, — деп, жұлқып қалғанда, қыз қолындағы көзілдірігі қолынан түсіп кетіп, бір көзі сынып, бір шынысы ұсынан ұшты.

Байбура көзілдірік шынысын табан астынан енкейіп алғанда, Мария-Агата қол сөмкесінен айна мен тарақ шығарып мұның шашын аялай тарады. Салқын жүзін сипап, қайратты шашын қайырып: «Шашынды тарап жүрші!» деп, қалтасына салды. Байбура да қыз қылышынан қарадай әбіржіп, қолындағы сынар шыны көзді қалтасына сұнгіте салды.

— Мария, кешір мені! — деді құмыға. — Менің көзіме қан толып кеткен... Мына бейбіт өмірге үйрене алмай жатырмын. Ұйықтасам түсімнен шықпайды... Алтайға жеттім ғой, біраз ан аулап, тау ішінде аунап-қунап алуым керек. Сонда ғана жаным тынышталар. Әйтпесе әлі автомат асынып, кісі өлтіріп жүрген секілдімін. Қолымнан қарудың сүйк табы, арқамнан сүйк сызы кетер емес... Барлауда жүргендеймін. Түсінесің ғой, қаншелек дүниені өзің де бастан кештің... Кешір!

— Ол әлемді ұмыт енді. Бур, сен оған тұтқын болмашы!.. Сен үшін де, мен үшін де соғыс аяқталды, —

деді Мария-Агата кесе сөйлеп, ондағы ойы Байбура өзіне-өзі сенсін дегені.

Байбура бірақ: «Соғыс аяқталмайды. Соғыстың аяқталуы – соны соғыстың басталуы... – деді өз-өзімен сөйлескендей байыппен. – Жана соғыс бұрынғы соғыстардан да жойқын... сұрапыл болмак. Сұрапыл жалғаса бермек... Бұл адам баласына тән ашқарақ, аждаға құбылыс. Тоятсыз нәпсі өрекеті. Нәпсісін тыя алмас пенде бейшаралығы. Сорлылыққа бас үрған адамбыз».

Жігіттің жігерлі де үрейлі сөздеріне танырқаған Мария-Агата да мелшиіп қапты. Оған бірақ көніл де аудармаған Байбура булыққан ойын көл суына үнілген калпы ақтара берді.

– «...Нәпсінің құлымыз. Ал нәпсі соғысы ешқашан тоқтамайды. Адамның араны – өзінің ажалы... Арсыз аран арам тәнін жалмап алған. Шыбын жаны шыкқанша нәпсінің тұтқыны. Нәпсі тұтқыны – соғыс тұтқыны... Бәрі де нәпсі айқасының тұтқыны. Мен де алдаспан аранның, тойымсыз нәпсінің сардарымын... Мынау кен дүниеге туғаннан тұтқын болғым келмеген. Сондықтан да туғаннан өзімді туажат сезіндім. Амалым қанша?! Қаншама қайқы күндерді бастан кештім... Бостан емеспін бірақ... Тағдырыма тұтқынын. Иә, мына алақандай көлге тұтқын болған, тәуелді болған қалтылдақ қайық секілдімін».

– Олай демеші, Бур??!

– Солай! Солай, Мария! Мен осы бір аз күнде атам заманнан оралғандаймын. Өзімді каусаған қарттай сезінем. Ойым он тарапқа, санам сан тарапқа бөлінеді. Елім – еніреулі көрінді, ерім – езулеулі көрінді. Өзім ерттеулі секілдімін... Бәрі де өзгергендей, бір карасам; бәрі де өзгермендей, бір карасам... Елдін ері мойнына кеткендей. Тіпті, арғымак Алтайдың құн шапағымен алтын жапқандай ажарланатын, ай нұрымен күміс кактағандай шалынатын алып ері – Мұстау да жатқа кетіпті... Жатжанды болып алышты.

жүрміз деген ой келеді маған, Мария?! Тірі тұлышты...  
Тұлыш, – деп тоқтады Байбура. – Ал Хантөңірі анау –  
тісі қисық қытай ие...

– Таусылма, жаным! Сен оған кінәлі емессін... Сен  
войның. Адал соғыстың. Басынды ажалға байладын.  
Енді торығудың керегі жоқ, Бур, – деп Мария-Агата  
басу айтқандай болды.

– Войн... Кімнің войны? Кімнің ойыны? Енді неге  
керексізбіз?! Ел басына күн туса ғана ерміз бе? Сол үшін  
де елден ерекпіз бе? Еркекпіз бе? Тұсінбеймін! Соғыста  
бәрі де айқын, бейбіт өмірде бәрі – бұлынғыр... Соғыс  
атаулы – өлім... жан торыған ажал. Ажалдан аман қалу  
үшін өзін ажалға айналасың. Соғыста ажалсыз рух кана  
арындағы алмак. Ауғандықтар секілді өзінді майданда  
туғандай, соғыс сұрапылында өскендей сезінуің керек.  
Рұхың әлсіремеу керек. Рұхың әлсіресе – өлімнің  
әшкере...

Байбура бір сәт тына қалды.

Мария-Агата да үрке, үрейлене карады...

Көл тербеліп кетті. Қайық қалтылдады. Су  
шылпылдады. Мүйістен айналып жел тұрды. Шілденің  
Мұзтаудан жеткен ызғарлы самалы лекітіп-лекітіп өтті.

– Сарқырамаға барайық, – деді Мария-Агата Байбура  
көнілін басқаға бұрғысы келіп. – Ғажап сұлу! Биқтен  
құлаған судан кемпіркосақ көздің жауын алады.

– Ол қайда? – деп Байбура елең етті.

– Мүйістен айналсақ, қайықпен алыс емес, тез-  
ақ жүзіп жетеміз. Кешке дейін уақыт көп. Сарқырама  
сарылы жаныңа тыныштық орнатады, ал дым бүріккен  
салқын ауасы көкірегінді шаяды. Нағыз саған керек  
жер... Айтпақшы, көлге құлап жатқан сарқырама төбе-  
сінде әдемі ағаш үй көрініп тұр. Ол – президент келіп  
демалатын жай дейді. Енді кандай жер екенін түсіндін  
ғой... Кейінгі кездे салыныпты. Бұғы мүйізін кескенде  
панта ішіп, сорпаға түседі екен.

– Онда көрейік!

– Бур, сен білемісін? Білмейсін. Мынау Алтай тауы анау Альпіден бір кем емес... Өте сұлу жер. Қасиеті де мол, – деп, Мария-Агата жігіттің ойын бөліп, еліктіріп өкетуге тырысты. – Арасан сұзы да дертке дауа. Ауасы қандай?! Күн шықса – құрғак, күн батса – дымқыл. Сергіп сала бересін. Бір заманда сендердің ата-бабаларың мен патшаларың киіз үйлерін тегін тікпеген. Хандардың алтынмен қапталған табыты мен сүйегі де тау басына тегін қойылмаған... Нағыз аксүйектер мекені.

Байбура туған жері туралы Мария-Агатаның соншама сұнғылалықпен білетініне таңырқап қалды, бірақ интернет арқылы Алтай тарихынан хабардар еуропалық туристке бәрі де белгілі ғой... Байбура ескекті алып, қайықты өзі есе бастады. Қайық құс тұмсықтанған қарағайлы мүйістен айнала берді. Мүйіс айналған женіл қайықтың алдынан, Мария-Агата айтқандай, дүние өзгеріп сала берді.

Қазір аунап кетердей қалтылдаған қайық үстінде Мария-Агата жанары мөлдіреп, анары дірілдеп, Байбураға өрі аяй, өрі аялай қарайды. Мынау кен дүние көзедей ғана көлге сыйып кетіпті. Ал атпал азаматтың болжаусыз бұла тағдыры осы көлдей ғана дүние бетінде қайда бағыт аларын білмей қалтылдаған қайық іспетті... Ол бірақ жылымдай түпсіз дүниеде жалғыз қалып, бойындағы барын жоғалтқан жаниесі екенін өлі де түсінбеген тәрізді.

Жан-жағын қарағайлы тау коршаған көл беті толқып кетті. Қайық та кайқан қақты.

## VI

Алакеуім бөлме.

Алқынысты дем басылған. Ансарлы сезім байсал тапқан. Ақ жайма бетінде жалаңаш жатқан жандар бір-біріне тығыла түсіпті. Айқасқан тоқ балтыр мен ақ сазандай сан да сұлық. Екеуі де бір сәт тарпан тәнге тыным, аусар жанға тыныс берген.

«Рахман бұлағы» шипажайы да осы түн өлі үйқыда мұлгиді. Көл бетінен жұқа тұман көтеріледі. Айдың өткір сәулесі ғана қарағай арасынан селдірей төгіледі.

Қоңыр салқын бөлме ішінде бел босаткан Байбура шырт үйқыға кеткен. Тән суытқан Мария-Агата да женіл тыныстыайды. Көл жаққа қараган кең терезенің шілтерлі пердесінен себездеген ай сәулесі алакеуім бөлмені әлдилейді. Бір мезгіл жүрек соғысы бәсекесіп, салдуарын санаасы қалғып кеткен Байбураны айдың әлсіз нұрымен сорғалай түскен Бозиесі – Ана-Бөрі түн жамылып тағы тапты.

Үйықтап кеткен санаға боз сәуле боп оралған Ана-Бөрі өткен өмір өлкесіне тағы ертіп жөнелді... Әзірде ғана Мария-Агатадай сұңғақ сұлудың қойнында ақ білегін жастаңып, бұл дүниенін шырыннан тәтті ләззат құмары күйлеп, көусарына қана алмай мас болып жатқан Байбура әп-сөтте өзгеріп сала берді. Сана тұманды саралана түсіп, нардың нары шыдар алапат дүниеге енді. Санадағы сәулелі майдан – тұс тұтқынына айналды.

Тұтқында еken. Бадабер<sup>1</sup> тұтқыны...

Мұның тұтқынға түскеніне алты айдай болған. Осы күндерде талай мәрте сұраққа алып, неше қайтара өлімші етіп сабаған. «Етінді тірідей итке жегіземіз... отқа тірідей жағамыз... тірідей жерге көмеміз» деп, құдіретті Құдіретолла<sup>2</sup> өзі көндірмек болған. Байбураның аузынан жарытымды жауап ала алмай, жұмбак тұтқынның сөзбен жер-жебіріне жетсе де, азаптаумен тәніне ине шабактасада, ештеме өндіре алмай күйген еді.

---

<sup>1</sup> Бадабер – Пәкістанның солтүстік-батыс шекарасы бойындағы пәкістандық елді мекен. Ауғандық Пешавар қаласынан 30 шақырымдай ғана жерде орналасқан Бадабер лагерінде моджахедтер дайындаған, әрі советтік әскерилерді жасырын түрде тұтқында ұстаған.

<sup>2</sup> Құдіретолла – Құдуратулла – сол жылдары моджахедтер дайындағы орталықтың бастығы, Пәкістан әскери күшінің майоры, Бадабер лагерінің көкайыны.

Аумағы ат шаптырым Бадабер елді мекенінің негізгі тұрғыны – Ауғанстандағы 1978 жылы ХДПА<sup>1</sup> басшылары бастаған карулы көтерілістен кейін азаматтық соғысқа, одан Совет Одағы араласуы кесірінен азаттық соғысына ұласқан канды қырғыннан Пәкістан шекарасына ауған кедей-кепшік босқын халық. Күнге күйіп кеткен тоз-тоз шатыр астында тұрып, бақалышы саудамен айналысып, пәкістандық әмиссарлардың берген болмашы тиын-тебенін талғажу көріп, аянышты ауыр өмір сүріп жатқан жұрт ортасында моджахедтер дайындастын әскери лагерь жасырылған еді. Ауғанстанды қызыл жұлдызды құдайсыздардан азат етуге тиіс жанкешті жауынгерлерді дайындастын әскери лагерь – биіктігі сегіз метрлік балшық дуалмен қоршалып, төрт бірдей қарауылшы мұнарасы керік басындағы төбеден төнген әйгілі бекініс корғаны болатын. Бар бәле орта ғасырлық осы корған ішінде балалап жататын.

Ал Құдіретолла құдайсыздарды жазалаудан тәни де, жани да ләzzат алатын. Адам баласын азаптаған сайын қолының құрышы, жанының құмары қанатын. Адам қанын ұрттаған қанішердің нақ өзі. Қасына айна екі мәрте аппақ костюм киінген американдық әскери инструктор еріп келіп жүреді. Ол дайындалып жатқан моджахедтер мен Байбура секілді советтің **он екі** әскери тұтқынына, «ХАД»<sup>2</sup> қызметкерлері деп тұтқындалған қырық шакты ауғандық тұтқындарға «Варсан» деген лақап атпен белгілі. Құдіретоллаға тағы да бес-алты шетелдік инструкторлар көмектеседі, бірақ бәрінен де ықпалдысы – Варсан.

Варсан пушту, дари, орыс тілдерінде еркін сөйлейді. Аса тәжірибелі барлаушы екені сезі мен ісінен байқалып тұрады. Бадабер бекініс корғанының ішінде дайындалып

<sup>1</sup>ХДПА – Ауғанстан Халықтық-демократиялық партиясы.

<sup>2</sup>ХАД – 1980–1989 жылдардағы Ауғанстан мемлекеттік қауіп-сіздігінің қыскаша, ауғанша атауы.

жатқан моджахедтердің жай-күйін жиі тексереді. Майор Құдіретолла мен басқа да батыс пен араб елдерінен келген инструкторларға кеңес береді.

Ал корған ішіндегі Бадабер тұтқындары – ауғандық хадышылар жербеті түрмелерде камалса, он үш советтік шурави тас қабырғаларға бекітілген темір шығыршықты шынжырмен жерасты казиматтарында отыр. Бұлармен де Варсан жиі әңгімелесіп жүреді. Тілі майдан қылышық суырғандай майда, өні қызға ғашық бозбаладай жылы. Иші-бауырына кіре сөйлеседі.

Айтатын әуені – осы бір құдай да ұмытып кеткен жердегі қарғыс аткан жүртпен несіне соғысасындар; әділетсіз соғыстан әділет күтпендер; елдеріне жетудің жолын ойландар; сендер оқыған, білімді мемлекеттің адамысындар, сауатсыз да надан халықты қорғаймын деп әуре болмандар; араларында офицерлер де бар мен секілді, маған еріп шетелге кетіндер; Америкаға бармасандар, Еуропа елдеріне – Германия, Франция, Испания, Италия, тіпті Канада асындар, сол мемлекеттер арқылы ораласындар; енді Совет Одағына сендер қауіпті жансындар – сатқын дейді особистер<sup>1</sup>; Сібір күтіп тұр... ойланындар! Сендерге дейін де сегіз советтік Бадабердің дәмін татқан, олардың үшеуі үш мемлекетте емін-еркін өмір сүріп жатыр; тіпті үйлі-баранды, мынау Канадада, мынау Францияда, мынау Белгияда... суреттерін көріндер... ойланындар, бауырлар! Мен сендерді мына тұтқыннан құтқарамын, ғажап өмір сүресіндер; бостандықтың не екенін түсінесіндер; жас ғұмырларың алда, қор қылмандар; құл болмандар – соғыстың құлы – советтің құлы болмандар; одан да өздеріне құл болындар, бостандық пен еркіндіктің құлы болындар!.. Бауырлар, сендер бастарын жихадқа тіккен мұсылман шахидтері емессіндер, тағдырларынды өлімге байламандар; оған

---

<sup>1</sup> Особистер – особый отдел – Совет армиясындағы ерекше бөлім қызметкерлері.

мына қан сасыған ауған жері татымайды, сендердің Отаның да емес; Отандарың да ұмытып кеткен, ұмытпаса – Біріккен Ұлттар үйімінде неге арыз түсірмейді; сонау Сталин заманынан бергі «советтік солдат тұтқынға түспейді, бізде сатқындар жок» деп міз бақпай, моянындамай отыр; Қызыл кіреш пен Қызыл жартылай ай арқылы да білгісі келмейді, сендер мәйітсіндер; баяғыда-ак туған жерлеріне мырыш табытпен жөнелтілгенсіндер, зираттарың опасыз Отандарында төмпешік боп жатыр; ал оның ішінде отқа күйіп кеткен ауғандықтың сүйегі ме, өлде ауған жерінің күнге күйген тарғыл тасы ма – бір құдайдың өзі біледі?! Жасырып-жауып отыр, бірақ шығыста «Ауруынды жасырсан – өлімің әшкере» дейді, Совет Одағының сырқаты мәлім; түбіне сол жетеді, бауырлар!.. Сендер кінәлі емессіндер, күнәһарлар – олар; өз істеріне өлі жауап береді; құдай да сендерді кешіреді – осынша азап тарттындар, соншама мазак болдындар... Құдай да қолдайды! Азат болындар! Тәндерінді де, жандарынды да азат етіндер... өздерінді өздерін жалмамандар! Бөгде елге басып кірдіндер, «басқыншылар» дейді сендерді бауырлар!..; Бақ емес, сор әкелдіндер... «Совет фашистері» деген ат қойған, соны біліндер! Осы сүмдүк аттан арылындар; арларыңын алдында арылындар, ажалдарың алдында арылындар... арылындар! Қайран ерлер – қайсар ерлер! Сендер адамзат үшін керексіндер; мойымас жігерлерің, темірдей төзімдерің, зор рухтарың керек; сондықтан жауларың да жасқанады, мәңгілік мойындайды; Пешевар қаласында шығатын «Сафир»<sup>1</sup> журналы Бадаберде тұтқынның тозағын кешіп жатқан сендер туралы бар шындықты ашып жазса да, Пакистандағы әйгілі газет «Мұслім»<sup>2</sup> құпия түрде жасырып отырған бадаберлік совет тұтқындары –

<sup>1</sup> «Сафир» – Пешевар қаласында сол жылдары шығып тұрған журнал.

<sup>2</sup> «Мұслім» – Пәкістанда кең тарайтын өте танымал газет.

сендер туралы өлемге жар салса да, оған өлемдік Рейтер, АП ақпарат алпауыттары араласа көтерсе де, Совет Одағы – Отандарың селт етпеді ғой; тіпті Москва тұрмак, осындағы 40-шы армия<sup>1</sup> генералдары да үнсіз отыры... Ойланындар, азаматтар! Сендер кімге керексіндер? Оларға да, бізге де керек жоқсындар. Өздеріне ғана керексіндер. Ойланындар, бауырлар! Ойланындар, батырлар! Өздерің айтатын интернационалдық-азаматтық парыздарынды өтегенсіндер... Адалсындар. Соғыс қой, түрлі жағдайда тұтқынға түстіндер. Кінәларың жоқ. Женева шартымен азаттық алуларың керек. Сендер солдатсындар, қасақана істеген қылмыстарың жоқ... Бұйрықты ғана орындалдындар. Жат жұрттық жандар... ойланындар!

Сиқырлы сөзді ет жүргегінен өткізіп, сүйегінде сініріп жіберетін американцық тәлімгер Варсан сол күні де таңатпай келді. Өзімен бірге француз Ален Гийо<sup>2</sup> дегенді ертіпті. Білезік пен қызыл асықты жара қылып қажап тастаған кісен шынжырлары тас қабырға бекітіліп, пулемет патронынан жасалған май шамның өлеусіреген жарығымен жер астында отырған советтік тұтқындарға өдейі ертіп келсе керек. Ол тұтқындарды әнгімеге тартқысы келген. Оған бірақ бұлар сыр ашқылары келмеді. Сонда Варсан: «Ауғанстан туралы жазатын француз журналисі – Ален Гийо» деген.

– Сендер бұған сенбей тұрған шығарсындар. Бұл – совет тұтқындары туралы жазып жүрген журналист. Батыста қазір «Совет әскерлері Ауғанстаннан кешікпей шыға бастайды» деп жатқан көрінеді. Соны осы Ален айтып жүр, – деп тоқтады. – Сендерге де бостандық беру керек дейді...

– Біз бостанбыз, – деп қалды Байбура.

---

<sup>1</sup> 40-армия – 1979–1989 жылдары Совет армиясының Ауғанстандағы шектеулі контингенті.

<sup>2</sup> Ален Гийо – 1986–1988 жылдары Ауғанстанда болған француз репортері.

Варсан қарқылдаپ кеп күлді де, тез тоқтады.  
Қаракөлеңке жер астында бір сәт шыбынның ызыны  
естілер тыныштық орнады.

– Сонымен Аленге ештеңе айтпайсындар ма?

Ешкім ұн демеді.

– Жарайды, – деді Варсан жәдігейлене күліп, – сендер де мен сияқты әскери жоғары білімді, әлемдік элиталық армия өкілдерісіндер... Ақылға келіндер. Мен білем: тәндегін азап тартса да, жандарың сау-саламат. «Адамды опат қылсан да, оны жеңу мүмкін емес» деген Хемингуэй. Рух жеңілмейді. Мәнгілік өмір де рухқа тән. Ал маған жеңілмейтін рухты жандар керек... Сендердің есендіктерің қажет. Советке керек болмасандар да, адамзатқа керексіндер. Адамзат барда, ақыл-ой аманда текетірескен соғыс ойыны тоқтамайды. Соғысты жүргізу, соны ауыздықтау үшін де сендер мен біздер – билік еткендерге зәру адамдармыз... Екі жағымыз да осы араға қантөгісті тоқтатамыз деп келген жоқпыз ба?! Бірақ Абыл мен Қабылдың қантөгісі шыр етіп жерге түсken сәттен басталған. Ол – өмір қозғалысының, адамзат ақыл-ой кактығысының, тіпті өркениет өрісінің кепілі, – Варсан журналист алдында бір жағынан өзін көрсетіп қалғысы келіп те ділмарсызы. – Сендерді қасқа мандайында қарғыс таңбалы қалысы бар Генсектерің сатып кетті... Сендерге мәртебелі билік... мәртебелі Совет Одағы... Отандарың опасыздық етті. Осыны түсінетін түрлерін жок.

Осы сәтте:

– Иә, – деп подполковник Серафим Куницын<sup>1</sup> сөзін бөлді. – Билік бізді сатса да, біз бірлікті сатқан жоқпыз. Арамызда хохол да, казак та, татар да, тәжік те бар... Отан

<sup>1</sup> Серафим Тихонович Куницын – ұлты орыс. Лагерьде койылған лақап есімі – Абдул Рахман. Әскери шені – подполковник. Жасы отыз бесте, бойы екі метрдей. 1980 жылы Панджшер шатқалының Равза ауданында әйгілі «Панджшер шері» Ахмад Шах Масуд колына тұтқынға түсken. Сол жылы Пәкістандағы Бадабер лагеріне жіберілген. Оның үйымдастыруымен лагерьден кашып шығу жоспары жасалады. Бадабер лагері көтерілісінде мерт болған.

бізге опасызыңдың қылса да, біз адамдың қалпымызды бұзған жоқтыз. Генсек сатса да, сатылса да, халық сатылған емес... Мынау мұсылман қауымы өз ақиқаты – һақ жинағы жолында шаһид болса, біз де өз арымыз алдында ақ өлім құшамыз. Тамұқ көкте емес – жерде... жұмақ тәндеге емес – жанда. – Варсанға қадала сөйлеп, Ален Гийоға қарады: – Біз ерте ме, кеш пе ауған жерінен кетерміз. Американдықтардың да алысқа созған қолы жетер. Сол кезде өздерің өлімге дайындаған мындаған моджахед-шаһидтер ажал бол атылар... Олардан көресіні қөріп, бізді де еске аларсындар. Ол күн де алыс емес. Әлемді шаһид жолына түсірген сендер – американцыктар... Террордың азабын енді Батыс та, Шығыс та тартады... Оған әлі-ақ адамзат көзі жетеді. Міне, сол кезде шынтақтарынды тістейсіндер. Сен журналист болсан, осыны жаз. Ален, адам баласына қаламың қару болсын!

Варсан ары қарай сөз таластырғысы келмеді білем, қабағын керіп, «амал қанша» дегендеге алаканын жайды. Ален Гийоға ағылшынша әлдене айтып, Бадабердің қоңыр салқын жерасты абақтысынан жылдам шығып кетісті. Ал өлім лебі ескен абақтыда ажал ауасымен тыныстаған шынжырлаулы тұтқындар үнсіз қала берді.

Насыбай мен чарс<sup>1</sup> араластырған лас быламықты түскі астан кейін бұларды түзге алып шықты. Мұндай астан кейін көбісі құсып тастанып. Байбура да асқазанын алдағанмен, артынша ақтарып тастанады. Қолдары мен аяқтары жұмыс істегендеге еркіндеу қымылдайтындей етіп, қос білезік пен қос сирақ арасына жарты метрдей шынжырлы кісен салынған он үш тұтқын кейде күн сайын, кейде күн аралатып, жер астынан шыққан жіктей бол, ауғандық тұтқын хадшыларға косылып, кісендерін шылдырлата әр түрлі жұмыс істейтін. Бадабер қорғанды бекініс бұрышындағы өскери қоймаларға келген жүк машиналарынан қару-жарап түсіреді, қорған ішінде хад-

<sup>1</sup> Чарс – ауғандық арзан есірткі түрінің атауы.

шыларға көмектесіп, моджахедтерге арналған казарма-үйлер салысатын. Одан қалса, Құдіретолланың «қаһарына» ұшырап, китүркі сұрақ пен киянқы таяққа көмілетін.

Бұл жолы бірақ советтік тұтқындарды сырты брэзентпен қапталған пакистандық әскери көліктер корабына отырғызыды. Қастарына алты бірдей қарулы құзет қоса мінді де, айдалаға ала жөнелді.

Алдыда – американдық «Хаммер» әскери көлігіне мінген Құдіретолла. Желсіз тымық күнде ойлы-қырлы кебір даланың шаны аспанға күйиндей көтеріліп, соңдарында будак-будак қалып, селдірей сейіліп жатыр. Іші-бауырды солқылдата соққан жайсыз жолмен бір сағаттай жүріп, жан-жағын жатаган жондар коршаған кең қолтыққа келіп тоқтады.

Он үш тұтқын жерге тұсқенде көрді: адам мен салт аттылар карасы мол екен. Тұйық қолтықтың төрін іргелей өсken көкжасан<sup>1</sup> арасына аппақ шатырлар тігіліпті. Ал жасаң шетінен басталатын шандак алаң ат тұяғынан тозыпты. Тулақтай тап-тақыр. Байбұра бірден тұсінді: бұл ұры қолтықтағы ат шаптырым ақ шандак алаң – ауғандықтар «бұзқашы»<sup>2</sup> атайдын, ал қазактар «қекпар» дейтін ежелгі ұлттық дәстүрмен ұласқан ойын өтетін жер. Мектепті тәмамдаған мамырда Байбұра да боз серкені тақымға тартып, бозбала күшін сынап көрген. Қырғын додада басынан қамшы да тиіп, жауырынынан қызыл тобылғы сап та батқан. Делебесі қозып, ет қызуымен ештеңені елемеген.

– Хазар, тебе это знакомо же, – деді украин Виктор<sup>3</sup> кісендері шылдырап.

<sup>1</sup> Көкжасан – «зеленка» деген совет әскерлері.

<sup>2</sup> Бұзқашы – ауғандықтардың көкпары.

<sup>3</sup> Виктор Васильевич Духовченко – ұлты украин. Лагерьдегі лақап есімі – Юнус. Украинаны Запорожьесынан. 1954 жылғы. Үйленген. 1984 жылды 25 тамызда өз қалауымен Ауғанстанға сұранып барған. Баграм гарнизонында қызмет қылған. 1985 жылды желтоқсанның соңғы күндері Қала-Бұлай қышлағы маңында тұтқынға тұсқен. Бадабер лагеріндегі көтеріліс кезінде мерт болған.

— Да, — деді Байбура да «Хазар Мұсылман» деген лақап атына алты айдан бері үйренген қалыптен. — Юнус, — деді бұл да Бадабер лагері салтын бұзбай Викторға бұрылып: — у нас «кокпар» называется. Эти всадники подготовлены...

Күзетшілердің бірі Байбура сөзін аяқтатпай желкеден түйіп қалды. Пуштуша<sup>1</sup> әлде не деп барқ етті. Бұларға ара түспек ниетпен бір-екі ауыз сөз айтып қалған екі тұтқын — Мұхаммед Азиз бен Қасым<sup>2</sup> да Калашников автоматының ағаш дүмін жеді. Бәрін де малша айдаپ жасан үстіне, алаңға жақын қойылған советтік өскери «Камаз» көлігі жанына әкеп, тізерлетіп қойды.

Көкте көкек күні шақырайып тұр. Төбені тесіп барады. Ал өскери көліктің қорап қашағасы ашылып, үстіне үстел мен орындықтар қойылыпты. Күн түспес үшін советтік көк брезент көленкелей тартылған.

Он екі шурави тізelerін бүгер-бұкпесте көкжасаң ішіндегі шатырдан шыққан адамдар бұларға карай беттеді. Алдарында ак сәлде басты, ак жібек шапанды, орта бойлы, бурыл сақал-мұртты адам алшандай басады. Қасында қатарласа ерген Құдіретолла мен Варсан, олардың сонын ала бір топ өскерилер мен Ален Гийо келеді.

Елудің мол ішіндегі жібек шапанды, орта бойлы әлгі адам:

— Ассалаумагалейкүм, мұсылман бауырлар! — деді орысша тілін бүрай сөйлеп.

Байбуralар ауыздарын жыбырлатып кана қойды. Ал олар советтік өскери көлікті айнала беріп, ар жағына қойылған сатымен көленкелі қорап үстіне көтерілді. Аланқайдың арғы жағында әлекендей жаланып тұрған

<sup>1</sup> Пушту — ауған тайпаларының ішіндегі аса жауынгер, көшпенді тайпа.

<sup>2</sup> Мұхаммед Азиз — лақап есім. Ұлты орыс. Анық аты-жөні белгісіз. 1982 жылдан Бадабер тұтқыны. Көтеріліс кезінде мерт болған.

Қасым — лақап есім. Ұлты тәжік. Анық есімі белгісіз. 1980 жылдан Бадабер тұтқыны. Көтеріліс кезінде мерт болған.

жиырма шақты аттылар да қозғала бастады. Арапарынан екеу бөлініп шығып, көкжасаң ішіндегі көк бұта-қараған арасынан алдарына өнгеріп, желдірткен бойы өлдебіреуді тұтындардың алдына дұрс еткізіп тастай салды.

Бұл күнге күйген гимнастеркасы әбден ағарып кеткен, жez жұлдыздары да каражынан совет солдаты екен. **Жаралы**. Бет-аузына қан катып, топырақ жабысыпты. Элсіз ыңырсыды.

Абдолла Рахман шыдамады білем, тап алдына құлаған жаралы жауынгердің басын сүйей берді. Күзетшілердің бірі ұмтыла беріп еді, жібек шапанды егде адам көлік үстінен қолын көтеріп, тиіспе дегенді ишарамен білдірді. Іле дари тілінде баппен естірте сөйледі. Дауысы құран аятын оқитын қаридай өуезді екен. Оның сөзін Варсан орыс тіліне аударып отырды.

— Бауырлар, — деді Варсан, — ұлы Бұрханиддин Раббани<sup>1</sup> әмір сендерге бостандық береді. Әлбетте, бостандық тегін берілмейді. Бостандық қанмен келеді... Осы уаққа дейін сендер әбден ойланды деп есептейді. Мына бір мүмин сол үшін құрбандыққа шалынады... Кеше ғана колға түскен жазықсыз пенде.

— Ах, сволочи! — деп, Абдолла Рахман — подполковник Серафим Куницын тісін шықырлатты. — Жігіттер, шыдандар! Шыдандар!

Жігіттер ызадан жарылып кете жаздал, бұктісіп отыр.

**Жаралы** жан:

— Прощайте! Простите! — деді қырылдай. — Не забывайте меня! Сибиряк я... Герасим Хромов.

Осы сәтте:

— Ауғанстанның азаттығы үшін шейіт болады... Сендер үшін жан береді, бауырлар! — деп тоқтады Варсан да. — Қажет болса, сендер де құрбан боласындар. Ойланындар, бауырлар! Дайын болындар!

<sup>1</sup> Бұрханиддин Раббани — теология профессоры. АИК (ИОА) — «Ауғанстан ислам қоғамы» қозғалысының көшбасшысы, ауған ұлттының ұлтшыл перзенті, көзқарасы қайшылықты.

Варсан сөзі аяқталмастан өлгіндегі екі салт атты жерден жамбы ілгендей, карулы білектерімен жап-жас, арық, сырықтай солдатты жұлып әкетті. Сол-ақ екен шандақ айқай мен қиқуға толды. Өлім мен өмір арасында күн кешіп жатқан он екі тұтқын да орындарынан қалай атып тұрғанын сезбей қалды.

Жиырмаға жуық көкпаршы-бұзқашы бұзықтар мал орнына адамды тақымға тартқан сүмдық басталды да кетті. Байбура мен Виктор қалпылдап қоя берді. Куницын жұдышырығын түйген қалпы қөзі аттыларға қадала қатып қалған. Ал басқа тұтқындардың бірі елеуірлей боктықпен сыбап жатса, бірі өз шашын өзі жұлған.

Тамшы су тимеген аланды топырлаған түяқ кесті. Шандақ шан пердесін тұтты. Есіріп алған адамдар мен еліріп алған аттар екілене ұмтылыскан. Тірідей көкпарға тасталған тән сүт пісірім уақытқа ғана шыдады. Кергіге түсken Хромов Герасимнің бұты – бұт, қолы – қол бөлініп, қан-жын қарны актарылып, ат түяғында тапталып жатты...

Бұл жолы бірақ өйгілі американдық психолог-инструктор Варсан қатты қателесті. Тұтқындарды салт аттылар тақымында ажал тапқан орыс жауынгерінің өлімі үрейлендірмей, керісінше бойларын ыза-кең буды. Бадаберге бұлар дұхтар ойлағандай ііндері түсіп, рухтары женіліп қайтқан жоқ. Қайта көкіректері шерге толып, жүректері шемен боп қатып, рухтары лаулай көтеріліп, қызыл қандары сұйылды.

Жол бойында Абдолла Рахман – Куницын тұтқын сержанттар Юнус – Виктор Духовченко мен Хазар – Байбура Майдановка кешкі ақшам намазында «Спугнем воробъя!» деп, дайын болуларын ескеरтті. Олар да «воробей<sup>1</sup>» деген жалғыз ауыз сөзді кірпік қақпай қадалып,

<sup>1</sup> Воробей – түрмеде айтылатын жаргон сөз: орысша «замок», казакша «құлып». «Спугнем воробъя!» – сломаем замок – «Құлыпты сындырамыз!» деген мағына береді, яғни «кісенді ашып, әскери коймаларды бұзып, көтеріліске шығамыз» деген парольдік мағынаға ие, әрі орыс түрмесіне тән жаргон.

тұтқын бастарын төмен тұқыртып отырган қалғандарға сыйырлай жеткізген.

Бұлар қорғанды бекініс ішіне кіргенде күн де кешкіріп қалған еді.

Қандары кеуіп, еріндері жалактана жарылып, бір ұрттам су ішпей келген он екі тұтқынды қару-жарап қоймасының алдына бір-ақ әкелді. Келген бойда қатар тұрган екі жүк көлігіне қоймадағы қаруды асығыс тиеп жатқан хад тұтқындарына қосылды. Ал моджахед тәліптер бұлар келген сон жүкшіліктен құтылып, онашалау барып отырысты.

Алты бірдей автоматшы тұтқын жүкшілерден көз айырмай бақылайды. Жәшік-жәшік оқ-дәрі жапсырмаларынан Италия мен Қытайдың, Англия мен АҚШтың, СССР мен Германияның белгі-бедерлери мен мұндалайды. Ауған мен Пәкістан жерінде өлім себетін осынау қару құралдары тұтқындарға да етene таныс: италиянның пластик минасы, ағылшынның «БУР» атанған әйгілі ескі винтовкасы, американың колмен-ақ көтеріп жүретін «Стингер» ракетасы, немістің тапаншасы, орыстың автоматы дейсіз бе – толып жатқан қару тұрларі Ауғанстан соғысында сынақтан өтіп, сынға түсіп жатыр. Қасірет-қайғыға толы ауған жұрты – адамзат құрбаны, қанға шыланған ауған жері – соғыс полигоны... Мұнда келген келімсектер – орысы бар, орманы бар; американдығы бар, албастьысы бар; жаһилы бар, жарымесі бар – адам баласы арасынан шыққан әзірейілдер: қанға тоймас қорқаулар.

Байбуралар қалған жүкті тез арада артып болғанда азан шақырылып, моджахед шәкірттер ақшам намазына сапқа тұрып жатты. Қөліктер орындарынан қозғалып кетісімен, ауғандық хад тұтқындары да намазға жинала бастаған. Байбура да Виктор мен Кунициңға иек қакты. Он екі шурави де қару-жарап қоймасы аузын жаппастан жүгіре басып, ауғандық хад тұтқындары қатары сонына намаз сабын түзеді.

Соңғы бірер айда Байбурамен намазға жығылып жүрген бірер совет тұтқындарына іштері жылып қалған карауылшы жендеттерді де жайбаракаттық билей бастап еді... Олар да Калашников автоматтарын қастьрына тастап, бұлардың ту сыртынан келіп намаз оқитын. Бүгінгі ақшамда да солай болды.

Күреніткен күн үясына еніп бара жатқан кез еді...

Подполковник Серафим Куницынның көптен бері ойластырған жоспарын жүзеге асыратынсын сәті туғанын он үші де түсінді. Бәрі де үн-тұнсіз намаз сабына тұрып, бастарын салбыратып алған. Намазға үйіған уыз мезгіл. Іштей дүға қайырысып, Байбураның бастауымен бәрі де бірдей тізе бүгісіп, жүгіне жығылысып, маңдайларын сәжде орнына Бадабердің кебір топырағына тигізіскең.

Ақшам намазының үш рәкат парызына алғаусыз жығылған. Бекініс ішін бір уақ тыныштық билеген. Тек анда-санда «Әмин!..» деген өуен ғана ауаны тербел, кернеп кетеді. Осы бір намазға үйіған сәтте мынау ажал ғана торыған Бадабер қорғаны үстінен өлім лебі сап тиылып, өмірге деген құштарлыққа толы кешкі самал соғып өтеді. Тап қазір де қорғаннан асып келген салқын самал сұннетке жығылған тұтқындар мен жендеттердің жүзін желпіп өтті.

Жалпы жұрт ақшам намазы сұннетінің екінші – соңғы рәкатына жығылғанда, Байбура еңкейе беріп:

– Атанда!<sup>1</sup> Духи!.. – деп оқыс айқайлад, артқы жағында екі қадамдай ғана жерде сәждеге бас қойған карауылшы моджахедке бұрыла атылды.

Алдын-ала келісілген «атанда» пароль атауынан сілкіне тұрған он үш тұтқын ту сыртындағы карауылшы жендеттерге арыстанша бас салды. Олар да дәп намаз үстінде тарпа бас салады деп күтпесе керек. Үзаль

<sup>1</sup> Атанда – француз сөзі, орысша «довольно»-«жетер» деп түрмеде қолданылатын жargon. Бұл сөз де көтерілісті бастауға белгі ретінде қолданылған.

жүрек, долы қол мен тапталған намыс, сұрапыл сезім таудан жүрген атқыдай әп-сөтте алты күзетшіні автомат дүмімен езгілеп, білектеріндегі шынжырмен буындырып, жандарын жаһаннамға жіберді.

Ақшам намазы аяқ астынан аласат алапатқа ұласты...

Аласалыран басталды да кетті. Совет тұтқындарының күзетшілерді алып-ұрып жатқанын көрген ауғандық тұтқындар да карусыз шәкірт моджахедтерге тұра ұмтылды. Олар да бас сауғалай тым-тырақай қашты.

Осы бір ойран-топан сәтті пайдаланған он үш советтік тұтқынның бірі – Мұхаммед Ислам<sup>1</sup> шәкірт моджахедтермен бірге жау жағына қашып кеткен еді. Жан берісіп, жан алысқан сұмдық кезінде оның жау жағына жылыстап кеткенін ешкім білмей де қалған. Ал бойы кескен теректей екі метрлік Абдолла Рахман – Серафим Куницының орысша берген командирлік командасты мен хад тұтқындары ішінен сенімді тілекtes Гүл Мұхаммедтін<sup>2</sup> дарише дарылдай ақырған дауысы бәрін де дереу тәртіпке келтірді.

Қас қарайып қалған еді.

Жау бекінісі ішінде карулы көтеріліске белді бекем буған тұтқындар қауырт қымылға көшті. Құдіретті Құдіретолла моджахедтері мен пакистандық жауынгерлері ес жиям дегенше, көтерілісшілер ымырт жабылмай Бадабер бекініс қорғанын басып алды. Қой-

---

<sup>1</sup> Мұхаммед Ислам – лагерьде қойылған лақап есім. Ұлты белгісіз. Жасы 23–24-те. 1982 жылы Пули-Хумри ауданында өз еркімен дүшмандарға берілген. Мамандығы – шофер. Он екі совет тұтқынның арасынан шықкан жағыз сатқын. Жансыз болуы да мүмкін.

<sup>2</sup> Гүл Мұхаммед – ауғандық офицер-танкист. 1982 жылы желтоксанда атакты Саланг асуынан тұсер еністегі Хинджан қышлағы маңында Ахмад Шаһ Масуд жасагына тап болып, дүшмандардың колына түскен. Оны әйгілі әмір Бұрханиддин Раббанидың өзі моджахедтер жағына үтітеген. 1983 жылы Бадабер лагеріне жіберілген. Совет тұтқындарымен көтерілісті колдап, көтеріліс кезінде қашып құтылғандардың бірі. Бадабердегі совет тұтқындары ұйымдастырыған көтеріліс туралы толық мәлімет берген тірі куәгер.

мадағы қарумен мұздай қаруланған тұтқындар түн жамыла сыйылыш шығуды көздеген. Бірақ бұл жоспар жүзеге аспады. Ауғандық офицер Гүл Мұхаммедтің жүк көліктерімен қашамыз деген үміті акталмады. Құдіретолла қанішерлері бекініс қакпасы аузынан шығартпады.

Күш те тең емес еді. Түн ортасы ауғанша қырық шақты ауғандық пен он екі советтік тұтқын бекініс мұнаралары мен қорған қабыргаларын, қойма төбелерін шенберлей қорғаныс етіп, құдіретті Құдіретолла шабуылшыларының ит сілікпесін шығарды.

Жиырма жетінші сөүірдің таңы да талаурай атты...

Түнімен ұйықтамағаннан көзі канталап, кара сақал жүзі қарақоқ боп күйіп кеткен пәкістандық майор Құдіретолла мен Пешевардан жанталаса жеткен ауғандық әмір Бұрханиддин Раббани құлқын сәріден көтөрілісшілермен келіссөз жүргізбекке әрекет жасады. Бұларынан бірақ түк шықпады.

— Ей, Абдолла Рахман! Алла атымен ант суын ішегін, — деген әмір Раббани, — сендерге кешірім жасаймын! Қарсыласқанды тоқтатындар. Дүниенің төрт бұрышына кетіндер, тек қаруды тастандар. Алла бәрін кешіреді, ол мейірімді де кешірімшіл!

Сонда подполковник Куницын:

— Алланың атын жамылма, әмір, — деген, — Алла — әділетті, ал сен... сен... Алла деп айтуда лайық емессең. Бізге Пәкістандағы Совет елшілігін шақырт. БҰҰ-ның өкілін жібер. Қызыл кірештілерді алдыр. Сондағана сендерден тартып алған қаруды тастаймыз. Ал ана бір алты бірдей тәрбиеші инструкторларың мен он үш пәкістандық қызметкер бізге «тірі» қалқан. Оларды қару-жарақ коймасы ішіне байлап, бізге салған көзір-кісендеріңмен бір-біріне шынжырлап тастадық. Қанға — қан, жанға — жан... Варсан айтқандай, Құрметті Әмір, сен де ойлан!..

— Ойланайын, — деген Раббани.

— Ұзак ойланудың қажеті жок. Біз бір құдайдың еркіндігінде туғанбыз, сол еркіндікте өлгелі тұрмыз. Еркіндікте қолда қарумен өлгеннен артық арман жок. Бәріміздің түбі барап жеріміз бір. Сендер шаһид тәрбиелеп өүресіндер, сол шаһид біз — шурави... Біз дайынбыз. Анау сүмелек сатқын Мұхаммед Исламды да қайтарындар... Ол біздің қолдан өлуі тиіс.

Раббани аузына Кабул құмы құйылғандай тымтырыс қалған. Бұл талаптардың орындалмайтынын екі жағы да түсінген. Көтерілісшілер жана шыққан күннің жарығын бір сәтке болса да ұзартуды көздесе, жаулары тығырыққа тірелгеннен келіссөзді созуға тырыскан.

Байбура мен Виктор қарауыл мұнарасы басына бекінген еді. Құн арқан бойы көтеріліп кеткен. Көкжиекке дейін созылған Пәкістан мен Ауғанстан шекарасындағы Бадабер — Пешевар аймағы әуірлей қыза бастаған. Жаулары көтерілісшілер қойған талапты орындаса, Пәкістан мемлекеті мен Совет Одағының арты ашылатынын жақсы біледі. Сондықтан да колдары байлаулы, бастары нокталаулы... Қысылмасқа да шаралары жок: бірнеше шетелдік инструкторлар мен пәкістандық саяси қызметкерлер, ең бастысы — қаружарақ қоймасындағы аса қымбат тұратын екі мындей әртүрлі типтегі ракеталар, бомбалар, он шақты автомобилльдер мен көп мөлшердегі атыс қарулары көтерілісшілердің қолында қалып барады. Ертең оны берген жарылқаушы қожайындарына Раббани жауап беру керек. Раббанидың рақымы сондықтан да сөз жүзінде тұтқындарға түсіп тұр.

Подполковник Куницын — Абдолла Рахман:

— Ауғандық бауырлар, — деген бәріне естірте айқайлас: — біз сендерге разымыз! Гүл Мұхаммед, казір олар соңғы соққы береді... Қойма маңынан аулақ кетіндер. Бекіністен сыйылып шығуға тырысындар.

— Ал сендер ше? — деді Гүл Мұхаммед.

— Біз басымызды өлімге байлағанбыз. Құлдықта қор болғанша, еркіндікте ажал алсын... Қош болындар!

Кунициң аузын жиып алғанша, тамұқ оты лап етті. Сағат таңғы сегіз кезі еді. Ауыр артелериядан атылған оқ қару-жарақ қоймасы түбінен оқыс жарылды. Келесі зенбірек оғы бекініс қорғанының қабырғасын аpanдай етіп ойып түсті. Дұниені шаң-тозаң басты да кетті.

Қақпа жақтан ұмтылған моджахедтер мен пәкістәндышқ өскерлерге Байбура пулеметтен оқ жаудырды. Он шакты адам орақпен органдай баудай түсті. Виктор мен өзге жігіттер де қарап калмады, оқты қарша боратты. Полковник Кунициң гранатаметтен атқан.

Әмір Рabbani мен майор Құдіретолла қаһарына мінсе керек, Бадабер бекінісін тозак казанына айналдыруға көшті. Жаудың берілмесін білген олар ауыр артелерия оқпандынан гүрсілдете атқылай бастады. Ілеңде бекініс ішін шаң-тозаң қаптап, бораған оқ пен копарыла құлаған шым-кесек топырактан көрінбей қалды. Жараланған адамдар мен жанып жатқан көлік, моджахед жаппалары жын ойнағандай күйге түсіп, ыңырана шыңғырған дауыс пен шатырлай жанған от, колқаны қапқан қара-қошқыл түтін іісі төңіректі алып кетті.

Аяқ астынан ғарасат майданы ашылғандай аласапыран басталды. Шыбын жан үшін бас сауғалап, алапат арасынан ауғандық хад тұтқындары сыналай сыртқа ұмтылып жатты. Бірі оққа ұшса, бірі отка тұтылып, қайсы біреуі бекіністің түстігін ала жатқан құла түз бен көкжасаң ішіне құтыла сінді. Олардың арасында Гүл Мұхаммед те аман сыйтылып кетті...

Пәкістан территориясында аса құпия түрде советтік өскери тұтқындарды жасырып отырған Пәкістан үкіметі мен президенті<sup>1</sup> көтерілісшілерді ын-шыңсыз жойып жіберуді Рabbaniға бүйрек етсе керек, зенбірекпен атқылаған былай тұрсын, Пәкістан қарулы күштерінің іскери тікұшағын майданға қосты. Американдық «Аппа-

<sup>1</sup> Зия-уль-Хак.

чи» вертолеттері қиялаған бетте «аяу-жер» ракеталарын жаудырды.

Екі мұнара басына бекінген Байбура мен Виктор тікүшақты көздей атып, тойтарыс бермекке әрекет етті. Виктордың қолындағы ірі колибрлі пулемет оғы бір тікүшақтың моторынан тиіп, тікүшақ шайқалақтай ұшып, ұзап барып, айдалаға аман-есен қонды.

Осы бір сәт ауыр зенбірек снарядтарының бірі қойма төбесінен дәл түсті. Сол-ак екен жарылғыш каруға толы қойма оқыс гүрс етті. Ал қайыра айналып соққан жалғыз тікүшақ та Байбура отырған биік мұнараны нысананаға алған еді. Мұнара бел ортадан омырыла қулай берді. Онымен бірге аударылып бара жатқан Байбура қару-жарақ қоймасының да дүлей күшпен жарыла бастағанын байқап үлгерді. Алып отты шардың көк аспанға шенбереқ ата көтерілгенін көз қызығымен шығарып салды. Іле қою шаш мен калың топырак үстінен баса құлағанын сезді.

Сол бойы есі ауып, көзі жұмыльып кетті...

Байбура оқыс селк етті. Мария-Агатамен жанасып жатқан тәні де жер сілкінгендей серпілді. Шошына оянып кетті.

Алакөленке бөлме. Ай сәулесі ауып, құба танның бозамық жарығы қеулепті.

Мария-Агата да оянды. Байбурага танырқай қарады. Тоңазып қалған тәнін жылытыксы келгендей, жігіттің қеудесіне айқара аунады. Жас өйелдің қол торсықтай аппақ анары дертелі. Дерткен омыраудың түймедей қоңыр үрпі уыз толғандай шертеді. Танауын атalyқ бұғыға еркелеген Алтайдың ақ маралындай еркек иегі астына тығып, тістелей аймалайды.

Аздан кейін арда азаматтың бауырында ақ борықтай серпінді тән керіскедей керілді...

## VII

Тұмса табиғат аясында тан да тамылжып атты. Таңмен түрленген көкорай дүние де балбыраған бойжет-кендей бұлықсып жатты.

Доғадай иіліп, жыландай иірілген Мария-Агата мен арқандай ширыққан Байбура әлден уакта жандары жай тапты. Талықсыған төн мен бұлықсыған жан байыз тапқан сәт туды. Екеуі де ер мен әйелге төн ел-сел күйді армансыз бастан кешіп, үнсіз жатты.

Қос алақаның шүйдесіне жастанып, шалқалаған Байбураның ойына Ауғанстан жерінде шығарған өлең жолдары оралды.

Ауғанда алхор, Ауғанда алхор гүлдеген,  
Ақылдан ауып, азапқа төзіп шөлдегем.  
Тәнірім мені тастап та кетпей кияда,  
Туажат пенде тағдырға енді көн деген...  
Көк төрін тіліп, Ана-Бөрі ана оралып,  
Аранын ашқан ажалдан жырып, өлмегем...

Ауғанда алхор, Ауғанда алхор гүлдеген,  
Ындыным кеуіп, тау-тасты кезіп шөлдегем.  
Шырыны келіп, ерніннің сөлін жұта алмай,  
Өң менен түстің елесінен сені іздегем...  
Көк тұман түріп, Ана-Бөрі ана оралып,  
Елеспен бірге еніреп жүрген кезбе ем...

Осы бір өлең жолдарына ілесіп, санасында жаңаша сөз сонары оқыс жаңғырды.

Ауғанда алхор, Ауғанда алхор гүлдеген,  
Сүйгенге деген құштарлық мені тербереген.  
Жалғыз да болса бұлғакты құнді кешкенде  
Туған ел деген сағыныш селі емдеген...  
Көп күмән кешіп, Ана-Бөрі ана әлдилеп,  
Туған жер атты махаббат мәнгі жебеген!..

Құдай-ая, елі мен жерін, Алқабегім мен Мария-Агатаны, тіпті анасын ғана іздемепті бұл... өзін өзі іздепті ғой. Иә, өзін іздепті. Өзімен өзі тілдесіпті... Өзімен өзі күресіпті!..

Үнсіздікті Мария-Агата бұзды.

– Бур, – деді жаймен үн қатып.

- Ау, – деді Байбура.
- Сен өлі де айныған жоқсын ба?
- Неден?
- Θз пікірінен...

Мария-Агата арыстай азаматтан жауап күтіп, оның ұнсіз қалғанынан іштей үміттеніп жатты. Сәлден сон шыдамады, білем:

- ...Мені қалай киясын? – деді.

Байбура сонда да тіс жармады. Мария-Агата үміт пен құдіктің арасында қалды. Енді өзі бірдене деуге қорыққандай күйге түсті. Бір нәрсе айтса, бұлдіріп ала-тындаі көрінді.

Кенет:

- Сен осында қал! – деген сөзді Байбура аузынан зілмен естіді.

Ести сала әйелге тән женіл ауыздықпен:

– Жоқ! – деп кесіп айтып қалды да, іле-шала жуып-шаюға көшті. – Бур, кешірші мені! Мен бұл жақта қала алмаймын. Өзің білесің... шешендерге көмектескемін... орыстар... ФСБ<sup>1</sup> мені тұтқындаиды, сосын өлемге жар салады... Саған да кесірім тиеді. Одан да бірге кетейік. Мен бір сен үшін басымды тігіп келдім... Саған сенем, жаным!

Мария-Агата тұла бойы бір ысынып, бір суынып, шалқалап жатқан ер-азаматтың омырауынан иіскелей, тілімен тінткілей, тісімен тістелей қытықтады. Оған бірақ Байбура былқ етпеді. Сонда ғана әйел затына тән терен бір сезімтал түйсікпен Мария-Агата сескене берді.

Әлі де бір өлсіз үмітпен:

– Бур, – деді жұмсара тұсіп: – мен бәрін де ойлас-тырып келдім. Турист ретінде осы арадан жолсызben Монголияға асамыз... Егерълерден білдім: Баянөлгей деген жерге тұра асатын асу бар екен. Өрел ауылы тұсынан кезінде қазактар Баянөлгейден етке қой айдалтығой...

<sup>1</sup> ФСБ – Федеральная служба безопасности РФ – Ресей Федералдық қауіпсіздік қызметі.

Егерълер ақша төлесендер, аман-есен жеткіземіз деген. Олар жеткізеді, таудағы иен асулар баяғыдан мәлім ғой. Ал Ұлан-Батордан Тайваньға жол ашық. Паспорт та дайындаап ала келгем. Одан Парижге...

— Қысқарт! — Байбураның үні қатқыл һәм қаһарлы шықты.

Екеуі де бір сәт тына қалды.

Байбұра жылдам киініп, сыртқа беттеді.

— Бур!? — деген Мария-Агата дауысына босаға түбінде қалт тоқтады, бірақ жалт бұрылмады.

Мария-Агата да осы бір сәт жүрек түкпіріндегі сөзін — соңғы қөзірін ашқысы келіп оқталды, бірақ аша алмады...

Қақпақ жауырынды жігіт ағасының сыртқы түрпаты мен әлгіндегі сұсты жүзі жүргегіне біз сұғып алғандай шайлықтырып тастапты. Босаға түбінде бір сәт антарылған арыстандай азаматқа ту сыртынан түніліп, көніл түкпірінде жаткан жұмбақ сөзін жеткізе алмады. Жас баладай жасқанды.

Жаралы жолбарыс секілді жан-дүниесін жыртқыштық жайлап алған тағы ғой, жанкешті сарбаз ғой... «жазым етер» деген күдік қемейіне іркілді. Мария-Агата аузын жиып, тілін жұтып қойды. Жаннан безген жаннан бәрін күтүге болады. Кісі қанын жүктеген пенде емес пе бұл, «Абеліді өз колымен өлтірген Каин» деген ой найзағай отындаі санасында жарқ етті.

Байбұра да босаға түбінде тенселіп тұрды. Мария-Агатаға деген белгісіз бір ашу қысып, бір жағынан, «оның жазығы не?» деген мұсіркеушілік сезім билеп, табалдырықтан аттай алмай қалды. Мынау ағаш табалдырық пен ағаш есік — бірі биік таудай көрініп, бірі тозақ қақпасындаі елестеп өткендей болды. Бойын бір жұмбақ діріл билеп, сол жақ кеуде тұсы қорғасындаі ауырлап, шымыр-шымыр еткен қекірегін белгісіз корқыныш кеуледі. Сонда да артқа қайырылуға әлдекандай намыс жібермеді.

Ал Мария-Агата болса, «Бұзық бұқа!..» деп, төсек үстінде өз-өзіне күбірлеп отырды: «Өз бұзауын өзі сүзіп өлтірген... Сенің балан бар, жексүрын!» Бұл сөздерді бірақ Байбура естіген жок, естісе де швед тілінде айтылған ләмді түсінбес те еді. Мария-Агата құрсағындағы шарананы «менікі» десе, испанның коррида бұкасындай мұны жарып тастаудан да тайынбас деген ойға келді. Мынау иен тау арасында бір жартастың қуысына басын жастай салмасына да кім кепіл?! Қаны қарайып кеткен қасқырдай жаннан бәрін де құтуге болады. «Конкистодор корридо!..» деді Мария-Агата тістеніп.

Байбура есікті серпе ашып, табалдырықтан түзге аттады...

Мынау өзіндей туажат адам тудырған қиянкескі қоғам, өзіндей туажат пендे тіксінген қияметті дүние мәнгі жалғаса берері хақ. Ал Туажат – осы бір оспадар сүмдығын жасырған жалған дүниеге, озбыр қылығын жасырған қоғамға жат жаниесі. Ендігі уакытта қорланған сезімі, қор болған сенімі жүрегін суынтыкан Туажат шыдай алмас... Алапат әрекетке белін буар, ірі іске басын жастар.

Таң сәулесі тарап, көл қоршаған биіктердің басын шалыпты. Көл беті каракөлеңкелене тұнып, бетінен мұнарлы бу көтеріледі. Байбура көл жағалап, шыққа шыланған көкмайсаны кешіп, мүйіске қарай жүрді.

Іштен тынған Мария-Агата қыстықкан күйі жылап жіберді. Құс жастықты тізесіне қойып, бетін басып, еніреп тұрып жылады. Жалаңаш иықтары селк-селк етіп, іші-бауыры солқ-солқ етіп өксіді. Ер-азаматқа деген ессіз ғашықтық пен есті жеккөрушіліктен, құрсағындағы сәбиге деген сүйіспеншілік пен үрғашыға тән әлсіздігіне күйінген амалсыздықтан жылады.

Осы бір сәтке дейін опасыз өзін өте бақытты сезінген-ді. Тұмса табиғат құшағында туып-өскен Байбурадай табиғи түземдік – нағыз жансебіл сарбаздан үрпақ өрбітетініне аналық махаббатпен риза да еді... Болашак

көкбөрі текті көшпенді сәбидің қанымен еуропалық қан жаңартатынына, еуропалық анасы болатынына құллі болмысымен беріліп алған-тын. Алтайлық тәнірі құдіретімен Бакудегі қонақ үйде ғайыптан құрсағына біткен шаранаға Стокгольмде жүргенде «Хан-Алтай» деп жорамалдан есімін де қойып қойған. Ұл боларына аналық интуиция сездіріп, оған христостық сенімі де кәміл еді.

Болашақ ана жастық жастаған қу тізесін құшақтаған қалпы егіле берді. Қөктемде ғана Кавказ тауында жау коршауынан аман алғып шыққан ғажайып көк бөріні есіне алды. Байбураның алдына түсіп жорткан сол бөрідей ұл табармын деп үміттенетін. Қоз жасына ерік бере отырып, Мария-Агата әлі томпая қоймаған карның аналық мейіріммен сыйпады...

Ал бұл уақта Байбура сұығы мидан өтер, тәнін темірдей қарыр көл сұына шомылып еді. Апыл-құбыл киініп, қарағай арасына қиялай енген. Ол шешінген жерде кеше Мария-Агата «қайратты шашынды қайыра тара-шы» деп қалтасына сала салған тарап пен қайық үстінде қыздың сынған көзілдірігінің дөнес келген сау шыны көзі сусып түсіп қалды.

Әлі бозбала қолы батпаған бойжеткеннің анарындай сүйір біткен мүйіс көлге сұғына енген еді. Көл сұынан тәні сергіп, жаны серпіліп қозғалған Байбура сүйір мүйістің Қарашоқы атанған биғін бетке алды. Баяу қозғалған ол мүйіс жонына бауырлай көтерілуғе бел буды. Ауған тау-ларында екпіндей жүретін ол туған жерінің тау жалында ентелемей, ентікпей аяқ басты.

Нарттай күн де көкке өрлеп, Рахман көліне нұрын қүйді. Терен сай іші кешікпей-ак отқа ұстаған қазандай ысып ала жөнелді. Жағада жанқалтадан түсіп, ұмыт қалған көзәйнектің жалғыз шыны көзіне де күн сәулесі қиялай түсті. Сөule шағылған дөнес шыны жүзі құбыла ойнады.

Шағылған сөule жақын түрған бал қарағайдың қу бүршігіне барып түсті. Алтайдың қызыл тиіні шағар

жұдырықтай жаңғакты бүршік теңгедей ғана дөнес шыныдан шағылған өткір сөулеге лезде қыза бастады. Энеміне тұтануға да даяр қүйге енді. Бұл бір адам баласы күтпеген, бірақ қектегі бір құдіреттің қалауымен күн сөулесі қурап тұрған бүршікке тұскен тылсым жай еді.

Ал Байбұра болса, қарағайлы бөктерге үнсіз адымдаپ, демін жиілете алып, қиялай кесіп, биікке қарай жондап бара жатты. Азаматтық арманы ат жалында өтіпті, опасыз тағдыры от-жалынды кешіпті. Жалындаған жастығы адасумен, жұмбақ жаны ансаумен күн өткізіпті. Алматы Желтоксанының боранды үскірігінен бас алған білекті күші, жүректі қуаты жат босағада жапа шегіпті. Бар болмысы бір тәнірінің қалауымен Ана-Бөрі рухты Бозиесіне бозтайлақтай телініпті, талайсыз тағдыры жетім қозыдай көгенделіпті.

Ақыры Алтайдай атажұртына, казактай анажұртына арсылай жетіпті... Ех, беу дүние! Бебеу дүние... бедеу дүние! Енді қайда бармақ? Тағы қайда қанғырмак? Тұлан тұтқан тағдыры қай жаққа қара үздірмек? Жоқ! Ол бола қоймас... Қайтейін, өкінішті өмір! Қайтейін, қақсал тағдыр! Ех, Мария, сен не білесін?! Жұмбақ жаным жалғызыраулы... Туажат тағдырым тұрлаусыз.

Байбұра ширыға басты. Қабырғалай көтерілген Қарашокы биігі үзай тұскендей қеуделене калыпты. Қалың қызыл қарағай мен балқарағай, самырсын мен арша қоныс тепкен, ұшқат пен қаракат бұтасы кескестеген құлама беткей етектен тартады. Туған жерінің аршасы мен шыршасы да мұны жатсынатын сияқты.

Оның да жөні бар. Мынау мұнарлы дүние, мұнды қоғам бұған жатсыну сезімін тудырыпты. Бүгінде Байбұраға қоршаган қоғам жат, қоғамға бұла Байбұра жат... Туғаннан туажат күй кешкен бұған бұл сезім бірақ бала күннен таныс. Нәресте шактан етене... Сәби шағынан анасын ансары ауа іздепті, бозбала күннен Алқабегімді ансары ауа күтіпті. Сол он жеті жасында қатал қоғамның өзгерісін, әділет туының жығылмасын көргісі келіпті.

Оны бірак көре алмапты... Екі көзі көк бөрідей канға толып, кең көкірегі ата қырандай кекке тұнyp, адам айтса нанғысыз қайшылыкты тағдыр кешіпті.

Аласапыран дүниеде алас үрган жанына дауа таппапты бірақ... Бұл фәніде адам жанына тыныштық жоқ. Тәні тозақ кешеді, жаны азап арқалайды. Жан да бір жағаны улап-шулап согатын Зайсанның ақбас толқыны екен, улап-шулап ұшатын Бұқтырманың шанқан шағала-сы екен.

Ал бұл кезде тенгедей шыны көзіне сына шағылған құн сөүлесінен лап етіп от алған қу бүршік лезде-ақ балқарағайды қызыл шоққа айналдырған. Шілде күнінің көзілдірік әйнегіне шарайнадай шағылған өткір сөүлесі сүт пісірім уақыт өтпей күш алып еді. Жылан тіліндегі сумандаған қызыл жалын самсаған самырсын орманын қу сөңкедей шатырлата жандырып, созыла акқан майлы шайырын жанармай шашқандай лаулатып жөнелтген. Қыздай жасанған жас қарағайлар, балауыздай балбыраған балапан шыршалар өп-сөтте бір-біріне жалғаса жалын аткан. Шайырлы орман шалқи жалындаған.

Сайтанның алтын тілләсіндай ғана шыныдан бас алған тілсіз сүмдүк сумаң қакты... Қызыл сүмдүк дүниені жайлаған заман ғой бірақ... Қояндай қайда бұғып, қайда қашып құтыласын?

Аядай жерден шыққан өрт сүт пісірім уақыт өтпей от теңізіне айналды. Сайдан суырыла соққан самал да жалынды іліп әкетіп, қыран қарағай басын шортанша шорши шалды. Сол-ақ екен сынсып тұрған саумал орман ду ете қалды. Бытырлай құлаған бұтактардан шашыраған қызыл шоқ жердегі кая шөпті куалай жандырды.

Бөрік қарағай бүркеген биік басына енді шыққан Байбура мұрнына тұтін иісі сонда ғана келді. Ол сәл ғана танырқады. Іле алапат өрттің ыстық лебін де сезді, бірақ еш әрекет жасауға үмтүлмады.

Орманның жел тербеген ұшар басымен де, жел кеүллеген тамырлы етегімен де екпіндеген жалын қамшының

өріміндей биікке қарай ұмтылды. Сай табанынан соққан тау желі күшеткен от орман-таулы жерде жоғарымен де, төмөнмен де жүретін алапат өртке айналды. Қарағай басын қыран қанатынша шалып, құренше бетін шалғын кияғынша сыпыра қызып, қызуы көл бетін шарпыды.

«Рахман бұлағы» шипажайының адамдары у-ду болып, абдырап түрдү. Алапат өрт төніректі киіздей түтқан қарағайлы орман бойымен биікке ұмтылып, жыланның тіліндей сумандаған жалыны көкке өрлеген қара-қошыл түтін арасынан жылтындал, әйтеуір аланқайдағы шипажай үйлері аман қалды. Жұрттың үрейін ұшырған өрт аулактағанға көнілдер басыла берсе де, күдік басым еді. Қайта айналып соқпасына, қайта айналып шалқымасына кім кепіл?!

Тенгедей дөнес шыныға шағыла сынған күн сәуле-сінен лап еткен ұшқын ұлы-бұлы өртке ұласқаны бір тәніріге ғана аян еді... Фасырлар бойы сарбаздай сап түзеп, сұнгідей көк тіреп шаншылған шынарлар от орағына оранды. Ашық күнде бүк қысатын бүйендей сай ішін өрт аптабы алып кетті. Рахман көлі – шарайнадай тұнған казан шұңқыр тамұқ ошағына айналып шыға келді.

Сәт сайын күш алған тілсіз жау Қарашоқы биігінде ызғыған желмен Байбура түрған арша-шыршалы, қарқат-ұшқатты тепсендеге ілеңде жетіп келді. Байбура да байсалды болмыс, сырбаз сабырмен қарсы алды. Тағдырының осылай бір тұйықталарына разы-қош күймен еркін тыныстады. Отты леп жүзін шарпып, отты жалын өзегін өртеп өтті.

Мынау мұнлы күй, мұнарлы дүние биігінде жаны жайсаң таба мойынсұнған еді. Мойынсұна тұра түщі тәні, шыбын жаны шырқырап қоя берді. Бозторғайша шырылдап, бұлдырықша ұшуға бекінді. Будақ-будақ түтін шарпыған, жалаң-жалаң жалын шалқыған өрт ішінде қалды. Бой-бойы бусана қызып, ой-ой еті ыси шыжып, сүйек-сүйегі балки еріп бара жатқанын жұмулы көзімен терен түйсікте сезінді.

Осы бір отпен ысталған жандармен сәтте қызыл жалынды серпе көк-жасыл сәуле көк төрінен түре түсті... Бұл Байбураның басына сын сағаты соққан сәтте жеті қат көк төрінен көк сағым боп оралатын баяғы Бозиесі – Ана-Бөрі болатын. Байбураның күйіл-жанған тәні тіксіне, ой-санасы сілкіне түйсінді. Боз бөріге айналған бозамық сұлба мұның тәнсіз рухын ақырығы рет ахиретке қарай ертіп ала жөнелді.

Отпен аласталған адамды жұмбак бір алакан құдіреттің калауымен көк аспанға көтеріле берді. От жалынына оранған қара жерді қимай, Байбура сонғы рет сана көзімен төменге сүзілді. Сонда алдымен Мария-Агата шалынды. О, құдіреті күшті ием, сол бір сәт сұлу Мария-Агатаның құрсағында түнеген шарана сәбиді сана көзімен көрді.

Байбура: «Ex, Мария, мынау от қарыған тамұққа тағы бір бейқұнә адамды әкелетінінді білмейсін-ay?! Жазықсыз бейшара жанталаса ғұмыр кешетінін қайтерсін?! – деген ой жалындағы оралып, жанын қүйдіріп өтті. – Бірақ сол бір соракы сұмдықты білмеуінмен де сен адамсың – анасын... Білместігінмен де бақыттысың». Бір сәт Байбура жат ел, жат жерге бұйыратын көк бөрідей қуатты үрпағы боларын да бағамдап үлгерді.

Топырактан жаралған тәнін от ішіне тастап, жүйрік жанымен жарыса самғап бара жатқан сау-саламат санасы әлгіндегі үшқыр ойдан кейін сабырға келді. Жатты жақын тұтып жатжанды болған, жақынды жат тұтып жаужанды болған Туажат қой бұл. Тұнығы лайлланып туажат күйге түскелі де бар дүние буырқанып шыға келгендей. Содан да ол жат арасында жау көрінгені, қарындағас арасында өзін жат сезінгені... Сабырға келген сәулелі сана жұмбак бір әлемге ғайып болуға асығып, сынаптай ағып, көк торғын әлемге сініп бара жатты.

Жер бетіндегі адамзат атты жұмыр басты пенделер шырыл қағып, шұрқан тірлік кешкен тамұққа көктей түскен Ана-Бөрінің киелі сәулесіндей, Байбураның бұла

тағдыры да жасындај жарқ етіп өте шығынты... Ол қазір мұлде ғұмыр сүрмегендей, талмауыт тағдыр кешпегендей.


Кенет зенгір қөктің қақласы оқыстан ашылды...

Балалық шақта болжаусыз армандаған ғарыш кемесіне ғайыптан мінгендей, көzsіз жылдамдықпен самаған Байбұра рухы күнәға толы жер бетінен жырактап, алдынан жеті кат көк қақпасы ашылып сала бергенін санамен саралады. Сол-ақ еken бір қабаттан киелі Бозиесіндей бөрі бейнелі періштер, енді бір қабаттан құс қанатты, тұлпар текті періштер, тағы бір қабаттан қанатты сәби – ер балалар бейнелі періштер жолықты. Оған бірақ бұл қарайлай алмады. Жұлдыздай ағып өте берді. Аруактар дамылдайтын әлдекайдағы тылсым әлемге асыға зулап бара жатты.

Ал алып құн аясындағы көк карбыздай ғана құңгей жер нәзік сөулеге шомып, бауырдай балқиды. Байбұра болмысына туажат күй тудырған қылы коғамды, киянқы адамды осы бір жер әлемінің жамалы – жалған дүние еkenін жұмыр басты пендеден жасырарай допша дөңгелейді. Көк-жасыл жер бетінде қап-қара қалыдай боп күйіл қалған қарагай-шыршалы, қаракат-аршалы қазан шұңқыр – Раҳман көлі жан-жағы жын-шайтанның жайып жіберген қара шашындај жалбырайды. Құба таңда сұлулығымен көз суырған көркем төнірек алапат өрттен тамүк шоғындаі қызара бөртіп, үрей үялай опыраяды. Күл мен шоқтан күреніткен өртөң шенберінде тұнық көл ғана Мария-Агатаның жанарындаі мөлдірейді, Ана-Бөрінің көз жасындаі мөлтілдейді.

Дертті дүние толқын тербеген қайықтай дірілдейді.

*Алматы.*



# ЖОЛАУШЫ

## Хикаят

Мен онымен жол үстінде жолықтым.

Екеуміз де жолаушымыз...

Жараткан бәйге атындағы артық қырым етсіз азамат екен. Жанаары жасындағы жарқылдан тұр. Бойындағы бұла күш-куат тысқа теуіп, дала көкжалындағы шырышық атқан болмысы мысынды басады.

Қысқаша таныс-білістіктен сон:

... – Жігітім, – деді ол көк бөрінің көзіндегі өткір жанаарын оқтай қадап, – жазсан, әнгіме айтып берейін. Жол қысқарсын.

– Жазу деген жанынды жеу... Естіген әнгіме, көрген дүниенің бәрі қағазға түсे бермейді гой. Ақ қағазға сықай толған күр шимай көп, – дедім күмілжінкіреп.

– Сонда сендер не жазып, не жырғатып жүрсіндер? Әлде өтірікті шындағы, ақсақты тыңдағы қылып соға бересіндер ме? Осы жазушы, журналист деген жүртқа таңым бар, том-том кітап жазады да жатады. Оқын десен, алғашқы сөйлемінен-ақ шылғи өтірік шылқ ете қалғаны... Кор болған қайран қағаз, желге үшқан қайран сөз.

– Сонша ма кімді оқып тастап едіңіз?!

– Оқығанбыз... Оны езіп қайтем. Естігін келмесе, айтпай-ақ қояйын. Жігітім, оқырман деген мен. Оқырман – жолаушы. Бұл дүниеде бәрі жолаушы... Құс жолында періштедей қанат қаққан күллі жұлдызды әлем де жолаушы.

– Жазушы да жолаушы...

– Міне, мұның жөн. Енді ғана тұзу ойлап, тұзу сөйлей бастадын. Адам деген ұзын жолда сыналады... Жазушы да ұзын жолда толғанады емес пе?! Ішті әнгіме де жолда айттылады. Жолда жазылады...

– Жолда жазылмайды! – дедім қарадай қасарысып.

– Қателесесін. Нағыз әнгіме жолда айттылады. Шебер жазушы сапарда жазады... Сапарда түйеді. Санана жазады... Шынайы шығарма ғана бейуакта жолаушы айткан әнгімдей санаға сына боп қағылып қалады. Мен үшін оқырман санасынан өшпейтін шеге шығарма – шығарма... Түйсікке түйілетін шеге дүниенің шимай-

шатпақтан айырмашылығы сонда. Қалғаның қайдам?!  
Алматының көк тұманындағы күмәнім қалың.

— Шеге шығарма... қызық екен тенеуініз! Бірақ сөзініздің жаны бар. Келістік, әңгіменізді бастаңыз. Мен де тындалап байқайын, — дедім «Не айта қояр?!» деген оймен.

— Шеге деген бір қасиетті зат қой. Кез келген жерге қағыла салмайды. Оналықпен тағы суырылмайды. Тот басқан шеге суырылмайды ғой, суырам десен де сынып кетеді, не болмаса — майысып, шиқылдап, шыңғырып, миынды қоса суырып алады.

— Иә, мактауын асырдыныз. Шеге новеллаңызды тындаңық!

— Шеге хикаяларым біреу емес — бірнешеу. Қазақта «өршеге», «төршеге», «көршеге» деген шеге түрлері бар, менің әңгімелерім де солай... Майын тамызып айта алмаспын, бірақ ұзын-ырғасын қарадүрсіндеу болса да қолмен қойғандай жеткізуге шамам келеді. Сұлу сөзбен суреттеп алу — сенің міндетін, — деп өзіме салмақ салып қойды. — Біліп қой, мен ойлы оқырманмын. Бұл хикаялар — Алтайда, Алатауда, Аркада өткен оқиғалар. Бәрі де бірақ бір қазақтың мұны, бір қазақтың сыры, бір қазақтың соры... Жиылып келгенде бар қазақтың тағдыры — бір тағдыр... Еділ мен Жайықтан Ертіс пен Есілге дейін, Арыс пен Ілден Арас мен Балқашка шейін таспиықтың тасындаш шашылған, іргесі ызырықпен аңырай ашылған қазақ баласы құн кешуде ғой. Осы есінде болсын!

Мен үнделемедім. Құлағым сізде деген оймен жүзіне үніле қарап, «ойлы оқырманмын» дегеніне епте езу тарттым. Қалай да оның тегін оқырман емес екеніне, тегін жолаушы болмағанына іштей қуанып та қалдым.

Астанадан Алматыға дейін жол қашық. Екі кіслік қана купе іші де жайлыш. Салқын. Құлақ құрышын қандыратын әңгіме болса, кім қашады? Кайта жаның кірмей ме?! Менің бірақ жаным кірмедин, керісінше жаным жылады... Жолаушы жылатты. Жанары жасындағы жарқылдап, қайраты көкжадай қабындалап алған еді.

## Жылым

Таң қараңғысы.

Қапалактап жауған қар токтап, із басылған. Қарбүйрек тауының көлге құлаған күнгей бетіндегі көп саланың бірі – Жетім сайдан шықкан салт аттылар сүйт. Тағалы аттар қар токтағаннан кейінгі жылымық ауаны қаба жұтып, желе-жортып келеді. Белдеріне салмак салған екеуді елең құрлы көрмейтін секілді.

Мығымы – қу мүйіз құлжадай жілікті еркек Танаشتа, серігі – жұттан шықкан серкедей сінірлі азамат Ақбөкен. Мосқал адам қабырғалы да карулы. Жиырма бестен енді асқан жас жігіт сүзектен тұрғандай сылынғыр. Екеуі де үзенгі қағысып, шылбыр үзіспей қатар келеді.

Аткөпір түскен желтоқсан қары тағалы түяқтан жапырак-жапырак ұшады. Қарабүйрек тауы да, Зайсан көлінің беті де, Қызыл Керіш даласы да тып-тыныш. Таң қараңғысы ғана ак шағала қармен шағылып, бозамық сәулеге бөгіп қалған. Осы бір бозаң әлемнің қебесін сөгіп, мазасын алып келе жатқан да кос салт атты.

Әкелі-балалы салт атты үнсіз. Қыран шолар, тазы салар қансонар таң да жақын. Бірақ қансонар күндер бұл өнірде бұл-бұл ұшқалы қашан?!

Көл бетіне іліккелі тағалы түяқтар дүрсілі шашақ етіп, ширіққан жүйкеге де тиіп кетеді. Оған бірақ сыр алдырап емес. Сүйт жүрістен, сувық көзкарастан айнымайды. Бұла бозаң дүниеде жүздері карауыта шалынады. Алған беттері – Зайсан көлінің ортасы – көл ортасын көк киттей тіліп өтетін Ертіс өзенінің көкшулан ұлы ағысы.

Ақ қар, көк мұз желтоқсанда ұлы ағысты жылымға караій жеті түнде құлаған қос салт атты сапары сырт көзге жұмбак...

Бұлар аттанған Қарабүйрек – жазықта жайылып жатқан Зайсан көлінің жағасында жападан жалғыз

томпиган бір қызық тау. Алыстан андағайлаған алып бейнесі де сынар бүйректен аумайды. Тау көтерер Толағай алыстағы Алтай тауларынан алабөтен бөліп өкеп, тоқ карындай толқып жаткан көл жиегіне қондыра салған сиякты. Жел-құз мұжіген мұсіні жаныған қайрактай жұп-жұмыр.

Ал Алтайдың ақыық биқтерінен қырандай қалықтап құлайтын мол сулы Қара Ертіс – көлдің ұзына бойын кесіп өтетін ұлы ағысқа айналып, алты ай қыста да катпай, ұйықты жылым боп жататын. Көл ортасында жыландай созылып, шымырлап жататын осы ұлы ұйық Карабұйрек тауына тұспа-тұсты.

Таң қарандысында ерге конған екеу бір-біріне көз киығын ғана салып қояды. Демдерін іштерінен алып, ата жаууларын көргендей ақыып, ат үстінде қақкан қазықтай қақып алған. Бір-біріне жат. Сырттай сыр бермесе де, іштері алай-түлей екені жүгенді жұмарлай ұстап, тақымды тебіне қысып келе жатқандарынан ғана мәлім. Ат басын іркер емес.

Қара құзден тебінде жүріп, күні кеше ғана белдеріне терлік салынған құр аттар да сулықтарын шайнайды. Иелерінің ыңғайына жығылып, қамшы салдырмайды. Емшек тағалары көлдің көк мұзын біздей ойып, шешкетей шұбартып келеді. Қыспастай қатар түскен іздері де сондарынан созылып, жыракқа сіңіп жатыр.

Белді құліктермен жeldіртіп келе жатса да, көздерін құла бозаң әлемге қадаған олар өзді-өзі өмір белесін желе-жорта шолып, көл бетіндегі желтоқсан ызғарын ұмытып кеткен. Әкелі-балалы екеу үшпа ой сілеміне оқта-текте бой алдырып қояды.

Танашты «Тәнірім-ау, өз қолыммен кіндігімді үздіргенің бе?! Бір атадан жалғыз ем ғой... Сен аясан етті! Бірақ сен аяғанмен, ел аямас... «Сатқын, қорқактың әкесі» деген сөзбен-ак күніне мың өлтірер, одан да бірақ өлгені абзal емес пе?! Қайтейін, ку жалғыз! Ауылға да аттап баса алмай жүрген жоқ па қазір. Бәлкім, ешкім

де білмей қалар... Ана бозөкпе жылқышы бала жақ ашып жүрмесе, оның да аузына қақпақ кояр, бірақ... ар-ұттың таптыра ма бұған? Таптырмас!.. Эй, ку жалғызай, ку жалғыз! Мынау таң қарандысындаң қара түйекқа тіредің ғой!» деген сүйк ой жанын жаншып келе жатты.

Ал ұлы Ақбекен болса, кайда сүйт аттанып барамыз деген ой жетегінен арыла қоймаған еді.

Екеуде жолға жайсыз орыс ері үстінде үнсіз келеді...

\* \* \*

Орыс ерге таң қарандысынан еріксіз таңылған еркектер жылан жұтқандай жабырқау...

Таң асқан токжарау аттар оқта-текте пыскырып қалады. Қарабүйрек тауынан ұзап, көл бетіне дендей енгелі таң да Сарытау биігінен сыз берді. Аң-құс ізі әлі түсіп үлгермеген қансонар кеңістік бозаң күйден бозмұнар түске боялды.

Жиырманың бесеуіне бел артқан Ақбекен әкесіне көз қырын тастап өтті. Елуді еңсеріп кеткен батыршалыс Танаш баяғы бір «банды» атанған кезіндегідей бесатарын жауырынына қыыстай асыпты. Қызыл пұлішпен қемкерілген төрт сайлы түлкі тымағының түгін бозқырау шалыпты.

Құдай-ау, бұл әкесі не көрmedі? Бәрін де көрді, бәрін де бастан кешті... Бәріне де шыдады!

Ал өзі ше? Иә, не көрді? Неге шыдады?

Ақбекеннің жүрегіне сүйк қанжар қадалғандай тіксініп, тұла бойына болымсыз толқын жүгіріп өтті. Бойы мен ойын дереу жиып алды.

Ат шашасын қапқан көбік кар тақтайдай тегіс мұз бетінде бөгіп жатыр. Ажалға асыққандай бұлар желе-шоқта жосылтып келеді. Ажалға қарай асығып келе жатқаны да ақиқат... Ақбекенді ажал торығалы қашан?!

Он жасында ел ішінде «көмпеске», «тәргі» жүріп, жалпақ жұрт жауынды бұлттай бұзылды. Ертістің бойы

сыңсыған мал, толған жан еді... Ағайын-бауыр алапес тигендей бай-кедей боп бөлінді. «Тап жауы» деп тескен тау асырды. Бұған шыдамаған белділер шекара асты. Әкесі секілді білектілер бесатарға оқ жүгіртті.

«Банды» деп ұсталған әке Сібірге жер айдалды. Ал бұл болса, 1932-нің аштығын көріп, жалаңаш-жалпы жетімдікті тартты. Бозторғайдай шырылдаған ананың арқасында аштық тырнағынан аман қалды. Зайсанның май шабағы құтқарды... Ал он жасында көз жазып, көмескі тартқан әкесін көріп тұрғаны кеше. Арада алмағайып уақыт сынаптай сырғыпты. Әйтеуір, асыл сүйек Ібір-Сібірден аман-есен оралыпты елге. Ал бұл...

Бұл ұлы қан-қасап майданнан оралды.

Ат басын іркіп қалды. Әкесінен құйыскан аралық қалып қойды. Сонда ғана құла таңнан құлмерездей міз бақпаған әкесі:

— Шаужайлама! — деп санқ етті бұрылмастан.

Салт аттар қайта қатарласты. Темір ұзенгілер жанай тиісіп, шақ-шүқ ете түсті.

Ақбөкен ажалдан да айылын жимас адамнан сескенген жоқ, бірақ дәм-тұзының таусылар шағын баяғыда бағамдап қойған. Көнілінде көптен артық емеспін, майданда шейіт кетермін деген ой шердей толқып жүрді... Соғыста екі рет женіл жарапанды, бірақ тік тұрып кетті. Бірі – Москва түбінде, бірі – Сталинград қоршауы ішінде. Шпагин автоматын құшақтап, қолмакол қала ұрысында дүшпанын пышақтап, шыбын жанын аяған жері жоқ.

Амалы қанша? Ажалы жоқ екен. Арманы бірақ бар екен. Ол: «Шіркін, туған жерге, аяулы амана бір оралсам!» еді. Құдай жар болды, бұл тілегіне де жеткізді... Бірақ қатал әке қосына кез болып, әке кесімін кесіп өте алмай, анасының жүзін көре алмай, жылымға қарай жылыштап барады.

Сол анасы еді, көлде қабырғасы қайысып, құрма ауды білектей тартып, тұз сасыған балықшы бол

жүрген жерінен, «Көзінді аш, Алматы ас, оку оқы» деп жұмсаған. Сол анасы еді, Танаштың тәсегін таза ұстап, некесін бұзбай, «Текті түяқтың тұқымысын, жақсы атың шықсын» деп бата берген. Сол анасы еді, «Әкенді тұбі сен актайсын» деп алқаған.

Он тоғызында Алматы аралап, институт сағалап, «Әдебиет және тарих» факультетіне тұсті. Төртінші курсы тәмамдап жатқан маусымда батыста соғыс оты тұтанып, алғашқы боздақтардың бірі болып қан майданға тоғытылды. Талай жан қыршынынан қылды, талай жан мүгедек боп қалды. «Қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі» деген аталар сөзі ақырат екен, майданда май шабактай адам аулаған ажал мұны айналып өтіпті.

Бұл ебін тауып Алтайға да жетіпті... Су ішкілігі бар екен.

Тағалы түяқтар мұз жүзін оймақтай ойып, көл ортасына қарай жақындалап келеді.

\* \* \*

Қар жамылған қансонар өнірге жарық молынан жайылды. Күн бірақ бұлышыр. Көл үстін күнгірт бір тұс кеулепті.

Танаш қарттың да көнілі күнгірт. Күнгірттенбей кайтсін, жар дегенде жалғызы жерге қаратса... Сүйегіне кетпестей таңба басса.

Көрмегені аз ба еді? Көрем дегені осы ма еді?!

Он алтының ойранында отыз үш жасар Танаш ақ патшаның «майдан қара жұмысына қарусыз қазақ аламыз» дегеніне қарсы дүрліккен көппен колына қару алған. «Кәмпеске» деп дікендеген «тәргінің» тұсында да тізе батырғандарға бесатар кезенгені рас. Алтайдың ақ тиінін көзден байлап атқандай, қызыл кенірдек кердепдердің басын ажалға тіккені тағы шындық.

Жиырма тоғызыншы жылы қол-аяғы байланып, Сібірге айдалып, бір құдайға жалынып, Сака жерінде

жуан қарагай жыкты. Талай ер-азаматтың жүзі қалың орман жапырағымен жабылып, тәнін тундра батпағы жұтты. Сталиндік өлім лагерінде бөріше қарысып бакты. Бір құдай жар болып, соғыс басталған жылдың күзінде женілдік беріліп, «тылға керексін» деп елге қайтарылды.

Жарының адалдығына күә, ұлының ұлы сұрапылда мылтық асынып жүргеніне іштей разы болған... Өкіметтің майданға дайындал отырған Марқакөл қылқұйрыктысын шашау шығармай, жылымға жұтқызыбай, алансыз жылқы қуып, Бас жылқышы атанып жүр еді. Бас уайымы сейіліп, бар уайымы еніреулі ел мен мал жайы еді.

Жұтпа жылым демекші, осы өткен түн Қарабүйрек қуысындағы қоста көзі ілініп кеткенде, баяғы Шонжырбайдың қалың жылқысын көріп еді. Он алтыншы жылғы Қызыл Керіштегі опат айна қатесіз түсіне енді.

Ақпанның ат құлағы көрінбес аласат боранында ыққан қалың жылқы қамысты қопаның ішіне дүркірей енген. Бар сұмдық сол сәйгез қамысты қопаның ішінде болған. Жабағы мен тайдың жұка шабын кеүіп тұрған нар қамыс алласпанша актарып, буаз биелердің жер сызған қарындарына наизаша қадалып, қанша жануар жазықсыз құрбан болып еді...

Ал түсінде сол Шонжырбайдың қалың нөпір қылқұйрыктысы Қарабүйректен шығып, кит жонындаі көкжолақтана көпсіл жаткан жылымға қарай үркіп барады. Бұл астындағы көкшолақ атпен қуып келеді. Бірақ үріккен мал жеткізер емес. Құландай шошынған қалың жылқы мұз үстімен дүркірей жосып, көл ортасында еріп жататын Ертістің ұлы ағысына арандай барып тұтылғаны... Арқырай кісінеп құлағаны... Қаншама жүйрік қылқұйрыктыны ұлы жылым жым-жылас жұтқаны...

Жылқының аңы кісінеген үнінен оқыс оянып кеткен. Қос іргесінде қантарулы көкшолақ кісінеп, мұны таң алдында тұрғызып жіберген. Қашқын ұлы Ақбөкен болса, қос іргесінде теріс қарап жатыр. Ұйыктап жатқаны, ояу екені белгісіз.

Далаға шыққан. Қар басылыпты. Қара бозаң түн кансонар тілеп тұр. Он жеті жасар көмекші – бозбала жылқышы түнімен күзетке кеткен өріс жақтан да сыйбыс жоқ. Кешеден бері жауған қардан кейін бұлаңытқан бозаң әлем демін ішіне тартып, тым-тырыс күйде қалғып кетіпті.

Ит жеккен жақтан оралып, жылқы бағуға шыққалы банды болған кезіндегі бесатарын Бекенбай тауындағы киізге орап тыққан жерінен алып, түнгі күзетте өрісте үстайтын. Даланың төрт сирақты ит-құсынан гөрі адамның екі аяқты «ит-құсы» қауіпті жыртқышқа айналған бүгінгі күні «қарусыз жұру – өліммен тең» деп санайтын Танаш ымыртта өрістен алып келген. Бозбала жылқышыға он алтыншы мылтықты оқтап берген. «Жылқы – жел мен жаудың малы» деген жалқы ой санаасына сінген жұрт емес пе, каруды иенде серт ұстаган.

Таң алды аян бергендей кірген түсін тағы да еске алып қойды. Алланың өзі «жылымға қарай аянда» деп ой салғандай болды... Қосқа бұрылды.

– Тұр! – деген ұлына донызша қорс етіп, қосқа басын сұғып.

Қантарулы қекшолак атқа өзі мініп, бесатарды иыққа асынып, бозаң түнді жамыла көлге қарай тартып отырды. Ақбекеннің астындағы күрен бесті тастақты күтірлете іlestі. Қөпсіл түскен қар үстінде түяқтардың пар ізі бадырайып қала берді.

Таң қаранғысында салбурынға аттанғандай сар желіспен сартылдаған қос салт атты танды атырып, бұлынғыр күнді батырадай бебеuletіп келеді. Танаштың беріш жүргінің бебеuletейтін де жөні бар. Белінен шыққан жалғыз ұлы еді Ақбекен. Орыс кемпір Аня шөппен емдел жазбағанда, осы қу жалғызды ауыр босанып, жатыры қағынған әйелін жер жұтар еді... Аня-баба ажалдан арашалағанмен, бәйбішесі бедеу боп қалды.

Кейін ел бүлінді, жұрт сөгілді...

Қарындақ қақ айырылды, жамағат қақ жарылды. Таудың қарғын сүйндай қия қуалап, жуа талмап кетті.

Тоқал алып, үрпак қөбейту былай тұрысын, соқа басы саудаға салынды. Малы талауға ілікті, жаны қамауға түсті.

Ал Ақбекені даланың киігіндегі жалғыздық көрді...

Танаш тұлкінің түгіндегі құбылған уақыт пен аюдай ақырған заманның құрбаны болды...

Ал бүгін Ақбекеннің аяқ астынан алапестей алдынан шығуы – сол сүм заман сорының соқтасы. Бұл әке болып оған не істеді? Не көрсетті? Аштық пен жокшылық. Адасушилық... Жо-жоқ! Бұл адасқан жоқ. Адам атса да, еніреген ел үшін, жетім-жесір жұрт үшін! Бекенбайдың бұлан жонында бес жұз үйдің шаңырағын ортасына түсіріп, ошағын өшіргенде өкіметті аяған жері жоқ. Бұл да канына қарайды.

Астындағы сау желген көкшолақ пыскырынды. Кеше де көкшолақ қос басына пыскырына тоқтағанда, іштен селдір сақал-мұрты өсіп кеткен, «зектер» киетін қара құлақшының астынан сауыс-сауыс шашы сабалақтанғанына түскен алbastы атып шыққанда сескеніп те калып еді.

Сілеусіннің көзіндегі сұрғылт жанарын қадаған ұлы:  
– Әке! – дегенде селк ете түскен.

Тез есін жиып:

– Жоғал! Әкен емеспін мен... Садаға кет! – деген бұл.

Ойына қара күзде ауылсовет ағайыны келіп, «Ұлың соғыстан, одан Сібірдегі абақтыдан қашып кетіпті... Білсөң – хабарла!» деген ескертүі қамшыдай осып өткен еді... Содан бері өзін қоярға жер таппай, санасы сан-саққа бөлініп, ұлына деген қаны сүйылып жүрген.

Ал әке мен баланың осы бір оғаш кездесуі екеуін де тығырыққа тіреп, тілдерін байлап тастады.

\* \* \*

Алпысты алқымдал қалған әкесі арада он төрт жыл өтсе де өзгерे қоймапты, Ақбекен жазбай таныған. Қак

мандайдан қамшымен тартып қалғандай, бір орнында состиып тұрды. Әкесінің сөзі атылған оқтан да ауыр тиді.

Қостан қосанжарласа атып шыққан бозбала жылқышы да көзі атыздай болып, Танашқа тесірейген.

— Қосқа неге енгізесін? — деген әкесі зілмен: — Өлтіріп кетсе қайтесін, қайдағы кашқын-пысқын?!

— Мен... аға, сіздің ұлыңызбын, — деді... Сосын...

— Қайдағы ұл, әкенінің аузын?! Мен қубаспын...

Тілінді тарт! — деп әкесі жылқышы қомекшісіне зекіп тастаған.

Ақбөкен үндеңген күйі әке сөзінің корғасындағы ауыр зілін түсінген. Өзін әке алдында жел қуған қанбактай женіл, сорлы күйде сезінген...

Танаш:

— Тез жылқыға тарт! Біреу-міреу кездессе, мына адам туралы аузынды ашушы болма! Сотталып кетесін, — деген сөзіне Ақбөкен мән бере алмай мәнгірген. Ал жылқышы бала ата кеп жөнелген.

Әкесінің сонынан қосқа қаймыға кірген еді.

Қос қабат киізбен жабылған кереге қос іші құркылтайтын ұсындағы жылы еді. Босаға көзіндегі қазаннан әкесі жабағының етін алып, жерге жайылған дастарқан үстіне қойды. Ол үн-түнсіз тамактанды. Жылқы сорпасына сарымай қосып ішті.

Мұның бар-жоғын елең құрлы көрмеді. Асқа да шакырмады... Ақбөкен бірақ қоста қалған қосшы ба-ламен кеше кештен бері ток еді.

Тұнгі жылқы күзетінен келген әкесі төрге озған қалпы киімшеш күйде қор ете түсті. Ақбөкенді кісімісін, итпісін деген жоқ. Шалқасынан шалжия жатты.

Ақбөкен әкесінің сыз қабак, сұық сөзін салмақтай алмай сыртқа шықты. Дүние дел-сал тартып, желтоқсан аспаны бұлынғырлана түсіпті. Қар ұшқындаған келеді.

Жетім сайдың шығар аузына тігілген ықтасын қостан аулағырақ барды. Әлгінде ұшқындаған қар молайып, маңайды ақ кіреуке перде тұтты. Жел-желеміксіз жауған

аппак тасқын асты аязсыз. Желтоқсан жылымыққа бөге қалыпты.

Ақбөкеннің бірақатқалақтаған жүргегін ызгарқариды. Жапырағынан жүрдай бол айырылған көк теректер мен сынар өсken ақ қайыңның қасына барды. Бұл да мынау көп теректің ортасында қалған сынар қайыңдай сезінді өзін... Сынар екені сөзсіз. Жалғыз қалғаны да шындық. Енді мұны ешкім де маңына жуытпас.

Дүниені кезген дуанадай шыр айналып келіп әкесінің қосына тап болмады ма?! Көл жағалап отырған ауылына ат шаптырым қалғанда, қара қостың үстінен шықты. Бұл да тағдырдың жазғаны да... Тұн жамылып ауылга енем, анамды көрем деген тілегін қара қос кесті.

Қостағы жылқышы бозбаланы көргенде қуанып та қалған. Одан әкесі туралы хабарды естігенде, бір қызырлып, бір бозарған. Қашқынды қалай карсы алады деп ойқы-шарқы ойға батқан. Ақыры көнілдегі құдігі ақиқатқа айналды.

Әкесі бетін теріс бұрды...

Алтайдың басындағы Чердоқ қорғасын кенішінен қашып шығып, Құзғындыны бауырлап, Қаражалды сауырлап, Майтерек пен Бөкенбай өнірін тұн қатып жүріп жеткен тағдыр тұйығы бұл. Әкесі үшін Ақбөкен шахтадан емес, майданнан қашқан «қашақ»... Дезертир. Ал Ақбөкен дезертир емес еді ғой.

Сталинградтағы жауды қоршауға алып, азып-тозған тұтқындарды қөзбен көріп, женіс тойын тойлаған қырық үштің ақпаны күні кеше болатын. Ақбөкенге сыртынан тісін қайрап жүрген кавказдық жүндес политрук: «Ойсылов, тұтқындарға жаны ашиды. Аузындағы тушонкасын жырып береді. Мен мұсылманмын деп, қалбырдағы етті жемейді... Аузынан жырып жауды жарылқағанша, ашығып жатқан ленинградтықтарға жіберсін, — деп кекеткен. — Фашистерге бүйрегі бұрып тұрады, «халық жауының» тұқымы болу керек.»

Пәле қайдан, жала қайдан деген емес пе? Колмақол «ерекше бөлім» офицерлері келіп, тергеуге алынды.

Оның соны әкесінің «банды» болғаны белгілі болып, 58-ші статьямен сottaлып кете барды. «Ата салу – женіл өлім. Шахтада руда қазып, майданға пайдаласы тисін... Шахтадан өзі де тірі шықпайды» деп шешіпті.

Көек жаңының жер дүниені жібіткен жұмақ күнінде бұл темір торлы вагонға тоғытылып, Орал тауларынан асып, ібіліс те іргесін аулақ салатын Ібір-Сібірге қарай салып ұрды емес пе?! Өзі секілді істі болғандармен Новосібірге жақындағанда, қарауылдардан «тұтқындар ішінде сібірліктер болса – Қазақстанға, ал азияттықтар болса – Сібірге жұмыс істеуге барады» екен деген қаусетті естіді.

Сол кезде қасындағы Санал деген сұнғыла хақас жігіті: «Сен қазақсын, мен хақаспын. Тұріміз ұқсап тұр. Новосібірде бізді өр жаққа бөледі. Сен «Санал Оймауытов» дегендеге, сапта «Мен» деп айғайлап, Қазақстанға баратындар сапына бөлін, мен «Ақбөкен Ойсылов» деп сібірліктер сапына кетейін. Тәнірім қолдаса, сен өз жеріне, мен өз жеріме тартамыз», – деп ой салғаны.

Құдай бар екен, екеуі екі айрылды. Әлде бір темір жол бекеті басында бұларды әкеле жатқан «қызыл жағалылар» ауысып, қарауыл алмасқан кезде пойыздан пойызға көппен бірге «Оймауытов» боп мініп кете барды... Алла тағала алқады, Ақбөкен айдаладағы хақас азаматы атанып алдымен Риддерге, онда жұмыс женілірек деп, Алтайдың меніреу түкпіріндегі Чердояқ қорғасын кенишіне айдалды.

Міне, Күршім өніріндей туған жерге тағдыр айдал табаны тигенде, шахтада «селехоз» бол аурудан өлгенше, Алтай орманында қашып жүріп өлейін деген ой тұтқылдан келген. Адамға ой келмесін, ой сені алып жейді, болмаса бір-ак күнде жүзеге асады... Жолы болды, Сталиннің тік тұрған алып мұсіні андағайлаған Чердояқ кенишінен қырқүйекте қашып кетті.

Қазір қар жапалактап жауған желтоқсан...

Қосқа келді. Суық қармаған соң еріксіз ішке енді. Әкесі оянып кетті.

Ол май шам жарығында үстін қасынып қойып, біраз уақыт ұндеңей отырды. Ақбөкен де аузына су ұрттап алғандай ләм-мимсіз.

— Неге келдін? — деді кенет әкесі. — Майданда өлмедін бе?!

Ақбөкен де жұлып алғандай:

— Құдай өлімді қималды, — деп қалды.

— Тышқанша қырылып жатқанда, саған ажал құрығы қалай ілінбеді?

— Бәрі сіздің арқаныз... Бандының баласы деп Сібірге айдады. Қиоуы келіп, кисынын тауып Чердояқтан бірақ шықтым, әке!

— «Әке» деме! — деп зілмен айтты Танаш. — Әкесіз сің сен!..

Ақбөкен тосылып қалды.

— Өтірік айтасын!.. Чердояққа жіберуі мүмкін емес.

— Ол көп әңгіме... Мен паспорт бойынша қазақ емеспін, хақаспын.

— Хақас... Хақас емес — қашақсың... Кім болсан, ол бол. Сен өліксің!

— Сіз бандитсіз... Мен сіз секілді қазакты атқаным жок. Өлсем де арым таза! — деді кенет Ақбөкен де тістеніп.

— Ой, ақымақ! Кімнің қолы қанды, кімнің тағдыры мәнді? Оны құдай біледі... Ар деме, сен! Арсыз!

— Мен енді адам өлтірмеймін, — деді Ақбөкен ойланып: — Жауым болса да өлтірмеймін. Дұшпаным мені өлтірсін. Разымын! Дұшпан қолынан өлу де мәртебеғой. Ол бірақ пешенеме жазылмапты.

— Сендейлердің құдай да пешенесіне жазбайды. Соғыс — қасиетті құбылыс... Соғыста да абыраймен өле білу керек. Ал сен — арамсідік... Жақсы ит те өлімтігін көрсетпейді. Иә, мен өкіметке қарсы шықтым. «Бандит» атандым. Женілдім. Жазамды тартым. Бірақ елімді

сатқам жок... Ажалдан қорқып бүккәм жок. Он екі жыл Сібірде отын кестім... Өкінбеймін!

— Мен де өкінбеймін. Бір кісідей соғыстым... Шындық бар болса, — дей беріп еді Акбекен.

— Қайдағы шындық? Шындық — қан майданда шейіт кету. Шындық — елге ақ қөкірегінді ашып оралу. Ал сен қашқынсың... Қашак... Дезертир, — деп ызalandы әкесі.

— Сіз де «банды» атанип, тау панарап қашқансыз...

— Қашсам да, қусам да қазақ үшін! Болсам — казақтың бандысымын... Акнайманның бес жұз үйін Бекенбайдың бауырында, қожамбеттің қалың түтінін Алқабектің асуы мен Марқақөлдің жағасында қойша іріп қырғанда, сәбилерді лакша бауыздап тастағанда, бесатарды қолға алдым. Банды боп атқа қондым. Әгәр ондай күн туса, қаруға қазір де қол саларым хак. Ал сенікі — үят іс... Сүйекке таңба, арғы сын. Бас сауғалап қайда барам дедің сонда? Алдағы ер азамат пен арттағы ел-жұрт жауға Совет өкіметі мен Сталин көсем үшін емес, біле білсен, елі мен жері үшін жанталасып жатыр. Отан үшін! Ал сенің түрін... Арам без!

Екеуара әнгіме осымен тәмам болған. Екеуі де ымыртта ойға батып отырды.

Танаш «Отан үшін!..» деп аузынан оқыс шығып кеткен сөз үшін енді өзі мырс етті. Отан деп өлімге отарымен момын қойдай айдапты ғой... Отан. Қай Отан? Кешегі ақ пен қызылдың тұсында буаз қатынның қарның қылышпен жарған, ер-азаматын тірідей отқа қактаған, қыз-келіншегін зорлап, бала-шағасын шыбықша шапқан Отан ба? Иә, сол Отан! Сол опасыз Отан... Сол үшін қаймана қазақ баласы жат жерде басын құрбандыққа шалып жатыр. Шалмасқа шарасы қайсы? Қайда қалмаған қайран қазақтың басы... Ақбекен де соның бірі. Қайта туған жеріне жетіп жығылыпты жұмыр басы! Ол да болса, дәтке қуат екен деп Танаш өзін-өзі алдады, өзін-өзі жұбатты.

Ұлын өлімге іштей баяғыда қиып қойса да, жемеге келгенде қиғысы да жок. Бірак... иә, бірақ ел-

жұрты мұндай сан боздақты Отан үшін деп ажалға аяусыз матап берген. Енді бәрі кеш. Бұл Ақбөкенің ажал құштырмаса, олар отай салары ақиқат. Бұл соғыста аярлық болса да, аяушылық жок. Мейірім мен қайырым ұмыт болған. Ал кешірім туралы тіпті сөз жоқ... Сонда мұның өз колынан өлгені – мәртебе. Сатқын деп өкімет елдің алдында масқаралағанын көргенше, жарымжан шешесінің көз жасын төккізгенше, өзі-ақ ажалын түзде асыра салғаны абырой деген нық сенімге бекіді.

Жылқышы бозбала кешкі ас ішуге келген сон, Танаш тыска шығып кетті де, Ақбөкен арқасын керегеге сүйеген қалпы отырды да қойды. Жылқышы жас жігітке де үнделеді... Ол да мұның мұнына ортактасқандай жақ ашпады.

Әкесі қара тұн қанатын керген кезде қосқа қайтып оралды. Жылқышы жасты өріске қайыра жұмсады да, бұған қарат:

— Біз таңға жолға аттанамыз, — деді. — Мен оралғанша, малға ие бол! Биік басына өрлетпе, сай ішінде болсын. Жел шығып қалса, жалтаңға шығып кетеді. Сергек жүр, ит-құска сақ бол!

Тұн тыныштығын ешкім де, ештеңе де бұзбады. Әкелі-балалы екеуі теріс караған күйі жатты. Әркім өз ойымен алысып, өз тағдырымен тартысып жатты.

Бұл соғыс кімге керек? Танаш пен Ақбөкендей қаймана қазаққа ма? Әлде, азы алты қарыс орысқа ма? Әлде құйысканы бес қабат неміске ме? Жок. Жалпак дүниені жалмауыздай жалмап, жыланша жұтқаннан өңгергені он қабат орыс жұртына да, бектергені бес қабат неміс ұлтына да керек емес... Қос көсемге керек болды. Батысқа ауыз салу үшін Германия Сталинге, шығысты шылбырлау үшін Россия Гитлерге керек еді. Сұрапыл соғыссыз, қанды құрбандықсыз ол мәселе шешілмейтін. Соғыс қана шеше алатын.

Ақбөкен қаранғы қоста осындаі бір ой түйді.

Тұнделетіп жауған қар бүйректей бұлтиған Қара-бүйрек тауы мен бүйен ауыз Зайсан көлін қымтай түсті.

Ақбөкен әкесімен өткен сүйкбауыр өмірін еске алды. Қаранғы қоста қарабауыр тышқанша төрт бүктеліп, көзі ілінбей-ақ қойды. Тұзакқа тұсken қоян мен құрдың етін жеп, қоңыр күздің шуағы иітіп, Алтайдың орманында қашып жүргенде қысатын арам үйқы да қашып кетті.

Үйқы қашпай қайтсін?! Әкесінің не ойлағаны бар? Құндізгі әнгіме ауаны ажалға ауыз салып тұр... Бұған енді барап жер, басар тау қалған жоқ. Ажал мұны қакпақыл қып ойналты. Ақыры азулы әкесінің алдына әкеп жығыпты.

Жалғыз үркы ғой... Бәлкім, ажалға қимас!

Ақбөкен бүктіскен күйі ұйықтап кеткен. Жанары жұмыла бергені сол еді, әйтеуір бұған солай көрінген, «Тұр!..» деген әкесінің қатқыл, зілді дауысынан шошына оянды.

Таң қаранғысымен орыс ерге қонған...

\* \* \*

Жамбасқа жайсыз орыс ері үстінде бозаң дүниеге бет қойған... Жайсыз болса да орысқа телініп, орыс ерге мінгелі қашан бірақ?!

Алған беттері ауыл болмады. Көл жағасындағы бір уыс балықшылар қыстағы «Аманат» қиыс қалды. Ту сыртында сиыр бүйрекіндегі бөлінген Қарабұйрек тауы қарауытады. Ол да май басқандай ұлпа қар жамылып, алып ақ бүйрекке айналыпты.

Ақбөкен катал әкесінің кайырымсыз кесімін бағамдады. Мейірімсіз сезіміне де тілсіз мойынсұнған. «Қылша мойным – талша, құйген арым – арша» деп шешті.

Аспан бұлынғыр тартып тұрса да, ақ шанқан көл беті таң атысымен жарқырап шыға келді. Үкі балапанының мамығындай ұлпілдеген ұлпа көл үстін керген таңғы аязben түяққа ілінбей, шашамен көтеріліп, қос салт аттың сонында борандата қалып жатыр.

Биылғы жылымыкты желтоқсан Зайсандай ұлан көлді қауындай қақ жарған Ертістің арынды ағысына

да жайлыш тиіп жатқан сынаилы. Бұлар жылы ағыс жайлаған жылымды тұска жақындаған сайын арнаны бойлай көтерілген бозамық бу алыстан көзге шалынды. Селдірлеу тұман ағыс бойлай созылып, ұзаған күйі көл бетін кеулей, алысқа дендей енілті.

Зайсанның басын бұрген сабадай тар аузынан арқырай құйылатын Қара Ертіс ағыны ғой бұл. Қара Ертіс қашанда қара жолынан жаңылған емес. Қантар қысқанша көл бетінде көк кит жүзіп бара жатқандай көк жота жонданып жатқаны. Ұлы мұхиттарда да осындай ұлы ағыстар болатынын Ақбөкен Алматыда жүріп оқыған. Олар мұхит суын қазанда қайнаған сүттей сапырылыстырып, бетінде алапат дауыл тудырып, буландыра тазартып тұрады екен.

Ақыңқ Алтайдың көксүнгі сенгірлерінен құлайтын Қара Ертіс ағысы да көл суын бел ортадан алдаспанша айырып ағатыны ақиқат. Лай-батпағы мен лас-шылаушынын Күршімнің қылышы мен Бұқтырманың бұрмасына үйіріп алып кетеді. Құдайдың өзі көл шенберін шарана мейірлене шомылатын су толы астаудай тазартып тұрады.

«О, құдірет!..» деп қалды Ақбөкен ат үсті. Ұлы ағыстар да ұлы соғыстар секілді деген ой орала берді. Ұлы ағыссыз алып мұхит тазармайды, ұлы соғыссыз адамзат жаңғырмайды... Жасармайды. Ұлы соғыс та ұлы ағыс сияқты адам баласы лас-лағынетке батқанда, жер бетіне отты ағыс боп оралады. Әлемді ашпа-жалаң ажал боп жайлаған мынау ұлы соғыс та адам атаулыны тәубесіне түсіретін, пенделік былықтан арылтатын ақыр замандық апат. Орыс пен немістің ойраны – құдайдың екеуіне жіберген зауалы... Адамзат көзімен көрсін деген қаһары.

Ақ патша заманынан бері орыс елі ақ шыршалы Альпіден қиян-қылыш Аляскаға дейін, ақ аюлы Мұз мұхитынан тұманды Тибетке шейін жаулаймын деп жанталасты. Қаншама халықтардың қанын судай шашты,

орға жығып, опат қылды. Обал-сауабына қарамады. Қара жерді көр етті, жазықсыз елді жер жұтты. Қаншама жүрттардың қарғысы мен лағынетіне ұшырды. Әлемге «орыс салған лан» деген атпен аты шықты.

Тарих факультетін тәмамдалғанда майданға алынған Ақбекен орыстың озбыр тарихын жақсы біледі... Орыс лаңы әлемдік лаңға ұласпады ма, міне. Қөп асқанға – бір тоскан. Құдай немістер арқылы қаһарын тікті... Отан үшін деген мына ұлы қырғын – жаппай кісі өлтіру науқаны да сол карғыстың қарымтасы... Қайыра сокқан дауылы. Сібір мен Азияны ала тайдай бұлдіріп, құдайы көрші болған қазақ секілді іргелі ұлттар мен ат төбеліндей ұлыстарға тарттырған азабына Алланың ғайыптан жіберген тозағы.

Бұл дүниеде еш нәрсе із-түзсіз кетпейді. Құдай ешкімді де, ештеңені де ұмытпайды. Мұны да ұмыт калдырмайды... Бәрінің де қарымтасы мен қайырымы болады. Ерте ме, кеш пе, ұлы ағыстар сияқты ұлы сұрауы алдыннан тосады.

Ақбекен ағыс үстін ақ тұман перде тұтқан тұсқа жақындей түсіп, осындей бір ұшқыр ойға бой алдырды. Ал әкесінің құлазыған жанын не мазалап келе жатқанын құдай білсін?!

Әртengen орманның тұтініндей шығыстан батысқа қарай шұбалған ақ шарбы тұманға таяу келді. Танаш ат басын ірікті.

Бұған қарап тұрып:

– Тұс! – деді бұйыра.

Іле-шала өзі де көкшолақтан женіл ырғып түсті.

– Аттарды түйіп таста! – деді тағы да бұйырып.

Ақбекен аттардың ауыздықтарын алып, бір-біrine қалмақша қарама-карсы жанастыра қойды. Ердің алдынғы қастарына астаудай бастарын түйістіре қантарып тастады.

– Алдыға тұс! – деді Танаш әлі де ызгарлы дауыспен.

Ақбекен алға түсті. Танаш мойнынан асырып,

бесатарды қолына алды. Бес жүз-алты жүз қадамдай жүрген сөн буалдыр буға кірді.

Көл ортасын кесіп акқан жылы ағыстан көк мұз жүзіне түсken кар да жіpsіп жатыр. Екеуінің аяқтарының асты шылп-шылп етеді. Танаштың саптама етігі мен ұлының көнетоз керзі етігі тая қояр емес. Ақбөкен он етігін қисайтып, жұлығын басып келеді. Құтты Танаштың өзі сияқты.

Құдай-ау, ку жалғыз соғыстан қашақ болып оралғанша, сүм жалғанға келмегені жақсы еді! Ол бірақ мұның қолында ма, құдайдың құzіretіндегі ғой. Қашақ болып оралуы да тәнірдің ісі. Алла өзі қаламаса, ажал аузынан Алтайға аман-сау оралар ма?! Бұл да бір хикмет... Бұл да бір қасірет... Бұл да бір сынак. Оны емес, мұны сынағаны... Сынау арқылы сүйегін қорлағаны. Ал не істей аласын деп жазалағаны. Сүйек сындырыды ғой қу жалғыз.

Корқак жазасы – өлім...

Танаштың дүрсілдеген жүргегі суып сала берді...

Сарытаудың жұмыртқа жоны мен Сауырдың сонылы сілемінен жазда айна жүзіндей жарқылдаш шағылатын, қыста күртік қардан құла түз бол шанытатын Зайсан көлі әкелі-балалы екеудің ақсенгір буымен қарсы алды. Қазан мен қараша қарасуығы қабат ұрып, мұз ерте түсіп еді, желтоксан жылымыққа бөктіріп, жүртты таңдандырып тұр.

Ақсенгір кабырғадай биіктеп көтерілген бу тұманы екеуін де оп-онай жұтып койды. Аулаққа түйіп тастап кеткен жарап жануарлар иелері көзден ғайып болғанда, қамыс құлактарын қайышыладап, қайда кетіп баrasындар дегендегі оқыранып-оқыранып қалды. Есті хайуандар иендеңі тайғақ мұз табанына тапжылмастай етіп қантарып кеткендерді елендей іздейді.

Олар бірақ бұрылмады...

Жылым жиегіне де жетті. Екеуі де қалт тоқтады. Сере мұздың көк кемерін байсал толқын шылп-шылп

жалайды. Шымырлай үйірілген су бетінен селдір бу қылаңыта көтеріліп, көніл арбайды. Жайдақ толқын жалы мұз бауырына мұнсыз енеді. Қаш күлаш енді келген көкжолақ ағыстың беті тынып жатса да, терені арынды екені анық.

Жүргегі қан жылап тұрса да, Танаشتы сұық намыс камшылады. Ол оқыс бесатар қайырмасын сатыр еткізе кайырды. Ұлының тірсегі дірілдеп, жүргегі сұына шапқылады. Сонда да Ақбекен сыр алдырмады... Жас күшіктең толқын жалаған мұз кемеріне тағы да жақындалап, өкшесі іліне тұрды.

Ақбекен әкесіне тік қарауға тырысты, бірақ жасаураған жанары бұлдырап, көз алды қарауыта берді. Карға адым жерде тұрған қарулы Танаш та қолын көтере алмады... Ұлының соғыстан қашқанын алғаш естігендे ашудан тісін шықырлатып, үнсіз күйде «буындырып өлтірем» деп ойласа да, жүзбе-жұз келгенде ата алмасын сезбепті ғой. Қолы кайын құндызы шокпар көтерердей ауырлап, орыс бесатары қорғасыннан құйылғандай зілбатпан тартты.

Мұның осы бір мүшкіл халін мұсіркегендей:

— Апам естімесін! — деді Ақбекен әкесінің сабыр сұын тауысып. — Қош болындар!

Тыныштық орнады. Ұлы ағыстың суси акқан сырылы мен мұз бауырын жалаған сылпылы ғана құлаққа шалынды. Ақ бу басқан тұманды маңай да мұнарлана қалды. Әлде қалай желе мік соқты.

Танаشتың тұнғыш рет қолы дірілдеді. «Жас кезінде ұрпакқа сүйінесін, жас ұлғая ғұмырға қүйінесін» деген оқыстан соқпа ой соғып өтті. Бесатар қайырмасын қайырып та үлгермеді.

Кеудесін көтере, басын кекжите ұстаған ұлы кенет өз еркімен шалқалап құлай берді. Ол аткөпір ағыска жалпақ жауырынымен шалп етіп, қолы мен аяғын ербен-сербен сермелеп, ілеңде үн-тұнсіз көзден ғайып болды.

Ақ тұман тұтқан адасқақта Ақбекендей боздақты ұлы жінгір жылым жым-жылас жұтып койды...

Танаш үйіріле аққан ұлы ағысқа қайтіп қарай алмай, жүзін бұрып өкетті. Қантарулы қалған қос атқа жетуге асықты. Аяғын арақ ішкен адамдай шәлкем-шалыс басады. Тұман тұтқан тұла бойы сен сокқандай сенделіп, әп-сөтте іні түсіп кеткен екі иығы қушиып, селкілден барады...

Ал оғы атылмаған орыс бесатарының дүмі дымқыл мұз бетін сүретіле сыйзады. Орыс ері алынбаған қантарулы құр аттар аулақта қалмақша түйіліп, қос иесін тықырши күтіп тұр.

### *Төршеге хикаясы*

## **Бұкір**

Ол бұкір еді...

Туадан бұкір емес, жүре келе бұкір болды. Жеті-сегіз жасқа толғанда қу жауырын ортасы бармақтай болып томпайып өсе бастады. Бозбала шаққа жеткенде қос жауырын арасына біткен шеміршек нардың өркешіндей жалқы жалданып алды.

Сол кезден азан шақырып қойған Аманбол аты көмескі тартып, Бұкір атана бастады. Бұкірлігін білдірмеймін деп, бұл бейшара не істемеді? Бірақ ештене шықпады. Бала өркеш шеміршек қайындаі қатайып, етженді сүйекке айналды.

Мектепте бұкір кит туралы оқығаннан кейін өзін сол бір су мақұлығы сияқты сезінгені де рас. Сыныптас парталастары мазағына қорланудан гөрі тұнғыш рет көкірегінде бір жасырын таңырқау, китке ұқсаспын деп тәқапарсу сезімі оянды. Осы бір өліара сезім мұны намыстану күйігінен, қор сезіну сүмдышынан сақтандырды да... Құдай жаратқан кемістігін жасырып бағуға тырысып, басын кекжитіп, кеудесін ата каздай шалқақ ұстайтын болды. Келе-келе тәқаппарлана адымдау бойына сіністі, болмысина жұғысты жүріске ұласты.

Аманбол аты Алматыда біржола өшті. «Бұқір» аты мұны билетін ел-жұрт арасында қалыпты есімге айналды. «Аса таланты суретші» атанды.

Бұқір суретші еді...

Суретші болғанда да классикалық мағынадағы сурет салмайды. Қайдағы бір абстрактілі суреттер сыйады. Оның терең астарын өзі болмаса, кез келген адам түсініп жарытпайды. Арасында кубизм де бар... Ал соңғы он жылда тарихи полотно салуға талпынып жүр.

Тарихи туындылар тудыру үшін грек мифотарихынан бастап, әлем тарихына шолу жасап, орыс пен қазақ, қытай мен қалмақ тарихына дейін актаруға тырысқан. Соның арқасында қоғамға деген қөзқарасы өзгеріп, әлемдік дүниетанымы кеңіді. Қазақ қоғамына деген қораш сезім пайда болып, оған көнілі толмастық ой басында белен алды.

Қазір қазақ тарихы мен қазақ қоғамына көнілі қоңылтақсу сезімінен бе, үлкен тарихи полотноларды қалай сыйсам, қалай халыққа жеткізсем деген үшкыр ойлары маза бермейді. Оны ешкімнің ойына келмestей етіп суреттесем деп, іштей ширіккан ізденіс үстінде іркіліп қалған.

Ал, іркіліс – ішкі жау... Құдай ішкі жаудан сактасын! Ишкі жау бас көтерсе, жан-дүниен жұтап, көнілің құлазып, өмірде құлшынысың тоқтап, өнерде тоқырап қаласың. Тоқырадым дегенше, өлдім дегейсін... Өз-өзіне өгейсін.

Ал зиялды адамның өз-өзіне өгей болғаны – қоғамға да өгей болғаны, қоғамды да өгейсінгені. Өгейлік – ішмерездік. Бұл бұқірдің ішінде қоғаммен келіспес ойлар бірақ толып жатыр ғой... Сол дүниелерді жарыққа шығарып кетсе, арманы жок. Тек тәнірісі жүзеге асырысын, сандал санасы мүмкіндік берсін!

\* \* \*

Бұқір бүгін де Өнер академиясынан көнілсіз оралды.

Кейінгі кезде дәріс беру дегенді тауып алып еді. Өзіне де сол керек. Эйтпесе ішті интеллигент көрініп тыныш

жүре берсе, мұнда кімнің көзғұны бар. Майлыштың бояуын майлап, майлыш сорпасын тойлап дегендей... Зиялыштың қауым атаулы шет қаққан емес. Билік тізгінің ұстаган топ та таланттың танып, сырт тепкен жері жок. Бүкір деген аты болмаса, «Бүкірдегі дарын жок» деген дақпырт дүрілдеп тұр. Той-томалакта төрден орын бүйірады.

Бәрін бүлдірген – студенттер.

Осы жастарға не жок. Бүйректен сирак шығарып жүргендери.

– Сіз бізге «өнертану емес – өміртану» дейсіз, – деп өне біреу ұзын сирак, қой көзді сұрша қыз сыпсың ете қалғаны. Сол-ак екен өзгелер де шу ете тұсті.

– Иә, өмірді танындар! – деген бұл. – Өмірді танымай, өнерді тани алмайсындар. Қайталап айтам, үлкен өнер үлкен өмір сүруден, құрделі тағдыр кешуден туады... Ұлы суретшілердің бәрі де трагедия мен комедияны бастан кешкен. Онсыз ұлы шығарма тумайды, ұлы творчество жасалмайды.

– Сіз де сүмдік тағдыр кештініз бе?

– Білмеймін, – деді бұл ойланып. – Менің физиономиям айтып тұрған жок па?!

– Кешіріңіз!

– Кешірім сұраудың қажеті жок. Оған менің етім өліп кеткен. Құдай бүкір қылып жаратқан соң, оған тек разы болмасқа амал жок... Сыртың бүкір болса – болсын, ішін бүкір болмасын, – деп бір токтаған.

– Сіз, «ұлы халықтарда ғана ұлы өнер туады» дейсіз. Сонда қалай, қазақ секілді аз халықта ұлы өнер жок демексіз бе?

– Мен дәп солай дегем жок... Бірақ ұлы суретшілер ұлы халықтарда көп. Ұлы суретшілер мұрасынан, ұлы халықтар өмірінен үлгі алындар. Үйреніндер!

– Ұлылық пен ұлы өнер қазір ірі халықтарда өшіп жатыр. Өліп барады... Өнерде аууға тиіс. Ұсак халықтарға түбі ауады, – деді бір студент білгішсініп.

– Бәрі мүмкін! – деп бұл келісе салды.

Шәкіртпен дауласқысы да келмеді. Тұбін қаза берсе, мұның түпкі ойына бойлап, артын ашудан кетөрі емес бұлар. Еріксіз аузын тыбып, жиегін жиып ұстауға тырысқан.

Оған бірақ бүгінгі интернетпен каруланған жас тоқтай ма? Тоқтамайды.

— Ағай, — деген бір қыз бала сзылып, — бойдак дейді ғой сізді.

Сол-ақ екен екінші бір сылқым:

— Ұлыңызды детдомға өткізіп жіберген дейді, рас па?  
— деп қалды.

Бұл қапелімде не дерін білмей дағдарды...

Құтқарғанда — қоңырау дауысы құтқарды. Есіктен қалай ата жөнелгенін өзі де білмей қалды. Сонында сылқ-сылқ құліп, былқ-былқ басып студент қыздар шулап жатты.

Бәріне кінәлі — Мәскеуде бірге оқыған Байсары. Ол — әдебиетші. Ломоносов атындағы университетті бітірген. Қазакстандық жерлестер ретінде араласып тұрған. Бүгінде академик атанды. Екеуі түйдей құрдас. Қырықтың қырқасына ілікті.

Сол бұған соңғы жылдары жаны ашығансып, ұрпақ-сыз өтемісін деп, қыршанқы тілімен қыршып алғып жүретін. Ақыры Оксана атты орыс әйелмен таныстырып тынды.

Оксана отыздардан енді аскан, үріп ауызға салғандай келіншек екен. Екі баланың анасы. Ішкіш күйеуінен ертеректе ажырасып кетіпті. Байсары онымен келісіп те қойыпты. Он мың долларға құрсақ ана болуға көндіріп әкепті.

Байсары:

— Қазір дайын аналық ұрықтар сатылады, — деген. — Алыс ауылдан келген студент қыздармен сөйлес. Олар екі-үш жұз долларға аналық ұрығын сатады. Мәдайынан шертіп жүріп таңдал ал. Қазір талайлар сондай онай жолмен ұрпақты болып жатыр. Былтыр жалғыз ұлы немере сүйдіріп үлгермей, қайтыс болып кеткен

бір профессор шал тура сондай жолмен ұрпақты болды. Қазір құрсақ ана мен аналық ұрық деген су тегін... Ереккө ұрпақ керек.

— Қазақша ше? — деп қалды бұл да.

— Қазакка да үрпак керек. Біздей аз халыққа бұл бір таптырмас амал болып тұр. Құдайдың бергені.

— Құдайдың бергені ме, әлде құдайдың ұрғаны ма? Оны да уақыт көрсетеді.

— Уақытқа сілтеп керегі жоқ. Қазір прогматиктер заманы. Дүние жаңалықтарынан қалыспай, алға тарта беру керек. Сонда ғана өркениет көшінен қалмаймыз, — деп ділмарсызы Байсары.

— Иә, — деген Бұқір, — көштен қалсақ — казақ құриды. Дүниеде дамыған технологияның бәрін игеріп, пайдалануымыз керек. Ал құрсақ ана жолын, тем, боле... Әлі құрсақ анасыз күн жоқ дейтін уақыт келеді. Ерекк атаулының ұрықтарын алып, қазақты мидай арапастыру қажет... Қазақ көбейсе, мемлекет те күшті болмай ма?! Жалпы, неке-меке, неке-теке деген далбасаның түккे қажеті жоқ. Адамдардың өз тандауына жол беру керек. Кезкелген сұлуқыздың, ақылдығананың, жігерліеркектің, күшті жігіттің ұрығын колбада сактай отырып, құрсақ анада қайта тұлету керек... Құрсақ аналарды мемлекет қамкорлыққа алып, олардың жатырына мемлекеттік страхования жасап, тіпті енбекакы төлеген абзal. Міне, сонда демография мәселесі де оңай шешіледі. Ұрықты өкелерді де ұмытпау керек. Ұрығын олар да қымбатқа сату керек. Дүниедегі ең бағалы, ең қымбат — дені сау ұрық... Нағыз демократиялық қоғам деген осы.

— Сен тіптен әріден ойлап кеттін, — деген Байсары.

— Сонда жатырда жанданғанмен, сәби мен ана бір-біріне жат болып шығады ғой. Жат деген жаман.

— Ей, Байсары! Бұл күнде бәрі де бір-біріне жат... Бұкіл әлем мұхиттағы балықтай арапасып жатқанда, қазақтың жаттығы не, тәйірі! Жат болса да жан иесі... Есесіне өзге үлттарды, жат мемлекет пен халықтарды

жатсынбайтын болады. Бізге керегі де сол емес пе?! Қазақ өзді-өзі жатбауыр болсын, бірақ жатқа құрақ үшсін... деген ұран ұрып түрған кезең. Ендеше, Сарыарқаның даласына жан-жақтан құйылып жатқан жаттарды жатырқамайтын жатжанды үрпақ керек. Оны тек құрсақ ана жатыры ғана шеше алады.

- Жатбауыр жатыр деші?!
- Жатжатыр... Жатжатыр қазақ проблемасын біржолата шешіп береді.

– Қой, қайдағы жокты айтпа, Бұкір!.. – деп, Байсары енді өзі шошып қалған. – Жатжатырың не пәле?! Одан да Оксанамен ойнап-кул. Көрдің ғой, өте сұлу әйел... Интеллигентная. Ол да сені ұнатып қалған секілді. «Бұкір адамдар құдіс жылқылар сияқты белді болады» дейді. «Досыныз да қабағат куатты шығар» дейді. Ұргашының аты – ұрғашы, емес пе?! Сенде ойы барын маған ашық сездірді.

– Мен емес, көкейін тескен он мың доллар ғой, – деп бұл кіржің ете қалды.

– Эрине, ақша да керек, «Бұкір айғыр» да керек, – деп, Байсары емін-жарқын күлген.

Байсары сүмның тілегі орындалды...

Бұл Оксанадан іліккен құтпандай айырыла алмай қалды. Аяғы құрдай жорғалайтын болды. Қоламтадай қызулы, қыздай қылықты жас әйел тәнін талмаусыратып, жанын жайландырып жіберді. Бұрын әйел затымен анда-санда ақшаға ғана есеппен кездесіп жүргені жай ғана тірлік екен. Оксана екеуі бір-біріне ерлі-зайыптылардай беріле сүйіп, беріле күйді. Дүн-дүние Бұкір үшін қазандай төңкеріліп түсті.

Бұкірдің белі босаған сайын белбеуі де босады. Оксана құрсақ құнын он мыннан жиырма бес мың долларға дейін оп-онай көтеріп, екеуара нотариуспен занды түрде бекітіп таstadtы. Кешікпей Оксананың жатжатыры мұның студент қыздан екі жүз көк кағазға сатып алған ұрықпен жанданған сарқынды эмбрионды жұтып алды.

Арада тоғыз ай тоғыз күндей боп өте шыкты...

Бұқір шекесі торсыктай ұлды болды...

Барлық қындық сәби дүниеге келген соң басталды ғой. Жас сәбидін «жүзіне де қарамаймын» деген сөзінде Оксана тұрды. Тua сала тіксініп, кеше ғана шенберек атқан қарны қысыр жыландай тартылысымен, емханадан үйіне тайып отырды. Бұқір нәрестені шырылдатып өзі тапқандай, құшақтан қала берді. Ел жақтан туған-туысқа сөз салып еді, сексеннен асып, селкілдеп отырған анасынан өзге елп еткен жан жок. Екі күнде егіз балалы болғандай, есі шығып-ақ кетті.

Байсары да ат ізін салмай қойды...Ол бірақ не істейді?  
Жазығы – жалпылдан жүріп үрпакты қылғаны ма?!

Ал ақыр дүние Бұқір үшін бұлданда да қалды. Жылаған жанды уантатын көкмұнар Алатау да, мұнайған жанды қуантатын көктүман Алматы да мұның көніл күйін серпілте алмады. «Жанболат» деп есім қойған жабықақ та Бұқірдің жанын жеді. Жалғыздықты жар тұтқан суретшіге сәби сор болды.

Әрі-сәрі болып жатқанында аяқ астынан алыстағы аудан орталығынан артынып-тартынып анасы келген бір топ адаммен... Қуаныштарында шек жок. Бұқірдің кос бөлмелі пәтері ырду-дырду әнгіме мен буы бүркүраған асқа толды. Шикөкпеден мұны кәрі анасы мен кенже інісі құтқарды ғой. Келін бірден сәби Жанболатты бауырына басты. «Бір жарым жасқа жеткенше жеткізіп берейік» деп алып кетті.

Бұл тағы да соқа басы сопиып қала берді. Сәбиін сұрағандарға «детдомға» өткізе салдым деп қитыға калатын. Бүгін енді сол сорлы уәж студенттер аузымен айналып өзін тауыпты.

Сөзге дауа жок.

\* \* \*

Қаланың қақ ортасындағы шеберханасына келді. Шеберхана Суретшілер үйінің жетінші кабатында еді.

Қабырғаны тұтас алып тұрған ескі ағаш жақтаулы, қос қабат өйнекті кір-кір терезені ашты. Алатауға қараған құнгей беттегі терезеден көктемнің салқын лебі лап қойды. Бүкірдің тынысы да ашылып сала берді.

— Тұх, пәтшағар! — деді іштей: «Бәрі құрып кетсінші! Бір құнгі қөусар ауаға жетпейді ғой... Ұмытайыншы! Әмір Темір әміршіні аяқтайын!» деп ойлады.

Бүкір майлы бояуын езіп, ағаш жақтауға керілген кенептегі суретке келіп үңілді. Ұзыны екі құлаштай, ені құлаш жарым полотно біршама аяқталып қалған еді.

Суретте отқа оранған әлем ортасында қап-қара арғымаққа мініп, қаракөк сауыт жамылып, екі ұзын найзамен екі дүшпанын ат үстінен аудара түйреп тұрған әйгілі Әмір бейнеленген. Оң қолымен хандар киетін айыр қалпақты бір ханды, сол қолымен сұлтандар киетін елтірі бөрікті бір сұлтанды түйрепті. Ақ сапты найза ханды, жасыл сапты найза сұлтанды ат үстінен аударып барады. Хан Сарыарқаның сары даласына қарай жантайса, сұлтан көк теңіз шетіндегі ай күмбезді қамал тұбіне қисая құлап барады.

Үшеуі де сұсты. Көздері сұық. Үрей, корқыныш дегеннен ада. Үшеуінің де езуінде ажалмен ойнаған бір сұық жымыс бар... Қаракөк арғымақпен тік шаптырта секіртіп, ұзын сапты найзаларын қос дүшпанына тіреген ұлы қолбасшының ту сыртында өрт жалыны қекжиекті жауып, көк аспанға шейін торлап алыпты.

Бүкір өзінің суретіне разы-қош көнілмен масайрай бір күлді. Ерден көтеріліп, үзенгіге табанын шірене тіреніп, бар салмағымен найзаларын ұмсына енгізген Әмір Темір дулығасының шашағын қанықтау қылып бояй бастады. Сарала шашаққа әр кіргізе түсті.

Осы бір сәт ақырын ғана есік қағылды. Бүкір суретін шығыр арқылы тұғыр басынан теріс айналдыра салды.

Байсары екен...

Ол асығыс аман-саулық сұрасып кіріп келе жатқанда, иығымен ұлken сурет шетін қағып қетіп, бояуы қанық полотно жанарына жарқ етіп шағылғаны.

— Ох! — деді ол оқыс таңқалып: — Ғажап! Ғажап!

Бұқір жақтырмай қалды. Дәл бір үрлығы ашылып қалғандай қысылды.

— Әлі аяқталған жок, — деп суретін айналдыра бергенде, Байсары білегінен мыти ұстап, суретті теріс бұрғызбады.

— Тоқта! Тоқташы! — деп өзеуреді. — Шедевр. Екі қолымен екі бірдей жауын жайратып тұрган баһадүрді бірінші көруім... Керемет! Мұндай да болады екен, тұра мифтік қаһарман!

— Жә, болды! Көзің тойса — болды...

— Өй, Бұқір, досым-ау! Бұрынғы абстракт суреттерінді білмеймін, ал мына мифтік образың шедевр екені дау жок. Көз тимесін деп қорықпа! Менің жанарым жалынсыз...

— Қой. Қайдағы шедевр? Мифтік образ да емес. Кәдімгі Әмір Темір ғой.

— О, құдірет! Аксак Темір ме? Иә, иә!.. Дәл өзі. Темірдің Тоқтамыс ханды өлтіріп жатқаны... О, Алла! Анау теңіз шетіндегі айлы қамал түбінде ажал құшып жатқан — Баязит сұлтан... Соның өзі сақалы қауғадай. Стамбол мен Қаратеніз, Сарыарқаның селеулі даласы... Құдай-ау, қалай дәл тапқансың?! Қалай бір полотноға сыйдырып жебіргенсің? Жо-жок, сен генисің, Бұқір. Қырық бесте бақ конды саған, бақ!..

Бұқірді Байсары құшактай алып, карулы құшағына қысып-қысып қойды.

— Кілтін тауыпсын, бауырым! — деп, Байсары қайта-қайта қарай берді. — Кілтін тапқансын. Сұмдық! Үш қошқардың басын бір суретке қалай сыйдырып жібергенсің?.. Сен тарихты да жақсы білетін бол шықтың ғой. Мынау соның дәлелі.

— Кілтін Әмір Темірдің өзі тапты, — деді Бұқір де енді өктемсіп, Байсары сөзіне семіріп. — Шебер, мен емес — Әмір... Ол екі дұшпанын да оп-онай жер жастандырған ғой. Бірін — Ұлытауда, бірін — Стамболда.

— Үшеуі де бірақ бір түріктің ұрпағы... Тек сол арасы ғана жанға батады, — деді Байсары. — Дұшпандарын тани алмаған... Танымаған.

— Танымаған ба? Танытпаған ба? — Бұкір қарсы сауал тастанап, оған өзі жауап берді. — Менім ше, Әмір Темір падишаһ танымаған, әрі дұшпандары танытпаған... Тоқтамыс хан да, Баязит сұлтан да жаулық жасасам деп, жер жастанған.

— Бұкір, суретің сұмдық бір жайды ашып тұр, — деді Байсары көп билетінін білдіргісі келіп. — Біле білген адамға Әмір Темір түркілердің мақтанатын қаһарманы емес, түркілерді қас дұшпандарының алдында жығып, жер тізерлетіп берген антиқаһарман...

— Мен олай деп ойламаймын. Тоқтамыс та, Баязит те сыбағасын дұрыс алған. Екеуі де ұлы Әмірге қарсы шығып, есіріп кеткен.

— Қателесесін, — деді Байсары. — Ол Совет Одағының етірік тарихшыларының анызы... Ақиқатты бүркегені. Орыс, қытай және Еуропаның қылмыстарын жасыру үшін ойлап тапқан жалған қауесеті.

— Сонда сенікі қауесет емес, ақиқат екен ғой, — деп кекете қалды Бұкір.

— Ақиқат деу қыын. Бірақ менің қисыным шындық-ка бір таман жақын, — деп Байсары да дәлелдемек болды. — Өзің ойлаши, Алтын Орданы Тоқтамыс хан, Моголстанды Әмір Темір, Еуропаның тен жартысын Баязит сұлтан — үшеуі әлемнің жартысын билеп тұр. Үшеуін алар жау жоқ. «Бізді алатын дау жоқ деп, бізден мықты жау жоқ деп» тұрған олардан орысын да, қытайын да, Еуропаң да зәрекүты қашып үрейленген... Эйгілі Рим Папасы Кремльмен жалғасып, Мәскеу Бежінмен сөз байласып, көк семсерлі түркілерден құтылудың жолын қарастырған. Тыншы жіберіп, сатқындарды жұмсап, үшеуінің басын бір қазанға сыймастай қылып қырқыстырған... Дүниені тітіреткен түркінің кос көкжалын арыстан Әмір Темірдің қолымен

жайратқан да, ал оның өзіне қытай тыңшылары арқылы у бергізе салған. Сөйтіп, бар мәселені опонай шешкен... Міне, содан бері түркі ұлысының ұлы бағы басынан тайды. Тайғызған – алыс-қыыс жаулары, өз қолымен тайдырган – Әмір Темір. Өйткені ол – Шынғыс қағандай шынар тұлға емес еді... Болашақ бұлдыры заманға көрегендік пен кемел ойлылық жасай алмады. Ақыры, ата-бабаларымыз азап шекті, келешек үрпактары дұшпандарына кіріптар болды.

Бұкір ойланып қалды.

– ... Сен кілтін дұрыс тапқансын, достым, – деді Байсары. – Әмірдің түркі қандастарын тұқыртуға келгенде айласы жетсе де, олардың әлем алдындағы беделінің биік болуына келгенде ақылы жетпеген.

– Тантыпсын! – деді кенет Бұкір дүр сілкініп. – Тантыпсын! – Тағы қайталады. – Қызғанып тұрсын фой... Қызғанба! Бұл – ешкім салмаған сурет. Әлемде жоқ. Ал, Әмір Темір – әлем мойындаған тұлға.

– Әлем қанішер деп мойындаған.

– Оттама! – деп, Бұкір оқыс қалш-қалш етті.

Байсары қызырақтап, сөз таба алмай қалды. Аузына:

– Тоқтамыс – Сарыарқаның жерінде жатыр. Оның қазақ даласының қақ төрінде жатуының өзі бізге рух береді... Ал қанішер Темір қайда?

– Тоқтат! Әмір Темір қанішер болса, Абылай хан да қанішер. Ол жонғар жұртын қырып тастаған. Ал Кенесары – қарақшы... – деді Бұкір аузынан түкірігі шашырап. – ... қырғыздарды барып шапқан.

– Ол қазакты да шапқан, – деді Байсары да тістеніп. – Сатқын қазақ пен төрелерді де аямаған. Кім үшін? Өзі үшін бе? Жоқ. Ел үшін. Қазақ хандығы – қазақ мемлекеті үшін... Сен алжыма, Бұкір! Ойың қандай бұкір еді... Тілің де тікен.

– Хандық... мемлекет дейсін. Қайдағы мемлекет? Хандық құрып қаншалықты карқ болдық. Біздің хандар хан емес – қанқұмарлар... Өзара қырқысты. Қырылды.

Халықты үш жүзге бөлді... Ел де қырылып жойылды. Тоз-тоз болдық. Топырак жаладық. Орысты паналадық. Соның арқасында аман қалдық. Бізде мемлекет болған жок...

— Оттапсың! Орыс отарлады. Іріткі салды. Қытай кидалады. Жонғардан арылған жерді жаулап алды. Сенің жаңағы айтқанының бәрі — Шойынбаев пен Масановтың сандырағы ғой... Сананды сандалтып тастаған екен.

— Шойыныңды да, Масанды да оқыған жоқпын. Орыс пен әлем тарихын аудара-төңкере қарап шыққаннан кейін түйгенім... Ал олар маған дейін сондай ой түйген қазақ азаматтары болса, молодец! Олар да Қазақстан азаматтары... Өзгеше ойлауға имеет право. Тем, более, қазактар!

— Қазақтан садаға кетсін! — деп Байсары зығырданы кайнады. — Сен мектепті орысша оқығандықтан да осын-дай маргинал бол шыққансын.

— Мен тарихты осы тарихи суретті салу үшін оқыдым... Өзім үшін оқыдым, — деп қасарды Бұқір де. — Өнер үшін оқыдым... Маргинал да адам.

— Теріс оқығансын.

— Әмір Темір оқытты, — деді Бұқір шын көнілімен.

— Әмір Темір онбай қателескенін Қытайға жорыққа кетіп бара жатқанда бірақ білген. Бармағын шайнаған... Кеш еді. Сені де қазір қателесуге алып келіп түр.

— Жок. Қателесе койғам жок.

— Қасарыспа! — деп Байсары қатқыл дауыс көтерді.

— Қасарысам! Ол аз десен, кез келген зиялды интеллигент өз үлттын, мәдениетін, өнері мен әдебиет, тарихын жақсы білу былай тұрсын, оның кемшілігі мен артта калғанын білу керек. Сын көзбен қарауы тиіс. Міне, менің принципім.

— Өте жақсы. Бірақ ойың бұзық, ниетін арам...

— Не десен, о де... Қазақ хандығының бес жүз елу жылдығын тойлаймыз дейміз. Ол бес жүз елуден әлде

қайда әрі... Ал Керей мен Жәнібек хан емес, Әблілқайыр ханнан бөлінген сепаратистер... Сепаратист сұлтандар.

— Жап аузыңды, қымымақ!

— Шамына тиді ме? Ха-ха-ха!.. Олар да анау Донбаста бүлік салып жатқан орыс сепаратистері сияқты. Одан да Әблілқайыр ханмен тізе қосып, көшпелі өзбектермен біріге отырып, қырғыз бен тәжік, түркіменді қанатының астына алу керек еді. Қазір өзбек отыз миллионға жетті... Біз ше? Тұтас Түркістан болып, Ресей империясы секілді бүркітше басып отыра尔 едік. Сонда бізге орыс та, қытай да қоқандай алмас еді. Еуропа мен АҚШ та байқап сөйлесер еді. Байлығына бас сұға алмас еді.

— Ой, шіркін-ай! Сен суретші емес, сенатор болсаныш!

— Болсам несі бар?! Болам. Бүкірлігім ғана жол бермей жүр... Бүкірдің де күні туар.

— Күнің тумай-ақ қойсын!

— Күнім туса, құллі қазакты християнға кіргізер ем...

— Астапыралла!

— Корықпа! Қазір қаншама қазак. «Иса мәсіх нұры» деп шоқынып кеткен... Қаншамасы салафит, уахабит, тағы толып жатқан ит-бит дегенге еріп жүр ғой. Ал християндар тұтас. Қазак християнға кірсе, қырғыз бен өзбек те енеді. Тәжік пен түркімен де шет қалмайды. Қазақтың арқасында Орталық Азия Иса пайғамбар жолын «хак жол» деп ұстанып, ислам фундаментализмі деген індегін аулак қонар едік.

— Ниетің қандай нас еді, — деп Байсары жейдесінің жағасын ұстап, ұшын тістеп-тістеп қойды.

— Tіcte! Tіcte! Жағанды емес, жағынды тістейсін әлі...

— Тәйт, кәпір!

— Қателесесін. Мен кәпір емес, мына қаптаған шенеуніктерін кәпір... Жемқорлық — кәпірлік. Олар өзінің шуын жеген қорқаулардан да асып түсті қазір. Ақша десе, анасын, туған баласын сатады. Дінін сату түк

емес... Шенеунік християнға бет бұрса, билікті пайдалана отырып, халықты да ауната салуға болады. Құні кеше емес пе, коммунист атаулы жалпақ жүртты атеист қылып жібергені. Қызмет пен мәнсап үшін атқамінер атаулы, атак пен мақтан үшін ғалым мен залым атаулы құдай жоқ деп құлдай жорғалағаны... Бәрі жабылып жүріп құдайсыз қоғам орнатқаны. Тап бүгін де солай. Ондай сойқанды салу да онай.

— Арманың қандай көззап... — Байсары булығып қалды. — Ай, Бұкір, Бұкір! Сендей сүмнан сақтасын!

— Біздің қоғам — қисық айнада сәулеленген сынық қоғам...

— Қоғамды қисық-қыныр қылып жүрген сен секілді бүкірлер.

— Мейлі, — деді Бұкір, — бұкір қоғам-ақ болсын. Оны түзеу үшін айнаны сындыру керек. Қоғамның ақиқат сиқын көресін. Сонда жаңынан шошырысЫН. Қазақ қоғамы мен қазақ өмірінің жасырылған қан-жоса жамалы жалған дүниеден тұнілтер... Сонда көрер едім, Байсары, сенің сорлы кейіп-кеспірінді! Нағыз бүкірлікті таныр едің.

— Танымай-ақ қойдым. Қара аспанды суға алдырмаши... Ел аман, жұрт тыныш.

— Жұртың бейғам, жұттан шыққандай жүдеу... Соны да көрмеймісін, — деді Бұкір.

— Ол Еуропа мен АҚШ-та да бар, — Байсары басу білдірді. — Мен сені момын, зиялы деп жүрсем, ішінде ит еліп жатыр екен ғой.

— Ол ит өлі емес — тірі... Тек сыртқа шыға алмай, кор болып ұлып отыр. Ха-ха! — Бұкір арсыздана күлді.

— Сайтан алсын сені, сайтан алғыр!

— Сайтан мені ғана емес, елдің ақыл-есін алған, — деді Бұкір. — Біз «ЕС»-ке еліктеі алмаймыз, көршіге еліктемеске амалымыз да жоқ. Еліктетпей, сонынан ертпей, қанатының астына алмай қоймайды. «Көп корқытады, терен батырады». Ал біз азбыз... Демек,

ұлы елдің ұлы тілін, ұлы дінін де қабылдауға тура келеді. Сонда ғана діліміз түзеледі... Мен тілін де, дінін де қабыл алдым. Енді ділім оңалары сөзсіз. Ана сәби ұлымды да ертең анамнан алып келіп, солай тәрбиелемекпін. Шоқындырамын!..

— Ол ойын жүзеге аспас, — деді Байсары. — Ұлын қазақ екені рас болса, қазактың қалыбын сақтап қалар.

— Сен қаншама шамдансан да, осы айтқаным айтқан. Өсиет етем үрпағыма! Солай тәрбиелеймін. Тәрбиеге көнбейді дегеннің тілін кесем деген Абай да. Тәрбиелей берем. Ұлы халықтардың ұлы идеяларын сінірем. Кішкентай ғана қазақтың емес, көп халықтың — ұлы халықтың ұлы болғаны абзал. Өзім сияқты өгейлік... бүкірлік... тоқалдан туғандай шетқақпай көрмесе екен деймін. Сен не білесің?

— Саған дауа жоқ екен. Ұлылық ауруына шалдығысын. Ұрығың басына шауып кеткен... Бетіннен аулақ! Сен сияқты көбеймесін! — деп шошынды Байсары.

— А-а, біз көппіз... Кешегі Кенес заманы көбейтіп кеткен. Сендер бүгін отай алмайсындар. Тамыры терен. Мәскеуден тартылып жатыр... Ол тамырды түбімен суырып ала алмайсындар. Иә, иә! Анау қытайдағы қазақ жастарының ішінде алып империяда өмір сүргісі келетіндер көп екен. Олар да қойдың шашылған бір уыс құмалағындағы қазақтың азаматы болғанша, аждаға тұрпатты алып мемлекеттің азаматы болған артық деседі екен. Жуан елде жуан жеп, жуан ішіп, жуан адам болған жөн де фой... Оған сен не істей аласың, Байсары? Ха-ха-ха!.. Еуразиялық одақ азаматымыз бәріміз... Ішің күйсе — тұз жала. Ха-ха-ха!..

— Тфу, лағнет! Ішің лас қой... Аулақ! Аулақ!

Байсары жетінші қабаттан лифтімен зулай түсіп, Суретшілер үйінің есігі алдына қалай атып шыққанын түсінбей қалды.

Көкек күні май тоңғысыз. Кеудесін кере дем алды. Алатауға қарады.

Көз алдына бірак алып Алатаудың айпара келбетінде сөулеленген Әмір Темірдің ат үстіндегі сұсты бейнесі келді. Байсары оқыс тіксініп қалды... Атышулы тұлғаның тау төсіндегі кесек кескіні менмұндалап тұрса да, ойына «Әмір Темірдің қателігі» деген дерексіз ой орала берді.

Ал Бүкір болса, Байсары досының аузын бакаша аштырғанына мырс-мырс күліп, колына ұстаған қыл-қаламымен салған суретіне бір жақындаپ, бір алыстанап, қызыға да қызғана қарайды. Қос жауырын ортасындағы өскелең өркеші шымырлап, көңіл күйі көтеріле берді. Оның тұла бойына ғайыптан қуат құйып, санасына серпін берген қара ойлы шабыт жемтік көрген қарақұстай қанаттандыра түскен еді.

### *Көршеге хикаясы*

#### **Перінің демі**

Арқаның арқар аудырар аязды күні.

Сүйек салынған арнайы мәйіткөлік ағызып келеді. Мәйіт сонынан шұбаған тағы да бес бірдей женіл көліктер де ұшырта түседі.

Астанадан Көкшетауға карай салынған тегіс күре беті ашық. Қантардың қырық градусты көрсеткен қабағат суығы даланың ұлан сауырын қырауға бөктіріп тастапты. Жол бойында ұшырасатын орам-орам орман алқаптарының ұшар басына дейін бозқырау шалып, дүниені бозмұнар басыпты.

— Жолды жауып тастағаны жақсы болды, — деді қаладағы бір ауданын әкімі Сырым.

— Бәрі де Арка аязының арқасы, — деп облыстық мәслихат депутаты Ақмұрза да қостап койды.

Бұл екеуі де осы Сарыарқа өнірінің «сарықұлақ» атанған белді азматтары еді. Сонау дүние дүмбіlez тартып, ел естен танған есерсөк жылдары ерге қонып, қолдағы бұлан биліктің арқасында Астана асқандар... Бүтінде сол сортан қездін сорпасынан майланған қозы

қарындарын сипап, семіз әңгіменің сонысын шегірткедей шалып келеді.

— ... Аяз талайларды тапжылтпай тастаса да, апам аруағын бөгей алмады, — деп Ақмырза сөзін жалғады.

— Иә, марқұм қашан да жолымды ашып отырушы еді... Бүгін де солай болды. Ақырғы сапарында да аруағымен жебеді. — Сырым да тоқмейілсіп сөйледі. — Айтпакшы, үйқы басқан біздің ауылды көшіретін болды гой... Не істейміз?

— Қимылдан қалу керек, — деді Ақмырза.

— Кешеден бері апам өлімі килігіп, жоспарды бұзып жіберді ғой... Әйтпесе, Қалаштың картасын алдырып, ауылда не бар, не жоқ, маңайындағы Перінің мекені қандай жағдайда екен, жайылымдық жерлер мен егіндік алқап кімге тиесілі деп, кірісіп жатыр ем, — деп Сырым ашила берді.

— Бәрін де тезірек анықтау керек, — деп Ақмырза да алқымдай жөнелді. — Құр қол қалып қалмайық. Облыс әкіміне өзім шығам... Одан саспа. Қаражат мәселесін қарастыр.

— Ол да табылатын сиякты. Инвестиция тартамыз. Өткенде қытайлармен кездескем. Олар қанша қаржы керек болса, сонша береміз. Тек өндіріс пен жерге саламыз. «Қаражат бізден, жер сізден» деп отыр. Акцияны елу де елу етейік дейді. «Сендер ақша құймай-ақ койындар, сендердің атынан біз құямыз» деп ала-қандарын ыскылайды.

— Елу емес, елу бір де елу... Елу бір пайыз біздікі десек, зандағын жағын әкімшілікте шешу де оңай. Қалғанын сосын көрерміз! — деп Ақмырза ақыл қосты.

— Дегенмен, Ұлттық кордан көп қаржы бөлініп жатыр.

— Ол да ойда бар. «Даму» қоры ауыл шаруашылығына субсидия жасамақ. Онда көшкен Қалаштың орнына мал бордақлайтын, құс өсіретін ірі комбинат, көл жағасына шошка өсіретін ферма салу керек, — деп шешіле түсті Сырым да.

— Астанда колбаса, «халал» шүжық жетіспейді ғой. Бұл ойын дұрыс екен, — деп Ақмырза да қопаңдаш қалды. — Тіпті қытайлардың керегі де жоқ.

— Жоқ, қытай керек...

— Орысты тартсақ қайтеді? — деп қалды Ақмырза.

— Орысты жолатып керегі жоқ. Олар Перінің мекеніндегі алтын мен уранды алуға акша салғанымен, бизнесті «Росатомпром»-ға бұрып жібереді. Одан гөрі қытайлар дұрыс.

— Иә-ә! Ойлану керек. Шахтаның жайы қалай екен, жалпы...

— Ойбай-ая, мен өзім бастық болған шахта емес пе? Бәрі дайын. Кезінде уақытша консервировать етіп тастадық қой. Енді, міне, уақыты келіп тұр.

— Эй, орыс жол бермес! Андулы елміз ғой, Қытайдың күші келе қояр ма?! — деп Ақмырза құдік алды.

— Келеді. Қазір Ресейді Еуропа мен АҚШ қышқаштай қысып, басымен қайғы... Астана емес, Бежін сұраса — береді. Жемтіктесі емес пе?! Оған шағын ғанша шахтаabyрой әпермес. Қытайларды да алдап қояр... Бізге де керегі сол, біраз жыл қытайлар арқылы қазып, қызығын көрсек болды ғой.

— Жақсы! Байлық қой... ен байлық.

Ақмырзаның қолтелефоны сылдырлады. Әңгіме үзіліп қалды.

Мәйіт салынған көліктегі имам жігіт екен, қай тұстан бұрылатындарын сұрады. «МАИ бекетінен өткен соң солға...» деп жауап берді Ақмырза.

— Мениң мамандығым геолог қой. Шахтада жиырма бір жасынан енбек етіп, директорға дейін көтерілдім ғой, — деп Сырым еске алды. — Бұл шахтаның қоры мол... Кемінде отыз жылға жетеді. Қырық жылдық қазынасы бар.

— Аянып қалмайық, — деп Ақмырза да желпініп қойды. — Қытай болсын, сайтан болсын, Перінің мекеніне тарту керек. Тек, тездету керек. Темірді қызған кезде... Байлықты басып қалайық.

Әңгіме сонары сүйк сорған ұлы далада жалғаса берді.

Ал мәйіт салынған аруакты көлік күре жолдан бұрылып, Қалаш ауылына қарай ақырын жүрді. Жолды қар басып, шұнқыр атаулы толып, тапталып жатса да, шоқалактаған көлік адым аштырап емес.

— Жол бұзылып-ақ кетіпті.

— Бұзылғаның не, жок десенші, — деп Ақмырза кейіді.

— Шахтаны ашсак, жолды үкіметтің өзі-ақ жөндер еді.

— Эрине, жол салар жай жок. Халық жолға салықты төлеп жатыр ғой, үкімет ақша шығарсын. Қаншама бюджет игерілмей қалып жатыр емес пе?

— Игерілер еді, кейінгі кезде бақылау қүшейіп кетті... Игерілмейтін болды. Бәрінің итше тіміскілеп, мамағын жалап, итініп кеп жүргені.

— Басқа шара болмай тұр ғой, обырлар көбейіп кетті, — деді Ақмырза. — Кішкене күт, достым! Біраздан соң бұл науқан да соғып өткен Сарыарқаның желіндегі басылады. Ұзаққа бармас ұран ғой... Сонда уысты саламыз!

— Оған дейін ыңыршағымыз шығар...

Олар Қалаш ауылына да жақындал еді. Сонда ғана тілдерін тыйды. Көлік жүргізуші жігіт те женіл өуен тербекен магнитофонды сөндіріп тастады.

Бұлар түкірік жерге түспес күнде неге келе жатқандары естеріне енді түскендей еңселерін тіктеп, жөнделіп отырды. Сырым женіл күрсініп, қапалы күй танытты.

Көз алдында анасының мәйітін арқалаған қара тұс көлік ырғалып барады...

\* \* \*

Ай арасы. Өліара өлік үсірдей сүйк.

Арқаның айсыз аспаны ашық. Көк шанырақ көмкерген тұн түнегі толған жұлдыз. Теріскеиден тесірейген

Темірқазық та көкше даланың шынар шыршасы ұшына ілініп, сүйктан қырғи қанатындағ қалтырайды. Жарық жүлдyz болса да жасаурап түр. Көмескі тартқан Жеті-қарақшы түстікке ауыпты. Үркөр бұлынғыр батысқа бет түзепті.

Теріскейді тұтас тұтқан орман қарауытады. Сояу бұтқақ қайың мен сидаң терек қара шашын жайған қарағай, самырсынмен ғашықтардай жанаса қалыпты. Қар жамылған, сүйк сорған кен өлкө өлі күй кешіп, жел-құзыз тыныштықта үнсіз мүлгиді. Ойда жоқта оятар Арқаның актүтегі бүгін сабыр сақтапты.

Түстігін шағын көл иектеп, шығысын жартасты жатаған тау иықтаған, теріскейін қалың орман бұркеген ауыл да тұн тыныштығында тыпты етпей жатыр. Сұрапыл сүйктан иттер де мал кораға тығылып қалған. «Арызқой ауыл» атана бастаған Қалаштың тымық тұнде тұтіні ғана тұзу үшады. Сол ғана тіршілік белгісіндей.

Қарауыткан орманның ішіне тай шаптырым ілгерілей түссен, баяғы заманнан бері қазақ «Перінің мекені» атап кеткен алаңқай бар. Қос ат арқандар алаңқайдың жазда шөбі қалың, қыста қары жүқа болып жатады. Жерасты қызуы бар топырақ... Жұрт «перінің демі тиген топырақ» десетін. Пері соғып кетеді деп аулақ жүретін. Балашағаны да жуытпайтын.

Сонау орыс келген обыр заманда бірді-екілі ішкіш ивандар жынды суды жұтып алып, осы Перінің мекеніне барып, ауыздары қисайып, қол-аяқтары тартылып, тобанаяқ та болып қалған. Кейбіреуі ауыздарынан ақ көбік жын шашып, көтеріліп кеткен.

Ал әйгілі тың игерілген жылдары Сібір орманынан келген бір әумесер оймақтай жерді жыртып тастаймын деп, өз тракторының астына түсіп өлген. Ал бұған не дерсін? Жұрт «жынның шалығы тиген» деп шуласқан. Кейін ауылдың жанындағы жартасты таудың жеті шакырымдық алыс сілемінен уран мен алтын табылғанда, тағы да балаша шулап мәз болысты. Бірақ уран шахтасы

пайда болысымен, перілер де жым болды... Жынойнақ жетім қалды.

Жетім қалған жынойнаққа соңғы жылдары перілер қайтып оралыпты деп тағы жұрт айтып жүр. Екі кештін арасы апақ-сапакта көргендер де бар. Ал кейінгі кезде Қалаш ауылын қалың үйкіи басып, жылқыдай жусап жүргені – сол қайтып оралған перілердің әрекеті... Перінің демі тигені деседі көпшілік. Перілер бұл маннан пенделерді мұлде үркітіп жібермек көрінеді.

Ауылдан аулактағы Перінің мекені – перілер жыйналатын жынойнақ аланы еді...

Бүгінгі қантардың өліарасында да жынойнакқа Арқадағы жын-перінің жалдысы келген тұғын. Ол өзі анда санда бір соғатын. Ал сокқан кезде Арқада – адамдар арасында әйтеуір сойқан болатын... Жыны ылығып, перісі былығып жататын жынойнақ жанданып сала берді. Жерасты мекенінен жылы леп боп көтерілген олар өліара түнде ойына келгенін істейтін. Қазір де қаншық итше ілігіп, үрғашысы мен үрғашысы жаласып, еркегі мен еркегі жамбастасып, қантар суығын да бұйым құрлы көрмей кетті.

Жынойнакта құмарлары біраз тарқаған соң, олар қара тұнді жамылып, шахтыға бет қойған. Аузы аңғалсанғал, үнірейген іші үрей шақырған шахта шеріптерін сұп-суық сөүле боп желліп өтті. Мұнда ұзак аялдамады. Ауылға қарай ақ сағым боп жортты.

Құрым киіздей қаранғылық басатын әр айдың өліарасында орманнан көтеріліп шығатын перінің демі ауылға қарай құс қауырсының лебіндегі болып жеттін. Бұйығып жатқан ауылға емін-еркін енетін. Үйді-үйге жасқанbastan кіретін. Өліараның өлі күнінде армансыз аралайтын.

Арсыздықпен адам атаулының ыстық қойнын ашып, қасиетті құпиясын шашып, тінткілей тіміскілеп шығатын. Жас арудың қол тимеген қос анарын аймалап, жас жігіттің жанды жерін мытып, көрі-құрттаның үйкісын қашырып, атан азаматтың айызын қандыруға түлен боп

түртіп оятып, жесір өйел мен нәпсікүмар қардың жанына жетектеп апарып жатқызатын.

Ал сәбидің жұзінен балғын нұрын ұрлап, ұлпа демін ашқарақтана жұтатын. Абиұрын аштырмаспын дейтін жырынды жалпак жұртты жымысқыланып жеткен пері жалдысы үн-тұнсіз қорлауға көшетін. Оған не істей аласын? Теріскейден түре тиген ала көзді, ақ шашты пері ғой... Пернелеп басып алатын.

Пері жыландай жылжып мәйіт жатқан үйге де жетті...

Аруақтың акырғы қонақасы беріліп, жұрт ет артынан шәй ішіп, жүректері майланип, қөнілдері жайланып отыр еді. Ел тарқап, мәйіт күзетіне ананың әкім ұлы Сырым мен депутат досы Ақмырза және біраз ақсақал-карасақал, орда бұзар жастағы жастар қалған. Олар өзара әңгімелесіп отырған. Арапарына перінің сыйбырызы кіргенін, құлағын тіге тыңшыдай әңгіме тыңдағанын ешкім де сезген жок.

— ... Бұл күнде адам бұзылды ғой, — деді қарасақалдың бірі.

— Байы бар өйел бөгде еркек аңсап, байсырайтынды шығарды, ойы бар азамат сасық байлық аңсап, ойсырайтынды шығарды... Емі жок, — деп тағы біреу күнк етті.

Сырым мен Ақмырза үнсіз қалуды жөн санады.

— Байлық қусаң, жын-перімен сыйбайлас боласын, — деді Сырымның алыс ағайыны болып келетін Ожаубай ақсақал. — Елге пайдасы тиетін байлық болса, онда Алла тағала алқайды, мал мен жанды молынан беріп жарылқайды... Тек, барлықтың буына семірмеу керек. Адам бір қонақ қой жер бетіне келіп кетер.

— Мына Сырымның анасы, марқұм Қапура, қандай адам еді?! Жастай жесір қалса да, жеті баласын аузымен жем тасыған құстай шырылдап жүріп жеткізді ғой, — деді ұзак жыл ұстаз болған Мұқан мұғалім. — Көзіміз көрді. Балаларын адалдыққа тәрбиелеп, бәрі де жоғары білім алуын талап етті. Содан жаман болған жок. Басы — Сырым — әкім, қалғандары да қызметте... Көптіктің зияны жок, қазақ білген ғой. Міне, шулап-шұрқырап келіп,

жоқтауын асырып, анасын актық сапарға шығарып салып жатыр.

— Иә, — деді қарасақалдың бірі, — Қапура апай жақсы адам еді!.. Жаны жәннатта болсын! Бұл кісі үш қыз тәрбиелеген жан ғой, жәннаттың есігі ашық.

— Жәннат өркімге бұйыра бермес. Осындай аналар ғана барад.

— О не дегенің? — деп қалды жантайып жатқандардың бірі. — «Үмітсіз – шайтан» деген, ерекең те енер... Әйтпесе жәннатта өңшең жесір жынданып кетер.

— Қойыңыздар, ағалар! — деп жас келген имам жігіт араласты. — Мәкүрік сөз айтпаңыздар, сүйекке ауыр болады...

Сонда ғана Сырым елен ете қалды. Ақмырза досы әңгіме ауанын аудару үшін:

— Ағалар, — деді, — неге «арызқой ауыл» атанып жүрсіздер?

— Арыз жазғаннан басқа амал қалмады ғой, — деді баяғы қарасақал. — «Перінің мекені» деп ешкім жоламайтын болды. Әкімкарапар да ұмытып кетті. Астанадағы төрелерге арызданбасақ, құлактарына ілмейді. Қайта, журналистерге раҳмет! Солар ғой әлемге улатып-шулатып жариялаған... Ұйқы басқан ел жата берер ме едік, қайтер едік? Сен екеуің секілді осы елден, ауылдан шықкан азаматтар ауыздарынды ашпайсындар. Бір уақ су ішкен мекендерінді де еске алып жүрсендерші!.. Перінің шалығы тиғен жұрт деп, мұлде ат ізін салмай кетпей. Біз үйқылы-ояу болсақ та, әзірге тіріміз.

Таусыла, тисе сөйлеген қарасақал азаматқа Сырым да, Ақмырза да жақ аша алмады.

— Қалаштың атын өзгерту керек, — деді бір жастау жігіт.

— Қатыны кетіп, қалаши қалған, еркегі ауып, есері қашқан ауыл ғой, — деді тағы бір күжак. — Қатынын албасты марта басқан, еркегін жынды пері соққан. Уақсуакта үйқы басқан ауылмыз.

— Улы үйқы десенші, — деп ауыл әкімі де араласып қалды. — Перінің демі тиді ғой бізге... Жын жайлады деп жүр ғой.

— Қайдагы жоқты айтып, жамандық шақырманңдар, — деп, Ожаубай ақсакал токтау салды.

— Ауылды аластау керек, — деді баяғы қарасақал. — Жын-пері жайлаған жерді баксы шақырып аластаған. Қазірдің өзінде үйкі деңтімен ауырғандар елу адамнан асып кетті... Қошсін деңті, қайда барамыз? Кім бізді құшақ жайып, қарсы алғалы тұр? Қараорман үй-жайымызды қайтеміз? Қөшу — айтуға оңай сөз. Ал үйкі — тілсіз дұшпан.

Әңгімемен ырғасып отырғандардың арасына сыналай еніп, сөздеріне құлак түріп, жүздеріне жымия қарап, перінің жалдысы мырс-мырс күлді... Пенделердің перілігіне күлді. «Тан ұзак. Бұларды да үйкі қысар. Сол кезде өүселең көрермін» деп жымырап қойды.

Ал мәйітті көрші бөлмеге қойып, терезесін салқындан тұрсын деп аздал ашып, басына шырақ жаққызыған әңгіме соққыштар ауыздарын жияр емес. Араларында перінің жалдысы отырғанынан да хабарсыз. «Өңшең сезімсіз» деп пері де сескенер емес. Үйде мұны сезіп қалар мысық та жоқ екен.

Әңгіме қызған сайын, дауыстар да жарқын шыға бастады. Олар тіпті аруакты да ұмытып кеткен сынайлы.

Қарасақалдың бірі:

— Алтайдың ар жағында хақас, тәбе деген жұрттар бар екен. Баяғыда барғанбыз... Орманды, таулы ел екен. Солардың ішінде баксылар бар екен. Бақсылары күшті. Жаңбыр жаудырып, сел ағызатын көрінеді, — деді.

— Оны несін айттып отырсың?

— Бақсылар ғой сайтан-сапалакты су жорғадай жорғалататын, — деп қалды бір жас жігіт. — Перінің тілін біледі...

— Дұрыс айтасын, — деді қарасақал. — «Қатын-Қалаш» ауылын отпен, сумен, керек десен — ай, күн сәулесімен аластату керек. Албасты басып, үйкі қыскан ауылды сөйтіп қана тазарта аласындар. Әйтпесе мартау басқан әйелдей аурудан арылмайды, дерттен айықпайды. Ауылдан ауып кеткен, акшаның сонынан қуып кеткен азамат атаулыны аңғал ел-жұртына, жетім қалған жеріне кайтару керек. Олардың қатып қалған қасқыр мойнын

қызыл шумен ауырған елге бұргызу үшін, бөрінің көкшулан жалымен басынан бақайына дейін ұшықтатып, аластатып алу қажет.

Әлде кімдер мырс-мырс, шик-шиқ құлді. Перінің жалдысы бірақ тіксініп қалды...

— Күліндер. Күліндер... Сендерді пері соғып, сана-ларын сандалып, сансырап қалғансындар, — деп қарасақал қызбаланды. — Мені қайдан түсінесіндер? Түйтік жок. Түйтіксіздер!.. Түсінуден кетіп барасындар. Иә, үйқыда... улы үйқыда үйқысырап жатырсындар. Ұйықтай беріндер. Перілерге де сендердің самарқаулықтарың керек. Өншен исалмас... Қамшы керек сендерге. Қамшы... Баяғы қамшыгер бабаларымыз атан өтізді маңдайынан бір-ак тартып, миын аузына түсіретін он сегіз өрім дырау. Қызыл қандарынды ағызып қамшыласа ғана бойларың жазылар, ойларың оянар.

Қыстығып жүрген қарасақал зар-запыранын ақтарып салды.

Үй іші сілтідей тынды. Үнсіздікті өлгі бір жас жігіт бүзды.

— Аға, ақиқатын айттыңыз. Рахмет! — деді.

Жұрт жым-жырт қалпы. Жаназа шығарып жатқандай тына қалды.

— Перілер алтын бар жерге ұя салады деген рас. Перінің мекені атанған бұл өнірден де алтын аралас қуатты руда шыкты ғой, — деп Ақмырза әңгімеге тұтқылдан араласты.

— Сонын арқасында әкім мен депутаттар да шығып жатыр ғой, — деп әлгі жас жігіт шымшып алды. — Анау ауыл азып, ел тозған жылдары алтын мен уранды, қызыл сыналты Қытай мен Қырымға онды-солды сатып, биікке көтерілді ғой біраз азаматтар... Енді елге де пайдасы тиер. Ауылды аудан орталығына қарай көшіреді дейді ғой. Көп каражат бөлініпті.

— «Күлға аспаннан киіз жауса да, ұлтарақ бұйырмайды» деген емес пе, пендеге емес, перілерге бөлініп кетер. Айыл-жүгенімізді ұстап, тағы қала беретін біз боламыз.

— Ай, тап осы жолы, бар ғой... қолдарында өлем! — деп есік жакта отырғандардың бірі қырылдай сөйледі.

— Арқаға перінің демі Кенесары хан заманынан бастап соқты ғой, — деп, Мұқан мұғалім әңгіме төркінін ушықтырығысы келмей, тарихқа сілтей салуға тырысты.

— Перінің белгісі ме, кері кеткеннің киесі ме, киігін қырылып, сүйегің үйіліп жатқаны...

Отырғандардың тағы бірі қоламтаны қозғап қойды.

— Эй, қозған<sup>1</sup>, сен от көсемей отыр, — деп жас жігіттер бірін-бірі қағытып қалды.

— Кайдан білейін, — деп әлгі қозған жігіт те өп-өтірік мұләйімсіді. — Кенес заманында перілер келімсек-тен үріксе, еркіндік заманда қазақ періден үркетінді шығарды.

— Үрікпегенде қайтсін?! Перінің демі ме, пенденің демі ме — білмейміз... Шетімізден баудай түсудеміз.

— Ес жия алмай қалдық қой...

— Есінді жиғызбайды олар. Орыс кой перінің ойнағына от тастаған... Ақыры айланба қойдай қазақты мәнжубас қылды.

— Бізге кімнің демі тисе де, ондырмай тиген...

— Кімнің демі деп қайтеміз. Қазақ қойдан жуас...

Мәнжубас ел жылқыдай жусап, қойдай өреді емес пе?! Кім айтса, соған иіледі. Орыстың орманына қарап ұлимыз, қытайдың корғанына қарап саримыз... Қамсызбыз. Жансызбыз. Жансыз емей немене, түп көтеріле алмай отыр. Дерті дауасыз, демігіп жатыр.

— Екі өкпесі өшкен, — деп қозған жігіт қоздырып қойды. — Орыс қамытын қайта киіп алдық қой... Енді тырп еткізбес.

— Эй, жастар! Сабыр! Сабыр, — деп Ожаубай аксақал сабырға шақырды.

Оны бірақ шақарланып алған жас жігіт:

— Түп көтерілуге шамасы бар ма казақтың? Оған да орасан қаржы керек. Қаржысыз кім шығады? Кім қайда барып ұрынады? Арқада арам өлер.

<sup>1</sup> Қозған — аргын руының бір тармағы.

— Үйкү басқан миын айтам да... Атала болып кеткен.

— Қайда барып сенделмек? Атамекені мен атабейіті жібермейді ғой... Аруақ жібермейді. Есқі үрей етегінен тартады. Отарлық өмір өтіп кеткен сүйегіне... Ауыл ауса, құт-береке ауатын сияқты көрінеді.

— Несін айтасын? Санасын сарысу басып, кірпігін қорғасын байлаған. Дүние қаранғы... Бары – керден, жоғы – зерден...

— Жә, жігіттер! – деп имам жігіт жастар сөзін бөлді. – Жаксы сөз айтайық. Зерден деген дерт... Ауру аты. Мына пендеуі әңгіме ұзақ қой, мен біраз имани әңгіме қозғайын. Уағыз – жанның азығы... тәннің қазығы...

Имам уағызына айта бастағанда кейбіреулер орындағынан көтеріліп, тыска шығып келуге беттеді. Олардың алдында перінің жалдысы да сусып бара жатты.

Бұл жолы перінің жалдысы ешкімнің жүзіне үрлемеді. Ал улы демін үрлесе, біреуі мұрттай ұшып ауыратын, біреуі құстай ұшып құтыратын. Әрі-беріден соң доныз ұйқыға бас қоятын.

Перінің жалдысы жылдам жылыштап кетті.

\* \* \*

Тан сібірлей, Арқаның актүтегі көтерілді.

Қапура кемпірдің мәйітін ауыл іргесіндегі бейітке жұрт қолмен көтеріп барды. Зират басында ұлыған боран күшіне түсті.

Қабір басына жиналған көшілік асығыс кимылладады. Сырымның көзінен жас шықпай қойды. Женілдеу киінген Ақмырза желді аяздан ұшып кетті. Оған ілесіп жүрген көмекші мен шофер жігіт құрак ұшып, қарадай бәйек болды.

Алды-артты ораған ак боранмен алысып, ер-азамат дірдек қақты. Мәйітті мәңгілік мекеніне шығарып салуға дірдендерген елмен перінің жалдысы да жетіп еді. Ол да бұрсен қақты.

Құран оқылышымен бәрі де омбылап кері қайтты. Ауылға алдымен жеткен Ақмырза мен пері болды. Сырым көппен оралды.

Ақтүтек боран қасқыр қаһарына мініп алды...

Қалаш ауылы актүектің астында қалды. Ауылдан шығар жол жабылып қалғанын аруак құрметтеп келгендер де түсінді.

Енді асығыс жоқ қой деп, қазага жиналған жұрт асқа асықпай отырды. Ас алдынан имам аруакқа құран бағыштап, Ожаубай ақсақал бата берді. Ел енді бесті жылқының жылы-жұмсағына бес саусақты батыра бергенде, төр жақтан дүрліккен дауыс шықты.

— Ойпырмай! Енді қайттік?!

— Су өкеліндер, су... Су, шашындар.

— Ойбай, су жолатпа! Откенде су шашамыз, су береміз деп жүріп, айырылып қалғанбыз...

— Дәрі бар ма? Дәрі керек.

— Дәрігер шакырындар.

— Кайдағы дәрігер? Аурухананы жауып тастаған.

— Соңғы медбике былтыр көшіп кеткен.

— Енді не қылдық? Телефон да ұстамай жатыр.

— Жел тұрса, байланыс жоқ қой.

— Құрып қалсын, құрып қалғыр!..

... Бәріне кінәлі — перінің жалдысы еді. Жалдының үрген демі.

Перінің жалдысы жұрт жапатармағай ағаш астауға қол салғанда, сылқым Сырым мен сәнкөй Ақмырзаға қарсы отырып, екеуінің аяздан қызыарып, майдан жылтыраған беттеріне мап-майды демін үрген. Бес минөтке де жетпей, екеуі де дастарқанға мандайын тіреп, әпсөтте үйкітап кеткен. Тұнімен мәйіт күзетінде болып, кірпіктері қамаспаған олар ұлы қорылға ден қойған еді.

Шу төркіні перінің тиген демінен екенін бірақ ешкім сезген жоқ. Ас үсті қарбалас әрекетке түсті. Адамдар атқамінер азаматтардың аяқасты үйқыға кетуін өрнеге жорып, тіпті бір-бірінен де көрген.

— Тұнімен көз шырымын алмағандары да рас.

— Жол да соғып таstadtы фой.

— Күн де сүйк... Аяз да сорып таstadtы.

— Тұнде мәйіткүзетке отыргызбау керек еді... Оларсыз да адамдар жеткілікті.

- Осы аруақ күзетудің қажеті қанша? Исламда жок.
- Тәйт, әрі! Тыныш жүр. Сен қайдан білесің?

Ас жайына қалды. Дүрліккен топ үйқы басқан екеуді үйге алып жүрді. «Қатымхана» ішінде қалған елге имам мен Ожаубай ақсақал басу айтып, зорға тыныштандырды.

Далада дүлей боран кар суырып, жыланша ысқырынып тұр. Әкім мен депутат жігітті нөкерлері мен екеуінің бизнестерін дөңгелетіп беріп жүрген жалдамалы, жалған кәсіпкерлері жылы үйге жеткізді. Ұш қарындасты мен бауырлары, бала-шаға, туыстары да ботадай боздал еріп жүр.

Екеуін жылы үйге жайғастырып жатқызған соң, жылау-сықтау да басылып, ел естерін жиғандай болды. Бір топ адам бөлінісіп, біразы асқа қайта кетті. Туыстары мен жақын жолдастары деген төрт-бес жігіт қана үйқы қысқан екеудің жаңында қалды.

Сырым мен Ақмырза қайтыс болған Капура кемпірдің соңынан аттанатындағы, доңыз қорылға басыпты... Дүрліккен дүние бақайларына кіріп-шығар емес. Бейхабар күйде домбықкан беттері балбырап, жас сәбидей жүздерінде нұр ойнап, алаңсыз албырап жатыр.

Әлгінде ғана абыр-сабыр болған туыстар мен үйқыдағы атқамінер азаматтардың жақын жігіттері үйдегі табақтан ас алысып, жүрек жалғасты. Ас үстінде бәрі де үнсіз болысты. Дастанқаннан дәм жиналысымен, әңгіме не істеймізге көшті.

— Тезірек қалаға жеткізу керек, — десіп туыстары бір пәтуға келді.

— Боран. Жол жабық. Жете алмаймыз ғой, — десті жолдастары.

Бірі қайтсек те жеткізуіміз керек десе, енді бірі қүтейік десіп, жақын жолдастарының өзі екіге жарылды...

Ақыры ерте күнді кеш қылмай, алдыға шынжыр табан тракторды салып, үш «джип» көлігімен жолға шығуға бел байласты. Ақмырза мен Сырымды бір көлікке жатқызып, өзгелер қос көлікке туыстармен қоса бөлінісіп отыруға көшті.

Ас тарқағанша аттанысып та кетті...

Ауылдан шыға ат құлағы көрінбес боран жолаушыларды күтіп алды. Олар да қара жолдың сорабын бағдарлай, қарайған трактор сұлбасын анғарлай алға жылжыды. Қыр жолын қар алмайды деген оймен, көлді айнала қырға қарай бет қойды.

Трактордың соңынан алғашқы бол келе жатқан көліктің иесі жүргізушісіне қарап:

— Осы бойы екеуі де үйқыдан оянбай қалса екен... Сеспей қатса екен! — деді. — Анау байлық өзімізге қалар еді... Акция менің атымдағой. Оу, Алла, осы тілеуімді бере гөр! Аумин! Аумин! Аумин!

Үш қайтара бетін сыйпады...

Жүргізуши бір туған бауыры еді.

— Аға, ақырын сөйлемін. Үйқыдағы адам сыбырды естиді дейді...

— Е, қойшы! Сен де саксына береді екенсін. Одан да мына имансыздар иманын үйірместен өлі үйқыдан оянбай қалсын деп тіле... Жассың ғой, бауырым, бас пайданы ойлай біл. Өмір мен өлім — егіз. Жан мен тән қалауы үшін кез келген пенденің жаназасын жол үстінде шығара салсан да сауап... Сен қорқақтағанды қой. Өзіміз сендей кезімізде талайдың қеудесін басып, рәкет те болғанбыз.

— Асылық айтпаңыз, аға! Мына актүтекте адасып кетіп, қатып қалмайық...

— Тек! Құдай бар, ол менің жағымда... Қашанғы оларға үйіп-төгіп бере береді. Ендігі кезек — біздікі... Тарт алға! Тарт түтекке! Не күтсе де көріп алдық? Мына ұлы боранда бұлардың да жаназасы жақын... Тарт, бауырым! Тәнірім тарылmasын, тағдырым жаңылmasын... Аумин! Донызға доңыз үйқы, қонызға коңыз үйқы тап болсын... Ажал аузын даланың көкжалаңдай ақыра салсын бұларға! — деп тіледі тірі өлік денелерді тиеген көлік иесі.

Қоянқұлактай қайшылап сокқан актүекке олар қоюып кетті. Алbastы үйқы естерінен тандырған азаматтардың тірі өлік тәні түтекте тербеліп барады.

## **Әлқиса**

...Жолаушы әңгімесін шегіне жеткізе, шерін толғата айтып шыкты. Уақыт та тұн ортасына таяп қалыпты. Мезгілдің қалай зулап өте шыкқанына қайран қалдым.

Жүрдек поездын шойын жол мен бетон шпалды солқылда сокқан болат дөңгелектерінің дауысы құлағыма енді келгендей болды. Санам сансырап біраз отырдым. Жасын жанаарлы жолаушы әңгімелері шындығында да дүмді дүниелер болып шыкты. Адамның ой-санасына сына қаққандай сыналай еніп, есінді ат тепкендей есептігіретіп тастайды екен.

– Бұл әңгімелер кез келген жерде айтыла беретін бөстекі сөз емес. Өзің естідің ғой. Жүрекке жүк түсіретін жайлар. Естіп қалуға екінің бірінің қолы жетпеген... Сенің бағын бар екен, қалам ұстағандар арасынан тұнғыш құлағына құйдың. Сәтімен деген сол, – деді жолаушы.

– Иә, оқырман мырза! – дедім мен де жолаушы есімі қапелімде есіме түспей, әлі де әңгіме ауанынан айыға алмай отырып.

– Ойлы оқырман де... Ойсыз оқырман ойланғанша қай заман?

– Үм, – дедім мен ойлана, – хикаяныз қиялға қанат бітірсе, ертен-ак жазар ма едім?! Қайтер едім?

– Өз еркін... Бірінші хикаяны «Өршеге хикаясы» деймін. Қазақтың өрлігі мен ерлігі катар жүретін халық кой. Сондыктан – Өршеге. Екінші әңгіме – Төршеге хикаясы. Төрде отырып та аузын былғайтыны бар... Ал, үшінші хикая – Көршеге. Көрге түскен мәйіттей үйкы басқан жұртпыш ғой. Перінің демі қай жақтан үріп тұрғанын андамайды... Мұны оқырман пайымы деп ұқ! Бәлкім жазарсың, бәлкім жазбассың. Эрине, қолынан келсе, – деп ойлы оқырманым орнынан оқыс тұрып, маған сынай қарап, жымия күлді.

Көкжалдай жалынды жанарын тәбемнен қыранша қадап, купеден сыр беріп шығып кетті.

Ләм-мим дей алмай қала бердім...

«Жолаушы хикаясының сонар сұлбасын сактасам болды ғой, ал айтқан әңгімелеріне ат қоюға хақым бар» деген ойға бекідім. Іштей кешегі жиырмасынышы ғасыр жым-жылас жүтқан жас үрпақ жайында айтылған әңгімені «Жылым», бүгінгі қоғамдағы қияс ойлы азamat туралы әңгімені «Бүкір», қазір өлі үйқы басқан ауыл жайлы әңгімені «Перінің демі» атауға оқталдым... Іштегі ширықтан үнім солай деп атап та жіберді.

Болат донғалақтар мен жұдырықтай жүрегімнің дүрс-дүрс қағысы катар соғып түр екен. Қан қысымым көтеріліп кеткенін сездім. Қолма-қол сөмкемнен дәрі алып, салқын сумен іштім. Оң қолыммен сыздаған жүрек тұсымды үқалап, өз-өзіме сабыр шақырып, әлден уакқа дейін терең тыныс алып отырдым.

Оқырманмын деген ол бірақ қайтып оралмады...

Оралмағаны да жөн болды. Жолаушы ма, пері ме? Біреу миыма мықшеге қағып тастағандай... Жұмбак жолаушы ізім-қайым ізін сүтті. Әңгіме анғарына арбалған жыландағы есіл-дертім ауып, ауга түскен шабактай аузым ашылып отырып, оның есімі де тас есімнен шығыпты. Шу бекетіне жеткенше санам сан-саққа кетіп, көз іле алмадым. Шудан өте кірпігім зорға айқасты. Қалжырап, қатты ұйықтап қалыппын.

Алматыға бірақ ширақ һәм ширап түстім...

Ұзын жол үстінде ойда жоқта жолығысқан бөрі текті бейтанистың енді өзім шиыршық атып келем. Құба жонда ку жанын жалдаған жалқы жолаушының сергек бейнесі көз алдыма оралып, құла түзге қарай жиі-жій жол тартып кеткім келеді.

Жолың болсын бейуакта жолықкан бейсауат жолаушы!..

*Астана – Алматы.*

## **МАЗМҰНЫ**

Туажат ( <i>Роман</i> ) .....	5
Бірінші тарау .....	23
Екінші тарау .....	55
Үшінші тарау .....	91
Жолаушы ( <i>Хикаят</i> ) .....	154
Өршеге хикаясы. Жылым .....	157
Төршеге хикаясы. Бұқір.....	176
Көршеге хикаясы. Перінің демі.....	191

Көркем басылым

**Асқар Алтай**

## **ТУАЖАТ**

*Роман және хикаят*

Редакторы *A. Оразбекова*

Көркемдеуші редакторы *H. Айымбетов*

Техникалық редакторы *M. Картова*

Корректоры *D. Дағібаева*

Компьютерде беттеген *C. Беласарова*

ИБ 36 (240)

Теруге 28.09.2018 берілді. Басуға 12.10.2018 қол койылды.  
Пішімі 84x108<sup>1/32</sup>. Шартты баспа табагы 10,08. Офсеттік қағаз.  
Офсеттік басылым. Таралымы 1000 дана. Тапсырыс №

ISBN 978-601-7355-56-2



9 786017 355562

**Республика Казахстан, ТОО «Арда+7».**

050012, г. Алматы, пр. Кабанбай батыра, 47.

